

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ӘОЖ 332.122(1-21)

Қолжазба құқығында

ТАЙЖАНОВ ЛЕСБЕК ТУЗЕЛБЕКОВИЧ

**Қазақстанның бір салалы қалаларының экономикалық-әлеуметтік даму
стратегиясы**

6D050600 - Экономика

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілері
экономика ғылымдарының докторы,
профессор Б.С.Мырзалиев,
Mahir Nakir,
доктор PhD, профессор
(Анкара, Түркия Республикасы)

Қазақстан Республикасы
Түркістан, 2016

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	3
КІРІСПЕ.....	4
1 БІР САЛАЛЫ ҚАЛАЛАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ- ӘДІСТЕМЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ	
1.1 Бір салалы қала, моноқала ұғымдарының экономикалық жүйедегі ғылыми-теориялық негіздері	9
1.2 Қалалардың қалыптасуының әлеуметтік-экономикалық алғышарттары және даму факторлары.....	22
1.3 Моноқалалардың даму стратегияларының шетел тәжірибелерін Қазақстанға бейімдеу.....	39
2 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІР САЛАЛЫ ҚАЛАЛАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ	
2.1 Қазақстандағы моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын талдау.....	53
2.2 Моноқалаларды әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері бойынша топтау.....	68
2.3 Бір салалы қалалардың негізгі мәселелері және Оңтүстік Қазақстан облысындағы Кентау қаласының әлеуметтік-экономикалық жағдайын саралау.....	86
3 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІР САЛАЛЫ ҚАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК- ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ	
3.1 Қазақстандағы бір салалы қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялары.....	101
3.2 Бір салалы аймақтардағы шағын кәсіпкерліктің дамуын жетілдіру.....	113
3.3 Моноқалалардың дамуының болашағы және бағыттары.....	127
ҚОРЫТЫНДЫ.....	141
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	146
ҚОСЫМШАЛАР.....	155

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР – Қазақстан Республикасы
ҒТП – Ғылыми техникалық прогресс
АҚШ – Америка Құрама Штаттары
КСРО – Кеңес Социалистік Республикалар Одағы
БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы
РФ – Ресей Федерациясы
ФРГ – Федеративті Республика Германия
ТМД – Тәуелсіз мемлекеттер достастығы
RWAY – Ресей Федерациясының сараптамалық агенттігі
SWOT – Экономикалық талдаудың түрі
PEST – Экономикалық талдаудың түрі
ЖОО – Жоғарғы оқу орындары
ЖЭО – Жылу электр орталығы
ӨӨК – Өскери өнеркәсіп кешені
ҒЗТКЖ – Ғылыми зерттеу және тәжірибелік конструкциялық жұмыс
ҒТЖ – Ғылыми техникалық жоба
АКТ – Ақпаратты коммуникациялық технологиялар
ӨӨК – Өнеркәсіп өндірістік кешені
МЖС – Мемлекеттік жеке серіктестік
ШОК – Шағын орта кәсіпкерлік
ЖК – Жеке кәсіпкерлік
КИЖ – Кешендік инвестициялық жоспар
ОК – Орта кәсіпкерлік
ЖАӨ – Жалпы аймақтық өнім
ЖСҚ – Жобалық сметалық құжат
ТКМК – Тау-кен металлургиялық кешені
ШКҚҚ – Шағын кәсіпкерлікті қолдау қоры
ОБО – Орта білім ордалары
АҚ – Акционерлік Қоғам
ААҚ – Ашық акционерлік қоғам
ЖАҚ – Жабық акционерлік қоғам
ЖШС – Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
МКҰ – Микро кредиттік ұйым
ж. – жыл
млн. – миллион
млрд. – миллиард
трлн. – триллион
т.б. – тағы басқа

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 28 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Үкімет елді мекендер шоғырын (агломерация) дамыту жөнінде бағдарлама қабылдауы тиіс. Ірі кәсіпорынды немесе бір саланы тірек еткен шағын қалаларды дамыту қажет екенін айтты және үкіметке бір салалы шағын қалаларды дамыту туралы арнайы бағдарлама жасауды тапсырды. Онда қаланың экономикасындағы әрбір нақты бағытты әртараптандыру, әлеуметтік саланы дамыту ескерілуі қажет», - деген болатын. Осыған баланысты Қазақстан Республикасындағы моноқалалардың дамуы мен әлеуметтік-экономикалық жұмыс жасауындағы талдауы және оны дамытуы ерекше ғылыми маңыздылығымен көрінеді. Қазіргі уақытта Қазақстанда 27 елді мекен моноқала статусына ие болды. Олардың көпшілігі дағдарыстың әсерінен қатты әлсіреген. Сонымен қатар аталған қалаларда 1,53 млн. адам өмір сүреді, ал пайызға шаққанда 16,8% еліміздің қала халқының санына тиесілі. 27 қаланың ішінен 16 қала аудан орталықтары болып табылса, қалған 11 қала сәйкесінше аудан орталықтарына жатқызылмайды.

Қазіргі уақытта бұл қалалардың өзіне тән әлеуметтік-экономикалық мәселелері жеткілікті және оларға келесілерді жатқызуға болады: экономикалық мәселелеріне инфрақұрылымдары ескірген негізгі қала құраушы кәсіпорындардың жұмысының тоқтауы немесе оған қауіп төнуі (өндіруші кәсіпорындардың кен орындарының тозуы, бәсекеге қабілетсіз өнім); қала экономикасының төмен деңгейде әртараптандуы; қала тұрғындарының қала құраушы кәсіпорындардан жоғары деңгейдегі тәуелділігі; қала бюджетінің қала құраушы негізгі кәсіпорыннан түсетін салықтардан тәуелді болуы. Әлеуметтік мәселелеріне жұмыссыздық пен өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз ету деңгейінің жоғары болуы; біршама моноқалалардағы халықтың табыс деңгейінің төмен болуы; халық санының азайуы; әлеуметтік тұрақсыздықтардың өсуі. Осыдан шығатыны, осы қалаларды жаңғыртудағы мәселелері өзекті екенін көрсетеді, ал олардың даму тиімділігінің бағытын әзірлеу айқындылықпен есепті талап етеді.

Бір салалы қалалардың бюджетінің толығыуы, халқының әл-ауқаты, соның ішінде қала құрушы кәсіпорындарындағы жұмысшылардың әлеуметтік қызмет деңгейі - көбіне осы кәсіпорындардың қызметінің нәтижесіне және жағдайына тәуелді болып табылады. Бір салалы қалалардың мәселелерінің өзектілігіне қарамастан жеткілікті деңгейде зерттелмеген, онымен қоса экономиканы әртараптандыру қызметінің дәлелденген ұсыныстары жоқтың қасы.

Қаланың экономикалық-әлеуметтік жағдайын жетілдіруіне және қала құрушы кәсіпорынмен бұл жүйені толыққанды зерттелмегенге сұранысы, оның тиімділігін бағалайтын қолда бар әдістемелік базаның шектеулілігі, оның өңірлік және мемлекет деңгейіндегі зерттеуі ең өзекті мәселелердің бірі екенін көрсетеді.

Тақырыптың ғылыми зерттелу деңгейі. Экономикалық әдебиеттерді талдауда аймақтардың, соның ішінде бір салалы қалалардың әлеуметтік-экономикалық даму тиімділігін арттырудың ғылыми және тәжірибелік мәселелері бойынша ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілген.

Бір салалы қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуын басқарудың теориялық-әдістемелік базасы заманауи ғалымдарының теориялық пікірталастағы өзекті мәселесі болып табылады. Көптеген әдістемелер бір салалы қалалардың бәсекелестігіне әсер ететін факторларға мән береді және бұл жағдайда көбіне SWOT және PEST талдамаларын пайдаланады (И.Цветкова, Е.М.Красавин және Р.А.Красавина, И.Магланова, Х.Загладина, Б.С.Мырзалиев). Аталған зерттеудің аясы фундаментальды жасалып шығарылған, бірақ бір салалы қалалардың дамуының теріс және оң факторларын анықтаумен ғана шектеледі, онымен қоса бір салалы қалалардың заманауи жағдайы мен жұмыс жасау ерекшелігін ескермейді.

«Моноқала», «бір салалы қала» ұғымдары ғалымдардың сипаты бойынша біртектілігімен және қаланың ерекшелік формасы монобейінді қала құраушы кәсіпорындар негізінде құралғанын көрсетеді (Н.Аманбеков, М.Фрица, М.Кошб, О.В.Ленкова, И.Е.Никулина, И.В.Хоменко).

Тағыда көптеген зерттеулер бір салалы қалалардың заманауи кезеңдегі дамуының тиімділігін бағалауға арналған (Ж.Анчоринаа, Ф.Анжос, В.А.Чейметова, Е.В.Нажмутдинова, З.Гошин, П.Р.Кауфман). Бұл сектордағы зерттеулерде көбіне экономикалық-математикалық әдісті пайдалану жатады және олардың негізгілері йерархиялық талдау әдісі мен регрессивті талдау әдісі болып табылады (Н.Маркони, А.Павелешин, Д.Думшивин, А.Шастико, А.Фахитова, В.Н.Лексин). Бұл тәсілдеменің артықшылығы болып бір салалы қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуының сандық бағалауы жатады. Ал бұл өз кезегінде аймақтық құрылымның даму әлеуетін және заманауи жағдайын нақты түсінуге мүмкіндік береді (Ж.Сегарра-Неварроа, И.Малганова, Х.Загладина, И.Вертакова, А.Южков). Дегеніменде, талдаудың және зерттеулердің нәтижелері бір салалы қалалардың әлеуметтік және экономикалық дамуының бір-біріне тәуелділігін макроэкономикалық деңгейде жұмыс жасау тиімділігінің бірін-бірі толықтырушы ретінде ескермейді.

Ерекше көңіл бөлуді қажет ететін бір салалы қалалардың дамуындағы стратегиялық бағыттарды қалыптастырудағы зерттеулер, соның ішінде, бір салалы қалалардың жоғары технологиялық дамуы; экономикалық және әлеуметтік салалардың даму қарқынын қамтамасыз етуі; қала құраушы кәсіпорындардағы жұмысты ұйымдастыруда вахталық әдіске көшуі жатады (С.Добровичова, Е.М.Крюкова, К.С.Леонард, М.Русу-Танаша, С.Вольф). Бұл топтағы ғылыми зерттеулер мемлекеттік қаржыландыру және қала құраушы кәсіпорындардың тиімділігін арттыруды бағалауда қалалардың жалпы даму стратегиясына негізделіп жасалынған (М.М.Коуелл, В.И.Дубнитский, В.Лунина, М.П.Кузнецов, В.В.Стрижов, К.Марчин), дегеніменде олардың аймақтарының заманауи әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін әртараптандыруды қарастырмаған.

Қазақстандағы бір салалы қалаларды зерттеуде көп үлесін қосқан Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитетінің Экономика институтының жетекші мамандарын айтуымызға болады. Атап айтқанда Нұрланова Н.Қ., Бірімбетова Н.Ж., Гайсина С.Н., Мелдеханова М.Қ., Берішев С.Х., Киреева А.А. Қазақстандағы моноқалаларды әлеуметтік-экономикалық дамытудың негізгі мәселелерін жіті зерттеген және бірнеше еңбектері жарық көрген. Әйтсе де Қазақстандағы бір салалы қалалардың ғылыми-теориялық, әдістемелік және концептуалдық даму мәселелері тереңірек зерттелмеген деп айтуымызға болады.

Осы айтылған өзекті мәселелерге байланысты қалаларды дамытуға жаңа тәсілдеме арқылы толықтырулар, әдістемелер, дәлеледемелер мен ұзақ мерзімді болжау өзекті жұмыс болып табылады.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Моноқалалардың қалыптасуының теориялық-әдістемелік негіздерін зерттеу арқылы Қазақстан моноқалаларының әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын жасау.

Қойылған мақсатқа жету үшін теориялық, әдістемелік және тәжірибелік сипатта берілген келесідей мақсаттарды іске асыру қажет:

– «бір салалы қала», «моноқала» ұғымдарын зерттеу және олардың қалыптасуының алғышарттары мен моноаймақтық жағдайын құрайтын факторларын анықтау;

– моноқалалардың шетелдік даму стратегияларын зерттеу және Қазақстандағы бір салалы қалалардың әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын әзірлеу;

– Қазақстандағы моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын статистикалық топтастыру және салыстыру әдісі бойынша талдау;

– бір салалы аймақтарда шағын кәсіпкерлікті дамытудың жетілдіру жолдарын қарастыру және моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінің матрицасын жасау;

– моноқалалардың негізгі даму факторларын экономикалық-статистикалық талдау арқылы анықтау және оған орта мерзімді болжам беру.

Зерттеу нысаны - Қазақстан моноқалаларының әлеуметтік-экономикалық жағдайы болып табылады.

Зерттеу пәні - Қазақстан Республикасындағы моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын анықтауда туындалатын әлеуметтік экономикалық қатынастар жатады.

Зерттеу жұмысының теориялық және әдістемелік негізі болып: жалпы ғылыми (синтезді, салыстырмалы, қорытындылау), экономикалық талдау әдісі, математикалық әдіс, эксперттік бағалау әдісі, индекстік әдісі жатады. Зерттеу жұмысының теориялық негізі ретінде моноқалалар жайындағы отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері мен монографиялары, аймақтық экономика мен моноқалаларды зерттеген атақты ғалымдардың іргелі зерттеулері және ғылыми еңбектері алынды. Диссертациялық жұмыстың әдістемелік негізін жалпы ғылыми және арнайы экономикалық зерттеу әдістері құрады. Диссертациялық жұмыстың негізгі тұжырымдарын негіздеу мен дәлелдеуде

жүйелік, аналитикалық, логикалық, салыстырмалы, факторлық, статистикалық, топтау, регрессиялық және корреляциялық талдау әдістері қолданылды. Қазақстан Республикасындағы моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы көкейкесті мәселелері мен оны азайту мәселелері қарастырылды.

Зерттеудің ақпараттық негізі. Диссертациялық жұмыста Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламалары, заңдары және нормативті актілері, стратегиялары мен тұжырымдамалары, Үкімет жарлықтары, Президент жолдаулары, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрлігі Статистика комитетінің статистикалық жинақтары және Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысы; Қазақстан Республикасы бойынша 12 облыстың статистика департаментінің мемлекеттік жергілікті басқару органдарының орталық статистика бөлімдері, шағын және моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы қолданбалы және фундаментальды зерттеулері, ғылыми-практикалық конференция материалдары және моноқалаларды дамыту бойынша Scopus және Thomson Reuters деректер базасына енген мақалалар диссертациялық жұмыстың ақпараттық негізін құрады.

Зерттеу барысында алынған нәтижелердің ғылыми жаңалығы келесілерден тұрады

– «моноқала» және «бір салалы қала» ұғымдарын сипаттайтын негізгі белгілері анықталды және оларға авторлық анықтама берілді;

– Қазақстандағы бір салалы қалалардың әлеуметтік-экономикалық матрицасы әзірленді;

– моноқалаларды дамытуға байланысты перспективалық даму стратегиялары ұсынылды;

– бір салалы қалалардың негізгі даму факторы статистикалық көрсеткіштерді корреляциялық-регрессиялық әдісті пайдаланып, талдау арқылы анықталды және оған орта мерзімді болжам берілді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі ғылыми тұжырымдар

– «моноқала» және «бір салалы қала» ұғымдарының авторлық анықтамасы;

– Қазақстандағы бір салалы қалалардың әлеуметтік-экономикалық матрицасы;

– бір салалы қалалардың даму деңгейіне сәйкес келесі стратегиялары: «Концентрация стратегиясы», «Тұрақты даму стратегиясы», «Ұлғайту стратегиясы» және «Қарқынды өсу стратегиялары»;

– экономика-статистикалық әдістерді пайдалану негізінде моноқалалардың дамуының орта мерзімді болжамы.

Жұмыстың теориялық және тәжірибелік маңызы жүргізілген зерттеу барысында алынған нәтижелер және қорытындылармен анықталады. Жұмыстың теориялық маңызын ҚР бір салалы қалалардың қалыптасуы және олардың экономикалық жүйедегі ұғымдарының нақтылануымен бір салалы қалалардың әлеуметтік және экономикалық даму факторларына негізделді. Әлемдегі алдыңғы қатарлы дамыған батыс елдерінің бір салалы қалаларды

дамыту стратегияларын жүргізу іс-шараларындағы маңызды бағыттары зерттеліп, талданды және елмізде пайдалану мүмкіншіліктері қарастырылды. Сонымен қатар, жұмыстағы теориялық зерттеу нәтижелері ҚР өңірлерін дамыту мәселелері және аймақтық экономика бойынша зерттеу жұмыстарында қолданылуына болады.

Жұмыстың тәжірибелік маңызы зерттеу нәтижелері мен қорытындыларын ҚР бір салалы қалаларын әлеуметтік-экономикалық дамыту саясатына қатысты республикалық және жергілікті органдарға ұсынылған тұжырымдамалар мен әдістемелерді осы қалаларды дамытуға пайдалануға болатынымен ерекшеленеді. Автордың қол жеткізген ғылыми нәтижелері Оңтүстік Қазақстан облысының Кентау әкімшілігінде қаланы әлеуметтік-экономикалық дамыту бөлімінде енгізілген. Сонымен қатар, зерттеудің қолданбалы тұстары еліміздегі моноқалаларды дамытуға байланысты мемлекет тарапынан қолдау, бағдарламаларды қабылдау және олардың даму стратегиясын жоспарлау кезінде дайындауда қолданылуына болады. Мысал ретінде «Жұмыспен қамту–2020», «Бизнестің жол картасы–2020» «Нұрлы жол» бағдарламаларымен бірге іске асыруға болады. Диссертациялық жұмыстың теориялық нәтижелері мен ұсыныстары аймақтарды әлеуметтік-экономикалық дамытуды жетілдіру бойынша ЖОО-ның оқу-әдістемелік үдерісінде және кадрларды жетілдіруде ақпараттық база ретінде қолданылуына болады. Бұған қосымша, ғылыми жұмыстың кейбір тұстарын «Аймақтық экономика» пәні бойынша силлабус және оқу бағдарламаларын дайындауда қолданылуына негіз бар.

Зерттеу нәтижелерін жариялау және апробациялау. Диссертациялық жұмыс Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Экономика» кафедрасының кеңейтілген мәжілістерінде 2016 жылы талқыланып ұсынылды.

Диссертациялық зерттеудің негізгі түйіндері мен қорытындылары автормен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда және ғылыми мақалалар мен тезистерде жарияланды.

Диссертациялық жұмыстың негізгі қорытындылары мен ұсыныстары автордың жариялаған 11 ғылыми еңбектерінде, соның ішінде Scopus цитаталау базасына енген шетелдік журналда - 1, Ғылым және Білім саласындағы Бақылау комитеті бекіткен ғылыми басылымдар тізіміне сәйкес – 4, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда – 6 баяндаманың тезистері жарияланды, оның 3-уі шетелдік халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда баяндалған.

Диссертациялық жұмыстың көлемі мен құрылымы. Диссертациялық жұмыс құрылымы мазмұн, белгілеулер мен қысқартулардан, кіріспеден, құрамында 24 кесте, 24 суретті қамтитын үш бөлімнен, қорытындыдан, 120 пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және 1 қосымшадан тұрады.

1 БІР САЛАЛЫ ҚАЛАЛАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ- ӘДІСТЕМЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ

1.1 Бір салалы қала, моноқала ұғымдарының экономикалық жүйедегі ғылыми-теориялық негіздері

Қала–өндірістік, мәдени, басқарушылық, шаруашылық-ұйымдастырушылық, көліктік және басқада (ауылшаруашылығынан басқа) атқарымдары бар өте үлкен елді мекен, сәйкесінше бұл жердің тұрғындарының көпшілігі ауылшаруашылығынан тыс бөлігінде жұмыс атқарады [1].

Нарықтық қатынастардың дамуы және қалыптасуы қаланың ауылды елдімекендерден бөлініп шығуын жеделдете түсіп, жергілікті халықтың дифференциациясының сипатын және өмірлік қызметінің әдіс тәсілін өзгертті. Мұнда қосымша қызығушылық танытушылар үшін әртүрлі шарттар қарастырылады, онымен қоса бұнда капиталдың шоғырлануы орын алған, күннен күнге дамыған инфрақұрылым қалыптасқан, сатушы мен сатып алушы бетпе-бет кездесе алатын орын. Нарық жағдайында қала мүмкіндігі жоғары экономикалық орталық, сонымен қатар аумақтық жүйе және күннен-күнге шексіз өсіп келе жатқан әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандырушы.

Жалпы қазіргі таңда әлем үлкен қалалардың пайда болуына алаңдауда. Ғалымдардың пайымдауынша бұл тоқтамсыз үрдісті урбанизация деп санайды. Кейінгі жылдары қала туралы ғылымның бастапқы белгілері пайда бола бастады. Қала тұрғындарының бір алаңда жиналып, бір-бірімен танысып, ой-пікірлер мен шешімдерді алмасып, бөліспеуі үшін, ежелгі грек философы Аристотель әрбір қала тұрғынын 10 мың адаммен шектеуді ұсынған [1, б.360]. Шығыстың ойшылы Әл-Фараби әлеуметтік-саясат құрылымының мінсіз ойларын жетілдіруде ізгілікті қалаға қарама-қарсы қала ретінде қаладағы надандық, адамгершіліксіз, алдамшылардың қаласы деп және онда тұратын тұрғындар ауқаттылық пен байлықты өмір сүруге қажетті құрал ретінде емес, өмірдің мақсаты ретінде қарастырады деп санады. Үлкен қалаларды орталықсыздандыру идеясын алғашқы болып ағылшын ғалымы Эбенезер Говард (1850-1928 ж.ж) өзінің ғылыми «Қалалар-болашақтың бағы» еңбегінде ұсынған. Осындай қалаларға үлкен қалалардағы тұрғындар яғни, тұрғын үйдің шарттарынан алшақтатылған, ластанған ауа-райы мен шудан шаршап құтылғысы келетін тұрғындар қоныстанады деп ойлаған. Утопиялық социализмнің өкілі Т.Мор (1478-1535 ж.ж) «Мемлекеттің ең жақсы орналасуы туралы» кітабында қала мен ауылдың арасындағы алшақты жойып, ол жердегі тұрғындарды тепе-тең қоныстандыру идеясын ұсынған. Коммунистік утопияны құрушы Т. Кампанелла (1568-1639 ж.ж) өзінің «Күн қала» еңбегінде мінсіз қала тұжырымдамасын ұсынып, ол жерде жеке меншік болмайды және жалпы еңбек басқарады деп қарастырған. Қоныстандырудың одан кейінгі мәселелері бойынша Ж.Ж.Руссо (1712-1778 ж.ж), социалистер-утопистер Р.Оуэна (1771-1858ж.ж), Ш.Фурье (1772-1837 ж.ж), Э.Кобе (1778-1855 ж.ж) және т.б. еңбектерінде қарастырылған. Ауыл мен қала туралы ойлардың қарама-

қайшылықтарының шиеленісуі және олардың қоныстандыру мәселелері шетелдік әлеуметтанушылар, экономистер, пәлсафашылар және басқа да ғалымдардың бұл ғылымға көптеп көңілін аудартуда [2].

Кезінде А.Смит, К.Маркс және Ф.Энгельс қаланы нақтылы тарихи түсінік ретінде қарастыру керек деп белгілеген, сондықтан олардың өндіріс күштерінің даму деңгейінен және қоғамда орын алатын әлеуметтік-экономикалық құбылыстардың ерекшелігіне байланысты тиісті өзгерістерге ұшырайтындығы заңдылық. Бұған көрнекті мысал ретінде ғылыми техникалық үдеріспен бірге дамып келе жатқан қалалардың қарқынды урбандалу үдерісі бола алады. Мұның әсерінен қалалық қоныстанудың қоғамда алатын орны мен мәні, табиғатының өсу үрдісі пайда болады. Сол кезде, Адам Смит: «Ірі кірістер жұмсалатын қалаларда, осы қаланың тұтыну қажеттіліктерін қанағаттандыратын істен басқа, капиталды пайдасы бар тиімді іске салу, осындай капиталды өндіріс нәтижесінде алатын қаржыдан өмір сүруге басқа қаражат құралдары жоқ халықтың ең төменгі топтары тұратын қалалардан гөрі ауырлау» деп, атап көрсеткен [3].

К.Маркс пен Ф.Энгельс қалаларды нақты-тарихи ұғым ретінде қарастыру қажет деп белгіледі, сондықтан да өндіріс күшінің және қоғамда орын алатын әлеуметтік-экономикалық құбылыстардың ерекшеліктерінің дамуының деңгейіне байланысты сәйкесінше өзгерістерге ұшырап отырады.

Көрнекі мысал болып ғылыми-техникалық прогресспен (ҒТП) бірге дамитын, олардың нәтижесінде қалалық қоныстанудың, табиғатының, қоғам өміріндегі рөлі мен маңыздылығының өсуі пайда болатын қалалардың прогрессивті урбандалуын айтуға болады.

Маркстың айтуы бойынша «қала—бұл халықтың, өндіріс құралдарының, капиталдың, сұраныстардың шоғырлану фактісін білдіреді, ал ауылда дәл осыған қарсы факт анықталады, яғни оқшаулану және тарқалу» [4]. «Қалада халықтың, өндіріс орындарының, қажеттіліктердің, капиталдың шоғырлануы, сонымен қатар, ауылдағыдай бөлектік, әлеуметтік қарама-қайшылық байқалады» - деп атап көрсетті К.Маркс [4, б.50]. Сонымен қатар, қала салалардың механикалық жиынын немесе түрлі қызмет түрлерінің жиынтығын білдірмейді. Бұл дегеніміз адамдардың белгілі бір ұйымы, яғни онда өте үлкен диспропорция болмауы қажет, себебі олардың экономикалық не болмаса әлеуметтік қызметтерін орындауда теріс әсерін береді.

Ежелгі дәуірде қалалар мемлекет пайда болуының алғашқы шарттарының бірі ретінде болды. Бұл қоғам өмірінің коммуналдық қағидасының дамуы өмір сүру қажеттіліктерінің біріне айналды. Қала жалпы индивидтер мен қоғамдық ұйымдардың міндетті тоғысуын атайды. К.Маркс пікірінше, «адамдардың қалада бірігуі экономикалық өмір сүрумен байланысты, қалалардың болуы жай тәуелсіз үйлерден қоғамдастықтың болуымен ерекшеленеді. Бұл өз алдына жеке бір дене мүшесі секілді. Қалалар адамның индивид ретінде қалыптасуына мүмкіндік жасады» [4, б.470]. Қалалық жұмысшының еңбек сипаты «қоғамда өмір сүруге ықпал етсе, натуралды шаруашылықтағы еңбек жұмысшысының сипаты тікелей табиғатпен қарым - қатынаста болуға міндеттейді». Қаланың

аумақтық бірлігі, қатынастардың (жалпылама, қазметтердің алмасуы және басқалары) адамдардың, жалпы қалалық пайдалану нысандарының (мысалға, инженерлік коммуникациялар, көліктік тораптар) дамуына шарт жасайды, ал жоғарыда аталғандар өз кезегінде осы бірлікті күшейте түседі.

Ірі қалалар ең алдымен өндіріс пен көшіп - қонудың орталықтарына айналды. Ф.Энгельс сипатындағы «қала неғұрлым үлкен болған сайын, соғұрлым онда өмір сүруге ыңғайлы: мұнда темір жол тораптары, құбырлар, шосселер де осында, дайын жұмысшыларды таңдау мүмкіндігі мол, жаңа кәсіпорындар ұйымдастырылуы да осында, мұнда барлығына қол жетімді, шалғай аудандармен салыстырғанда арзан, базарлар мен биржалар мекені, тұтынушылар кездесетін орын, дайын өнімді жеткізу мен шикізат нарықтарымен байланыс міндетті түрде болатын елді мекен» деп атап өткен [4, б.354].

Қазақстан Республикасының Президенті өзінің халыққа Жолдауында үдемелі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы аясында, еліміздің аймақтары мен қалаларын дамытудың кең ауқымды жұмыстар жасалатынын атап көрсетті. Қала – үлкен ғылыми-өндіріс ошағы болып, инновациялық және технологиялық байланыстардың орталығы ретінде өзін көрсетеді. Қазақстанның экономикасы бәсекеге қабілетті болуы үшін қалалардың индустриалды-инновациялық әлеуетін тиімді пайдалану, стратегияны дұрыс таңдап, дұрыс бағытты анықтау және олардың дамуы шарт болып табылады. Үдемелі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасын іске асыру ҒТП шарттарында қалаларды реттеуде, соның ішінде үлкен қалалардың өсуін шектеу, шағын және орта қалалардың экономикалық белсенділігін арттыру, үдемелі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасының аймақтарды дамытудағы және әлеуметтік мәселелерді шешудегі алғышарттарының маңыздысы болып табылады.

Бүкіл әлемде қала тұрғындарының үлесі аса жылдамдықпен өсуде. Мысалыға: 1990 жылы АҚШ тұрғындарының 75% қала типті елді мекендерде қоныстанған болса, бұл көрсеткіш 1800 жылы тек 6% құраған болатын. Мұндай қарқынды урбанизация өндірістік революциямен тығыз байланысты, сондай-ақ техникалық прогресстің де үлкен әсері болды [5].

1943 жылы американдық ғалым Чонси Д.Гаррис АҚШ-тың алғашқы 1940 жылғы санақ бойынша 25 мың тұрғыннан асатын 377 қаласының жіктемесін әзірлеген [6]. Бірнеше жылдан кейін ол КСРО-дағы қалалық елді мекендерді жіктеуде осы әдісті қолданған болатын [7].

КСРО-да социализмнің жеңісінен кейін, тұрғындардың жер игеруден бас тартуы және индустриалды тұрғындардың өсуі, көбіне қалада саны артты. 1917 жылы қала тұрғындарының саны жалпы ел тұрғындарының 18%-ын құраса, 1959 жылы – 48%, 1970 жылы – 56%, КСРО-ның құлауы кезеңінде – 66% құраған. Жалпы қарастырғанда КСРО-да (20 мың тұрғыннан кем) шағын қалалар басым және барлық қалалар құрамындағы олардың үлесі 50% шамасында [8]. Қазіргі таңда Ресей Федерациясының қалаларында тұрғындар саны 73%, ал Еуропа мемлекеттерінде қала халқы 90%-ды, жалпы әлемде 50%

құрайды. БҰҰ-ның болжамы бойынша «қала» түсінігінің ұлттық шекті мәні 2025 жылға қарай, жалпы әлемдегі тұрғындардың 61%-нан тұратын болады (5065 млн. адам) [9].

Әлемдегі әлеуметтік-экономикалық ахуал, нарықтық экономикалы көп мемлекеттерде урбанизация үрдісінің басқарылмайтындай жағдайына алып келді. Әртүрлі мемлекеттердегі қала тұрғындарының үлесі мысалыға: Германияда – 90%, Швецияда – 83%, Аргентинада – 83%, Уругвайда – 82%, Австралияда – 75%, АҚШ-та – 80%, Япония – 76% құрайды. Ірі миллионер қалалардан басқа агломерациялар немесе мегаполистердің өсуі де өте қарқынды.

Мегаполис (megas - ірі+ polis - қала) – бірнеше қалалық агломерациялардың біргеуінің негізінде пайда болаған үлкен қалалар. Қазіргі таңда әлемде 20 алып агломерациялар мен мегаполис-қалалар бар, ал 1900 жылы осы сияқты қалалар саны екеу, яғни Лондон мен Нью-Йорк ғана болған. Мысал ретінде мегаполистер: АҚШ-та Бостон-Вашингтон 40 млн адам, Лос-Анджелес (17 млн.), Сан-Франциско (8 млн.); Мексикада Мехико (24 млн.); Бразилияда Сан-Паулу (23 млн.); Еуропада айтарлықтай агломерациялар құрылды және оларға ФРГ-да Рейнско-Рурская (11 млн.); Ресейде Москва (10 млн.); Нидерландыда Рандстад Холланд (7 млн.); Азия мемлекеттерінде: Японияда Токайдо (60 млн.); Индияда Калькутта (16 млн.) және Мумбай (15 млн.); Қытайда Шанхай (14 млн.).

Қазіргі уақытта әлемнің көптеген елдерінде әсіресе экономикасы дамыған елдерде, қала халқынын саны жалпы халық санының 85-90% құрайды. БҰҰ-ның болжамына сүйенсек, 2020 жылдарға қарай қала тұрғындары жалпы тұрғындардың 55%, ал 2050 жылы жер шарының 85% қала тұрғындары құрайтын болады деп күтілуде.

Кеңес заманындағы әдебиеттерде заманауи қалаларды өзін-өзі басқаратын елді мекен ретінде қарастырып, тұрғындарының саны шартты көрсеткіштерден жоғары болу керек деп есептеді (мысалы, Францияда – 2 мың, Түркияда – 10 мың, Ганада – 5 мың, Кенияда – 2 мың, Тунисте – 1 мың. адам) [10].

Жеке мемлекеттерде (Италия, Чили, Гватемала) қала анықтамасы тереңірек анықталған. Анықтау белгілеріне: тұрғындардың тығыздығы, құрылыстың қарқындылығы, ауылшаруашылығы саласынан тыс қызметтермен тұрғындардың айналысуы жатады. «Қала» ұғымы анықтамасының көп қырлығына қарамастан, олардың кез келгенінің ішінде тұрғындардың сандық көрсеткіші басты көрсеткіш ретінде қарастырылады. БҰҰ-ның басылымдарында қалалардың мәліметтерін сәйкестендіру мақсатында агломерациялар алынады және олардың тұрғындарының сандық көрсеткіші 20 мыңнан кем болмау керек деп есептейді [10, б.12]. Швецияда тұрғындардың саны 200 тұрғынды құраса, ондай елді мекен қала болып саналады, ал Жапонияда қала – 50 мың. тұрғыннан тұруы қажет [9, б.12].

Көпшілік әдебиеттерде «шағын қала», «моноқала» немесе «бір салалы» қаланың сандық өлшемін анықтау мәселелері әлі күнге дейін нақтыланбаған. 1960 жылдардағы Ф.М.Листенгурт, И.М.Смоляр және В.Г.Давидовичтің

еңбектерінде 20 мың тұрғыннан аспайтын қалаларды шағын қалалардың қатарына жатқызады. Одан кейінгі жылдары Б.С.Хорев қаланың сандық көрсеткішін 50 мың адамға дейін ұлғайтқан, сондай-ақ 20 мың тұрғыны бар қалалардың дамуының ерекшелігін ескеруге келіскен. Бұл көрсеткіш бұрынғы Кеңес одағындағы Госстройдың көзқарасымен сәйкес келіп, сол кезеңдегі қала белгілерінің қабылданған жіктемесімен теңестірілді. Кейбір зерттеулерде көрсетілген шекті мәннен көрсеткіштердің асып кеткені туралы да мәліметтер кездеседі. Біздің көзқарасымыз бойынша, белгіленген анықтамалар шартты түрде белгіленуі қажет, себебі шағын, бір салала қалалардың өткір мәселелері тұрғындардың санының көлемі талабымен ғана анықталмайды. Онымен қоса урбанизация талаптарының артуы еңбек қосымшасы сферасының артуына, оны қамтамасыздандыру мен жағдайына және мәдени-тұрмыстық қызмет көрсетудің деңгейінің сапасының талабына байланысты көрсетілген мәселелер өзгеріп отырады.

ТМД бойынша қала статусын қабылдауда, елді мекендердің тұрғындарының санының ең төменгі шегін анықтау тетіктері әзірленбеген, осы себептерге байланысты белгілі бір дәрежеде халық шаруашылық және аймақтық заңдылықтар бойынша көрсетілген категориядағы қалалардың ара жігін анықтауда қиындықтар туындауда. Мысалы Ресейде қала халқының ең төменгі сандық көрсеткіші 12 мың адам, ал Украина, Өзбекстан, Молдова, Қырғызстан мен Тәжікстанда - 10 мың адам, Қазақстанда, Латвияда, Арменияда, Түркіменстанда және Эстонияда – 8 мың адам, ал Белоруссияда - 6 мың адам, Грузия, Азербайжанда - 5 мың адам, Литвада сандық көрсеткіш анықталмаған. Көптеген тәуелсіз мемлекеттердің заңнамаларында көрсетілген көрсеткіштерден төмен халқы бар қалалар да кездеседі.

Бірақ, қазақстандық мамандардың пікірінше, елді мекендердің қала болып құралуы үшін, қаланың әр түрлі шаруашалық құрылымы мен адамдар арасында интенсивті түрде қарым-қатынасын құрауда айтарлықтай халықтық әлеует болуы тиіс, және ол тұрғындардың бастапқы саны 20-25 мың адамды құрауы қажет.

Белсенді халықтың пайызының міндетті түрде еңбектің индустриалды түрімен айналысуы міндетті емес. Бұл жерде шағын қалалардың өндірістерінің экономикалық және аймақтық шарттарының жұмыс жасауына басты назар аудару керек. Мысалы, бір белгіленген шектеуге өндірістік, көлікті-өндірістік, «аграрлық» қалаларды жатқызуға болмайды. Егерде көліктік және агроөндірістік бағытты қалаларды индустриалды шағын қалалардағы өндірісте еңбек ететін адамдармен салыстырса, заңды түрде таза индустриалды шағын қалаларда өндірісте жұмыс істейтін халық басым болады.

Шағын және бір салалы қалалардағы өндірістің жүйелі құрылу үрдісі олардың халықтық еңбек бөлінісі жүйесіндегі атқарылымдары (ауылдық, аудан, облыс, республика) белгіленген аймақтар деңгейімен қатар жалпы халық шаруашылықтық кешендердерінде де атқарылуымен түсіндіріледі. Бұл атқарылымдар өндірістің қала құраушы немесе қала құрушы базасын құруда экономикалық мамандану түрінде болады.

Өндірістің қалыптасу үдерісімен халықтың өмір сүру жағдайына байланысты шағын және бір салалы қалаларда оның анықталған, орналасқан жергілікті аймақтың (аудан, облыс, республика) еңбек бөлінісі жүйесінде екенін және сонымен қоса ауылшаруашылық кешенін толығымен алғандағыны білдіреді. Аталған функциялар экономикалық мамандандырылған формада қала құрушы өндіріс саласы немесе қала құрушы база ретінде көрінеді. Қала құрушы база–әдетте бір немесе бірнеше үлкейтілген кәсіпорындардан құралады және аумағындағы өндіріс құрал-жабдықтарына мән беріп шешуші рөл ретінде іске асырады және негізгі жұмысқа қабілетті халықты жұмыспен қамтып, өзінің айналасына шоғырландырады. Қала құрушы базаның қормен қамтамасыз етілуі көбіне мамандандырылған құрылымына қатысты және қаланың кешенді дамуымен қатар бір жүйе ретінде дамуын іске асыруда басты рөл ойнайды.

Одан басқа жергілікті шағын кәсіпорындарда бар және олар қала құрушы кәсіпорындарға қызмет етеді, алайда экономикалық еңбек ресурстарына қала құрушы кәсіпорындармен салыстырғанда аз мөлшерде ғана әсер етеді, сондықтан да қаланың әлеуметтік-экономикалық аймағына тигізер әсері төмен.

Осылайша, қарастырылып отырған қалалар категориясы ерекше өндірістік қарым-қатынаста болуы функционалдық мамандандырылған осы қалалардың еңбек бөлінісі жүйесіндегі көрінісі болуы керек. Мамандандырылған азғана кәсіпорындар шағын қалаларда өз бетінше жергілікті халықтың негізгі жұмыс көзінде монополия бола тұрып, оның әлеуметтік құрылымын анықтайды. Басты жағдай осы кәсіпорындардың әлеуметтік қорының дамуы арқасында әлеуметтік-инфрақұрылымның төменгі деңгейін құрылу мүмкіндігін көрсетеді. Осыдан шығатын қорытынды, шағын, бір салалы қалалардың және моноқалалардың тыныс-тіршілігі үлкен қалалармен салыстырғанда көбіне тікелей қала құрушы кәсіпорынға байланысты екенін дәлелдейді.

Басқа жағынан қарағанда шағын және бір салалы қалалардың өзіндік артықшылықтары бар. Оларға жататындар: қоршаған ортаны ластаудың төменгі деңгейі, төменірек өмір ритімі, қиын жағдайлардың туындауының аздығы, халық қолданатын объектілердің жақын болуы, салыстырмалы түрде жағдайдың оңтайлы болып, рекрециялық қызметтің белсенділігін арттыруы. Жергілікті халықтың тіршілік көзі ауылшаруашылық жұмыстарымен қатар өндіріс орындарында жұмыс жасау арқылы халықтың жұмыспен қамтылуының әртүрлі болуын және ауыл еңбеккерлерінің қала өмірі тіршілігіне қалыптасуын қыздыра түседі және қаланың жұмыспен өзін-өзі қамтамасыздығын арттырады.

Шындығындада шағын, және бір салалы қалаларда ең бірінші мәселе өндірістің орналасуы және кешенді бірқалыпты әрекет етуі. Экономикалық мамандылығының жетекші фактор ретінде көрінуі тікелей жергілікті халықтың қатысуымен болуын және жұмыспен қамтамасыз етілуінің негізгі көзі дәл осы қала құраушы кәсіпорын болу тиіс екендігімен білдіріледі. Бірінші кезекте толыққанды тәжірибеде жүргізілмеген есеп көбіне сол жердегі халықтың шарасыздығынан іске асыра алмайтындығымен қорытындыланады.

Бір салалы қалалар - еңбекке жарамды тұрғындардың негізгі бөлігі қала құраушы бір немесе бірнеше кәсіпорындарда жұмыс жасайды. Әдетте олар бір

бейінді, бір салалы болады және қаладағы өтетін барлық іс-шараларды жалпы алғанда барлық экономикалық және әлеуметтік үрдістерді анықтайды. Қазақстан Республикасында моноқалалар статусын анықтайтын нормативтік құжаттарды әзірлеушілердің айтуы бойынша қазіргі моноқалалар жіктемесінде шикізат саласындағы бір немесе бірнеше қала құраушы кәсіпорындардың болуы қажет. Қазақстандық тәжірибеде қала құраушы кәсіпорындардың бір немесе бірнеше өнеркәсіптік өндірістің көлемі жалпы қала өндірісінің 20% құрайды, ал қала құраушы кәсіпорындарда қала тұрғындарының 20% жұмыс жасайды.

Индустриалдық революция заманында көптеген мемлекеттерде, соның ішінде Қазақстанда мономамандандырылған өндірістік елдімекендер пайда болды. Көптеген ғалымдар монобейінді (бір салалы, моносалалы, мономамандандырылған) қалалар ұғымын былай түсіндіреді - экономика құрылымында бір ғана сала басты рөл атқарады, яғни географиялық орналасуы немесе тарихи жағдайымен байланысты болуы қажет. Бір салалы қалалардың келесідей сипатын атап көрсетуге болады: бір немесе бірнеше ұқсас бір салаға жататын кәсіпорындардың болуы. Ал қаланың қалған кәсіпорындары қала ішінің сұранысын немесе қаланың халқын қамтамасыз етуі; қаладан түсетін бюджет табысының көп бөлігі қаладағы қала құраушы кәсіпорындар қызметінен түсуі; жұмыспен қамту сферасының төменгі дәрежеде әртараптануы; қаланың үлкен қалалардан алшақ жатуын немесе сыртқы ортамен қарым-қатынас жасайтын дамыған инфрақұрылымның болмауы.

Мономамандандырылу сыртқы ортада болатын келеңсіздікке қаланың оған деген жоғары әлсіздігімен түсіндіріледі. Қазақстанда бір салалы қалаларды дамытудағы ұзақ мерзімді стратегиясында теориялық және тәжірибелік басқаруда айтарлықтай дәлелдеме тапқан жоқ. Бұл дегеніміз қаланың экономикалық даму стратегиясын жүзеге асырудағы әдістемелік және әдіснамалық дәлелдемені жасаудың бағалылығын айқындайды.

Шағын және бір салалы қалалардың дамуы мен экономикалық жұмыс жасауын зерттеуде әр кезеңнің ғалымдары әр түрлі қарастырды. Бір салалы қалаларды жиі зерттеу әсіресе социалистік даму кезіндегі уақытта көбірек мән беріліп зерттелді.

Қазақстандағы бір салалы қалаларды зерттеуде көп үлесін қосқан ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитетінің Экономика институтының жетекші мамандарын айтуымызға болады. Атап айтқанда Нұрланова Н.Қ., Бірімбетова Н.Ж., Гайсина С.Н., Мелдеханова М.Қ., Берішев С.Х., Киреева А.А. Қазақстандағы моноқалаларды әлеуметтік-экономикалық дамытудың негізгі мәселелерін жіті зерттеген және бірнеше еңбектері жарық көрген. Аталған ғалымдардың зерттеулері Қазақстандағы бір салалы қалалардың ел экономикасындағы алатын орны ерекше екенін және оларға әсер ететін кез-келген экономикалық дағдарыс әлеуметтік-экономикалық жағдайына кері әсер ететінін көрсеткен. Бұған қосымша ғалымдардың пікірінше қаланың кез-келген депрессивті жағдайдан шығаруға болатыны жайлы бағыттар берген. Әйтсе де Қазақстандағы бір салалы қалалардың ғылыми-теориялық, әдістемелік

және концептуалдық даму мәселелері тереңірек зерттелмеген деп айтуымызға болады.

Осы тақырыпты зерттеп жатқан әртүрлі адамдардың көзқарасы шағын қалалардың санынан басталады. Моноқалаларды дамытудағы келісілген бағдарламаның тұжырымдамасына байланысты әзірлеген даму және сауда министрлігі 27 қаланы моноқала санатына жатқызды. Қазақстандағы қалаларды толығымен алатын болсақ 87 қала, ал осы қалалардың ішінен облыс орталықтары мен Алматы, Астана және Байқоңырды алып тастасақ 70 қаланы «шағын қала» санатына толығымен жатқызуымызға болады. Бұл қалалардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы мұқият зерттелмеуіне байланысты жұмысшылар мен қала құраушы кәсіпорындардың, жұмыс берушілердің арасында келеңсіздіктер туындайды.

Өкінішке орай Қазақстанның тәжірибесінде ғылыми - теориялық және әдістемелік тұрғыда «моноқала» және «бір салалы қала» ұғымдары арнайы ғылыми әдебиеттерде қалыптаспаған. Сондықтан «монопрофильді қалаларды» ғылыми зерттеулерде «бір салалы қалалар» ұғымына теңестіріп келеді.

Қазақстан Республикасының өңірлерінде бір салалы қалалардың (шағын монобейінді, моносипаттағы, моноқалалар) орны ерекше болып табылады. Себебі қаланың экологиялық саясаты мен әлеуметтік-экономикалық жағдайын жоспарлауда ерекше нысан болып есептелінеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 28 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Үкімет елді мекендер шоғырын (агломерация) дамыту жөнінде бағдарлама қабылдауы тиіс. Ірі кәсіпорынды немесе бір саланы тірек еткен шағын қалалардың дамуы – өз алдына бөлек мәселе болып табылады. Дағдарыс жағдайы бір салалы шағын қалалардың әлеуметтік қатерге жақын екенін көрсетті. Үкіметке бір салалы шағын қалаларды дамыту туралы арнайы бағдарлама жасауды тапсырамын. Онда қаланың экономикасындағы әрбір нақты бағытты әртараптандыру, әлеуметтік саланы дамытуы ескерілуі қажет», - деген болатын [11].

Елімізде аймақтық және жергілікті деңгейдегі билік жүргізетін ұйымның жұмыстарын реттеу ісінде «бір салалы қала», «моноқала» ұғымының заңнамалық тұрғыда әлі де толық зерттелмеген мәселе екендігін аңғаруымызға болады. Сол себепті бұл зерттеудің міндеті «қала» ұғымын «бір салалы қала», «моноқала» ұғымының негізі ретінде қарастырып талдау, бұл-зерттеудің ең маңызды бөлігі болып есептелінеді.

Ғылыми және тәжірибелік маңызы бар мәселелердің шешім таппауы, бір салалы қалалардың дамуын тиімді басқару, жалпы және аймақ аумағында экономиканы әртараптандыру арқылы аймақтың экономикасына әсері туралы ізденіс- зерттеудің қаншалықты қажеттігін айқындайды.

Бүгінде әр түрлі саладағы еліміздің және шетел ғалымдарының осы моноқалалардың даму артықшылықтарына байланысты көрсеткен бірнеше ұсыныстары және әрбір сала ғалымының пікірі мен әлемдік экономикалық теорияда олардың зерттеп жазған еңбектері арнайы басылымдарда

шығарылған. Қала жіктемесінің жұмысы қаланың өмір сүру салтының ауылшаруашылық саладан өзгешелігі, қала халқының өмір сүру деңгейі, халықтың орналасуы бойынша бір-бірінен ара-қашықтығы және шоғырлануын анықтап жазып отыру болып табылады.

Америкадағы 377 қаланың жіктемесін жүргізген Ч.Харрис қалаларды топтастыру барысында жұмыспен қамтамасыз ету белгілерін ең бірінші жасаушы болды. Ч.Харрис 9 түрлі қала санатын атап өтті және оларға индустриалды қалалар, тау кен өндіріс қалалары, индустриалды функциясы аз қалалар, көтерме сауда қалалары, бөлшек сауда қалалары, байланыс қалалары, демалыс қалалары, мультифункционалды қалалар және университет қалалары жатқызылды [6,7]. Әдістемелік нұсқаулықтар ретінде автор қалалардың функционалдық бейінін анықтау үшін келесі формула ұсынды:

$$R_{region} = R_{country} * P_{region} / E_{country} (1)$$

R_{region} = белгілі бір аймақтағы(қаладағы) белгілі бір индустрияда жұмыс істейтін жұмысшылардың саны; $R_{country}$ көрсетілген индустрия бойынша мемлекет ішінде жұмыс істейтін халықтың саны; P_{region} аймақтағы (қаладағы) өмір сүріп жатқан халықтың саны; $E_{country}$ мемлекет ішіндегі барлық жұмысшы халықтың саны. Автор атап өткен жол бойынша біз мультифункционалды қалаға қарама-қайшы монофункционалды қаланы көрсетеміз және автордың сипаттауымен белгілі бір мамандану жайлы сипатталған қаланы таңдаймыз. Жоғарыда көрсетілген жолмен барлық қала санынан (377 қала) Харрис монофункционалды немесе бір салалы қалаларды бөліп алуға мүмкіндік алды. Бұл жерде тоқтап өтетін мәселе «функция» мен «бейін» терминдері қаланың өндірістік жұмысының бейінділігіндегі функциясын анықтауда бірін-бірі алмастыра алу қабілеттігі. Ол қалалардың «монобейін» мен «монофункция» ұғымдарының айырмашылықтарын байқауға мүмкіндік бермейді.

С.Ожегов, Н.Шведова, Д.Ушаковтың түсіндірмелік сөздіктеріне сүйенсек қала ұғымын көп халық орналасқан жер және ол өз кезегінде әкімшілік, саудасаттық, индустриалдық немесе мәдени орталық болып табылады сонымен қатар арнайы санатына қарай басқару орталығы бар ұғымды білдіреді [12]. Қаржы энциклопедиялық сөздіктерінде қаланы - көп халық мекендейтінін және оның көпшілігі жұмысшылар, анығырақ айтқанда ауылшаруашылық саласында еңбек етпейтін жұмыскерлерден тұратын аймақ деп сипатталады. Бұларды анықтайтын көрсеткіштердің белгілері ретінде ірі экономикалық сөздіктерде және заңнамалық тұрғыда қала халқының санын қарастырады. Алайда қаланы белгілейтін халық санының шектік көрсеткіштері әр елде әр түрлі саналады.

Қалалар арасынан мамандану, бейін, негізгі индустрия, функция ұғымдарымен жақындығы бар моноқалалармен жұмыс жүргізейік.

Бір салалы қала түсінігі - қалада тек бір экономикалық саланың немесе жалғыз индустрианың болуымен анықталады. «Монобейін», «бір салалы қала»

құрылымы ғылыми әдебиеттерде моноқала, «бір компанияның қаласы», мономамандандырылған деген түсінік береді (кесте 1). Елімізде әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері бойынша қалаларды зерттеу толық жүргізілмеуіне байланысты, кейбір сәйкес келетін бірқатар деректерді, қалаларды жіктеу жүйесі әдістемесін, Ресейлік дерек көздерінен алу қажеттілігі туындап отыр.

Кесте 1 - Шетел әдебиеттерінде моноқалалар ұғымының түсініктемелері

Атаулар	Мемлекет	Түсіндірмелері	Қалалар атауы
Бір индустрияды қала	Ұлыбритания, АҚШ	Тек бір индустрияға тиесілі индустриялық кәсіпорындар бар қала	Бирмингэм, Питсбург
Зауыт-қала	АҚШ	Индустриялды кәсіпорынның жанындағы елдімекен.	Манчестер
Фабрика-қала	Еуропа	Текстиль өндірісінің баланысты пайда болған елдімекен	Бурлингтон, Престон
Компания-қала	Ұлыбритания, АҚШ, Жапония	Елдімекен бір компанияның (инфрақұрылым, ғимараттар тағы басқа) меншігінде	Жамшедпур, Тойота
Тау кен-қала	АҚШ, Аустралия	Тау-кен өндірісін өндіруге бағытталған қала	Крик, Теннат
Темір жол-қала	АҚШ, Канада	Ірі темір жол бойында орналасқан қала	Денвер, Атланта
Ресурсты-қала	Канада	Табиғи ресурстарды алатын кәсіпорын аумаған мекен ететін елдімекен	Эллиот-Лейк, Глэйс-Бей
Ескерту- [21] дереккөз негізінде автормен дайындалған			

Менің пікірімше сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінде моноқалалардың екі сатылы басқарылуы, нақтырақ айтқанда, қалалық субъектінің айқындап айтылуы, сонымен қатар сол аумақтағы елді мекендер мен аймақтардың (қала типтес қоныстармен қоса) бір әкімшілік аумақта қосылуы тиіс. Бұл іс жүзінде еліміздің кейбір аймақтарында қолданып келеді. Атап өтетін болсақ Арыс, Түркістан және т.б. қалалар. Олардың маңайындағы ауылдық округтердің қаланың әкімшілік аумағына тікелей енгізілген және басқару жүйесі бір жерден жүреді. Алайда жоғары дәрежелі кенттелген қалаларға тән ерекшеліктерін толық есепке алып ескеру үшін бұл жүйе жұмысы жеткіліксіз. Сондықтан да Ресейде «кенттелген (қала) аймақ» ұғымы қалыптасты және қалалық шағын аймақтардың онымен әкімшілік негізде қосылуы басқару барысында бірқатар артық шығындарды төмендетуге негіз бола алады [13].

Бұған келесідей категорияларды қарастырып өтуге болады: олар - тұрғындар категориясы, аграрлық өндірістің және индустриялық өндірістің үйлесуін, елдімекендердің бірқатар орталыққа орналасуға ұмтылуы, жолдардың жай күйі мен жалпы елдімекендер коммуникацияларын ауылшаруашылық және қалалық елдімекендер ретінде жіктеуге болады.

Индустриалды, сауда, әкімшілік, демалыс, университетті қалаларды ескере келе П.Хаггет қалаға мамандану индексі есептеу қажеттігін айтты [14]. Қала экономикасының дамуының негізгі көзін анықтай алатын болсақ, онда жоғарыда көрсетілген қалалар жіктемесінің біріне жатқыза отырып қалалардың бағытын айқындаймыз. Мысал келтіретін болсақ Ресей Федерацияның депрессивті бөлігін пайдалану жайлы құқықтық құжаттарда, қалаларды дамытуда бастысы - индустрия көзіне көңіл бөлуді ұсынды. Оған коммуникация, сауда, транспорт, индустриалды өндіріс, құрылыс немесе ауылшаруашылығы жатуы мүмкін, сонымен қатар жергілікті елді мекенде соңғы он екі жыл ішінде халықтың кемі 15%-ы жұмыс істеуі қажет, болмаса индустрия өнімінің мөлшері жалпы аймақтық өнімнің 20%-нан аз мөлшерде болмауы тиіс.

Жергілікті құрылымды функциялық белгілеріне сәйкес мультифункционалды және монофункционалды (индустриалды, бюджет, демалыс т.б.) деп ажыратып қарастыруды Ю.Сурмин өзінің зерттеулерінде ұсынған еді [15]. Қалаларды жіктегенде тағы бір сипаттайтын белгіге сол қаланың басты кәсіпорынының индустриалды қызметін анықтау арқылы мамандануын айқындап беруді жатқызуға болды.

Г.Кузнецова қала экономикасының мамандануы бойынша «монобейінді» терминін бір индустрияның басымдылығы екендігін атап өтті [16]. Сонымен қатар ол «монобейінді елді мекен» ұғымын қолданып, оны сандық көрсеткіштер арқылы сипаттады. Ол қаладағы басым индустрия өнеркәсібінің өнімі қаладағы барлық өндірілген өнімнің 50%-нан көп болуы керек немесе осы қаладағы тұрғындардың 25% астамы осы кәсіпорында жұмыс жасауы керек деп жазды. Бұған қоса ол монобейінді елді мекендер қатарына индустриалды емес елді мекендерді, анықтап айтсақ, мысалға, теміржол транспортына қызмет көрсететін, әскери бөлімдері бар, рекреациялық қызметтері бар және ғылыми жұмыстар жүргізілетін қалалар қатарын және аграрлық, орман шаруашылығы индустриясы дамыған елді мекендерді жатқызды.

«Моноиндустриалды салалы қала» және «моноиндустриалды қала» ұғымдары Ресейдің бірқатар әлеуметтік реформалар бағдарламаларында кездеседі. Маманданаған әдебиеттерде де «мономаманданған қала» және «моно экономикалы қала» терминдері пайдаланылған. Әрқайсысының толық жекелей сипаттамалары берілген. Терминдердегі моно (грек тілінде monos- бір деген мағына) сөзіне В.Кожин айырықша көңіл аударды, бұл сөз қаланың бір бағыттылығын, қалаға бір белгілік сипат жасау жиі таралатынын (бір салада экономикалық мамандану, бір қалақұраушы кәсіпорын, бір басты қызметтің үстемдігі, бір жұмыс беретін орталық) атап өтеді [17]. «Монобейінді», «монофункционалды», «моноиндустриалды» ұғымдары бір-біріне жақын мағынада, ал индустриалды, бейінді, функционалды терминдерін бір-біріне мағыналас деп айта аламыз.

«Мономамандану» терминін қолдану артық екендігін В.Кожин ескереді. Автордың айтуы бойынша монофункционалды термин қаладағы бір функцияның өзгелерден басымырақ келуін айтады, мысал келтіретін болсақ

басқарушы функционалды қала. Моноиндустриалды қалаға бір индустриалы қала құраушы кәсіпорыны кездесетін типтес қаланы жатқызамыз. Бір бағытқа бағытталған және де соның бірнеше сипаттарына ұқсас белгілері бар қаланы – бір салалы қала дейміз. Атап өтілген терминдердің барлығы бір ерекшелікке ие бағытта болғандықтан біздің ойымызша оны «моноқала» ұғымына кіргізгеніміз жөн. Әрбір қаланы спецификалық сипаттағанда қаланың басты функциясы мен бейіні, индустриясы немесе индустриялық бағыты бойынша сай келетін ұғымдарды қолдану керек.

Ресейлік RWAY қызметкерлері моноқала терминіне келесі түсінікті берді: «монобейінді қала» - сол қаладағы қала құраушы кәсіпорын осы қаладағы жалпы экономикалық өзгерістерді және аса маңызды болып келетін әлеуметтік үдерістерді айқындайды. Бұдан қала құраушы кәсіпорынның қаладағы әлеуметтік - экономикалық өзгерістерде оның рөлінің маңызды екендігін аңғартады, алайда оның қандай деңгейде, қаншалықты әсер ететінін анықтауға мүмкіндік бермейді.

Елімізде моноқалаға ұқсас қосымша тағы бір термин қолданылады және ол «моноөндіріс» термині. Бұл қаладағы жұмыс барысында кәсіпорын мен қала тұрғындарының арасында ара-қатынастың жақындығын айқындайтын термин және де тұрғындардың өмірінің ең бір маңызды аспектілеріне неғұрлым көп әсер етеді.

«Қала құраушы кәсіпорын», «аймақтық маңызы бар кәсіпорын», «моноиндустриалды кәсіпорын» ұғымдарын өзара салыстырсақ (олар аймақтың, аймақтық индустрияның және жалпы арнайы жүйенің бір құрамдас бөлігі болады) «қала құраушы кәсіпорын» - моносалалы өндірісті қалаға оның бір құрамы болып енеді. Моноиндустриалды кәсіпорын ұғымы индустрияға бағытты бұру қажеттігін сендіруге тырысатын болса (қызмет көрсету секторының кәсіпорны мен ғылыми қаланың кәсіпорнын есепке алмаған жағдайда), ал қала құраушы кәсіпорын керісінше бұл сипатқа кірмейді. Осылайша, ойға түйгеніміз екі терминнің қарым -қатынасын жалпыдан – жалқыға қарай қарастыру арқылы білуге болатыны. Аталған жағдайда келесідей түсініктерді ескеру міндетті болып табылады: жүйе құраушы кәсіпорын - аймақтық маңызы бар кәсіпорын - қалақұраушы кәсіпорын - моноиндустриалды кәсіпорын.

Моноқала терминін анықтау - бірқатар қалаларды моноқала қатарына жатқызғанымен, моноқалаларға нұсқайтын қаланың сипаттық белгілерін анықтау қиынға түседі.

Ресейде қазіргі таңда моноқала терминін сипаттау үшін келесі әдістер пайдаланылады:

Бірінші әдіс. Егер қалада бір кәсіпорында жұмыс істейтін жұмыскерлер саны 5000 жоғары болса, сонымен қатар қала халқының 1/4 (отбасы мүшелерін қоса алған кезде) осы жерде жұмыс істейтін болса онда қаланы моноқала санатына жатқызуға болды. Егер бұл сипаттаманы ескерсек қала санатының болуы маңызды емес және бұл сипат басқада халық тұратын қоныстарда кездесіп жатса оны да моноқала қатарына қосуға болады.

Осыған қоса бір салалы қала термині туралы және оның сипаттық белгілері жайлы Ресей федерациясының ресми құжаттарында моноқалаларды сипаттаудағы негізгі белгілері жазылған: қала құраушы кәсіпорны - қала ішінде өндірілген өнімнің жалпы көлемінің 50%-нан жоғарысын өндіру қажет немесе қала экономикасындағы тұрғындардың саны кемі 25% осы монобейінді өндірісте жұмыс істеуі керек.

Екінші әдіс. Моноқала теминін тереңірек зерттейді, яғни сәйкестендірілген деңгейде бюджетке түсіретін табыс көзінің бір немесе екі кәсіпорыннан екенін ескереді. Мысалы, қала кәсіпорынының өндірістегі қызметінен түсетін түсім қала бюджетінің 30%-н құраса және ол қала құраушы кәсіпорын болып табылады. Осыған сай тұрғындар орналасқан елдімекен моноқала болып аталады. Бұл анықтамалар қала құраушы кәсіпорын жайлы ғана емес моноқала туралы үлкен ой түйуге ой береді [18-20].

Тағы бір ескере кететін жайт, қалаларды монобейінді қалалардың қатарына жатқызуда, әсіресе оларды мемлекеттік қолдау кезінде - үлкен өзгерістерге ұшырайды. Сол себепті Ресей Федерациясының Үкіметі қаржылық дағдарыста моноқалалардың әлеуметтік дамуына тигізер кері әсерін азайту үшін ведомство аралық жұмысшылар тобын құрды және осы жұмыс тобы бір салалы қалалардың санатын анықтайтын белгілерді жасап шығарды. Оларды нақтырақ тоқталатын болсақ:

- бір және бірнеше өндірістік технологиялық үдеріс аясында жұмыс жүргізетін кәсіпорындардың қолжетімді болуы және осы кәсіпорындарда экономикалық белсенді тұрғындардың 25% астамы жұмыс істеуі тиіс;

- бір және бірнеше өндірістік технологиялық үдеріс аясында жұмыс жүргізетін кәсіпорындардың қолжетімді болуы және осы қаладағы өнімдердің 50%-нан жоғары өнімін өндіруі тиіс;

- моноқала қатарын айқындайтын белгілерге бір және бірнеше өндірістік технологиялық үдеріс аясында жұмыс жүргізетін кәсіпорындардың қолжетімді болуы және осы кәсіпорындардан жергілікті бюджетке түсетін түсім мен салықтардың көлемі осы қаладағы барлық кәсіпорындардың бюджетке түсетін түсімдері мен салықтарынан 20% кем болмауы керек.

Осы сипаттамаларды қарастыра келе сандық көрсеткіштерге қарағанда осы ерекшеліктер кәсіпорынның қала дамуына әсері маңызды екендігін көсетеді. Біріншіден, қала құраушы кәсіпорындарының және бір салалы қалалардың сандық анықтамасын ресми көрсеткіштер арқылы жүйе құрайтын кәсіпорыннан қала құраушы кәсіпорынға және қаладан моноқалаға бағыттауды жуықтау арқылы анықтау жеңілірек болады. Алайда, мемлекеттің экономикалық даму міндеті мен тапсырмаларына сәйкес бұл ресми сипаттар заңнамада өзгеруі мүмкін. Екіншіден, бірқатар кәсіпорындардың қала экономикасына әсер ету дәрежесін асыра сілтеуі мүмкін. Сол себепті бұл белгілерді қатып қалған ереже ретінде қабылдауды дұрыс емес деп ойлаймын, дегенмен қала экономикасына кәсіпорынның әсер ету деңгейін бағалау дұрыс деп санаймын.

Осы белгілердің өзге де қолайсыз жақтары бар. Ол бұлардың статистикалық есепке алу жүйесі. Мысал келтіретін болсақ, әлеуметтік-

экономикалық даму жобасы қабылданбағанына қарамастан моноқалаларда ол идеяны уақытша шектеуге қою, белгіленген уақытында оларды ерекше дәрежеде қойылуының өзі жақсы екенін көрсетеді. Бұдан тек қала құрушы кәсіпорынның қала экономикасына әсер ету деңгейін анықтап қана емес, оның ұзақтығын да айқындайды. Осыдан қала экономикасының саласында өзгерістер тек қала құраушы кәсіпорынның өнімі бірден төмен түсуінен туындайтын болса, онда бұл жағдайда себеп анықталып, оның ары-қарай даму жолы анықталады.

Бұл жүргізген талдау жұмыстары қаладан бір салалы қалаға, моноқалаға бағыттайтын негізгі көрсеткіштер кәсіпорын (немесе бірнеше компаниялардың) өндірісінің Қазақстанда 20%, Ресейде 50% жалпы өндірістегі алатын үлесін немесе осы кәсіпорында жұмыс жасайтын экономикалық белсенді халықтың 20% - үлесінің болуын ескеруді түйіндейді.

Сараптай келе нарықтағы тұрақсыз сұраныс пен ұсыныстан, қала құраушы кәсіпорындардың жағдайлары нашарлап, көптеген жұмыс орындарының жабылып қалу қаупі әлі де сақталуы себебінен, белгілердің динамикалық өзгерісін талдау қажеттігін және осы арқылы моноқала экономикасы саласындағы болатын өзгерістер ықтималдылығын анықтау мүмкіндігіне ие болатынын айтуымызға болады [21].

Жоғарыдағы зерттеуді қорытындылай келе «бір салалы қала» және «моноқала» ұғымдарын сипаттайтын негізгі белгілерге сол қалалардың экономикалық саласындағы функциясының маңыздылығы; қала құраушы кәсіпорынның қала экономикасындағы алатын орны және қала халқының осы салаға тәуелділігімен қаланың бюджетінің осы кәсіпорыннан түсетін түсіміндегі үлесінің жағдайы жатады. Моноқала грек тілінен аударғанда бір қала дегенді білдірсе, бір салалы қала оның нақты саласын анықтай түседі. Бұл дегеніміз моноқала ұғымының бір салалы қала ұғымын алмастыра алуында. Бұл моноқала және бір салалы қала ұғымдарының мағынасы жағынан өте жақындығын білдіреді және оларды қалалық сипатының белгілері мен функцияларына қарай қарастырған жөн. Демек «бір салалы қала» және «моноқала» дегенімізге - қаладағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды анықтайтын бір немесе бірнеше ірі қала құраушы кәсіпорындар санынан құралған және бір сала басымдылық көрсететін қала, ал олар өз кезегінде индустриалды немесе қызмет көрсету саласында ұзақ мерзімде қызмет етуімен түсіндіріледі.

1.2 Қалалардың қалыптасуының әлеуметтік-экономикалық алғышарттары және даму факторлары

Батыстың жалпы теориялық экономика ғылымдарында қалалардың даму мәселелерін белгілі экономистер А.Вебер, А.Леша, Ле Корбюзье, Дж.Фридман, А.О'Салливан және тағы басқалары «Urban economics» бағытына жол нұсқады. Бірақ көпшілік әдістемелерде бір салалы қалаларды ұзақ мерзімді уақытта дамыту және экономикалық базаның әлсіреуімен жарамдылық мерзіміне әсер ететін жағдайларды азайтуға болатындай нұсқалары толығымен анықталмаған.

Осы айтылған өзекті мәселелерге байланысты қалаларды дамытуға жаңа тәсілдеме арқылы толықтырулар, әдістемелер, дәлелдемеелер мен ұзақ мерзімді болжау өзекті жұмыс болып табылады.

2015 жылдың басында Қазақстанның 84 қаласында 9,7 млн. адам, яғни халықтың 55.3% тұрып жатса, ал ауылды елдімекендерде 7,5 млн. адам өмір сүруде және бұл көрсеткіш халықтың 43,6% құрайды [22]. Егер 1926 жылы Қазақстанда 44 қала және қала типтес поселкелер болса, ол 2015 жылы 325 қалаға типтес елдімекенге дейін ұлғайды. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың халыққа жолдауында мемлекетіміздің халқының саны 2020 жылы 18 млн. адамға жуықтайтыны жайында болжамын айтты. Ғалымдардың болжамы бойынша 2050 жылы Қазақстанның 70% халқы қалаларда жұмыс істеп, өмір сүретін болады. Қазақстанда Алматы қаласының айналасындағы агломерация үдерісінің жүруі қазіргі уақытта бастапқы сатысында. Бұндай көршілес қалалардың жақын жиналуы алдағы алыс болашақта халықтың санының өсу нәтижесінен және жаңа қалалардың пайда болуынан еліміздің оңтүстік астанасы Алматы қаласы айналасындағы көрші Қапшағай, Талғар, Есік, Қаскелең сияқты қалалар және елдімекендермен бірігуі салдарынан болады.

2015 жылдың басындағы статистикалық мәліметтер бойынша қала халқы санының басымдылығы бойынша Алматы қаласы 1 622 мың. адам санымен көшбасында тұр, оның артынан ілесіп келе жатқан еліміздің астанасы Астана қаласы және ол еліміздің астанасы аталғаннан бастап халық саны өсу жөнінде айтарлықтай алға серпіліс жасады, халық саны 289 мың адамнан 833,6 мың адамға дейін жетті. Одан кейінгі халық санының көптігі бойынша Шымкент қаласы (683 мың), Қарағанды қаласы (471 мың), Павлодар қаласы (354 мың), одан ары қарай жалғаса береді [22].

Шымкент қаласының болашағы жарқын, онда соңғы 10 жылдың ішінде халықтың саны 150 мың адамға дейін ұлғайған. Қазақстанның индустриалды орталығы Қарағанды қаласы 20 ғасырдың 90 жылдары екінші орынды жіберіп алса, кейінгі жылдары жақсы жағдайды басынан өткізіп жатқанын туралы халық санының жоғарылауынан көруімізге болады (1970 жылы - 523 мың., 1979 жылы-572 мың., 1989 жылы-657 мың., 1999 жылы - 409 мың., 2009 жылы - 566 мың. 2015 жылы - 471 мың) [22]. Қалалардың халықты өзінің тартымдылығына байланысты тағы бір қала Ақтауды жатқызуымызға болады, ондағы қала халқының саны қазіргі уақытта 185 мың адамды құрайды.

Астана қаласының алдағы уақытта миллионер қала атануға үлкен мүмкіндіктері бар екенінін айтуға болады. Ғалымдардың болжамы бойынша ағымдағы жүз жылдықта бұл көріністің болып қалуы мүмкіндігін алға тартады. Алдағы жақын болашақта, осындай мүмкіндігі бар қалаларға Шымкент және Павлодар қаласы жатады. Шахтерлік қала Қарағанды өзінің қала халқын өсіру әлеуетін белгілі бір дәрежеде жоғалтып алды.

Ақтөбе қаласының халқы (387 мың) соңғы он жылда шамамен екі есеге өсіп, өзінің артында Тараз (351 мың), Семей (317 мың), Өскемен (316 мың) сияқты қалаларды артқа тастады. Ақтөбе қаласының алдына қойылған міндеті

болашақта халықтың санын 1 миллионға дейін жеткізу [23]. Осыған байланысты маман ғалымдар Ақтөбе қаласының экономикалық-математикалық моделін жасап шығарды, онда Ақтөбе қаласы 2040 жылы миллионер-қала атанып, Қазақстанның батыс астанасы статусын алады. Бірақ көрсетілген статусқа жету үшін Ақтөбе қаласының халқы екі жарым есеге өсуі қажет. Миллиондық межеге жету үшін қалаға басқа облыстан адамдарды тарту керек, себебі батыс Қазақстан облысының халқының жалпы саны 765 мың адамды ғана құрайды. Сарапшылардың пайымдауынша бұндай болжам көшіп-қонудың арқасында мүмкін болады, егер тек қалада экономикалық сапалы өзгерістер оңжағына қарай, яғни орта және ірі тау-кен металлургиялық өндірістер ашылып, мұнай өңдеу зауыттарымен құрылыс индустриясы алға жылжыйтын болса ғана.

Қалалар бір-бірімен жаһандық бәсекеде білікті жұмыс күшіне және әлеуетті инвесторларға таласуын бастап кетті, себебі қала заманауи әлемде өз бетінше бір организм ретінде инновация төңірегіндегі қызығушылығымен көрінеді. Мүмкіндігінше адамдардың және кәсіпорындардың бәсекелестік қабілеті артқан сайын, олар тартымдылығы төмен аймақтардан тойымды аймақтарға қоныс аударады. Қалаларға қазірден бастап өздерінің халқының мәселелері жайында және жұмыстардың типтерімен оларды жүйелендірудегі байланысты сақтап қалуды ойластыру қажет.

Қазіргі уақытта қалалар инновация мен жаңашылдықтың тарихи орталығы ретінде көрінеді, ондағы басты зейін негізгі өндіріске, зияткерлік және ғылыми әлеуетке қойылған. Сәйкесінше, дәл осы қалалардың негізгі сұранысы инновация мен даму технологиясына артады, себебі олар қаланың қажеттілігін әруақытта қанағаттандырады және ол әруақытта осылай болған және болашақта да осылай болып қала береді. Бірақ дәл осы уақытта әлем инновация дәуірімен қалалардың түпкілікті өзгеру үдерісіне түсіп кетті. Елбасы былай деп нұсқап айтты: «21-ғасырда прогрестің синонимі инновация болды, дәл осы себеппен кім табысты болғысы келсе, ауыспалы кезеңді аса жылдамдықпен игеру керек» [24].

Қалалардың заманауи жағдайында тиімді дамуы үшін олар әлеуметтік саланың үш бағытына икемделуі қажет және олар: халықтың жұмысбастылығын қамтамасыз ететін жаңа стратегия жасап шығару; тұрғын-үй коммуналдық шаруашылықты жаңғырту; халықты таза ауыз сумен қамтамасыз ету. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың айтуы бойынша бұның барлығы Қазақстан халқының игілігі және өмір сүру сапасын көтеру үшін жасалуы тиіс. Инвесторлар мен жұмыс берушілерді белгіленген бағытқа капитал салуын бағыттауда, экономиканы жаңғыртуға және жеке кәсіпкерлікті дамытуға аз мән берілмеуінің өзі маңызды. Жылдамдатылған экономикалық жаңғыртусыз үдемелі индустриалды-инновациялық бағдарламаны жүргізу мүмкін емес, ол онда экономиканы дамыту моделін өзгертудің кезекті түрі болып табылады. Құрылымдық бағдарсыз аударылмалы бағыт арқылы дамудың шамасы аз ғана, себебі қаланың экономикалық әлеуетінің егжей-тегжейлі талдауы болуы керек, оның қуатты және әлсіз

жақтарын зерттеу, қауіпті жақтары мен мүмкіндіктерін тауып анықтау керек. Бұл жұмыстың өзіндік қиыншылықтары бар, сол себепті адам әлеуетінің болашақта дамуын талап етеді.

Қазіргі уақытта мемлекеттің қалаларға қатысты қолға алып жатқан шаралары, әсіресе бір салалы қалаларға, осы қалалардың өзекті мәселесінің яғни тек күнкөріс деңгейінің төменгі шегін ұстап тұру үшін қаржы ресурстарын бөлумен ғана шектелуде. Бұндай жол арқылы бір салалы қалалар мәселелерінің масштабы мен қалалардың қазіргі жағдайын есептей отырып, жақын болашақта жақсарып кетеді деп айту қиын. Ең негізгі міндеттер келесілерден тұрады: қалада онтайлы әлеуметтік жұмысқа жағдай тудыру, кейін ол қаланың бүкіл экономикасын алға тартатын және өзін-өзі дамыту механизмін құру, осы арқылы халықтың жұмыспен қамтылуын, тұрғын-үй коммуналдық және әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуды шешу [25].

Қазіргі уақытта Қазақстандағы бір салалы қалалардың негізгі мәселелері әлеуметтік-экономикалық (автомобиль жолдарының жоқтығы, біліммен денсаулық сақтау қызметінің төмендігі, тұрғын үй мен жұмыс орнының жетіспеушілігі) маңызда сипатталып, өзекті болып тұр. Қазақстанның кейбір қалалары өзінің өндірістік және өндірістік емес функцияларын аздап жоғалтқан қалалар, поселкі типтес қала қатарына сәйкестендірілуі тиіс. Өзгермелі нарықтың экономика жағдайындағы еліміздің қалаларының халқына дезурбанизация үдерісі халықтың жаңаша жүйеде таралуына түрткі болды. Сонау 2002 жылы экономикалық зерттеу институтының «Қазақстанның болашақтағы негізгі даму бағыты және халықтың өндіріс күшінің орналастырылуы» зерттемесіне сәйкес Қазақстанның депрессивті, сонымен қоса аса депрессивті және артта қалған қалалары нақты анықталған [26].

Үкіметтің шарасыздықтан жылдан-жылға қолға алып жатқан бір салалы қалаларды депрессивті жағдайдан шығаратын бағдарламалары, өкінішке орай қалаларды экономикалық дағдарысқа алып келген себептерден құтқара алмауда, себебі бұның барлығы терең әлеуметтік-экономикалық үдерістерден құралған және кешенді шараларды қажет етеді.

Өткен ғасырдың 60-80 жылдары бір салалы қалалардың мәселелері мемлекеттік деңгейде бірнеше рет қаралып, үкіметтің бірнеше қаулылары әзірленген, бірақ оның көпшілігі іске асырылмаған, себебі олардың мақсатты даму бағдарламаларының болмауынан болып табылады. Оның үстіне барлық ауыртпашылықты орталықтандырылған және дотациялық механизмді қалалардың ескеруінсіз және жергілікті басшылықтың қатысуынсыз қалдықтық принцип бойынша қаржыландыру артты. Бұл өз кезегінде көптеген бір салалы қалалық қоныстардың депрессивті жағдайда болуының негізгі себебі ретінде қарастырылуға болады.

Экономиканың реформалық уақытында, басқаруды орталықсыздандыру жағдайында мәселелерді шешуге жаңа бағдарлар талап етіледі, олар шағын және орта қалалардың қайта қалпына келу қабілеттілігіне бағытталған, яғни қалалардың өзінде бар ресурстары мен мүмкіндіктерінің арқасында дамуы.

Бір салалы қалалардың өзін-өзі дамыту үдерісі тек қана оңтайлы әсер беруі мүмкін, егер қалалардың аймақтармен және мемлекеттік деңгейде арақатынасы теңдей дәрежеде құрылатын болған жағдайда ғана. Шағын және орта қалалардың өзінің ресурс базасы арқасында дамуын ары қарай жалғастыру, олардың өздерінің ресурстарының бір-бөлігін өз беттерінше өзара тиімді жағдайда пайдалану дегенді білдіреді. Бұл дегеніміз бір салалы қалалар толыққанды шаруашылық субъектісі және экономикалық қызметі ретінде қаралуы керек дегенді білдіреді.

Қазіргі уақытта жергілікті атқарушы биліктің аздап болса да денсаулық сақтау мен білім берудегі саланың әлеуметтік қызметін жоғарылату әрекеттері мәселені шешпейді. Осы себепті үкіметтің нақты қаржылық көмегі, облыс және қаланың атқарушы органдарына субсидия формасы түрінде атқарылуы қажет, заем және салықтық жеңілдіктерді бір салалы қаланың жобаларын инвестициялайтын кәсіпорындарға бөлінуі тиіс. Көпшілік қалалар тек демеушілік жағдайдың көмегімен ғана тіршілік жасауда, тек бар болғаны түскен қаржылық табыстың көп бөлігі жоғары тұрған бюджетке аударылады. Инновациялық жобаларға бөлінетін субсидиялардың негізін қабылдау үшін оның қабылданғаны туралы дұрыс шешімі шығу керек, ал ол өз кезегінде субсидияны алушының конкурстық нәтижесінің шешімі және өңірлік өндірістермен кәсіпкерлік департаментінің құқықтық акты қажет.

Менің ойымша бір салалы қалаларды депресивті жағдайдан шығару үшін орталық және жергілікті басқару органдарының атқарумен инновациялық жүйені құрайтын мақсатты кешенді бағдарламалар жасап шығарылуы тиіс және жан-жақты экономиканы қолдайтын шаралар қарастырылуы қажет. Бұндай документтерді жасап шығаратын және атқаратын барлық тараптар, яғни үкімет, кәсіпкерлік және тиісті өңірлердегі өндіріс департаменттері, кәсіпорынның басшылығы, ғылыми мекемелер және университеттер болуы керек. Бұндай бағдарламада әр тараптың жауапкершілігі мен өзара қарым-қатынас принциптері нақты анықталғаны жөн.

Соңғы жылдарда экономикалық өсім мен әлеуметтік индикаторлардың бірқалыптығы көп қалалардың ағымдағы мәселелерінен бастап шекаралық стратегиялық жоспарлауына мүмкіндік береді. Қалалардың экономикасын жаңғыртуда негізгі мәселе мынада - қиын жағдайға басқарушылық әсер ету тиімділігінің төменділігі. 1990 жылдардағы ойластырылмаған реформалардың нәтижесінің көрінісі әлеуметтік пікірталастың ушығуы, экономкалық өмірдің шырқын бұзушылығы және көлеңкелі экономиканың дамуы болып табылады. Дағдарыстағы үрдістерді қиналмай өту және экономикалық дамуға бет бұру үшін әлеуметтік механизмдер мен жұмыс істеу заңдылықтарын заманауи Қазақстан экономикасына тиісті дәрежеде қолдануды жасау қажет.

Қазақстан экономикасының негізін дәстүрлі өндіріс салалары құрайды. Қазақстан экономикасының сәттілігі жаңа технологиялардың маңыздылығы мен керектілігінде емес, дәл осы дәстүрлі өндірісті жаңғырту мен инновация ендірілуінде. Сонымен қатар өндіріс құралдарының нашарлауы оның тозғанын көрсетеді. Сол себепті алдағы жасалынатын жұмысты жаңа

индустризацияландыру деп айтуға болады. 90 жылдары мемлекеттің қолданысында бар инновацияны құру мен оны ендіру жүйесі құрдымға кетті. Сол уақытта инновациялық үдеріс фундаментальды және ізденушілік зерттеумен басталып, міндетті түрде қолданбалы ҒЗТҚЖ кезеңінен өтіп, соңында инновацияны барлық экономика салаларының кәсіпорындарында игерумен аяқталатын. Инновациялық жүйенің жұмысын қайта жандандыру үшін, басты назарда максималды күш пен қаражатты инновацияны шынайы экономика үдерісіне ендіру қажет. Бұл жерде олар мүмкіндігінше көп қайтарымдылық алып келеді, себебі олар инновациялық үдерістің басқа да бөліктерін іске қосады.

Әлемдік нарықта отандық тауардың жаңашылдық талдауы мен бәсекеге қабілеттілігі инновацияны ынталандыратын тетіктері мен инновацияның үдемелі дамуын кез-келген қалалардың базалық өндіріс салаларында іске асыруды қажет етеді. Керекті форма ретінде бұған кез-келген салаларда әлемдік тәжірибеде қолданылған және инновациялық дамуда қаржылық және материалдық ресурстарға назар аударуға мүмкіндік береді. Ең көп таралған және үдемелі ҒТП ең басты экономикалы құрал ретінде технополистік даму тұжырымдамасы жатады. Технополис (грек сөзі. *techne* -шеберлік және *polis* - қала) – қызмет көрсету сферасында инфрақұрылымы дамыған ғылыми өндірістік кешен, жеке қаланың аумағына орналасқан ғылыми зерттеулердің негізінде үздіксіз инновациялық циклді қамтамасыз етеді. Технополис идеясы трансферттік технологияға негізделген ғылым мен өндірістік ең жоғарғы дәрежеде біте қайнасуы, ғылымға сиымды өнім нарығы. Технопарк - технополис құрылымының бір бөлігін құрайды, ғылыми орталықтың айналысына ғылыми-эксперименталды, қаржылай, әлеуметтік-мәдени инфрақұрылымды біріктіреді. Технопарк шағын ғылыми-техникалық шығармашылық ұйымдарды және жеке ғалымдарды қолдау үшін ҒТЖ-дың нәтижелерін жаңа технологиялар мен техникалардың нарыққа шығару үшін құрылады. Технополистерді құрудың негізгі принциптері ғылыми-техникалық идеяларды тудыруға бағытталған жасанды объектілердің құрылысы. Бірақ бұл секілді технополистер өзіне жақын басты қалаларынан 30 минуттық жолдан алыс орналаспауы және аумағы 500 шаршы.км. алаңмен шектелуі қажет.

Өндірістері дамыған елдердің тәжірибесі көрсеткендей, кез-келген мемлекеттің экономикалық өсуі инновацияға негізделеді. Өйткені қоғамның талабы бойынша ғылым мен өндірістің мүмкіндіктері бір араға тоғысады. Алғашқы технопарктер ХХ ғасырдың 50-шы жылдарында АҚШ-та пайда болды. Ал Ресейдегі алғашқы технопарк деп, кеңес кезеңінде «ғылыми қалаларды» санаймыз. Кеңес Үкіметінде алғашқы рет 1988 жылы Францияның инновациялық аймақтарының тәжірибесін негізге ала отырып, Томск қаласында құрылды. Одан кейін КСРО кезеңінде технопарктер М.Ломоносов атындағы ММУ-де және Зеленоград қаласында пайда болған.

Соңғы кезеңдері Ресей ғалымдары жаңа технологияларды әзірлеудегі ғылыми-техникалық кешен құрылысын Мәскеу қаласының жанына салу туралы тың және жаңа идеяларды ұсынуда. Осыған ұқсас әлемдік деңгейдегі

инновация орталықтары «Сколково» немесе «Силикон алқабы» деп аталады. Қазіргі таңда Ресей аумағында аталғандай «инноград» біреуіде салынған жоқ, бірақта картада Ресейде жаңа инновациялық аймақтар пайда болуда. Қазіргі таңда Ресейде 14 ғылыми қалалар дамуда (Дубна, Жуковский, Королев, Пущино, Реутов, Троицк, Фрязино, Черноголовка, Мәскеу облысындағы Протвино; Санкт-Петербургтегі Петергоф; Новосибир облысындағы Кольцово; Калужа облысындағы Обнинск; Тамбов облысындағы Мичуринск; Алтай өлкесіндегі Бийск). Тек осындай жағдайда қалалар жер шарындағы басқа қалалармен жоғары білімді адамзаттың өзіне тарту бәсекелестігінде ғана жеңіске жете алады.

Қазіргі таңда Қазақстан экономикасының ең басты мақсаты бәсекелестігі дамыған 30 елдің қатарына кіру, инновациялық үрдістерге қажетті шарттарды құру арқылы заманауи өндірістерді іске қосу. Алда қойған мақсаттарға қол жеткізу отандық өндірістердің бәсекелестік қабілетілігіне тікелей тәуелді экспорттық әлеуетті толық ашып, еліміздің географиялық орналасу жерін тиімді пайдалану арқылы қол жеткізуге болады. Осы жерде көрсетілген себеппен енді біз тікелей ғылымға бет бұрамыз.

Экономиканы дамытудың бір жолы қазақстандағы технопарктерді дамыту. Бұл бағыт елімізде 2004 жылдан бастап, негізін шетелдік тәжірибеге сүйене отырып жұмыс жасауда. Біздің елімізде технопарктерді дамытудың негізге екі жолы бар: жоғарғы оқу орындарының базасында және өндірістік кәсіпорындардың базасында. Технопарктің көпшілігі бірінші жолмен, яғни ЖОО-ының құрылымының құрамында бөлім болып құрылды, бірақ шағын инновациялық құрылымды құратын және қамтамасыз ететін бөлек ұйым ретінде дамымады. Бірақ ЖОО-ның базасында құрылған технопарктер отандық инновациялық қызметтердің ерекшеліктерін жақсы қырынан көрсете алмады. Негізгі ғылыми-техникалық әзірлемелер мен жаңалықтардың көбісі университеттер мен салалық институттарда әзірленді. Ғылым мен өндірістің интеграциялық әлеуметтік-ұйымдық түрін құруда көрсетілген ерекшеліктер мен өзгешеліктер ескерілуі қажет.

Қазақстандық технопарктердің осы мәселелерінен басқада инфрақұрылымды дамытудың жеткіліксіздігі, менеджерлердің дайындалған командасының болмауы, нарық тетіктерінің аз көлемде пайдаланылуы, мемлекет тарапынан инновациялық құрылымдарды дамытуға берілетін қаражат пен селектрлік саясаттың болмауы сияқты кемшіліктер бар. Технопарктерді құруда осыншама мәселелер болсада, қазіргі уақытта Қазақстанда технопарктердің өзектілігі жоғарғы деңгейде.

Қазақстандық ғалымдардың пікіріне сүйенсек, Қазақстанның ғылыми орталықтарынан басқа технопарктер мен технополистер бұрынғы жоғарғы ғылыми әлеуеті және тәжірибесі бай мамандары бар құпия жабық қалалардың негізінде, яғни Степногорск, Курчатов сияқты қалаларда құруға болады. ӘӨК қазіргі уақытта заманауи бағыт берілуі қажет, әскери бағытқа арналған өндірістер мен жоғарғы технологиялық конверсиялық салаларды қайта жарақтау үшін аса ауқымды жұмыстар жүргізілуі қажет. Қазіргі таңда Курчатов

каласында ядролық технология паркінде, бейбіт атомды пайдаланып, жоғарғы технологиялық өнімдерді шығаратын өндірістер салынуда.

Қазақстан қалаларының үдемелі индустриалды-инновациялық өсуіндегі технопарктер мен технополистердің орны мен рөлін болжай отырып, ең бастысы олардың салалық экономиканы дамытуға қабілетін айту қажет, себебі ғылымға негізделген өндірістер мен венчурлық кәсіпорындардың негізі құралады.

Әлемдегі шетелдік тәжірибе көрсеткендей, техникалық құрылымға бай шағын кәсіпорындар көп жағдайда өзінің тиімділігін көрсетеді. Олар технологиялық жаңалықтар мен сұранысты дереу есепке алады, шағын сериялы өндірістердің қажеттіліктерін қанағаттандырады, еркін еңбек ресурстарын әсіресе шағын қалаларда тиімді пайдаланады. Әйтседе, инновациялық үрдістің нәтижесі шағын қалаларда белгісіздігімен түсіндіріледі, себебі уақыт пен қаражат шығындарының арасында байланыстың жоқтығынан болып табылады. Басқаша айтқанда, бұл жердегі қауіп техникалық (ҒТЖ теріс нәтижесі, жаңалықты енгізу әзірлемелерінде жоспарланған параметрлердің орындалмауы) және әлеуметтік-экономикалық (экономикалық ұтылымдар, адамдардың өміріне зиян келуі) қауіптерден тұрады. Технополистерді қаржыландыруда мемлекет тарапынан қолдау құрылымдары жақсы жұмыс істеуі және өндіріске инновацияларды енгізуге компаниялар қызығушылық танытуы қажет.

Қазақстан қалаларының экономикасын дамытудың қазіргі деңгейі көрсеткендей, өндірістік кәсіпорындар облыс орталықтарында және ірі қалаларда шоғырланған. Шағын қалалардағы өнеркәсіптік өндірістерде тағам өндірістеріне жанар-жағар май өндірісі мен құрылыс материалдар өндірісі басымдылық берілген. Бірақ бір салалы қалаларда жеке категорияларға байланысты өндірістердің шоғырлануы әр-түрлі. Оларда тамақ және құрылыс өндірістерінен басқа қара және түсті металлургия, электроэнергетикалық және мұнай-газ өндіруші өндірістеріде жұмыс жасайды. Қалалардың ішінде ең қиындық көріп отырған шағын қалалар. Ол - ауылшаруашылығы өнімдерін өңдейтін өндірісі бар қалалар. Бұл қалаларда инфрақұрылым, құрылыс базасы және жоғары дәрежелі мамандар жоқ.

Қазақстандағы қалалардың көпшілігі соның ішінде орта және шағын қалалар әміршілдік экономика кезінде пайда болған, себебі сол кезең тың жерлерді игеру мен өндірістерді дамыту аса қарқынмен қолға алынған кез болатын. Өңірлерді дамытуды қабылданған тұжырымдамасы бойынша, шағын қалалардың белгілері бойынша қазіргі таңда Абай, Алға, Арқалық, Арал, Державинск, Қарқаралы, Степняк, Форт-Шевченко, Шалқар қалаларын депрессивті экономикалы қалалар қатарына жатқызуға болады [27]. Шағын және орта қалалардың әлеуметтік-экономикалық ахуалын жақсарту үшін, әрбір елді мекеннің индустриалды-инновациялық дамуының жалпы жоспары және мақсатты кешенді бағдарламасы қайта қаралуы тиіс.

Қала экономикасының құрылымын зерттеуде негізге алынатыны ұлттық шаруашылықтың қала құраушы салалары алынады. Осыған байланысты көп

жағдайда шағын және орта қалалар өнеркәсіптік-индустриалды және көлік орталықтары ретінде қарастырылады. Менің ойымша, қоршаған ортаның орталығы ретінде қаланың орны мен рөлі туралы ТМД мемлекеттері мен Қазақстан ғалымдарының ғылыми еңбектерінде жеткілікті деңгейде толығымен зерттелмеген. Қалалық елді мекендердің басты рөлі қоршаған ортаға, саяси-әкімшілік, шаруашылық-ұйымдық, мәдени-тұрмыстық және инновациялық білім беруді орындау болып табылады. Қалалардың негізгі қызметін зерттеу және олардың түрлерін анықтау, олардың ары қарай дамытудағы мәселелерін шешуде және еліміздің өндірістік күштерін тиімді орналыстыруда орны толмас әдістемелік құрал болып табылады.

Қазақстан қалаларының болашақта дамытудың экономикалық тиімділігін бағалау, қалалардың көлеміне сәйкес материалдық өндірістердің өндірістік емес салаға жіберетін шығындарының көлемі мен аудандық және жергілікті жерлердің шарттарымен салыстыра отырып жүргізіледі. Жүргізілген зерттеулердің нәтижесі өндіріс сферасында еңбек өнімділігі мен қор қайтарымы, сондай-ақ қала құраушы және эксплуатациялық шығындар елді мекендердің аумағына қарай әр-түрлі болып келеді. Шетелдік зерттеулерде соның ішінде Ресейде өндірістің жоғарғы экономикалық тиімділігі ірі экономикалық орталықтардың еншісінде деп санайды. Бұл ерекшеліктерді У.Алонсо еңбектерінде көрсетілген [28]. Швейцарияның мысалында француз экономисті Г.Видмардың формуласы бойынша ұлттық табыс (y) және қала халқының саны (x) : $y = 498,91 \log x \times 230,97$ арасында сызықтық тәуелділік бар.

Г.Видмардың мәліметі бойынша 200 мың тұрғыны бар қалада әрбір жан басына шаққанда өнім өндірісі 23%, ал 400 мың тұрғыны бар қалада бұл көрсеткіш 29% - құрап, 20 мың халқы бар қаладан артық болған. Бұл мәселе әсіресе экономикалық проблемаларды зерттейтін жапондық ғылыми-зерттеу орталығында терең зерттелген [29].

ҚР-ның Экономика және сауда министрлігінің экономикалық зерттеулер Институтында, қалалардың көлеміне байланысты еңбек өнімділігі мен қор қайтарымының айырмашылығын бағалау бойынша біршама жұмыстар жүргізілуде. Мұндай есептеулерге құрылымдық индекстер әдісін қолдану керек, себебі әр түрлі категориядағы қалалық мекендерде өндірістік салалық құрылымдардың ерекшеліктерін ескере отырып сәйкес жүргізіледі.

Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, қалалық елді мекендердің рационалды үлкейуінде және өндірістік байланыстар негізінде, қалаларды жақындастыруды құру, шоғырландырудың есебінен агломерациялық нәтижеге қол жеткізу, бұрынғы капиталдық салым мен өндірістік дәстүрлі мәдениетінің салдарын пайдалану арқылы өндірісті кешенді ету. Материалдық өндірістердің агломерациялық нәтижесі келесі нәтижелердің түрінен: кәсіпорынның көлемі, кәсіпорынның салалық шоғырлануы, ұлттық экономиканың салаларының объектісі мен мекемелерінен түзіледі. Еңбек өнімділігі мен қор қайтарымы және материал қайтарымды көтеретін ең басты фактор агломерациялық нәтижені қолдану болып табылады.

Менің пікірімше, дамудың тиімділігін бағалайтын белгіленген фактор өндірісті ұйымдастыру және оны елімізде орналастыруды жетілдіру. Бұған өндірістің экономикалық тиімділігін жоспарлау және олардың бөлімшелерінің өндіріс шығындарының нәтижесін салыстыру принципіне сәйкес қол жеткізуге болады. Экономикалық тиімділіктің белгілері бұл кезеңде ұлттық табысты максимизациялау, яғни өндірістік шығындардың, өндірістік емес сфераға жұмсайтын шығындарының ара қатынасы арқылы есептеледі. Бұл жерде тұтыну мен жинақтау қорларының оңтайлы арақатынасы белгіленуі қажет, қала салу нормативтері мен қалаларды эксплуатациялау (тұрғындарға қызмет көрсету саласының нормативтері кіреді).

Өнеркәсіптік өндірістің тиімділігі бойынша 50 мың халқы бар шағын қалалар ірі қалаларға қарағанда экономикалық тұрғыдан тиімді болады. Қазіргі таңда Қазақстанның шағын қалаларында 1,5 млн астам тұрғындар өмір сүреді. Кен шығаратын сала бойынша еліміздегі қалаларда тұратын тұрғындардың саны 7,5%, көлік өндірісі бағыты бойынша – 6,1%, ал өңдейтін өндірісі бар қалаларда – 5,6%, дем алатын орны бар қалаларда – 1%, әскери-өндірістік кешендерде – 0,8%, көлік дәліздерінде – 1,9% құрайды.

Сонымен, бір салалы қалалар аймақтық жүйелерде өндірістер қажет орталықтар ретінде ұйымдастыруда тұрғылықты халыққа әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық қызмет жасайтын өндірістік қызметті ұйымдастыруға бағытталған. Мемлекетіміздің өңірлерін қалыптастыруда бір салалы қалалар маңызды рөл ойнайды және олардың көпшілігі орналасуы бойынша экономикалық және ресурстарына байланысты өндірістерді дамытуға және тұрғындардың әлеуметтік дәрежесін көтеруге тиімді орналасқан.

Ірі қалалардағы өзекті мәселелер болып өндірістік, мәдени-тұрмыстық қажеттіліктерді қанағаттандыру, инфрақұрылымды реттеу керек болса, шағын қалаларда адами ресурстарды тиімді пайдалану, тұрмыстық, абаттандыру және коммуналдық қызмет көрсетудің сапасын оңалту мәселелері болып табылады.

Басқару, өнеркәсіп, ғылым, байланыс, көлік, курорттық-санаториялық іс тағы басқалары әлеуметтік тұрғыдан қоғамдағы жұмыс орындарының саны мен қоғамның өзара іс әрекетін анықтайды және қалалардың қала құрушы факторлары болып есептеледі. Сонымен қатар, ол кадрлардың мамандануын және қала халқының күнделікті еңбек етудегі тіршіліктерінде маңызды әлеуметтік негіздерінің бірыңғай құрылымын қалыптастыруға септігін тигізеді. Аталған тұжырымдаманы кейде «экспорттық база» моделі деп атайды.

Жаңадан құрылған қалалардың саяси шеңбері барысында бұндай нақты тетіктері бар басымдылығы жоғары қызметтерді атқаруда жүзеге асырылады. Өткен ғасырдың 20-30 жылдарындағы Кеңес Үкіметінің кезінде қала құрудың негізгі жүйесін қалыптастырудағы үлкен әсері болған функционализм идеялары еді. Бұл идеялар Ле Корбюзье және оның ізбасарларының есімімен жақын байланысты. Соғысқа дейінгі жылдары жаңа қалаларды құру тек бір салаға бағытталып отырды. Ал бұл өз кезегінде моноқызметтік, яғни бір саланың конъюнктурасына тікелей тәуелділік еді. Ол қала құруда тұрақсыздықты тудырды [30].

Қала аумағындағы қала құраушы кәсіпорын қала халқының басым бөлігін жұмыспен қамтамасыз етіп отырды. Бұл жұмысшылардың өмір сүруіне қажетті күнделікті тұтыну тауарлары мен жеке тұлғаларға қажеттік қызмет түрлеріне сұраныс тудырады. Қала құраушы кәсіпорын өндірістік үдеріске қатысты материалдық өнімдерге және өндіріс жүргізуге қажетті факторларға сұраныс туғызды. Бұл қажеттіліктердің кейбірін қала маңайындағы кәсіпорындар (жеке және өндірістік кәсіпорындар) қанағаттандырып отырды. Бұл кәсіпорындардың көбісін қала инфрақұрылымындағы электр, жылу, газ, ауыз су, канализация, қалалық жолаушы тасымалдау, құрылыс жүйелері, жеке сауда, нан өнімдері өндірісі және соған ұқсас шағын кәсіпорындар да кірді. Бұл кәсіпорындар қала құру саласында негізгі рөлді атқарады. Оларды саланың резиденттері деп атайды. Бұл ұғым Хойт пен Александерсонның есімдерімен тығыз байланысты болды [5, б. 103].

Функционализм идеясының пайда болуы, кеңістік оңтайландырудың құралы ретінде қалалардың арнайы функцияға бағыттталудың бастамасына алып келді. Инвестицияның құрамын нақты анықтауға арнайы мамандану (шикізат, энергия, жұмыс күші және өткізу нарығына жақын орналасуын есептеу арқылы) жатады деп есептелді. Осыған ұқсас қалалар жүйесінің «оңтайландырылған» жобалар түріне сол замандағы социалистік мемлекеттерде кеңінен тарады, себебі инвестицияға қатысты шешімдер жоспарын атқарушы органдар анықтады. Дегеніменде бұл тәжірибедегі еркіндік шамадан тыс «оңтайлы» шешімдердің орындалуына алып келді.

Осының салдарынан бір салалы завод-қалалар көптеп пайда бола бастады. Заманауи қалалар жүйесінің дамуына осыған ұқсас әрекеттердің күшеюі бірден бір себеп болды, бұл даму қалалардың мамандануына байланысты нақты мүкіндіктерді пайдалана алатын алғышарттар құрды. Бір салалы бағыттағы қалалар ұзақ мерзімге жоспарлау кезінде зауыт-қалалардың дамуына сенімсіз болды, себебі бір саладағы тоқырау қала экономикасына әсер етпей қоймайтынын білді.

Функционалды жобалардың қатаң шешімді болуының мүмкін еместігі бастапқыдан белгілі еді. Сондықтан жергілікті зауыт-қалалардың басқарушылары жүйеге функционалдық үйлесімдікке қол жеткізу мақсатында қосымша инвестицияларды талап етті. Алғашқы кезекте саланың қалаға тұрақты түрде қызмет етуін қадағалап, қаладағы негізгі саланы дамытуда қосымша жұмыс орындарын енгізу жүйесі қажет екендігін түсінді. Саланың тұрақты балансын қалыпқа келтіруге ондаған жылдар кетті [31].

Теориялық мәселелердегі маңызды ұғымдарға «әлеуметтік үрдіс», «әлеуметтік даму» ұғымдарының ғылыми анықтамасы жатады.

Бұл ұғымға жалпыға бірдей классикалық анықтама берген П.А.Сорокин болып табылады. Оның ойынша «үрдіс – ол кез-келген қозғалыс, түрлену, өзгеру, ауысу немесе «эволюция», яғни белгілі бір уақытта зерттеліп отырған объектінің бойындағы өзгерісі, ол дегеніміз кеңістікте өз қалпының өзгеру түрі немесе сандық-сапалық түрде өзгеруі [32].

Әлеуметтік қызметтердегі үдеріске прогрессивтік, регрессивтік,

эволюциялық және революциялық үрдістер жатады және нысананың өндірісінің қызметінің сапалы түрде атқаруын, әлеуметтік даму үрдісінің деңгейінің сапалы болуын қатамасыз етеді. Сонымен қатар, әлеуметтік үрдіс – кез-келген теңдестіру және әлеуметтік әсердің қайталанушы моделі: шиеленіс, жіктелу, кооперация, тайталас, және т.б.

Әлеуметтік қызметтің бағыттылық қасиетін атап өткен жөн. Бағытталған үдерістер қайтымсыз және тығыз орналасу мен үнемі толығып отыруға бейім келеді. Бұл үдерістерте алдағы кезең алдыңғы кезеңінен өзгеше болып келеді, алдағы кезеңдер кейінгі кезеңдерді дайындап отырады. Мысалы, бағытталған үдерістерге тұлғаның әлеуметтенуі, тұрғындардың санының артуы, индустриализациялау және т.б. факторлар жиі орындалып отырады. Ал бағытталмаған үрдістер кездейсоқ немесе хаостық жағдайда орындалады, яғни олар басқа моделдерге ұқсас немесе ағысы белгілі түрде қайталанып отырады. Олар қайталанушы немесе тұйықталған цикл деген атқа ие. Мысалы, егер біздің жағдайымызда алдыңғы циклдан кейінгі цикл жоғары деңгейге қол жеткізсе, ол дамушы цикл болып табылады. Оны прогрессивті деп атаймыз. Керісінше, алдыңғы циклдан кейінгі цикл көрсеткіші төмендесе, оны регрессивті деп қарастырамыз. Кейбір ерекше жағдайларды да ескерген жөн, мысалы кей жағдайларда әлеуметтік жүйелерде ешқандай құбылыс болмауы мүмкін, ол стагнация деп аталады[33].

Маңызды белгі ретінде үдерістердің соңғы нәтижесін қарастырамыз. Құрушы үдерістердің кейбірі жаңашылдыққа алып келеді, ол дегеніміз әлеуметтік құрылым мен қоғамда жаңа әлеуметтік шарттардың пайда болуы дегенді білдіреді. Адамзаттың даму өркениетінде технологиялық, мәдени және әлеуметтік өркендеуінде алғашқы қоғамдық құрылымнан заманауи индустриалды кезеңге дейін қызмет еткен морфогенетикалық үдерістердің рөлі маңызды болды. Аталған үрдістерді жай трансмутациялық үдерістермен шатастыруға болмайды, себебі бұл үдерістер тек түбегейлі өзгерістерге, яғни жеке өзінің түрленуі, реформациялау және әлеуметтік ұстанымдарды қайта қарастыру кіреді [34].

Кейінгі уақытта отандық әдебиеттерде әлеуметтік үдерістерістерге жаңа түсіндірмелер мен талдаулар енгізілді. Мұнда әлеуметтанушы В.Е.Кемеров: әлеуметтік үдеріс – ұдайы өндірісті қамтамасыз ете отырып, қоғамды дамытуға ықпал ететін адамзаттың іс-әрекеттерінің жиынтығы, әлеуметтік тұрмыстың сақталуы және оның трансформациясы деп қарастырды. В.Е.Кемеровтың пікірінше, осы әлеуметтік үдеріс - жеке қызметтер мен индивидтерді қозғалысқа шақыратын жартылай субъектілі білім беру деп есептеді [35]. Осы ойға пікірлес С.С.Фроловтың тұжырымдамасында: «әлеуметтік үдеріс– бір бағытта жүретін және қайталанып отыратын істердің жиынтығы мен басқа да көптеген әлеуметтік үдерістер» делінген [36].

Әлеуметтанушы Л.Н.Москвиев өз еңбектерінде «Әлеуметтік үдерістер» түсінігін пайдаланады. Оның пікірінше: біріншіден, «әлеуметтік өзгерістер» ұғымы ресейліктер үшін жат ұғым. Бізге «әлеуметтік даму» ұғымы жақынырақ деп есептеді. Оның ойынша, «әлеуметтік өзгерістер» ұғымы қоғамдағы түрлі

өзгерістердің бағытына қарамастан кең ауқымда жүзеге асуы. Оның құрамында негізгі бағытты көрсететін бағалаушы құрамы жоқ болып табылады; екіншіден, әлеуметтік өзгерістерді қоғамда болып жатқан кез-келген өзгерістерге жатқызуға болмайды. Жіктеп алғанда әлеуметтік өзгерістерге мыналар жатады: әлеуметтік жүйелердің өзгерісі, әлеуметтік стратификация, әлеуметтік қоғамдастық, әлеуметтік үдерістер, институттар, ұйымдар және олардың ара-қатынасы [37].

Осыған орай әлеуметтанушылар әлеуметтік үдерістерді екі түрге бөліп қарастырды. Біріншіден, «әлеуметтік цикл» – белгілі-бір жүйеге бағытталмаған, бірақ кездейсоқ емес. Әрбір жүйенің белгілі бір кезеңдердегі басынан өткерген жағдайы болашақта қайталануы мүмкін. Ал өзгеріс тек аз уақыт арасында ғана орын алуы мүмкін, себебі жүйе бастапқы күйіне қайта оралу цикліне жүріп отырады [38].

«Әлеуметтік даму» әлеуметтік үдерістердің бір түрі. Ол жүйеге бастапқыда енгізілген әлеует. Оның айырмашылығы, бағытталған үдерісте болып жатқан кезеңдегі жайт алдыңғы кезеңдердің біреуінде орындалмаған және одан кейінгі кезеңдерде жоғары деңгейде шығады. (мысалы экономикалық көрсеткіштердің өсімі, технологияның дамуы немесе тұрғындардың санының артуы). Әлеуметтанушы Н.Д.Кондратьеваның пікірінше, ол барлық уақытта барлық жерде әлеуметтік шарттарға сәйкес, әлеуметтік даму заңды деп санады [39].

Осылайша жүйе біртіндеп белгілі бір қалыпқа жақындай түседі, яғни қоғамда әлеуметтік теңдік қалыптасады. Жүйеде имманенттік қалыптаса отырып, қоғамдағы әлеуметтік өмірдің ішкі қарама-қайшылықтары жойылып, сапалы жүйе қалыптасу арқылы адамдарға тән шығармашылықтың дамуы масштабты ұйымдастырушылық инновациясына ұласады. Н.А.Костко өз еңбектерінде «дамыту» терминін заңдылықтардың негізі және оның шарттарын ескере отырып, үдерістерді басқаруға болады деген, яғни ол үдерісті жылдамдатады немесе тежейді, бірақ бұдан қашып құтылудың мүмкіндігі жоқ деп айтты [40]. Г.В. Осипова әлеуметтік біртұтастылықты құрайды деді.

Жоғарыда айтылған және басқа да ерекшеліктер мен қоғамдық қатынастардың ерекшеліктерін біріктірген адамдар немесе қоғамдастықтар ортақ қызметтері аясында қоғамда өз орнын табуға және бір-бірімен ара қатынастарын реттеуге мүмкіндік алады [41].

Заманауи қалалар қоғамдық өмірде төтенше әлеуметтік көп жоспарлы организмдер, әлеуметтік-тарихи категориялар болып әлеуметтік-экономикалық құрылымы шарттарында жұмыс жасайды. Ж.Т.Тощенконың пікірінше, әлеуметтік дамудың әсерінен экономикалық реформалардың жүзеге асуы, қалалардың қызмет атқару тәжірибесіне жаңа талаптар қойылуы, аумақтық және өндірістік ұйымдардың қызығушылығын арттыру барысында оңтайлы шешімдер артты. Тощенконың айтуы бойынша, қалалардың әлеуметтік дамуы екінші орынға қойылуынан, тең құқылы емес және үнемі кейінгі жоспар ретінде қаралып келді. Ж.Т.Тощенко еңбектерінде «қалалық шаруашылықтың жоспары формальды түрде қарастырылады және ол жоспарда көп байланыстарды дамыту көрсетіледі» деді. Негізінде қалалық шаруашылықтың жоспары

кәсіпорындар мен ұйымдардың шаруашылық деңгейінде шешілетін ведомствалық қызығушылықты анықтайтын сұрақтардың жиынтығы болып табылады [42].

Әлеуметтанушы Ж.Т.Тощенко қалалардың әлеуметтік дамуындағы үдерістерге теріс әсер етуші факторлардың барын айтады. Оларға: нашақорлық, жезөкшелік, ұйымдасқан қылмыс, заң бұзушылық, балалар арасында жетімдердің көбеюі, өзін-өзі ұстаудың нормаларындағы және заңдарындағы қарсылықтар, қоғамдық көзқарастарға кері әсері бар ойлар мен тұжырымдар. Егер әлеуметтік басқарудың жүйесі бірыңғай үдеріс ретінде қаралса, онда қоғам жүйесін бақылау мен реттеу, прогрессивті қоғам мен оның қосалқы жүйесінің қажеттіліктерін жүзеге асыра алады. Мысал ретінде қоғамдық өмірдің экономикалық, саяси, әлеуметтік мәдениет және сол сияқты салаларының қажеттіліктерін жатқызуға болады [42, б.121].

Айқын мақсатқа жету жағдайында ұзақ уақыт бойы қалалардың әлеуметтік дамуы жүзеге аспады. Қалалық шаруашылықтарда жоспар формальды түрде жүзеге асырылды және бұл жоспарларда көптеген байланыстар көрсетілді. Салдарында ведомствалық қызығушылық ұйым мен кәсіпорынның мәселелерінің жиынтығы болды. Мұнда әдістемелік жағынан көп қателіктер орын алды. Қаланы әлеуметтік бірлік деп қарамады. Мұндай байланыстардың басқа байланыстардан өзгешелігі қоғамдық деңгей мен кәсіпорын деңгейінің түрлі болуы.

Бұл теория мен тәжірибеде жаңылуға алып келді. Бұның нәтижесі, қалалардың өзара үйлеспеуіне және қалалардың дамуындағы қауіпті фактілердің орын алуы әсерінен барлық жігерді қалалық шаруашылықтарға бағытталуына алып келді. Жаңа қала салынса да 40 жыл бұрынғы қателіктер қайталанып отырды [43].

Жаңа қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуы барысындағы негізгі кедергі болып ведомствалық қызығушылық аясынан даму жүйесінің шыға алмауы болып табылады. Бұл дегеніміз барлық мәселелер министрлік пен ведомстволардың қалалардағы әлеуметтік мәселелерін шешуге көңіл аудармауы болып табылады. Салдарынан шағын елді мекендер еңбек күштерін тиімді қолдана алмады және бұл кешендер өмірлік қажеттіліктерінен айырылып отырды.

Ертеректегі жоспарлы экономика кезінде үкіметтің вертикальді басқару жүйесінде адамдардың әрбіріне жететіндей мәселелер жасырын қалып отырды. Қалалар мен кез-келген елді мекендердің құрылуы және дамуы мемлекеттің шешімімен ғана сәйкестендіріліп жүргізіліп тұрды. Соның ішінде қалалар, әсіресе шағын қалалар арнайы мемлекеттің мақсаттарын атқаратын кәсіпорынның әлеуметтік цехі ретінде қарастырылды. Қалаларда бұндай мәселені шешуде сәйкес құрамдас бөлік болды. Жаңа қалаларды салу, мемлекеттің мақсаттарын іске асыруды қамтамасыз етуде, жаңа кәсіпорындарды құрумен тығыз байланысты болды. Қалалардың болашақтағы дамуы кәсіпорындардың келешектегі жағдайымен анықталды [44].

Қалалардың дамуы әлеуметтік құрылым ретінде, негізгі қажеттіліктермен

үрдістерінде аса төменгі деңгейде есепке алынды. Жұмыс істеу барысында қалалардың жеке өзіндік әлеуеті нашар пайдаланылды. Ол уақыттағы жүргізілген жүйе логистикалық болды, себебі барлық ұйымдық және материалдық ресурстар мемлекеттің құзырында еді. Мемлекет қаланың даму жолын ғана қарастырған жоқ, сонымен қатар осы жолдағы барлық іс-шаралардың қозғалысын толығымен қамтамасыз етті. Бұл қалаларды дамытуды басқарудағы кескінін, шартты түрде тоталитарлы мемлекеттік деуге болады [33 б.8].

Қазіргі кезде кез-келген қала аймағында біз әлеуметтік-экономикалық үдерістің негізгі үш басты қатысушыларын көреміз және оларға: жергілікті қоғамдастық (жергілікті өзін-өзі басқарудың құзырлы органдары), мемлекет (аймақтық және республикалық басқарудың құзырлы органдары) және кәсіпорын. Әрбір қатысушы тараптың өзінің құқықтары, өзінің қызығушылықтары мен ресурстары бар. Қазіргі уақытта мемлекет ресурстардың арнайы бөлігіне ғана ие. Сондай-ақ, белгілі бір нақты мәселелерді шешу құқығында арнайы жобаларды іске асыруда дамуды анықтайтын мемлекеттің құзырында емес, жергілікті әкімшілік немесе кәсіпорынның құзырында болып табылады. Бірақ олардың құзыреттілігі және құқығы мемлекеттің заңнамаларымен қорғалып, мемлекет оның орындалуына кепілдік береді.

Осылайша мемлекет қала дамуын басқару қызметін атқара алмайды. Тоталитарлық жүйеде қызмет еткен бұрынғы модель қазір қолданылмайды және істен шыққан. Жергілікті жасалымдарды перспективті түрде әлеуметтік-экономикалық жағынан дамыту үшін жергілікті билік (қалалық әкімшілік) жауап беретіні заңмен айқындалған, ал облысты дамытуда осы облыстың билік органдары атынан мемлекет жауапкершілік алады. Бұл дегеніміз дамуды басқаруда нақты шешімдер қабылдайтын субъектінің жоқтығын білдіреді. Сонымен қатар бүгінгі іс-тәжірибеде де, бұл үдеріске қатысушылардың барлығының арасында орналастырылған ресурстар туралы мәселелер заңмен де шешілмеген.

Бүгінгі уақытта Қазақстанда басқа елдер сияқты ең алдымен қалалардың экономикалық дамуының аймақтық құрылу мәселелеріне айрықша назар бөлінгені айқын көрінеді. Аталған сферадағы әдістемелік әзірлемелер мен мемлекеттік мекемелер, жоғары оқу орындары, мемлекеттік емес зерттеу орталықтары, консалтингтік компаниялар және әдеттегідей, қаланың өздері мен олардың ассоциациялары айналысады.

Кез-келген экономикалық дағдарыс бір салалы қалалардың дамуына айтарлықтай әсер етеді және олар экономикалық құлдырауға неғұрлым сезімтал болып келеді. Осыған сәйкес сарапшы ғалымдардың, билік құрылымдары өкілдерінің тарапынан басты назарды аударуын талап етеді.

Бір салалы қалалардың қалыптасуы әлемдегі ірі компаниялар мен индустрияландырудың пайда болуына алып келді. Моноқала көбінесе тау-кен өндірісі салаларының базасында карьерлерге, шахталарға және тағы басқа негізделіп құрылды.

Бір салалы қалалар көбіне тау-кен саласының өндірісі бар жерлерде құрылды және шахталармен карьерлерге негізделді. Кейіннен жеке кәсіпорындар өнеркәсіптің қандай да бір саласына толығымен мамандандырылған және олармен орта және шағын кәсіпкерлік арқылы байланысатын бір ірі кәсіпорыны бар «компаниялар қаласын» құра бастады. Сонымен бірге барлық тұрғын-үй коммуналдық сфералар мен әлеуметтік инфрақұрылымдар және т.б. қаланы құратын компаниялардың иелігінде болды, ол көбінде жергілікті басқару органдарының құрамын анықтап отырды.

Бір салалы қалалардың экономикасының барынша тар ауқымда мамандандырылуы мен іс-жағдайының қала құрушы кәсіпорындарға тәуелділігі олардың дамуындағы экономикалық тұрақсыздығы мен олардың өнімдерінің әлемдік баға ауытқуына сезімталдылығының жоғары деңгейін алдын-ала анықтады. Нәтижесінде әлемдегі жалпы макроэкономикалық жағдайлар өзгерістеріне (әсіресе, дағдарыстық құлдыраулар жағдайында) көптеген бір салалы қалалардың қала құрушы кәсіпорындары тиімді болмай қалды, ал қаланың өздері көптеген экономикалық-әлеуметтік мәселелермен ұшырасып, іс-жүзінде түрткілеу шегінде қалып қойды [45].

Ескірген, бәсекеге қабілетсіз болып қалған кәсіпорындардың өндірістері күрт қысқарған немесе тіпті тоқтап қалған бір салалы қалалар мәселесі барлық дамыған әлем елдерінде кездеседі. Бүгінде дүниежүзінде бір салалы қалалардың мәселелерін шешудің жеткілікті түрдегі үлкен тәжірибесі жинақталған. Қазақстан үшін Ресейлік және Батыстық өнеркәсіпті, агроөнеркәсіптік кешендердің дәстүрлі салаларының экономикасы құрылымындағы бір салалы қалаларын оңалту тәжірибесі оның басымдылығымен қызықтырақ.

Батыстағы дамыған елдерде бір салалы қалаларды қолдаудың және оңалтудың кең қолданылатын механизмдерінің біріне өзінің қалалық қызметін жоғалтқан қалаларды қайта құрылымдау болып табылады. Сонымен бірге бір салалы қала экономикасын қайта құрылымдау екі жолмен жүзеге асырылуы мүмкін:

- экономиканы әртараптандыру: экономиканың жаңа секторлары және сфералары, әлемдік экономикада үшіншілік секторының үлес салмағы мен рөлін кеңейтіп, жалпы үрдістеріне сәйкес ғылыми сыйымды өндірістерді және қызмет көрсету сфераларын дамыту есебінен жүзеге асыру;

- өнеркәсіптегі «ескі» салаларды жаңғыртып, бір салалы қала экономикасы құрылымын қайта құру арқылы іске асырылады.

Шетелдік тәжірибе қайта құрылымдау кезінде қайта іске асырудың тиімділігін арттыратын белгілі-бір институционалды ортаны құру үлкен рөлге ие болады.

Бір салалы аймақтардың институционалды ортасын жетілдіру бағыттарының біріне даму институттарын қалыптастыру маңызды болып табылады.

Бұл ұғымның анықтамасы бар. Мысалыға, ҚР аймақтық даму Министрлігі инновациялық үрдістерді ынталандыратын және мемлекеттік-жекеменшіктік

серіктестік механизмдерін қолдану арқылы инфрақұрылымдарды дамытатын мемлекеттік саясат құралдарының біріне даму институттары жатады. Даму институттарының негізгі мақсаты – тұрақты экономикалық өсуді және экономиканы әртараптандыруды қамтамасыз ету үшін нарықтық механизмдерді оңтайлы түрде іске асыра алмайтын міндеттерді шешу үшін «нарықтағы сәтсіздік» деп аталатынды жөн [46].

Бір салалы қалаларды теориялық әдістемелік дамыту бағытында экономикалық әдістемелерін талдауда аймақтардың, соның ішінде моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық даму тиімділігін арттыру мәселесінің ғылыми зерттелуі фундаментальді деңгейде жасалынғанын айқындайды. Бұған себеп болып қазіргі уақытқа дейінгі отандық және шетел ғалымдарының еңбектері дәлел болып табылады.

«Бір салалы қала», «Моноқала» ұғымдары ғалымдардың сипаты бойынша біртектілігімен және қаланың спецификалық формасы монобейінді қала құраушы кәсіпорындар негізінде құралғанын көрсетеді [47-49]. Қаладағы халықтың басым бөлігін қала құраушы кәсіпорындар жұмыспен қамтып, халықтың тіршілігіндегі маңызды рөлді атқарып отырған.

Бір салалы қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуын басқарудың теориялық-әдістемелік базасы заманауи ғалымдардың теориялық пікірталастағы өзекті мәселесі болып табылады. Көптеген әдістемелер бір салалы қалалардың бәсекелестігіне әсер ететін факторларға мән береді және бұл жағдайда көбіне SWOT және PEST талдамаларын пайдаланады [50-52]. Аталған зерттеудің аясы фундаментальды жасалып шығарылған, бірақ та бір салалы қалалардың дамуының теріс және оң факторларын анықтаумен ғана шектеледі, онымен қоса бір салалы қалалардың заманауи жағдайы мен жұмыс жасау ерекшелігін ескермейді.

Тағыда көптеген зерттеулер бір салалы қалалардың заманауи кезеңдегі дамуының тиімділігін бағалауға арналған [53-56]. Бұл сектордағы зерттеулерде көбіне экономикалық-математикалық әдісті пайдалану жатады және олардың негізгілері йерархиялық талдау әдісі мен регрессивті талдау әдісі болып табылады [57-60]. Бұл тәсілдеменің артықшылығы болып бір салалы қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуының сандық бағалауы болып табылады. Ал бұл өз кезегінде аймақтық құрылымның даму әлеуетін және заманауи жағдайын нақты түсінуге мүмкіндік береді [61-64]. Дегеніменде, талдаудың және зерттеулердің нәтижелері Бір салалы қалалардың әлеуметтік және экономикалық дамуының бір-біріне тәуелділігін макроэкономикалық деңгейде жұмыс жасау тиімділігінің бірін-бірі толықтырушы ретінде ескермейді.

Ерекше көңіл бөлуді қажет ететіні бір салалы қалалардың дамуындағы стратегиялық бағыттарды қалыптастырудағы зерттеулер, соның ішінде, бір салалы қалалардың жоғары технологиялық дамуы; экономикалық және әлеуметтік салалардың даму қарқынын қамтамасыз ету; қалақұраушы кәсіпорныдардағы жұмысты ұйымдастыруда вахталық әдіске көшу [65-69]. Бұл топтағы ғылыми зерттеулер мемлекеттік қаржыландыру және қала құраушы

кәсіпорындардың тиімділігін арттыруды бағалауда қалалардың жалпы даму стратегиясына негізделіп жасалынған [70-77], бірақта олардың аймақтарының заманауи әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін әртараптандыруды қарастырмаған.

Бұл ғылым аясындағы мәселелерді шешетін концептуалды әдістемелердің жетіспеушілігіне байланысты, жұмыстың мақсаты болып ҚР мысалында моноқалаларды дамытудың оңтайлы стратегиясын қалыптастыратын концептуалды тәсілдемені жасап шығару мүмкіндігі болды. Көрсетілген ғылыми ұсыным заманауи жағдайдағы аймақтық құрылымдарды әлеуметтік-экономикалық дамытудың дифференциалды тәсілі негізінде және бір салалы қалалардың әлеуметтік және экономикалық әсерлерінің бірін-бірі толықтырып отыратынын ескеріп көрсетуге бағытталған.

Бір салалы қалалар өндіріс орталықтары болғандықтан тұрғындарды әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық қызметпен қамтамасыз етуге бағытталған. Шағын және бір салалы қалалар елімізде алар орыны ауқымды, сондықтан бұндай қалаларды экономикалық жағдайы жақсы және табиғи жағдайлары бойынша өндірісті дамытуға және тұрғындардың әлеуметтік деңгейін көтеруде басқару жүйесін жетілдіру қажеттілігі бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр.

Қорыта келгенде бір салалы қалалардың қалыптасуына индустриалды өнеркәсіптердің жаңадан ашылуы тікелей әсерін тигізді. Себебі осы саланы дамыту барысында халықтық күш жұмылдырылып, карта бетінде жаңадан бір салалы қалалар пайда болып отырды. Ол қалалар жоспарлы немесе нарықтық экономика болсада, әртүрлі аттармен аталып өзіндік қалыптасу кезеңін басынан өткізген. Бұл қалалардың дамуында негізгі факторларға мемлекет пен жергілікті органдар, дамыту институттары, мемлекет пен жекеменшік серіктестік, халық пен мемлекет арасындағы қарым-қатынастарды нығайту және дамытуға ынталандыру арқылы жүзеге асатыны анықталды. Кез-келген жүйенің әлеуметтік-экономикалық дамуы оның белгілі-бір деңгейден ілгері жылжуы болып табылады. Бір салалы қалалардың қалыптасуы мен дамыту жолында бірнеше шетел және отандық ғалымдар еңбектері жасалынған. Бұл еңбектерде бір салалы қалалардың әртүрлі әлеуметтік-экономикалық жағдайлардан қалаларды дамыту бағытындағы әдістер мен әдістемелерге көптеп назар аударған. Еліміздің бір салалы қалаларын дамытуда әрбір факторларды ескеру және дұрыс қолдану, осы бір салалы қалалардың, яғни сонда тұратын тұрғылықты халқының жағдайын жақсартуға жұмсалатыны сөзсіз.

1.3 Моноқалалардың даму стратегияларының шетел тәжірибелерін Қазақстанға бейімдеу

Бір салалы қалалардың аймақтарда және мемлекеттің өзін жалпы алғанда алатын орны ерекше. Олар әлеуметтік-экономикалық және қаланың экологиялық саясатын жоспарлауда ерекше нысан болып табылады. Бір салалы қалаларға сипат - қалада жалғыз индустрияның немесе экономикалық саланың

басымдылығымен анықталады. «Бір салалы қала» сөзі ғылыми әдебиеттерде, «моноқала», «бір компанияның қаласы» деген түсінік береді.

Дағдарыстың алғашқы белгілері бір салалы қалалар мен мемлекетте жалпы нарықтық реформа кезінде білінеді. Экономикалық аймақтың құлдырауы экономикалық тізбек үдерісінің бұзылуы және өндірістің төмендеуі нәтижесінде болады. Сыртқы экономикалық қатынастырадың либеризациялануы көптеген негізгі өндірістердің бәсекеге қабілеттілігінің нашарлығын көрсетті.

Қазіргі экономикалық даму үрдістері қызмет көрсету индустриасының басымдылығымен сипатталады. Әйтсе де өндіріс секторының экономикадағы рөлі өте маңызды болып табылады және әлемдік экономиканың алға жылжу, даму факторларының негізі екенін ұмытпаған жөн. Бір салалы қалаларды дамыту жағдайында әр саланың өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктерін мұқият қарастыру қажет. Әрбір жекелеген жағдайда қала құрушы кәсіпорынның өзгешеліктері қарастырылу қажет. Бұл жерде барлық бір салалы қалаларға арналған арнайы қатып қалған стратегия жоқ және дұрыс қолданбаған кез-келген стратегия бір салалы қалалар аймағының экономикасының мәселелерін өршітіп жіберуі әбден мүмкін.

Бір салалы қалалар жоспарлы экономикалық мемлекеттерге тән болғанымен, олар басқа да экономикалық жүйеде әрқашанда пайда болып отырған. XIX-шы ғасырдың аяғында АҚШ-тың орталық батысындағы индустриалды аймақтарында бір салалы қалалар қалыптасты. Аталған қалалардың дамуының шарықтау шегінде олардың санын 2500-ге дейін жеткізді. Сонымен қатар АҚШ халқының 3% -ы осы қалаларға орнықты.

Бір салалы қалалар игерілмеген жерлерді индустриялауда көптеп тарала бастады. Осыған байланысты әр кезде, әртүрлі елдерде бір салалы қалаларға қатысты көптеген мемлекет тарапынан басқарушылық іс-шаралар жасалынды. Бұған қосымша, шағын және орта қалалардағы өндірістік еңбек бөлінісін ынталандыруға септігін тигізді. Сонымен қатар, зауыттары мен фирмалары көп халық тығыз орналасқан аймақтарда жаңа өндіріс орындарының құрылуы шектелді немесе кейде заңнамалық тосқауыл қойды. Бір салалы қалалардың мәселелерін шешумен Ұлыбритания мемлекеті 20-ғасырдың 70 жылдары айналыса бастаған [78].

Бірнеше мемлекеттер ұзақ мерзімді дамытуды жүзеге асыруды жоспарлауда үлкен қалаларды жақын маңындағы шағын қалалармен бірге дамытуды іске асырды (Токио қаласы). 1960 жылдары АҚШ-та қала тұрғындарының басым бөлігі қала орталықтарынан қала шеттеріне орын ауыстырғанды жөн көрді. Канада мемлекетінде шағын қалаларды дамытуды басты мақсат етіп, Канада үкіметі «Солтүстікке қарай бет алу» деген үлкен бағдарламаны әзірлеп, солтүстігіндегі шағын индустриалды қалаларды дамыта бастады. Бұл уақытта, солтүстік өңірлердегі дамытуға баса назар аударылып жатқанда, табиғи байлығы мол бір салалы қалалар құлдырау жағдайында болды және бұлар өз кезегінде айналасындағы нашар дамыған жерлердің орталығы болған еді.

Жалпы әлемдік тәжірибеде бір салалы қалаларда кездесетін мәселелерді шешудің екі жолы қалыптасқан. Біріншісі Америкалық жол, олар халықтың еңбек күшіне сұранысы жоғары қалаларға қоныс аударуды ұсынады. Мұндай жағдайда қала халқының саны төмендесе де, ол өзінің қалалық функциясын жалғастыра береді. Екіншісі - ол Еуропалық жол болып табылады. Олар өңірлік және мемлекеттік бағдарламаларды пайдалану арқылы қаланы қайта қалпына келтіруді дұрыс деп ойлайды. Бұл бағдарламаларда экологиялық ахуалды жақсарту, инфрақұрылымды дамыту және еңбек күшін қайта мамандандыруды қамтиды [79].

Бұлардан басқа тағыда екі негізгі әдістеме қолданылады және олар: фискалдық және маркетингтік болып бөлінеді. Бұл әдістемелер көбіне біріктіріліп пайдаланылады.

Еңбек ресурсы көп қалалардан еңбек ресурсы жетіспейтін қалаларға халықты көшіру әдісі маркетингтік әдіске жатады. Бұл әдіс АҚШ-та жиірек пайдаланылады. Бұған себеп болып халықтың жаңа жерлерге қоныс аударуға деген жоғарғы дайындығы табылады.

Қазақстанда бұл әдісті қолдану оңай іс емес екенін айтуымызға болады. Себебі еліміздің халқының басқа аймақтарға қоныс аударуға ынтасының төмендігі мен тұрғын-үй нарығының мәселелерімен, халықтың туған жерге деген сүйіспеншілігімен түсіндіріледі. Жеріміздің кеңдігі, бір салалы қалалардың әлеуметтік-экономикалық жағдайларының нашарлығы бұл әдістің қолданылуына кедергі екенін анықтайды. Сонымен қатар, аталған қалаларда экономикалық белсендігі халықтың үлесі төмен адамдар өмір сүруде, яғни жасы үлкен халықтың басымдылығымен және олардың көшуге деген ынталарының төменділігімен түсіндіріледі [80].

Бір салалы қалалардағы мәселелерді шешудің фискалдық әдістемесі бойынша мемлекеттік және аймақтық бюджеттен қаржы бөлумен айқындалады (жұмыстан айырылу және зейнетке ерте шығу өтемақысы, жұмыссыздыққа жәрдемақы, басқа қалаларға қоныс аударуға арналған субсидиялар және тұрғын-үй сатып алуға арналған қаражаттың қолжетімділігін арттыру және т.б.). Ұлыбританияда 1990 жылдары индустриялық белсенділіктің нашарлауының әсерінен зардап шеккен 57 қалаларды қайта қалыпқа келтіру бағдарламасын іске асырды [81,82].

Әлемдік үздік тәжірибелерін саралай келе нарықтық әдістің тиімділігі айтарлықтай жоғары екендігін айтуға болады. Біріншіден, бұл әдістеме бір салалы қалаларды қала құрушы кәсіпорын негізінің базасы барысында экономиканы әртараптандырады (шағын кәсіпкерлікті ұйымдастыру және мамандану бағытын өзгерту) немесе мемлекеттің қаржыландыруы арқылы қаланың экономикалық жағдайын дамытады.

Екіншіден, бір салалы қалалардың халқы жаңа қалаларға орын ауыстырады. Бұл екі әдісті пайдалану нарықтағы ынталандыруды ұтымды пайдалануға мүмкіндік тудырады.

Бір салалы қалаларды дамытуға бағытталған бағдарламаларда әлеуметтік өлшемдерді ең алдыңғы шепте ұстауды ұсынады. Бұндағы негізгі бағыт

жұмыссыздыққа қарсы күрес қана емес, сонымен қатар, жұмысы бар бірақ әлеуметтік жағдайы төмен халықтың да жай күйін жақсарту болып табылады. Бұл бағдарлама бір салалы қалалардың мәселелерін басқару органдары мен жергілікті бизнестің, яғни мемлекеттік-бизнестік қатынастағы жүйеде бірлесіп іс жасаумен шешеді. Бір салалы қалалардың ең тиімді даму стратегияларына келесі стратегияларды жатқызуымызға болады:

Индустрияны өзгерту стратегиясы: қызмет көрсету индустриясы заманауи экономикада салыстырмалы түрде басымдылық көрсетеді. Сол себепті, бұл стратегия қаланың өндірістік кәсіпорындарының бағытын қызмет ету (телекоммуникация, білім беру, логистикалық қызмет және т.б) секторына өзгертеді. Бұл стратегияны жүзеге асыру айтарлықтай әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге алып келеді.

Индустрияны өзгерту стратегиясының мысалы ретінде Ұлыбританияның Глазго қаласын айтуға болады [83,84]. Глазго қаласы өзінің өндіріске қажетті құрал-жабдықтардың тозуы әсерінен өндірістің бәсекеге қабілеттілік артықшылықтарын 1960 жылдары жоғалтқан болатын. Қаланың жоғары деңгейдегі дамуы қаланың шетінде байқалды, себебі салыстырмалы түрде дамыған озық технологиялар мен тұрғылықты халықтың қала шетіне көшуі әсер етті. Қаланың орталығында әлеуметтік және экономикалық мәселелердің барлық жиынтығы орын ала бастады және оларға: әлеуметтік қарама-қайшылықтар; қылмыстың өршуі және кедейшілік деңгейінің көбейуі болды. 1970 жылы қаланың тозған құрал-жабдықтан шығатын өнімнің бәсекеге қабілетті өнім шығара алмауына байланысты және сұраныстың азайуынан мәселелердің күшейе түсуінен көрінді. 1980 жылдардың ортасында қала экономикасын әртараптандыру мақсатында қала экономикасын өндірістен қызмет көрсету саласына өзгерту бағдарламасын іске асырып, қала экономикасын осылай айтарлықтай дамытуға бет бұрды.

Осы мақсатқа байланысты қаланың беделін көтеруге, өндірістік және мәдени инфрақұрылымдарды оңалтуға және тұрғын-үй шаруашылығын дамытуға инвестиция тарту көзделді. Салдарынан 1990 жылы Глазго қаласы Еуропаның мәдени қаласына айналды.

Қала саясатының нәтижесінде 10 жылдың ішінде 50 мыңнан аса жаңа жұмыс орындары құрылумен анықталды. Тұрғылықты халықтың 90% қызмет көрсету саласында жұмыс жасаса, 10% халық туризм секторында еңбек етті. 1998-2001 жылдар аралығында қаржы саласындағы қызметкерлер санының деңгейі 30% дейін жетті. Қызмет көрсету саласы дамып, мультипликативті нәтиже алып келді. Коммуникация және электроника саласы көркейе бастады. Бұған себеп, жоғарғы дәрежелі мамандарды тарту мен тиімді білім беру жүйесінің арқасында жүзеге асты.

Бүгінде Глазгодағы алдыңғы қатарға қойылған сфера ол жоғарғы технологиядағы жұмыс орындарын ұйымдастыру және тауар тұтыну индустриясы мен шағын және орта кәсіпкерлік болып отыр. Биотехнология саласындағы компаниялар мен университеттер бірлесіп жұмыс істеді. Компьютер бағдарламасы саласында да осындай қағидат қолданылды.

Стратегиялық жоспарды жүзеге асырудың басты механизмі Еуро Одақтан - қаланы қаржыландыруға қаражат тарту болып табылды. Ұсынылған жобаны іске асырар алдында жұмыс орнының болжамы, білімге қосатын пайдасы және экологияға әсері саралаудан өтіп бағаланады.

Бірқатар ұйымдар кәсіпкерлікті қолдау мақсатында Scottish Enterprise Glasgow and Scottish Inward Investment, Glasgow Alliance сияқты қала экономикасына жеке және мемлекеттік инвестициялар тартуға жауапты ұйым болып құрылды.

«Глазго өзгеріске қадамнан-қадамға» атты стратегиялық жобасы 2006 жылы 10 жылға арналып жасалынды. Бұл стратегияның алға қойылған басты мақсаттарына келесілер кіріктірілді: табысы жоғары жұмыс орындарын қолдауы, инновация мен жоғарғы өнімділік деңгейін көтеруі, жалпы көркейуі, экономикалық, мәдени және әлеуметтік жағдайлардың келістірілуі. Стратегияның тағы бір мақсаты болып экономикалық базаны нығайту және сапалы жұмыс орындарының пайда болуы болып табылды. Бұның барлығы әлеуметтік-экономикалық, мәдени, қаланың экологиясын қалыпқа келтіру мен кедейлікті жою, әлеуметтік шектелу және халықтың денсаулық сақтау мәселелерін шешу бағдарламасының жалғасуы арқасында жүзеге асты.

Қазақстанның бірқатар бір салалы қалаларының экономикасының жаңғыртуға осындай мүмкіндіктер бар. Бұндай жетістікке жету стратегиясы жоғары деңгейлі мамандарды тарту және тиімді жоғарғы білім жүйесін қалыптастыру болып табылады [80 б.36].

Кәсіпкерлікті дамыту стратегиясы: бір салалы қалаларды қалпына келтіру, қала экономикасын ұзақ мерзімді дамытуға арналған инвестицияға бағытталған кәсіпкерлік болып табылады. Бұл стратегия Ұлыбританияның Оңтүстік Йоркширінде қолданылды. Ұлыбританияда бұл қаладағы мәселелер тау-кен өндірісіндегі жұмыс орындарының азайуынан 70 мыңға жуық шахтер жұмыс орнынан айрылды.

Оңтүстік Йоркширде жұмыс орнын сақтап қалу және жаңа жұмыс орнын құру мақсатында Еуро Одақ 1,8 миллион еуро көлемінде қаражат бөлді. Бағдарламаны жүзеге асырудағы ең басты кедергіге ынталандыру жүйесі болды. Дегенмен, шахтерлардың 70% қайта оқуға келіскенімен, жұмыс табуға ынталанған жоқ. Жұмыс табудағы ынтаның жоқтығы, ипотекаға төленетін төлем және мемлекетте денсаулығына байланысты жұмыстан кетуді субсидиялау туралы заңның жетілмегендігімен және кәсіпкерлік тәжірибенің жоқтығымен түсіндірілді.

Менің пікірімше, моноқалалардың мәселесін шешуде халықты қайта даярлаудың өзі ғана жеткіліксіз, бұл өз кезегінде кешенді жұмыс орындарын құратын бағдарламалармен қатар жүргені дұрыс.

Қазақстанда бұл стратегиялық бағдарламаның шектеулі іске асырылуы кейбір әкімшілік жүйедегі кедергілер мен жүйелі кәсіпкерлік қарым-қатынастың толық дамымау себептері болып табылады.

Кәсіпкерлікті дамытудағы басты тетіктер ретінде мына төмендегі мәселелерді әлі де болса жетілдіру қажет:

-еңбек күшін пайдалану заңнамаларын оңайлату;
-кәсіпті бастарда және оны жүргізуде бюрократиялық кедергілерді төмендету;

-әр аймақтың ерекшеліктері мен экономикасының бағытын назарға ала отырып қайта мамандандыру бағдарламасын дамыту;

-жаңадан құрылған кәсіпорындарға қаржылай көмек ұсыну.

Экономикалық бос аймақтар стратегиясы: экономикалық бос аймақтардың құрылуы, аймақтардың инвестициялық ахуалын жақсарту болып табылады. Инвестициялық ахуалдың нашарлығы ең бірінші кезекте кәсіпкерліктің дамуына көп шығындармен байланысын, яғни көліктік тасымалдау инфрақұрылымының нашар болуы, капиталға қолжетімділіктің шектеулілігі және білікті мамандардың аздығымен түсіндіріледі.

Экономикалық бос аймақтардың негізгі артықшылығына қаржыландыруда қосымша құнның салыстырмалы түрде аздығында болады.

Бұл стратегия Ұлыбританиядағы темір индустриясы басым бағыттағы Корби қаласында пайдаланылды [78].

Ұлыбританияның Корби қаласының аймағынан экономикалық бос аймақ қалыптастыру үшін индустриялық даму орталығын құрды. Индустриялық даму орталығы жергілікті билікпен және бизнес, мемлекеттік темір шығарушы компаниясымен «жаңа қалалар» ұлттық комитеті арқылы жүргізілді. Жеке инвесторларды ынталандыру мақсатында салық демалысын және 10 жыл аралығында тегін жалға алу, сонымен қатар, мемлекет тарапының араласпауының ең төменгі деңгейінде мүмкіндік берді. Аталған қаланың артықшылығы болып оның географиялық орналасқан орны, яғни мемлекеттің орталығында орналасуында болды.

Стратегияның нәтижесі тек 5 жылдан кейін көріне бастады және қалада төрт мыңнан аса жұмыс орындары құрылды. Корби қаласы қаржылық оңалудан ең танымал қала болып танылды.

Корби стратегиясының сәтті болуы себебінің негізгілері инвесторларды тұрақты ынталандыру және салық жүйесінің тұрақтылығына сенімділігінде болды.

Салықтан уақытша босатылу инвестицияны инновациялық ортаға салуға ынталандырды. Сондай-ақ салықтың төмендеуі, жұмыссыздық деңгейінің төмендеуінің нәтижесі саналды. Меншікке салынатын салық туралы заңнамаларды жетілдіру жұмыссыздықтың төмендеуіне немесе кәсіпкерліктің жандануына алып келді. Салықтан босатылу мәселесі халықтың бірқатар тобына әсер етті. Нәтижесінде еңбекпен қамтылу деңгейі көтерілді. Салық демалысының сәттілігі салықтан босатылған кәсіпорындарға жасалынған жағдайларға тікелей тәуелді екендігін тәжірибе көрсетіп берді.

Салықтағы жеңілдіктердің әртүрлі тиімділігі болады, сол үшін оның нақты бір түрін таңдау өте үлкен маңызды рөл атқарады. Капитал салығының тиімділігі - өнімділіктің жоғарылауы және орын басу әсерінің тепе-теңдігіне тәуелді. Бұған қосымша әртүрлі аймақ, әртүрлі салық көлемін қажет ететіндігін дәлелдеді.

Жоғарыда зерттелген тәжірибенің нәтижелерінен еркін экономикалық аймақтарды құрып, жүзеге асыру келесі мәселелерді ескеруді қажет етеді: бизнес жоспарлардың тәуекелділігі мен аймақтардың нәтижелерінің жиі бағаланып отырылуы, бағдарламалардың уақыт бойынша шектелуі, аймақтардағы жеңілдіктер пайдаланатын компаниялардың ынталандыру деңгейінің шектелуі, ең ыңғайлы салық жеңілдіктері және басқа да жағдайлардың таңдалуы, аймақтың жақсы нәтиже беруі үшін мемлекет тарапынан көрсетілетін қызметтерінің жоғарғы деңгейде болуы, аймақтың өзіне тән айырмашылықтарына қарай бағытталған ынталандыру жүйесінің дамытылуы, аймақтардың саны шектеулі болуы қажет деп санаймын.

Бір салалы қалалардың мәселелерін шешуде экономикадағы кластердің рөлін пайдалану стратегиясын қолданған жағдайда индустриялық кластер және аймақтық индустриялық кластердің айырмашылығын ескерген маңызды. Индустриялық кластер географиялық белгілі бір аймақта көп немесе аз болуы мүмкін. Ертеректегі теорияларда компаниялардың қарым-қатынасына олардың арақашықтықтары әсер ететін болса, қазіргі уақытта дамуда бұл арақашықтықтар дәрежесі компаниялардың бір-біріне деген сенімді қарым-қатынастарына деген зиянды әсері бола бермейді. Мысалыға Физер мен Бергман автомобильдің қосалқы бөлшектерін жасайтын өнеркәсіптердің біреуі Оңтүстіктегі Огайо штатында болса, екіншісі Солтүстіктегі Кентукки штатында орналасқан. Бұлардан шыққан өнімдерді Оңтүстік Каролина мен Мичигандағы зауыттарда құрастырады. Егер біз географиялық арақашықтығындағы жақындық негізіне көңіл аударатын болсақ, онда біз екі, яғни солтүстік және оңтүстік автомобиль кластерін айтуымызға болады. Бұл жерге егер мұқият назар аударатын болсақ, бұлар бір сызықтың бойында орналасқанан көруімізге болады, яғни ол Солтүстік пен Оңтүстік сызығы бойында. Дәстүрлі Мичиган автомобиль зауыты Кентуккидегі өндірушілеріне қараса, ал Теннесиге, Оңтүстік Каролинаға және Алабамаға сәйкесінше жаңа автомобиль өндірушілер Каролина, Огайо және Жоржияға қарайды.

Аймақтық индустриялық кластер, бұл бір географиялық аймақтың ішінде ортақ инфрақұрылымы, жұмыс күші және де басқа ортақ экономикалық институттары бар кластер. Аймақтық кластер көбіне Италиялық индустриялық аймақтық кластерге жақын келеді және бұны Чамански [85] ертеректегі теориялық жұмыстарында зерттеген болса, ал Майлат [81] инновациялық өңірлер деген еңбегінде қарастырған. Бұлардың барлығын біріктіретін бір пікір, ол өндірістердің географиялық жақын орналасқандығынан бұларға бәсекеге қабілеттілік артықшылық береді, тек бұл жердегі айырмашылық олардың арнайы көрсеткіштерінде ғана.

Аталған тәжірибелерге сәйкес бүгінгі уақытқа дейін бірнеше кластерлер жұмыс істейді. Мысалыға Силикон даласындағы компьютерлер құрастыру, Детройттағы автомобиль индустриясы және Голландиядағы гүл өсіріп шығару кластерлері жатады. Биотехнологиялық кластер ретінде әлемнің біраз жерлерінде дамып жатыр және оларға денсаулық сақтаудағы алға серпіліс, зерттеу институттары, индустриялар, басқа да экономикалық агенттердің және

биологиямен химияны біріктіріп, жаңа өнімдер шығаруда кәсіпорындардың бірлесе жұмыс жасауына мүмкіндік береді. Мемлекеттің кластерді қолдау саясатының арқасында кластердің қандай болатынын және қалай жұмыс жасайтынын білуімізге болады.

Ұлыбритания мемлекетіндегі Бирмингем қаласы автомобиль индустриясындағы кластердің үздік мысалдарының бірі бола алады. 1975 жылы Британдық Лейландты мемлекеттің 16 миллиард АҚШ доллар көлемінде қаржылық қолдау көрсетуі оның банкрот болуынан аман қалдырды. Бұдан кейін жекешелендірумен бірнеше бірігулерден кейін компания Ровер Груп деп аты өзгертілді. Сосын 2005 жылы банкротқа ұшырап MG компаниясымен бірікті.

Қала өзінің өндіріске тәуелділігінен арылу үшін көлік және логистика салаларын, көрме мен конференциялар ұйымдастыру және қаржылық орталық ретінде дамыта бастады.

Қала экономикасының әртараптандыру үдерісінде кластерді құруға өндіріс орындары, жаңадан жекешелендірілген кәсіпорындар және қызмет көрсететін компаниялар кірді.

Бір салалы қалалардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуда кластерлік жүйені дамытуға келесі мемлекет саясатын қолдануға болады:

- қайта мамандандыру мүмкіндігі;
- кластерлердің серіктестік құруына және олардың арасындағы бәсекелестілікке ынталандыру;
- кластердің дамуына кедергі келтіретін қиындықтардың азайту жолдарын қарастыру;
- субсидияларды шектеу және бәсекелестік туралы тиімді заңнамаларды жетілдіру;
- аутсорсингтің ынталандырылуы.

Бір салалы қалалардың проблемасының сәтті шешімінің мысалы ретінде Канадада жүргізілген жойылуға сәл ақ қалған және дағдарыстан зардап шеккен бір салалы қалалардың проблемасын тұрғылықты халық, бизнес және жергілікті биліктің бірігіп жұмыс істеуінің нәтижесінде болған әрекетті айтумызға болады. Канаданың тәжірибесі тағы да бір жағынан қызықты болуы мүмкін, себебі бұл мемлекеттің бір салалы қалаларының құрамы еліміздің бір салалы қалаларына ұқсас болып келеді. Осыған байланысты біз Канаданың екі қаласы, яғни Тамблер Ридж бен Еллиот Лейк қалаларында жүргізілген шараларды қарастырайық.

Тамблер Ридж қаласы Канадада 1980 жылдардың соңында ірі көмір өндіру өндірісін қолдау үшін құрылған болатын. Жаңа қаланың халық саны 5,000 адамды құрады. 2000 жылға қарай, қалақұраушы Тех корпорациясы ең ірі кенішінің жабылуы туралы хабарлады, ал бұл өз кезегінде қаланың ары қарай қала болып жұмыс жасауына деген қауіп төндірді. Өңірлік биліктегілердің басты ойы қаланы жойып, халықты көшіру еді. Олар қаланың бір-өнеркәсіпке қана тәуелді екенін назарға алып, оның стандартты шаралармен экономикасының қайта келмейтін аңғарды. Алайда, жергілікті тұрғындардың

басым көпшілігі мен лауазымды адамдары өз туған қаласын тастап кеткісі келмеді және Тамблер Ридж қаласының экономикасы арнайы индустриялық орталықтан гүлденген экономикалық орталыққа айналып, қала экономикасын сақтап қалады деп сенді [86].

Муниципалитет жағдайы нашарлаған қаланы қалыпқа келтіруге ұзақ мерзімді мұқият қарастырылған стратегияны жасап шығарды. Стратегияның мазмұны жергілікті халыққа тұрақты қызмет көрсетіп, инженерлік инфрақұрылымды және транспортты қолдау болып табылды. Бұл шаралар тұрақты әлеуметтік негіз құрау үшін және тек тұрақты жағдайды сақтап қалу ғана емес, оның үстіне қала экономикасын әртараптандыруға қабілетті болатындай ету еді. Жоба сәтті болып шықты. Бұл саясат жоспарының маңызды элементіне оның қысқа және ұзақ мерзімді бөлімдегі аспектілерін келтіруге болады. Қысқа мерзімді стратегия өңірлік басшылармен келісім шарт жасауды ұсынды. Олардың міндеті қалған халықтың өмір сүру стандарттарын өңірлік бюджеттен трансферт ретінде қаражат аударып қолдау болатын. Ал ұзақ мерзімді стратегияға қала экономикасын әртараптандыру болды. Халықтың керегін қанағаттандыру үшін жергілікті шенеуніктер көшіп кеткен тұрғындардың үйлерін сатып алып, оларды айтарлықтай арзан бағада сатты. Бұл бастама үйлерді қайта қалпына келтіргеннен кейін халық көңілінен шықты және айтарлықтай төмен бағамен бағаланып, 12,000 АҚШ долларынан 25,000 АҚШ доллары арасында сатылды. Осылай 60 пайыз үй қайта сатылды. (1,600 дана үйден 725 жер үй және 260 пәтер).

Бұдан басқа, әлеуметтік қызмет көрсету сапасы жоғарылады. Мысалыға: білім алу және оның қол жетімділігі, медициналық қызмет пен әлеуметтік қауіпсіздік күшейтілді. Арнайы ұйымдармен қарым- қатынас орнатылды, бұл өз кезегінде өтпелі кезеңнен тұрақты кезеңге дейін негізгі әлеуметтік деңгейдегі пакеттерге кепілдеме берді. Әлеуметтік қауіпсіздік пен тұрғын үйдің қол жетімділігі қалаға көшіп келушілерді ынталандырды және 2002 жылға дейін бұл көрсеткіш жер үйлермен пәтерлердің 97 пайызы жаңа тұрғындарға сатылғанын көрсетті.

Жұмыс күшінің көшіп келуі арқасында адам капиталы жоғарылады. Бұл шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуды жеңілдетуге мүмкіндік жасады. Мысал ретінде қызмет көрсететін және рекрециялық жағдай жасайтын жерлер ашыла бастады. Қала тез арада салынған кіші қонақ үйлер мен ресторан тізбектерінің және машина жуатын объектілердің куәсі болды. Одан ары қарай қаланың географиялық орналасуы, оның орман шаруашылығын дамытуға арналған жобаны жасауға мүмкіндік жасады. 2008 жылы шамамен 40 шағын және орта кәсіпорындар ашылып, қаланың экономикасының қайта қалпына келуіне айтарлықтай үлесін қосты. Айта кетсек, жүргізілген анкеталандыруда 80 шағын және орта кәсіпорындардың ішінен 50-і қаланың бизнес жүргізуге ыңғайлы жағдайлары көп екенін айтып, өздерінің кәсіптерін ары қарай дамытқысы келгенін баяндаған [87].

Қалаға келген халықтың және тұрақты жергілікті бюджетке трансферттің түсуі арқасында қаланың бар инфрақұрылымын бейімдеп, жаңа индустрияны

дамытуға мүмкін етеді. Мысалыға темір жолдар салынды және ірі құрал жабдықтарды қолдайтын жерлер ашылды. Бұл халықтың нақты жұмыспен қамтылған қала аумағын бағалауға мүмкіндік жасады және бұл олардың аумағын кішірейтті. Осылай Тамблер Ридж қаласының қайта қалпына келтіру кампаниясы аяқталды. Бұл үрдіс қаланы туристік орынға айналдырды. 50 ден аса қонақжайлылыққа маманданған кәсіпорындар ашылды. Бүгінгі күні Тамблер Ридж қаласының әдемілігін жобамен барлық Канадалық туристерге арналған вебсайттардан көруге болады [88].

Бұдан басқа жағымды мысал ретінде Канаданың Еллийот Лейк қаласын сақтап қалудың сәтті шешімін қарастыруға болады. Қала экономикасы уран шығарумен айналысты. Еллийот Лейк дағдарысқа 1990 жылы ұшырады. Қалақұраушы Рио Алгом Лимитед және Денисон Майнес Лимитед кәсіпорындарының негізгі тұтынушы—Онтарио Гидро арадағы уранмен қамтамасыз ететін келісім шартын шектеді, себебі ол арзан сапалы жеткізіп берушілерді тапты. Еллийот Лейк қаласының қала құраушы кәсіпорындары негізгі үш шахтаның тоқтатылғанын хабардар етті. Нәтижесінде 2,000 адам жұмыстан босатылды. 1992 жылы Денисон Майнес Лимитед өз кәсібін тоқтатты. Салдарынан 1,100 ден аса жұмыс күші жұмыссыз қалды. Рио Алгом Лимитед кәсіпорнының қалған 553 жұмысшылары 1996 жылдың шілдесінде жұмыстарынан айрылды. Еллийот Лейк қаласының экономикасы толығымен осы қала құраушы кәсіпорындарының табысына тәуелді болатын. 1986 жылдардың басында 17,984 халқы бар қалада 4,858 адам уран шығаратын кәсіпорындарда жұмыс істеді және 3,963 адамнан аса жұмысшылар осы уранмен байланысты өнім шығарытын кәсіпорындар мен қызмет көрсететін кәсіпорындарда жұмыс істеген болатын. 1990 жылдың басында жаппай еңбекке жарамды халықтың жұмыссыз қалғаны жайындағы жаңалық қалаға қауіпті белгінінің жақындап келе жатқанын білідірді. 1997 жылдың басында бұл оқиғадан кейін қала халқының (400—500 адам) көп көлемде азайуына алып келуімен жалғасты. Әсерінде жағдай әртүрлі өрбіді 1994 қала халқының саны 14,300 болса 1997 жылы 2,500 жұмысбасты халықпен қоса есептегенде 14,500 адам болды.

Уақыт қысымымен, экономист мамандардың жетіспеуі және қаражаттың жоқтығынан қиын жағдайға жолыққан жергілікті шенеуніктер әр уақытта тау-кен өндірісіне тәуелді болып келген қаланың экономикасын реструктуризациялауға шешім қабылдады. Мақсат дағдарыс басталмай тұрып қала экономикасын әртараптандыру еді. 1987 жылы Экономикалық Дамыту Комитеті құрылды. Бұндағы мақсат Еллийот Лейк дағдарысын жеңудің жаңа жоспарын жасап шығару болатын.

Қаланы сақтап қалу концепциясы инвестиция тарту шаралары мен бар ресурстарды қолдану және қысқа мерзімді аспектілер арқылы экономиканы тұрақтандыру еді. Концепция үш негізгі бастамаға негізделді: 1) зейнеткерлік өмір сүруге, 2) туризм, 3) шағын кәсіпкерліктің әртараптануы.

Комитеттің саясаты зейнеткерлік жастағы адамдарға бағытталды және оларды қалаға қызықтырып көшіріп, қаражаттарын осы қалада жарату болып

табылды, ал бұл өз кезегінде жергілікті кәсіпке үлкен мүмкіндіктер жасайды деп ойлады. 1987 Денисон Майнес Лимитедтің басты әріптесі мен жергілікті шенеуніктер бос қалған жұмысшылардың үйлерін қалаға келген зейнеткерлерге сату туралы шешім қабылдады. Осы кезден бастап аталған категориядағы халықтың кірісі тұрақталып, мемлекет тарапынан кепілденді. Дегеніменде зейнеткерлік қала маманданған бірнеше индустрияларға әсер бере алмады. Сөйте тұра олардың күнделікті тұтыну тауарларына жұмсаған шығындары қаладағы тұтынуды көбейтіп жергілікті экономиканы тұрақтандырды. Бағдарламаның қалыптасу барысында және 1987 жылдың аяғына дейін 2700 адам көшіп келді. Кейінірек бағдарламаның аясы нақтыланды. 1991 жылы Комитет Еллийот Лейкте коммерциялық емес Еллийот Ретайрмент Ливиң атты тәуелсіз корпорацияны құрды. Бұл бос тұрған үйлерді қалыпқа келтіріп бұл бағдарламаны көрші қалаларға таныстырды. 1993 жылы Онтарио қаласының жылжымайтын мүлік агентігі осындай бір салалы қалалардағы көшіп кеткен халықтың үйлерін сатып алып, зейнеткерлерге сату қызықшылығын білдірді. 19,900 АҚШ доллары көлемінде баға қойып сұраныстың астында қалды. Нәтижесінде 1997 жылы Еллийотт Лейкке 3,600 зейнет жасындағы адамдар мен 3,000 жұмысқа қабілетті тұрғындар көшіп келді. Ретайрмент Ливиң жылжымайтын мүлікті зейнеткерлерге қол жетімді бағамен сататын өңірдегі ең ірі компаниясы атанды және оның қорында 1,520 үй бірлігі болды [89].

Бұл бағдарлама муниципалитетке тек қауіпсіз салық жинау ретінде ғана емес, орта және шағын бизнестерді жиһаздар мен үй шаруашылық заттарын сатуға ынталандырды. Нәтижесінде жылдық көлемде жергілікті экономикаға жобамен 30 миллион АҚШ долларынан аса қаражат құйылды.

Қала экономикасын жандандырудың екінші бастамасы туризм болып есептелінді. Бұның мақсаты жобамен зейнеткерлік өмір сүру бағдарламасына ұқсас еді. Туристерді Еллийот Лейкке келтіріп, оларды тұтыну шығынына ынталандыру арқылы шағын және орта кәсіпкерлікке жаңа мүмкіндіктер жасау болатын. Қалың орман, сансыз көлдер және әртүрлі өзендермен қоршалған қала туризм индустриясына барлық ұсыныстарымен қамтылған еді. 1990 жылға дейін қаланың туризм бағытындағы гольф сабақтары, шаңғымен сырғанау, аңшылық және балық аулау қызметтері тек Уранмен айналысатын кәсіпорындардың басшыларына ғана тиесілі болған.

Комитет мемлекеттік қордағы қаражатты жаңа жұмыс орындарын ашуға және Туризм инфрақұрылымын салуға бөлді. Инфрақұрылым жобасы 120 км болатын қаланың барлық тартымды жерлерін көрсететіндей етіп айналма құрылыс салды. Мысалы ақпараттық орталықтан, қала көрінісін жоғарыдан көретін жерлер, кіші қайық жүзе алатын жерлер, гараждар, экскурсияға шығатын жерлер және қарда жүретін автомобильдердің жолдары.

Жарнама жасау науқанының жақсы жүргізілуі арқасында бастапқыда Онтарио қаласында, одан кейін көрші жатқан қалалардан Еллийот Лейкке қысқа мерзімді демалысқа келетін туристердің саны айтарлықтай өсті. 1993 жылдан 1997 жыл аралығында 47,000-нан аса турист қалаға қонақтады. Бірнеше теле және радио коммерциялық жарнама жасап аңшылық пен балық аулау кәсібінің

майталмандарын, оған қоса теле жұлдыздарды Еллиот Лейкқа демалуға келуге қызықтырды. Олардың бірнешеуі зейнеткерлік бағдарлама аясында бір жылға қалып, теле бағдарламаларын жүргізуге келісім шартқа отырды. Қала тек канадалықтардың ғана емес сонымен қатар америкалықтар, немістер мен ағылшындардың арасында танымалдылыққа қол жеткізді. Олар тек турист қана емес сонымен қатар тұрақты өмір сүруге де келіп жатты.

Сұранысқа сай деңгейдегі қонақүй қызметімен қамтамасыз ету қаладағы шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына алып келді. Бұлар өз кезегінде көп көлемде әртүрлі қызметтер мен өндірістерді жүргізді. Жаңа қонақжайлылық және инфрақұрылымдық жайлар, яғни қонақүйлер, барлар, асханалар тез арада салынып бітті. Одан әрі Еллиотт Лейктің Ретайрмент Ливиң компаниясы өзінің жұмыс аясын-зейнеткерлерді тұрғын үймен қамтамасыз етуден басқа, бір екі күндік демалысты (көбіне зейнеткерлерге) ұйымдастырып, туризм индустриясында жаңа кәсіпорындар ашты. Корпорация туристерге керек барлық қызмет түрлерін, мысалыға дәстүрлі туризммен қатар экстремалды туризмді де ұсынды. Бұлардың жұмыс жасауы бар инфрақұрылымға техникалық қолдау көрсететін, дамытатын және құрал жабдықпен қамтамасыздандыратын ұйым құруды талап етті.

Соңғы бастама шағын және орта кәсіпкерлікке арналды. Комитеттің мақсаты әртүрлі индустрияда жұмыс жасайтын жаңа кәсіпорындар ашу болды. 1990 жылға дейінгі кәсіпорындардың барлығы уранға байланысты кәсіпорындар болатын. Комитет құрлығаннан бері 200 ден астам еріктілер өздерінің жаңа кәсіпорындар ашуға ниеттерін білдірді.

Экономиканы әртараптандыру стратегиясы жергілікті өнім өндірушілердің қала экономикасын дамытуға жасалатын барлық инвестициялық мүмкіндіктерді жүзеге асыруға келісті. Осылай еңбекке қабілетті жастағы халыққа жұмыс беру жағдайын жасады. Нәтижесінде корпорациялардың айтарлықтай оперативті шығындарын азайтатын баламалы индустрияны дамыту шараларын жасауға шешім қабылдады. Жергілікті өнім өндірушілер бірге жұмыс істей бастады. Комитеттің бастамасымен Еллиот Лейктің Тау Кен Өндірушілер ассоциациясын құрды. Ассоциация оперативті шығындарды азайту мақсатында 3 әрекеттен тұратын стратегияны жасады. Олар қысқа мерзімді жұмыс орындарын құру, энергияны тиімді пайдалану және жергілікті салықтан босату. Бұнымен қоса Комитет мемлекет өңірлік экономиканы дамытуды қолдауға бөлген қор қаржысына мұқият зерттелген бизнес жоспар жасады және өндіріс орындарының қаржылық менеджментіне зерттеу жүргізді. Бұл шаралар өңірлік және жергілікті қорларды шұғыл өсіруді ұйымдастыруға 25 миллион доллар жинап, баламалы индустриядағы кәсіпті дамыту үшін жасалынған шешімнің нәтижесінде болды. Кейінгі жеті жылдықта 30 дан аса кәсіпорын әртараптанған экономиканың ішінде әртүрлі индустрияда жұмыс істеді. Осылай олар жыл сайын 500 ден 1,000 адамға дейінгі жаңа жұмыс орындарын ашып жұмыссыздық деңгейін азайтып отырды.

Канаданың Тамблер Ридж бен Еллиот Лейк қалаларындағы жағдай жоғары депрессивті және халық аз орналасқан бір салалы қалаларда өзінің қала

құраушы кәсіпорнының көркейуге болашағы болмаған және қаланың өмір сүруге құлқы қалмаған жағдайда да өз аймағының экономикасын тірілте алатынын көрсетеді. Тамблер Ридж қаласының мысалы қаланы тұрақты әлеуметтік қызмет көрсету арқылы қалыпқа келтіре алатынын айқындайды. Бұл жердегі маңызды нәрсе болып халық өзінің қауіпсіз жағдайда сезінуі жатады. Бұдан басқа, мақсаттарды дұрыс нақтылап, қысқа және ұзақ мерзімді жоспарлаудағы мүмкіндіктерді анықтап, керекті жұмсалатын қаражат көлемін бағалау болып табылады. Еллият Лейк қаласының мысалы қаланың тез арада және тиімді қалпына келтіруде жергілікті бюджеттің қазынасында жеткілікті қаражаттың жедел және стратегиялық шығындар кезінде керек болатынын көрсетті. Жергілікті шенеуніктердің маманданған, тәжірибелі және тиімді болуы маңызды. Онымен қоса қала инфрақұрылымның қол жетімділігі мен жоғары сапалылығы және тұрақты ішкі иммиграцияның болуы қажет. Бұл жерде қала тұрғындарының қала экономикасының жағдайын түсініп, оны жақсартуға ат салысуы мен жергілікті билік пен қала құраушы кәсіпорын иелерімен бірігіп жұмыс жасауда маңызды рөлге ие.

Еуропалық Одақты зерттеу еңбектерінің аясында негізгі үш түрлі проблемалық шекараларды атап көрсетуге болады. Оларға: баяу даму, ауыл шаруашылық және дағдарыстық индустрияларды шекараландыру мәселелері жатады. Баяу дамиды шекараларға Еуропалық Одақтың адам басына шаққандағы жалпы ішкі өнімнің көрсеткіштері негізінде есептелінеді және ол Еуропалық Одақта жалпы ішкі өнімін орта есеппен алғанда 75% төмен болмауы тиіс. Дағдарысты индустриялды шекараларды жұмыссыздықтың деңгейіне қарай есептейді және бұған Еуропалық Одақтағы соңғы үш жылдағы жұмыссыздық деңгейінің орташа деңгейінен жоғары болса ғана жатқызылады. Басқа индустрия салаларындағы жұмыссыздық деңгейі де осы әдістеме бойынша есепке алынады. Бұл тізімдегі ауыл шаруашылық шекараларына көп халықтың осы салада жұмыс істеуі және әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінің төмен дәрежеде болуы жатқызылады. Аталған әр топқа арнайы жасалынған әдістер пайдаланылады және олар қалалардағы әрбір дағдарыстық үрдістерін жеңілдету үшін қолданылады [80 б.38-39].

Әлем тәжірибесі көрсеткендей бір салалы қалалардың мәселесін шешудегі ең сәтті қадамдар мемлекет тарапынан және жергілікті халық пен қала құраушы кәсіпорындардың бірігіп жұмыс атқаруынан болғанын байқауымызға болады [25 б.51].

Жоғарыда айтылған стратегиялардың барлығы әлеуметтік өлшемдердің көрсеткіштеріне байланысты, яғни оның ішіндегі негізгісі ол жұмыссыздық болып табылады. Бір салалы қалалардың экономикасын қайта құруды ынталандыруда оның инвестициямен әлеуметтік тартымдылығына байланысты тарихи және қол жетімді мүмкіндіктерін ескере отырып, бәсекелестігі жоғары индустриялық шекаралардың қалыптастыру болып табылады. Стратегияны іске асыру қоғамдық ұйымдар мен жергілікті басқару органдары және бизнестің бірігіп серіктесуі арқылы ғана тиімді деңгейде жүзеге асырылады [80 б.39].

Қорыта келгенде әлем тәжірибесіндегі бір салалы қалаларды дамыту бойынша жасалынған іс шаралар мен стратегияларды зерттеу нәтижесі бір салалы қалаларды дамытудың екі жолын айықындап берді. Оның біріншісі Америкалық жол болса, екіншісі Еуропалық жол болып табылады. Бұған қосымша тағы бұл қалаларды дамытуға екі әдістеме қолданылады және олар фискалдық және маркентигтік. Ал даму стратегияларына Индустрияны өзгерту стратегиясы, Кәсіпкерлікті дамыту стратегиясы, Экономикалық бос аймақтар стратегиясы, Аймақтық кластер құру стратегиялары жатады. Бұл әдістемелер мен дамыту жолдарының және дамыту стратегияларының әрқайсысының өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Соны ескере отырып еліміздің және халқымыздың ерекшеліктеріне тән арнайы стратегия құру және оны іске асыру мемлекетіміздің бір салалы қалаларының дамуына алып келеді.

2 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІР САЛАЛЫ ҚАЛАЛАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

2.1 Қазақстандағы бір салалы қалалардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын талдау

Мемлекеттің әлеуметтік және экономикалық саясатын жүзеге асыруда еліміздің тұрғылықты халқының, соның ішінде моноқалаларда тұрып жатқан халықтың тіршілік әрекетін жеткілікті деңгейде қажетті жағдайлармен қамтамасыз етпей іске асыру қиын. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдардан бері нарықтық экономиканың енуімен әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер серпіні халқымыздың тіршілігін қамтамасыз ету жүйесі мен қатар республиканың моноқалалары жататын оның аймақтық кіші жүйелерінде де біршама жақсы жақа бет бұрғанын көрсетеді. Халықтың өмір сүру деңгейін республика бойынша орта көрсеткіштерден, аймақтық айырмашылықтардан, облыстық нормативтік мәндердің ауытқуларынан байқауымызға болады. Халықтың әл-ауқаттылық жағдайындағы айырмашылықтар әлеуметтік саланың жағдайы мен дамуына, жұмыссыздық деңгейіне, маңызды материалдық және әлеуметтік игіліктер мен қызметтердің қол жетімділік деңгейіне қарай өзгеріп отырады. Кез-келген нақты моноқалаларда әлеуметтік-экономикалық ахуал аталған факторларға және ең алдымен моноқалалардың экономикалық даму деңгейіне байланысты қалыптасатын болады. Сол себепті моноқалалар халқының өмір сүру деңгейі және сапасы бойынша әлеуметтік-экономикалық саралау облыстық деңгейге қарағанда біршама айқын байқалады.

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайының бір тұтастығын сақтау және түрлі аймақтарда тұрып жатқан халық үшін әлеуметтік қолайлы өмір сүру деңгейін қамтамасыз етуде түрлі аймақтық деңгейлерде республикалық, облыстық, қалалар және ауылдық елді мекендер деңгейінде мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясатты жүзеге асыру қажеттілігін білдіреді. Моноқалалардың халқының мүдделерін жүзеге асырушы әлеуметтік және экономикалық саясаттың маңызды бағыттарына келесілерді жатқызу қажет:

– әртүрлі моноқалалардағы халықтың өмір сүру деңгейін және сапасының әлеуметтік-экономикалық стандарттарын мемлекеттік стандарттарға сәйкес келуін;

– моноқалалар экономикасының негізгі салаларын және экономикалық әлеуетін дамыту мақсатында жұмыс орындарын құру және сақтауын;

– өндіріс және адам капиталы дамуының негізгі факторы болып табылатын әлеуметтік саланы сақтау, қолдау және дамытуын;

– моноқалалардың тұрғылықты халқының еңбек, кәсіби және рухани әлеуетін дамыту үшін жағдай жасау;

– моноқалалардың тұрғылықты халқының әртүрлі әлеуметтік топтарын әлеуметтік қорғау бойынша нысаналы әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыру үшін қаржы көздерін қалыптастыру;

– моноқалалар аймағының экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

– моноқалалардың тұрғылықты халқының тіршілігін қамтамасыз ету жүйесінің қызмет етуінің әлеуметтік тұрақтылығы мен беріктігін сақтау.

Нарықтық қатынастардың қалыптасуы және дамуы жағдайындағы әлеуметтік, экономикалық үдерістердің алуан түрлілігі индикаторлар мен көрсеткіштердің жеткілікті көптеген түрлерін көздейді, олардың көмегімен халықтың тіршілігін қамтамасыз ететін негізгі салаларының дамыту деңгейін, халықтың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін бағалайды және қоғамның әлеуметтік дамуындағы өзгеріс үдерістерін анықтап қана қоймай, сонымен қатар мүмкін болатын келеңсіз әлеуметтік-экономикалық салдарды алдын-ала болжауға болады, бұл әлеуметтік саясатты іске асырудың тиімділігі мен әрекеттілігін арттыруға мүмкіндік береді. Халықтың өмір сүру деңгейімен жағдайының сандық және сапалық параметрлерін, қоғамның әлеуметтік-экономикалық саралану деңгейін, сондай-ақ олардың дамуын бақылап отыру серпінін көрсететін әлеуметтік көрсеткіштердің жүйесін құру оларды бағалау үшін түрлі әдістерді қолдануды көздейді [90].

Қоғамның әлеуметтік жүйесі біртұтас ұғым ретінде оны құраушы элементтердің жай ғана жиынтығы болып табылмайды. Бір жағынан, онда халықтың тіршілік қызметі мен тіршілігін қамтамасыз етудің барлық салалары (табыстар, тұтыну, еңбек және жұмысбастылық, әлеуметтік сала, қоршаған орта) қамтылған, екінші жағынан, халықтың түрлі әлеуметтік топтарының өмір сүру жағдайларымен сапасын көрсетеді. Сол себепті, қоғамның әлеуметтік жүйесінің даму деңгейіне баға берудің көрсеткіштері мен индикаторларын таңдау кезінде, біріншіден, халықтың тіршілік деңгейіне баға беру белгілері ретінде ең жоғары дәрежеде қызмет етіп отыра алатындарына, екіншіден, қоғамның әлеуметтік-экономикалық әлеуетінің көлемі мен сапасын, сондай-ақ оның тіршілік қызметі мен тіршілікті қамтамасыз етудің негізгі салаларының даму деңгейін көрсететіндеріне басымдылық беріледі.

Сондай-ақ, әлеуметтік көрсеткіштер мен индикаторлардың жүйесі әлеуметтік жүйенің жай күйі мен даму деңгейін көрсететін көрсеткіштер ғана емес, сонымен қатар оның қауіпсіз әрекет ету шекараларын белгілейтін көрсеткіштерді қамтып отыруы тиіс. Бұл міндетті әлеуметтік дамудың шекті ауытқу көрсеткіштер жүйесін пайдаланудың негізінде шешіп отыруға болады, оларды жүзеге асыру адаммен қоғамның тіршілік әрекетіне қауіп-қатердің төніп тұрғандығын білдіреді. Қоғамның әлеуметтік жүйесінің даму көрсеткіштерінің өзінің ауытқу деңгейлері болады, оларға жуықтау және олардан асу елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың тұрақтылығын бұзады және қоғамның әлеуметтік тұрақтылығын нашарлатады.

2 - кесте Қазақстандағы моноқалалардың облыстар бойынша орналасуын көрсетеді. ҚР экономикалық аймағы 14 облысқа және 2 ірі қалаға бөлінетін болса, соның ішінде 12 облыста Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 мамырдағы № 683 Қаулысының тізімі бойынша 27 моноқала орналасқан. Моноқаласы жоқ облыстарға Қызылорда облысын және Солтүстік Қазақстан облысын жатқызуымызға болады. 2-кестеден көріп отырғанымыздай моноқаласы ең көп облысқа 8 моноқаласы бар Қарағанды облысын

жатқызуымызға болады, ал қаласы ең аз облыстарға бірнеше, яғни Ақмола облысы, Ақтөбе облысы, Алматы облысы, Атырау облысы, Батыс Қазақстан облысы, Маңғыстау және Оңтүстік Қазақстан облыстарына 1 моноқаладан тиесілі екенін айтуымызға болады. Бұл жердегі Қарағанды облысында моноқалалар санының көп болуы оның индустриалды экономикалық аймақ болуымен түсіндіріледі және дәл осындай аймақтарда зерттеуіміздің көрсеткеніндей қала құраушы кәсіпорындарға тәуелді қалалардың көптеп қалыптасқанын байқадық.

Кесте 2 – Қазақстан моноқалаларының аймақтар бойынша орналасуы

Облыстар	Моноқала аттары
Ақмола облысы	Степногор
Ақтөбе облысы	Хромтау
Алматы облысы	Текелі
Атырау облысы	Құлсары
Батыс Қазақстан облысы	Ақсай
Жамбыл облысы	Қаратау, Жаңатас
Қарағанды облысы	Балқаш, Жезқазған, Қаражал, Саран, Сәтпаев, Теміртау, Шахтинск, Абай
Қостанай облысы	Арқалық, Жетіқара, Лисаков, Рудный
Маңғыстау облысы	Жаңаөзен
Павлодар облысы	Ақсу, Екібастұз
Шығыс Қазақстан облысы	Зырян, Курчатов, Риддер, Серебрян
Оңтүстік Қазақстан облысы	Кентау
Ескерту - [92] дереккөз негізінде автормен дайындалған	

Айта кету керек 27 қаланың көбісі өз бетінше қала әкімшілігі болып табылса, 5 қала аудан орталықтары болып есептелінеді. Мысалыға: Атырау облысындағы Жылыой ауданының орталығы Құлсары қаласы; Батыс Қазақстан облысындағы Бөрлі ауданының орталығы Ақсай қаласы; Жамбыл облысындағы Сарысу ауданының орталығы Жаңатас қаласы және Талас ауданының орталығы Қаратау қаласы; Шығыс Қазақстан облысындағы Зырян ауданының орталығы Зырян қаласы болып табылады және осы аудан құрамына Серебрян қаласында жатқызамыз.

Қазақстандағы моноқалалардың негізгі қордаланған мәселелерін мынадай үш топқа біріктіруге болады:

1. Экономикалық мәселелерге келесілерді жатқызуымызға болады:

-негізгі қала құраушы кәсіпорындардың жұмысының тоқтауы немесе оған қауіп төнуі (өндіруші кәсіпорындардың кен орындарының тозуы, бәсекеге қабілетсіз өнім шығаруы);

-қала экономикасының төмен деңгейде әртараптануы;

-қала тұрғындарының қала құраушы кәсіпорындарға жоғары деңгейдегі тәуелділігі;

-қала бюджетінің қала құраушы негізгі кәсіпорынан түсетін салықтардан тәуелді болуы.

2. Әлеуметтік мәселелерге келесілерді жатқызуымызға болады:
 - жұмыссыздық пен өзін-өзі жұмыспен қамту деңгейінің жоғары болуы;
 - көптеген моноқалалардағы халықтың табыс деңгейінің төмен болуы;
 - халық санының азайуы;
 - әлеуметтік келеңсіздіктердің өсуі.

3. Өмірлік маңызы бар инфрақұрылымдар мәселелері келесілер:


- инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымдардың тозуы;
- моноқалалардың аумағындағы экологиялық мәселелердің ушығуы [91;120].

Бұл мәселелердің барлығы әр аймақтағы моноқалалардың өз ерекшеліктері бойынша дамыту арқылы шешілуі тиіс. Моноқалалардан халықтың ірі қалаларға қарай көшуі тұрақты жұмыс орнының жоқтығынан, осыған байланысты әлеуметтік жағдайдың өршуінен болып отыр. Тіпті, тұрақты жұмыс жасап тұрған кәсіпорындары бар қалалардың өзінде де халықтың басқа жаққа қоныс аудару үрдісі байқалады. Бұл, өз кезегінде, осы қалалардағы экологиялық жағдайдың төмендігі мен жұмыс орындарының тозығы жетіп, бүгінгі күн талаптарына сай келмеуімен, сондай-ақ, аймақтарда жалақының төмендігі мен уақытында төленбеуі мәселелерімен де түсіндіруге болады.

Моноқалаларды әлеуметтік-экономикалық жағдайын талдау барысында біз әлеуметтік жағдайларға халықтың санын, бөлшек сауда айналымын және орташа айлық жалақысын қарастыруымызға болады. Себебі қолда бар статистикалық мәліметтерден моноқалалардың әлеуметтік жағдайын анықтауға салыстырмалы түрде осы көрсеткіштердің ықпалы жоғары болып табылады. Статистикалық мәліметтерден Серебрян қаласының нақты статистикалық мәліметтері болмауына байланысты ол қаланы қарастырмаймыз.

1-сурет–Қазақстандағы моноқалалардың 2015 жылдың басындағы тіркелген халық санына байланысты статистикалық мәліметтерінің көрсетеді. Бұларды халық саны бойынша топтастырып қарайтын болсақ, айқын көрініп тұрған 6 моноқалалар тобын байқауымызға болады. Олар:

1. 40 мың адамға дейінгі 3 қала, яғни Текелі, Қаражал және Курчатов қалалары;
2. 41-50 мың адам аралығындағы 5 қала, яғни Жаңатас, Арқалық, Лисаков, Жітіқара және Хромтау қалалары;
3. 51-60 мың адам аралығында 6 қала, яғни Қаратау, Ақсай, Саран, Шахтинск, Абай және Риддер қалалары;
4. 61-70 мың адам аралығында 3 қала, яғни Степногорск, Сәтбаев және Ақсу қалалары;
5. 71-80 мың адам аралығында 3 қала, яғни Балқаш, Құлсары және Зырян қалалары;
6. 81 мыңнан жоғары 6 қала, яғни Жезқазған, Теміртау, Рудный, Кентау, Екібастұз, Зырян және Жаңаөзен қалалары.



Сурет 1–ҚР моноқалалардың 2015 жылдың басындағы есебі бойынша тіркелген халық саны (жыл басындағы санақ, мың адам)

Ескерту - [22] дереккөз негізінде автормен дайындалған

Барлығы 26 моноқала болатын алты топты қалалар саны бойынша талдап қарасақ, ең көп қала саны үшінші және алтыншы топта, ал ең аз қала саны бірінші, төртінші, бесінші топта орналасқанын және аталған топтардың барлығы үлкен топтардан 1/2 қатынаспен орналасқан. Бұл дегеніміз 50-60 мың аралығындағы және 71-80 мың аралығындағы халқы бар моноқалалар санының көптігін көрсетеді және шамамен осы екі топ барлық қалалардың 50% теңеседі.

2015 жылғы статистикалық мәліметтерге сүйенсек 27 қаланың жалпы халық саны 1 831 мың адамды құрайды және бұл көрсеткішті Қазақстан Республикасы бойынша есептейтін болсақ, онда сол жылдағы 17 289 мың Республика халқының шамамен 11% үлесін құрайды.

Қазақстанның моноқалалары халқының өмір сүру деңгейін талдау үшін статистикалық көрсеткіштерді республикалық, облыстық, деңгеймен салыстыру тәсілдердің үйлесімі секілді әдістемелік тәсілдер қалалардағы халықтың әлеуметтік-экономикалық ахуалын анықтауға мүмкіндік береді. Осы әдісті пайдалану арқылы қалалардағы халықтың әлеуметтік жағдайын анықтауға 2014 жылғы ҚР моноқалаларындағы жұмыспен қамтылған қызметкерлердің орташа жалақысы бойынша және 2014 жылғы ҚР моноқалаларындағы халықтың адам басына шаққандағы бөлшек тауар айналымы секілді статистикалық мәліметтер көмектеседі.

Кесте 3–2014 жылғы ҚР моноқалаларындағы жұмыспен қамтылған қызметкерлердің орташа айлық жалақысы (теңгемен, %)

Қалалар	Орташа айлық жалақы, теңге	Орташа республикалық деңгеймен, %
Қазақстан Республикасы	121 021	100
Ақмола облысы	85 412	71
Степногорск қ.	93 371	77
Ақтөбе облысы	106 265	88
Хромтау қ.	129 730	107
Алматы облысы	89 283	74
Текелі қ.	72 736	60
Атырау облысы	221 664	183
Құлсары қ.	239 256	197
Батыс Қазақстан облысы	108 223	89
Ақсай қ.	264 191	218
Жамбыл облысы	81 874	68
Жаңатас қ.	68 350	57
Қаратау қ.	60 126	50
Қарағанды облысы	107 821	89
Балқаш қ.	103 146	85
Жезқазған қ.	115 077	95
Қаражал қ.	106 487	88
Саран қ.	78 324	65
Сәтбаев қ.	161 124	133
Теміртау қ.	107 102	89
Шахтинск қ.	76 944	64
Абай қ.	83 463	69
Қостанай облысы	90 602	75
Арқалық қ.	73 910	61
Лисаков қ.	92 149	76
Рудный қ.	116 977	97
Жітіқара қ.	79 441	66
Оңтүстік Қазақстан облысы	84 550	70
Кентау қ.	72 757	60
Павлодар облысы	102 310	85
Ақсу қ.	124 234	103
Екібастұз қ.	112 551	93
Шығыс Қазақстан облысы	99 130	82
Курчатов қ.	115 981	96
Риддер қ.	122 023	101
Зырян қ.	94 033	78
Маңғыстау облысы	222 294	184
Жаңаөзен қ.	292 272	242

Ескерту - [93] дереккөз негізінде автормен дайындалған

Орташа айлық жалақы халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайының негізгі индикаторларының біріне жатқызуымызға болады. Себебі орташа айлық жалақы арқылы халықтың тұтыну деңгейін, табыс мөлшерін, қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі рөлін және т.б. анықтауға мүмкіндік береді. Орташа айлық жалақының тағы бірі рөлі халықтың экономикалық көші-қонына ынталандырушы күштің бір болып табылады. Оның салыстырмалы түрде облыстық немесе республикалық деңгейден жоғары немесе төмен болуы оның тартымдылығы мен кері әсеріне алып келетіні сөзсіз. Енді осы көрсеткішті статистикалық мәліметтер негізінде талдап көрейік.

2014 жылғы ҚР моноқалаларындағы жұмыспен қамтылған қызметкерлердің орташа айлық жалақысы бойынша талдап қарастырайық. Бірінші, республикалық деңгеймен моноқалалардың орташа айлық жалақысын салыстырсақ республикалық деңгейден жұмыспен қамтылған қызметкерлердің орташа жалақысы жоғары моноқалаларға Хромтау(2010 ж.-103,4%, 2014 ж.-107%), Құлсары(2010 ж.-187,5%, 2014 ж.-197%), Ақсай(2010 ж.-245,5%, 2014 ж.-218%), Сәтбаев(2010 ж.-100,2%, 2014 ж.-133%), Ақсу(2010 ж.-99%, 2014 ж.-103%), Риддер(2010 ж.-90,2%, 2014 ж.-101%), Жаңаөзен(2010 ж.-221,6, 2014 ж.-242%) қалалары жатады. Ал Республикалық деңгейден жұмыспен қамтылған қызметкерлердің орташа айлық жалақысы айтарлықтай төмен моноқалаларға Текелі(2010 ж.-80,8%, 2014 ж.-60%), Жаңатас(2010 ж.-53,9%, 2014 ж.-57%), Қаратау(2010 ж.-48,7%, 2014 ж.-50%), Саран(2010 ж.-60,8%, 2014 ж.-65%), Шахтинск(2010 ж.-64,1%, 2014 ж.-64%), Абай(2010 ж.-61,8%, 2014 ж.-69%), Арқалық(2010 ж.-57,3%, 2014 ж.-61%), Жітіқара(2010 ж.-66,7%, 2014 ж.-66%), Кентау(2010 ж.-58,6%,2014 ж.-60%), қалалары кіреді.

Облыстық деңгейден жұмыспен қамтылған қызметкерлердің орташа жалақысы жоғары моноқалаларға Степногорск, Хромтау, Құлсары, Ақсай, Жезқазған, Сәтбаев, Лисаков, Рудный, Ақсу, Екібастұз, Курчатов, Риддер, Жаңаөзен, қалалары кіреді. Ал облыстық деңгейден жұмыспен қамтылған қызметкерлердің орташа жалақысы айтарлықтай төмен моноқалаларға Текелі, Жаңатас, Қаратау, Саран, Шахтинск, Арқалық, Жітіқара, Кентау қалалары жатады.

Жалпылай келгенде мұнай және көгілдір отын өндірісі шоғырланған моноқалаларда еңбекақының біршама жоғары деңгейі қалыптасқан: Атырау облысының Құлсары қаласында 2014 жылы облыстық статистика басқармасының мәліметтері бойынша орташа еңбекақы республикалық деңгейден-197%, Батыс-Қазақстан облысының Ақсай қаласында 2,2 есе, Жаңаөзен қаласында 2,4 есе жоғары. Керісінше, ең төмен еңбекақы мына моноқалаларда: Жамбыл облысының Жаңатас және Қаратау қалаларында республика бойынша орташа деңгейде 57% және 50% сәйкесінше, Қостанай облысының Арқалық қаласында 61%, Алматы облысының Текелі қаласында-60%, Оңтүстік Қазақстан облысының Кентау қаласында 60% құрап отыр (кесте 3).

Еңбекақы бойынша ерекшеліктер аймақтардың салалық және экспорттық бағдарлануына, аймақтардағы тұрғындардың экономикалық белсенділік

дәрежесіне, жалпы аймақтық өнімдерге, салалық жұмыспен қамту құрылымдарына байланысты түрде анықталады. Сыртқы экспортқа бағытталған салалардың экономикалық мәні ел үшін жоғары, себебі мемлекеттің негізгі табыс көзі осы саладан болатындықтан, осы қалалардағы тұрғын-үй құрылысы көлемінің ұлғаюы, көлік пен байланыс, қаржы салаларын дамыту, осы экономикалық қызмет түрлерімен қамтылған қызметкерлердің жоғары деңгейде еңбекақымен қамтамасыз етілгенін білдіреді.

Еңбекақының жалпы табыс деңгейі мен әлеуметтік қорғаудың аймақтың экономика секторынан кәсіпорынның қаржылық ахуалына деген тәуелділігіне байланысты. Ең жоғарғы еңбекақы алатын қызметкерлерге ақпараттық технологиялар саласы, қаржы, шикізат секторы салаларының мамандары, сонымен қатар еңбекақының ерекше шарттарымен жеңілдік алатын қызметкерлер жатады, бұл олардың қаржылық жағдайының тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Ауылшаруашылығы, бірнеше өнеркәсіп салалары, бюджеттік сала қызметкерлерінің орташа еңбекақы деңгейінің қатынасы бойынша салыстырсақ олардан едәуір төмен болып келеді.

Салдарынан жоғары білікті мамандармен білікті жұмысшы кадрлардың маңызды бөлігі материалдық тұрғыдан қарағанда айтарлықтай төмендеп кетті. Аталған санаттағы қызметкерлердің жалақысының сатып алу қабілетінің жоғары болмауы олардың отбасының тіршілік етудегі деңгейіне әсерін тигізуде және тұтыну тауарларын өндіретін, яғни ауыл шаруашылығы, жеңіл және тамақ өнеркәсібі, сондай-ақ қызмет көрсету салалары тәрізді экономика салаларының дамуын шектеп тұрған елеулі фактор болып табылуда.

Еңбекақы мөлшері түрлі әлеуметтік топтардың ресурстық әлеуетінің аса маңызды параметрі ретінде оның тұтыну деңгейі мен тіршілік салтына әсер ету тұрғысынан қарастырылып отыруы тиіс. Оған қоса, табыстарды зерттеу осы көрсеткішті олардың еңбекақы көрсеткіштерімен байланыстырып оның әлауқат деңгейіне тигізетін ықпалын анағұрлым объективті түрде белгілеп отыруға мүмкіндік беретін макро деңгейде және табыстарды жекелеген үй шаруашылықтарының немесе олардың топтарының деңгейінде қалыптастыру мен қайта үлестіру үдерістері орын алып отыратын жеке-дара деңгейде қолдануды ескереді [90, б.70-71].

Қазіргі кезеңде республика халқының ақшалай табыстарының құрылымында ең маңызды табыс көзі еңбекақы болуда, ол Қазақстан Республикасының Статистика Комитетінің деректеріне сәйкес 2014 жылғы көрсеткіш бойынша қалалық жерде 81,8% болса, ауылдық елді мекендерде 78,2 құрап, орташа 80,5% көрсетеді. Сол себептен еңбекақы деңгейіндегі өсу қарқыны мен сала аралық өзгерістердегі қалыптасып отырған беталыстар халықтың табысының мөлшеріне әсерін тигізіп отыратыны заңды нәрсе.

Кесте 4–2014 жылғы халықтың адам басына шаққандағы бөлшек тауар айналымы, теңге, %

Қалалар	Бөлшек сауда көлемі, теңге	Орташа республикалық деңгеймен, %
Қазақстан Республикасы	363 553	100
Ақмола облысы	246 746	67,87
Степногорск қ.	224 749	61,82
Ақтөбе облысы	0524 800	144,35
Хромтау қ.	80 204	22,06
Алматы облысы	171 254	47,11
Текелі қ.	79 306	21,81
Атырау облысы	318 103	87,50
Құлсары қ.	179 462	49,36
Батыс Қазақстан облысы	320 317	88,11
Ақсай қ.	22 879	6,29
Жамбыл облысы	166 342	45,75
Жаңатас қ.	55 516	15,27
Қаратау қ.	34 327	9,44
Қарағанды облысы	407 392	112,06
Балқаш қ.	167 292	46,02
Жезқазған қ.	280 360	77,12
Қаражал қ.	64 723	17,80
Саран қ.	56 907	15,65
Сәтбаев қ.	121 848	33,52
Теміртау қ.	283 223	77,90
Шахтинск қ.	129 216	35,54
Абай қ.	0,082438	22,68
Қостанай облысы	0,259060	71,26
Арқалық қ.	74 141	20,39
Лисаков қ.	161 392	44,39
Рудный қ.	298 810	82,19
Жітіқара қ.	68 379	18,81
Оңтүстік Қазақстан облысы	125 959	34,65
Кентау қ.	49 977	13,75
Павлодар облысы	384 066	105,64
Ақсу қ.	99 721	27,43
Екібастұз қ.	0,163828	45,06
Шығыс Қазақстан облысы	425 153	116,94
Курчатов қ.	438 339	120,57
Риддер қ.	378 103	104,00
Зырян қ.	226 549	62,32
Маңғыстау облысы	239 316	65,83
Жаңаөзен қ.	14 987	4,12
Ескерту - [93] дереккөз негізінде автормен дайындалған		

Экспортқа бағытталған шикізаттық салалардың жоғары экономикалық маңызы, еңбек ететіндердің, сонымен қатар нарықтық мамандықтар және нарыққа қызмет көрсететін қызметкерлердің жоғары жалақы деңгейіне негіз болды. Өткен ғасырдың 90-шы жылдардың ортасынан бастап республиканың экономика салаларында қалыптасқан жалақыдағы объективтік арақатынастарда жалданбалы еңбектің сандық және сапалық шығындары біртіндеп көрсетілмейтін болды, бұл оның құнсыздануына және әртүрлі сапалық және кәсіби топтардың арасындағы еңбекақылық айырмашылықтардың ұлғайуына алып келді [90, б.72].

Біз моноқалалардағы халықтың тұтынушылық статистикалық мәліметтерді және деректерді таппауымызға байланысты халықтың адам басына шаққандағы тұтыну мөлшерін талдау мақсатында халықтың адам басына шаққандағы бөлшек тауар айналымын қолдандық. Халықтың тұтынуындағы негізгі факторлардың бірі болып табылатын бөлшек сауда айналымы халықтың тұтыну деңгейіндегі өзгерістерді сипаттауға септігін тигізеді. Онымен қоса ол әлеуметтік көрсеткіштердің негізгі факторларының бірі болып табылады. Себебі республика, облыс, қала деңгейіндегі бөлшек сауда айналымының көрсеткіші халықтың сауда қарым-қатынасындағы әл-ауқатын көрсететін факторларға жатады.

Бөлшек сауда айналымының көлеміне әртүрлі әлеуметтік-экономикалық факторлар, соның ішінде халық табысының мөлшері, үй шаруашылықтарының отбасылық табыстарының әртүрлі жағдайдағы қатынастары, ауылшаруашылық өнімдері және тұтынушылық кешен салаларындағы өндіріс көлемі, бөлшек сауданың бағалары; жеке қосалқы шаруашылықтардың даму дәрежесі, себебі үй шаруашылықтары өз-өзін тамақ өнімдерімен жоғары деңгейде қамтамасыз еткен жағдайда оларды сатып алу қажеттігі жоғалады; халықтың әлеуметтік-демографиялық құрылымы мен өзге факторлар әсерін тигізіп отырады.

4-кестенің мәліметтері бойынша, 2014 жылы айтарлықтай моноқалалардың халқының тұрғындарында жеке тұтынудың жоғары емес деңгейінің үрдісі қалыптасқанын байқауымызға болады. Статистикалық мәліметтердің көрсеткіші бойынша еңбекақының 80,5 пайызын құрайтын қалалардың табыстық деңгейі аталған факторлардан басқа халықтың әлеуметтік құрылымына және халық топтарының, әрбір қалаға шаққандағы табыстың түрлі құрылымына үй шаруашылықтарының қатынасына байланысты құралып отырады. Отбасы бюджетін қалыптастыру жағдайында орта есеппен адам басына шаққандағы табыстарының мөлшеріне отбасының құрамы, ақылы жұмыс істейтін отбасы мүшелерінің саны, кішкентай балалар саны және басқа да бірге тұратын адамдар саны әсер етеді. Мүқтаждық жүктеме салыстырмалы теңтабыстар кезінде неғұрлым жоғары болса, адам басына шаққандағы орташа табыс соғұрлым төмен болады. Табыстағы ауытқулар жалақы мен табыстың басқа көздерінің деңгейімен ғана емес, әлеуметтік демографиялық факторлармен де есептеледі: отбасы құрамы, отбасындағы жұмыс істейтін адамдардың саны, балалардың саны және т.б.

2014 жылғы ҚР моноқалаларындағы халықтың адам басына шаққандағы бөлшек тауар айналымы бойынша талдап қарастырайық. Бірінші, республикалық деңгеймен моноқалалардағы халықтың адам басына шаққандағы бөлшек тауар айналымын салыстырсақ республикалық деңгейден халықтың адам басына шаққандағы бөлшек тауар айналымы жоғары моноқалаларға Курчатов(2010 ж.-123,2%, 2014 ж.-120,6%), Риддер(2010 ж.-104,4%, 2014 ж.-104%), қалалары жатады. Ал республикалық деңгейден халықтың адам басына шаққандағы бөлшек тауар айналымы айтарлықтай төмен моноқалаларға Ақсай(2010 ж.-71,8%, 2014 ж.-6%), Жаңатас(2010 ж.-10,2%, 2014 ж.-15%), Қаратау(2014 ж.-9%), Қаражал(2010 ж.-24,6%, 2014 ж.-18%), Саран(2010 ж.-17,6%, 2014 ж.-16%), Арқалық(2010 ж.-27%, 2014 ж.-20%), Жітіқара(2010 ж.-19%, 2014 ж.-19%), Кентау(2010 ж.-13%,2014 ж.-14%), Жаңаөзен(2010 ж.-12,5%, 2014 ж.-4%) қалалары кіреді.

Облыстық деңгейден халықтың адам басына шаққандағы бөлшек тауар айналымы жоғары моноқалаларға Рудный, Курчатов, Риддер, қалалары кіреді. Ал облыстық деңгейден халықтың адам басына шаққандағы бөлшек тауар айналымы айтарлықтай төмен моноқалаларға Хромтау, Ақсай, Текелі, Жаңатас, Қаратау, Саран, Қаражал, Абай, Арқалық, Жітіқара, Кентау, Ақсу, Жаңаөзен қалалары жатады.

Жалпылай қарастыратын болсақ республикалық деңгейден 2 қала ғана жоғары деңгей көрсетсе, облыс деңгейінен 3 қала жоғары болып тұр. Қалған 20-дан аса қала бұл көрсеткіштен төмен болып тұрғанын байқаймыз. Оның ішінде 7 қала республика деңгейінің 20% ғана құрайды. Бұл дегеніміз еліміздегі моноқалалардағы адам басына шаққандағы бөлшек сауда көлемінің төмендігін білдіреді. Аталған 3 қаланың экономикалық саласы металл-кен өндіретін 2 қала және ғылыми-өнеркәсіптік қала болып табылады. Олардың 2-уі Шығыс Қазақстанда орналасса, сәйкесінше біреуі Қостанай облысында орналасқан.

Моноқалаларды әлеуметтік-экономикалық жағдайын талдау барысында біз экономикалық жағдайларға өнеркәсіп өнімінің көлемін, негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемін қарастыруымзға болады. Себебі статистикалық мәліметтерден моноқалалардың экономикалық жағдайын анықтауға салыстырмалы түрде осы көрсеткіштердің ықпалы жоғары болып табылады.

Мемлекеттің, өңірдің, аймақтардың және қалалардың экономикалық әлеуетін көрсеткіштерін білдіретін белгілердің бірі - ол сол жердегі халықтың экономикадағы өнеркәсіп өнімін шығаруына тығыз байланысты екенін білеміз және ол маңызды экономикалық-статистикалық фактор болып табылады. Бұл мәліметтерге қарап қалалардың негізгі табыс көздерін, халықтың әл-ауқатын, әлеуметтік-экономикалық жағдайын сипаттауға және болжауға мүмкіндік береді. Өнеркәсіп өнімі жоғары қалалар жоғары экономикалық әлеуетке, ал төмен қалалар төмен экономикалық әлеуетке ие болады.

Кесте 5–2014 жылғы халықтың адам басына шаққандағы өнеркәсіп өнімінің көлемі, теңге, %

Қалалар	Өнеркәсіп өнімінің көлемі, теңге	Орташа республикалық деңгеймен, %
Қазақстан Республикасы	1 063 964	100
Ақмола облысы	423 708	39,82
Степногорск қ.	1,003551	94,32
Ақтөбе облысы	1 511 664	142,08
Хромтау қ.	4 626 911	434,87
Алматы облысы	287 963	27,07
Текелі қ.	358 874	33,73
Атырау облысы	8 452 738	794,46
Құлсары қ.	56 495 949	5309,95
Батыс Қазақстан облысы	2 920 579	274,50
Ақсай қ.	2 858 450	268,66
Жамбыл облысы	254 241	23,90
Жаңатас қ.	29 584	2,78
Қаратау қ.	123 058	11,57
Қарағанды облысы	1 047 647	98,47
Балқаш қ.	3 864 225	363,19
Жезқазған қ.	1 888 279	177,48
Қаражал қ.	1 139 346	107,08
Саран қ.	416 560	39,15
Сәтбаев қ.	114 241	10,74
Теміртау қ.	2 249 385	211,42
Шахтинск қ.	168 618	15,85
Абай қ.	1 153 122	108,38
Қостанай облысы	617 630	58,05
Арқалық қ.	136 971	12,87
Лисаков қ.	640 104	60,16
Рудный қ.	1 844 562	173,37
Жітіқара қ.	426 687	40,10
Оңтүстік Қазақстан облысы	216 612	20,36
Кентау қ.	250 086	23,51
Павлодар облысы	1 469 476	138,11
Ақсу қ.	4 065 794	382,14
Екібастұз қ.	2 269 066	213,27
Шығыс Қазақстан облысы	799 553	75,15
Курчатов қ.	188 074	17,68
Риддер қ.	1 466 731	137,86
Зырян қ.	477 730	44,90
Маңғыстау облысы	3 839 479	360,87
Жаңаөзен қ.	1 069 186	100,49
Ескерту- [93] дереккөз негізінде автормен дайындалған		

2014 жылғы ҚР моноқалаларындағы халықтың адам басына шаққандағы өнеркәсіп өнімінің көлемі бойынша талдап қарастырайық. Бірінші, республикалық деңгеймен моноқалалардағы халықтың адам басына шаққандағы өнеркәсіп өнімінің көлемін салыстырсақ республикалық деңгейден халықтың адам басына шаққандағы өнеркәсіп өнімінің көлемі жоғары моноқалаларға Хромтау(4,3есе), Құлсары(53есе), Ақсай(2,7есе), Балқаш(3,6есе), Жезқазған(177%), Қаражал(107%), Теміртау(2,1%), Абай(108%), Рудный(173%), Ақсу(3,8%), Екібастұз(2,1%), Риддер(137%), Жаңаөзен(101%), қалалары жатады. Ал республикалық деңгейден халықтың адам басына шаққандағы өнеркәсіп өнімінің көлемі айтарлықтай төмен моноқалаларға Жаңатас(3%), Қаратау(12%), Сәтбаев(11%), Арқалық(16%), Курчатов(18%), қалалары кіреді.

2014 жылғы адам басына шаққандағы өнеркәсіп өнімінің көлемін жалпылай қарастыратын болсақ Қазақстандағы 26 моноқаланың 13-і республикалық деңгейден жоғары көрсетіп тұр. Бұл қалалардың экономикалық әлеуетінің жоғары дәрежеде екенін білдіреді және ондағы қалалардың барлығы мұнай-газ, тау-кен және түрлі түсті металл өндіретін қалаларда орналасқанын айтуымызға болады. Әйтсе де шикізат көзіне байланған бір саладағы бұл қалалардың бұлай болуы дағдарыс кезінде өте қауіпті болып табылады. Себебі аталған экономикалық саладағы кез-келген дағдарыс ол микроэкономикалық немесе макроэкономикалық, сыртқы, ішкі әсері болсын бұл қалалардың экономикалық жағдайына қауіп төндіріп, салдарынан әлеуметтік мәселелерді тудыруы айғақ. Қалған 13 моноқала сәйкесінше одан төмен көрсетіп тұрғанын 5-кестеден көруімізге болады. Бұл қалалардың экономикасының әлеуметтік жағдайының республика деңгейінен біршама төмен екенін көрсетеді. Сәйкесінше бұл қалаларда тұрып жатқан халықтың экономикалық-әлеуметтік деңгейінің салыстырмалы түрде төмен екенін көреміз.

Қалалардың салалық құрылымдарының экономикалық базаларын талдауда, негізгі қала құраушы кәсіпорындар туралы деректер қалаларды мынадай үш функционалдық типке бөлуге мүмкіндік берді:

1. Өндіру өнеркәсіптері басым дамыған – 21 қала:
 - көмір өндіру – Абай, Саран, Шахтинск, Екібастұз;
 - мұнай және газ өндіру – Ақсай, Құлсары, Жаңаөзен;
 - металл кенін өндіру – Арқалық, Балқаш, Зыряновск, Қаражал, Кентау, Лисаковск, Риддер, Рудный, Текелі, Хромтау;
 - шикізат ресурстарының өзге түрлерін өндіру – Жаңатас, Қаратау, Жітіқара;
2. Өңдеу өндірісі басым дамыған 6 қала:
 - химия өнеркәсібі – Серебрянск;
 - машина жасау, металлургия өнеркәсібі (алтын), уран өндірісі – Степногорск;
 - металлургия өнеркәсібі – Ақсу, Жезқазған, Сәтбаев, Теміртау;
3. Ғылыми-өнеркәсіптік орталық – Курчатов қаласы[91 б.361].

Кесте 6–2014 жылғы халықтың адам басына шаққандағы негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі, теңге, %

Қалалар	Негізгі салынған көлемі, теңге	капиталға инвестиция	Орташа республикалық деңгеймен, %
Қазақстан Республикасы	378 436		100
Ақмола облысы	246 167		65,0485
Степногорск қ.	130 552		34,49
Ақтөбе облысы	639 799		169,06
Хромтау қ.	670 348		177,13
Алматы облысы	235 788		62,30574
Текелі қ.	136 057		35,95
Атырау облысы	1 942 699		513,3488
Құлсары қ.	7 514 462		1985,66
Батыс Қазақстан облысы	428 751		113,2953
Ақсай қ.	237 634		62,79
Жамбыл облысы	189 812		50,15
Жаңатас қ.	341 096		90,13
Қаратау қ.	198 158		52,36
Қарағанды облысы	298 812		78,95
Балқаш қ.	242 446		64,06
Жезқазған қ.	17 9720		47,49
Қаражал қ.	135 654		35,84
Саран қ.	232 008		61,30
Сәтбаев қ.	254 516		67,25
Теміртау қ.	346670		91,60
Шахтинск қ.	0,137997		36,46
Абай қ.	0,267527		70,69
Қостанай облысы	217 973		57,59
Арқалық қ.	154 964		40,94
Лисаков қ.	88 257		23,32
Рудный қ.	453 664		119,87
Жітіқара қ.	41 825		11,05
Оңтүстік Қазақстан облысы	161 162		42,58
Кентау қ.	61 464		16,24
Павлодар облысы	467 217		123,45
Ақсу қ.	347 339		91,78
Екібастұз қ.	1 244 937		328,96
Шығыс Қазақстан облысы	247930		65,51
Курчатов қ.	133 223		35,20
Риддер қ.	3627540		95,85
Зырян қ.	210 927		55,73
Маңғыстау облысы	876 991		231,74
Жаңаөзен қ.	210 784		55,69
Ескерту- [93] дереккөз негізінде автормен дайындалған			

Жалпы Қазақстандағы моноқалаларды салалық құрылымдарын қарастыратын болсақ ондағы қалалардың басым бөлігі өндіру өнеркәсібіндегі қалаларға жатады, ал ғылыми-өнеркәсіптік орталық моноқалаға Курчатов қаласы ғана орналасқан.

Қаланың өнеркәсіп өнімінен басқа қаланың экономикасын дамытатын негізгі факторлардың бірі болып инвестицияның көлемі болып есептелінеді. Себебі өндіріс факторларының кез-келгеніне салынған инвестиция ол адам ресурстары, капитал, әртүрлі саладағы инновация, кәсіпкерлік және тағы басқаларға кері қайтарымдылық күш беріп мемлекет, өңір, аймақ және қаланың өндірістік күшін көтеріп халықтың әл-ауқатын жақсартып, елдің экономикалық жағдайын дамытатыны экономикалық теориядан белгілі. Осыны ескере отырып қалалардың инвестициялық ахуалын қарастырып талдау маңызды

2014 жылғы ҚР моноқалаларындағы жылғы халықтың адам басына шаққандағы негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі бойынша талдап қарастырайық. Бірінші, республикалық деңгеймен моноқалалардағы халықтың адам басына шаққандағы негізгі капиталға салынған инвестиция көлемін салыстырсақ республикалық деңгейден халықтың адам басына шаққандағы негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі жоғары моноқалаларға Хромтау(177%), Құлсары(1,9 есе, Рудный(120%), Екібастұз(3,3 есе) қалалары жатады. Ал республикалық деңгейден халықтың адам басына шаққандағы негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі айтарлықтай төмен моноқалаларға Лисаков(23%), Жітіқара(11%), Кентау(16%) қалалары кіреді (кесте 6).

Облыстық деңгейден халықтың адам басына шаққандағы негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі жоғары моноқалаларға Хромтау, Құлсары, Жаңатас, Қаратау, Теміртау, Рудный, Екібастұз қалалары кіреді. Ал облыстық деңгейден халықтың адам басына шаққандағы негізгі капиталға салынған инвестициядан көлемі айтарлықтай төмен моноқалаларға Лисаков, Жітіқара, Кентау қалалары жатады.

Жалпы санын қарастыратын болсақ республикалық деңгейден жоғары инвестиция құйылған қалалар саны 26 қаладан 4 қала ғана кірсе, қалған қалалардың төмен екенін анықтадық.

Экономикалық және әлеуметтік талдаулардың қорытындысы бойынша моноқалалар үш бағыт бойынша топтастырылған.

Біріншісі - қала халқының басым денін жұмыспен қамтып отырған кәсіпорындардың ағымдағы жағдайы бойынша қарастырамыз. 19 моноқалада мұндай кәсіпорындар тұрақты жұмыс істеп тұр, бесеуінде - жартылай болса, үшеуінде - жұмыстар тоқтаған.

Екіншісі - салалық бағыт бойынша қарастырамыз. Моноқалаларда қала тұрғындарының көп санын жұмыспен қамтып отырған кәсіпорындар негізінен экономиканың кен өндіру секторына жатады.

Үшіншісі - тұрғындардың саны бойынша қарастырамыз. 40 мың адамға дейінгі 3 қала, 41-50 мың адам аралығындағы 5 қала, 51-60 мың адам

аралығында 6 қала, 61-70 мың адам аралығында 3 қала, 71-80 мың адам аралығында 3 қала, 81 мыңнан жоғары 6 қала болып бөлінеді.

Моноқалалардың бұл қағидалар негізінде топтастырылуы, сондай-ақ басымдықтары бойынша келесідей міндеттерді шешу үшін бағытталуы қажет: жұмыс істеп отырған кәсіпорындардың өндірістік сыйымдылығына байланысты моноқалаларды оңтайландыру; экономиканы әртараптандыру, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту; жұмыс күшін пайдалану ұтқырлығын арттыру арқылы еңбек әлеуетін орналастыру; әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымға қолдау білдіру.


Қорыта келгенде Қазақстан моноқалаларының қазіргі жағдайына жүргізілген талдаудан әр моноқаланың өзіндік әлеуметтік және экономикалық жағдайларындағы ерекшеліктерінің деңгейін республикалық және облыстық деңгейлермен салыстырып, зерттеу барысында анықталды. Бірқатар моноқалалардың әлеуметтік жағдайлары республикалық деңгейден жақсы болып табылса, бірқатарында олардың төмен екеніне көз жеткіздік. Экономикалық жағдайынан қазіргі әлемдік өндіріс өнімдерінің сұранысына сай келіп тұрған өнім шығаратын моноқалалардың жағдайы біршама жақсы екені және республикалық, облыстық деңгейден жағдайы айтарлықтай жоғары болып табылады. Мұндай қалаларға мұнай-газ, тау-кен, түрлі түсті металл өнімдерін өндіретін қалалар жатады.

2.2 Моноқалаларды әлеуметтік-экономикалық жағдайы бойынша топтау

Қазіргі кезде елімізде тек қана бір саланың өнімін өндіру арқылы табыс тауып, күнін күнелтіп отырған бірқатар шағын және моноқалалар бар. Бұлардың қатарында кезінде облыс орталығы болғандары да кездеседі. Мәселен, олардың қатарында Жезқазған, Арқалық секілді қалалар да бар. Қайсыбір қала тұрғындары теміржол бойынан пайда көрсе, енді бірі өндіріс-өнеркәсіптен табыс көрген. Мұның барлығынан шығатын қорытынды біреу-ақ: бір саладан ғана кіріс көріп отырған шағын қалалардың болашағы әлі де толық зерттеліп бітпеген. Сондықтан, ең әуелі, бір кәсіпорынға тәуелді болған моноқалалардың экономикасын әртараптандыру қажет. Қазақстанда 100-ге таяу шағын қала бар. Солардың ішінен әкімшілік жүйедегі зерттеулердің нәтижесінде шамамен 1,5 млн адам тұратын 27 бір салалы моноқалалар анықталып, арнайы бағдарламаға енгізілген [92].

Енді осы аталған қалалардың экономикалық-әлеуметтік жағдайын 27 қала бойынша жеке статистикалық мәліметтерін жинастыру, жүйелеу, топтастыру әдісі арқылы талдау жүргізейік. Бұл әдіс арқылы Қазақстан Республикасындағы моноқалалардың адам басына шаққандағы 6-көрсеткіштерін талдап, топтастыру арқылы қалалық топтарынан әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінде белгілі бір байланыс бар немесе жоқ екенін анықтауға мүмкіндік береді, яғни бұл әдісті осы зерттеуімізде пайдалануымыздың мақсаты қалалардың әлеуметтік-экономикалық статистикалық көрсеткіштеріне байланысты топтастырып, осы көрсеткіштердің бір бірімен байланысын табу.

Егер осы шарт орындалған жағдайда қалалардың әлеуметтік-экономикалық жағдайына қатысты топтамасын шығару және сол арқылы даму бағытын жасау. Бұл зерттеуде де статистикалық мәліметтерден Серебрян қаласының нақты статистикалық мәліметтері болмауына байланысты оны қарастырмаймыз.



Сурет 2–ҚР моноқалалардың 2007-2015 жылдар аралығындағы халық санының өсу/кему серпінін көрсетеді (жыл басына, мың адам)

Ескерту- [93-101] дереккөз негізінде автормен дайындалған

Жалпы айтқанда 2-суретке қарайтын болсақ 2007-2015 жылдар аралығындағы халықтың өсу серпінінің бірқалыпты жоғарылағанын көруімізге болады, бірақта тек 2010-жыл мен 2011-жыл аралығындағы сәл ғана халықтың төмендеуін айтпағанымызда. 2015 жылдың соңғы көрсеткіші бойынша бастапқы 2007-жылдағы халықтың санымен салыстырғанда оның 135 мың адамға көбейгенін, ал пайызға шаққанда шамамен 8% өскенін есептедік. Бұл дегеніміз жобамен әр жылда халық саны 1% өсіп отырды деп пайымдауымызға болады. Ал бір қалаға шаққандағы қала халқының санын 2007 жылмен 2015 жылды салыстырып көретін болсақ 2015 жылы әр қалада орта есеппен 67,8 мың адам өмір сүрсе, 2007 жылы бұл көрсеткіш 62,8 мың адам болған. Бұл дегеніміз әр қалада шамамен 9 жыл аралығында 5 мың адамға өскенін көрсетеді.

Кесте 7–Қазақстандағы моноқалалардың халық санына байланысты топталуы (2012-2014ж.ж)

Моноқалалардың халық санына байланысты топталуы, мың адам	Қалалар саны	Халық саны (жыл соңына), мың адам	Орташа айлық жалақы, теңге	Өнеркәсіп өнімінің көлемі, млн. теңге	Бөлшек сауда, млн. теңге	Негізгі капиталға салынған инвестициялар, млн. теңге	Іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы ауданы, шаршы метр
40-қа дейін	3	20,6	91 247,1	10 792,4	2 860,4	3 448,5	41 935
41-50	5	43,7	81 572,9	48 673,5	3 225,6	10 178,1	6 470,9
51-60	6	54,8	102 036,3	270 301,6	7 497,1	25 120,6	13 416,8
61-70	3	69,2	117 515,3	118 921,3	11 426,7	22 214,9	6 335,7
71-80	3	75,6	124 401,2	1 479 022,5	12 503,2	141 768,6	36 786,7
80-нен жоғары	6	128,5	117 632,1	209 440,5	23 924,1	56 102,6	37 245,3
Ескерту- [93-95] дереккөз негізінде автормен дайындалған							

7-кесте Қазақстандағы моноқалалардың 2012-2014 жылдар аралығындағы статистикалық мәліметтерінің орташа көрсеткішінің халық санына байланысты топталуын көрсетеді.

7 - кестеден көріп отырғанымыздай халық саны бойынша моноқалалардың 6 тобын көруімізге болады. Олар:

1. 40 мың адамға дейінгі 3 қала, яғни Текелі, Қаражал және Курчатov қалалары;
2. 41-50 мың адам аралығындағы 5 қала, яғни Жаңатас, Арқалық, Лисаков, Жітіқара және Хромтау қалалары;
3. 51-60 мың адам аралығында 6 қала, яғни Қаратау, Ақсай, Саран, Шахтинск, Абай және Риддер қалалары;
4. 61-70 мың адам аралығында 3 қала, яғни Степногорск, Сәтбаев және Ақсу қалалары;
5. 71-80 мың адам аралығында 3 қала, яғни Балқаш, Құлсары және Зырян қалалары;
6. 81 мыңнан жоғары 6 қала, яғни Жезқазған, Теміртау, Рудный, Кентау, Екібастұз және Жаңаөзен қалалары.

Барлығы 26 моноқала болатын алты топты қалалар саны бойынша талдап қарасақ, ең көп қала саны үшінші және алтыншы топта, ал ең аз қала саны бірінші, төртінші, бесінші топта орналасқанын және аталған топтардың барлығы үлкен топтардан 1/2 қатынаспен орналасқан.

Бұл топтарды өнеркәсіп өнімі мен негізгі капиталға салынған инвестицияларына байланысты ең азы мен ең көп көрсеткішін табатын болсақ бұл екі көрсеткіштен де бесінші топ 137 есе өнеркәсіп өнімінен, 41,1 есе капиталға салынған инвестициялар жөнінен бірінші топтан жоғары болып тұр. Ал бөлшек сауда көлемінен осы бірінші топ, тағы да ең төменгі сатыда тұрса, бұған қарама-қарсы көрсеткіштерді алтыншы топ иеленіп 8,3 есе жоғары болып тұр. Іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы аудандарына байланысты ең жоғарғы және ең төменгі көрсеткіштерден бірінші топ көш бастап төртінші топтан 6,6 есе жоғары екенін анықтадық. Қалған көрсеткіш орташа айлық жалақыдан екінші топқа аз жалақы бұйырғанын байқасақ, бесінші топ алдыңғы орынды алып одан 52% көп болып тұр.


Әр көрсеткіштерді жеке талдап қарастырайық.

Ең бірінші топты құраушы бірінші халық санына байланысты талдағанымызда олардың ең төменгі көрсеткіші бірінші топта болып, екінші топтан 2,1 есе, үшінші топтан 2,6 есе, төртінші топтан 3,3 есе бесінші топтан 3,6 есе, алтыншы топтан 6,2 есе кіші екенін есептеп таптық. Екінші орташа айлық жалақысына байланысты талдайық. Бұл жерде екінші топтың көрсеткіштері ең төмен болып тұрғанын және бірінші топтан 11 пайызға, үшінші топтан 25 пайызға, төртінші топтан 44 пайызға бесінші топтан 52 пайызға, алтыншы топтан 44 пайызға төмен екенін анықтадық. Үшінші өнеркәсіп өнімінің көлемін талдағанымызда бірінші топ ең аз көрсеткішті көрсетіп, екінші топтан 4,5 есе, үшінші топтан 25 есе, төртінші топтан 11 есе, бесінші топтан 137 есе, алтыншы топтан 19 есе аз екенін есептеп таптық. Төртінші бөлшек сауда көлемі бойынша талдасақ ең жоғарғы көрсеткіш алтыншы топта орналасып, бесінші топтан 91 пайыз, төртінші топтан 2 есе, үшінші топтан 3,2 есе, екінші топтан 7,4 есе, бірінші топтан 8 есе жоғары болып тұр. Бесінші негізгі капиталға салынған инвестицияларын талдағанымызда мұнда ең жоғары көрсеткішті бесінші топ иеленіп, бірінші топтан 41,1 есе, екінші топтан 14 есе, үшінші топтан 5,6 есе, төртінші топтан 6,4 есе, алтыншы топтан 2,5 есе көп көрсетіп тұр. Соңғы бағана іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы ауданынан ең жоғарғы көрсеткішті иеленіп топ бастап тұрған бірінші топ және ол екінші топтан 6,4 есе, үшінші топтан 3,1 есе, төртінші топтан 6,6 есе, бесінші топтан 14 пайызға, алтыншы топтан 12 пайызға жоғары болып тұр.

Қорыта келгенде кестеде қарастырылған 26 моноқаланы халық санының өсуі бойынша топтастыру барысында, алты топтың бес көрсеткішінің тек бір көрсеткіші, яғни бөлшек сауда көлемі ғана өсу ретімен топталғанын, ал қалған көрсеткіштердің әр түрлі жағдайдағы әртүрлі топтардан ауытқуларын көруімізге болады. Бұл топтаудың нәтижесі моноқалаларды халық санына топтастыру барысында әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерден тек бөлшек

сауда көлемі ғана өсу ретімен орналған, ал қалғандарында ешқандай байланыстылықтың сақталмайтынын дәлеледі.

ҚР моноқалалардың 2006-2014 жылдар аралығындағы орташа айлық жалақысының өсу/кему серпінін талдағанымызда оның 9 жыл бойы бір қарқынмен өсіп келе жатқанын көрдік. Оны 3-суреттен де байқауымызға болады. 2006-жыл мен 2014-жылдар аралығында орташа айлық жалақының 3 есе өскенін есептедік. Менің ойымша бұл үрдістің қалыптасуы заңды деп ойлаймыз. Себебі бұған әсер ететін осы жылдар аралығындағы еліміздегі барлық әлеуметтік-экономикалық саяси жағдайлардың барлығы оңтайлы болды деп есептейміз. Оның үстіне еліміз аталған жылдар аралығында экономикалық тұрақты даму барысын сақтады (сурет 3).



Сурет 3—ҚР моноқалалардағы 2006-2014 жылдар аралығындағы орташа айлық жалақысының өсу/кему серпіні (жыл аяғында, теңге)

Ескерту- [93-101] дереккөз негізінде автормен дайындалған

8-кесте Қазақстандағы моноқалалардың 2012-2014 жылдар аралығындағы статистикалық мәліметтерінің орташа көрсеткішінің 1 қала тұрғынына шаққандағы орташа айлық жалақысына байланысты топталуын көрсетеді.

8-кестеден көріп отырғанымыздай 1 тұрғынға шаққандағы орташа айлық жалақысы бойынша моноқалалардың 4 тобын көруімізге болады. Олар:

1. 1 мың. теңгеге дейінгі 4 қала, яғни Теміртау, Екібастұз, Кентау және Рудный қалалары;
2. 1-2 мың. теңге аралығындағы 14 қала, яғни Қаратау, Зырян, Балқаш, Жезқазған, Шахтинск, Степногорск, Саран, Абай, Жітіқара, Жанатас, Арқалық, Ақсу, Жаңаөзен және Риддер қалалары;

3. 2-3 мың. теңге аралығында 5 қала, яғни Лисаков, Сәтбаев, Текелі, Құлсары және Хромтау қалалары;

4. 3 мың. теңгеден жоғары 3 қала, яғни Ақсай, Қаражал және Курчатов қалалары.

Барлығы 26 моноқала болатын төрт топты қалалар саны бойынша талдап қарасақ, ең көп қала саны екінші топта, ал ең аз қала саны төртінші топта орналасқанын және бірінші топтан жобамен 5 есе аз екенін көруімізге болады. Ал қалған екі топ аралығы 1 қала саны бойынша айырмашылықпен үшінші топ бірінші топтан жоғары болып тұр.

Жалпы топтардың көсеткіштерінің топты құраушы орташа айлық жалақының өсуіне байланысты басқа көрсеткіштердің өсу ретімен орналаспағанын және ауытқулардың барлық көрсеткіштерден көруімізгі болады.

Кесте 8–Қазақстандағы моноқалалардың 1 тұрғынға шаққандағы орташа айлық жалақысы бойынша топталуы (2012-2014ж.ж)


Моноқалалардың 1 тұрғынға шаққандағы орташа айлық жалақысы, теңге	Қалалар саны	1 тұрғынға шаққандағы орташа айлық жалақысы, теңге	Халық саны (жыл соңына), мың адам	Өнеркәсіп өнімінің көлемі, млн. теңге	Бөлшек сауда, млн. теңге	Негізгі капиталға салынған инвестициялар, млн. теңге	Іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы ауданы, шаршы метр
1000-ға дейін	4	691,6	137,7	237 690	28 948,5	69 563,2	25 827,6
1001-2000	14	1 401,2	65,5	85 712,6	8 722,3	15 176,6	15 226,2
2001-3000	5	2 375,3	52,1	865 283,7	6 104	90 375,3	23 995,1
3001-ден жоғары	3	6 179,8	28,6	490 291,2	5 533,7	32 641,5	13 940,5
Ескерту- [93-95] дереккөз негізінде автормен дайындалған							

Әр көрсеткіштерді жеке талдап қарастырайық.

Ең бірінші топты құраушы бірінші бағанадағы орташа айлық жалақы бойынша талдағанымызда олардың ең төменгі көрсеткіші бірінші топта болып, екінші топтан 2 есе, үшінші топтан 3,4 есе, төртінші топтан 8,9 есе кіші екенін есептеп таптық. Екінші халық санына байланысты талдайық. Бұл жерден төртінші топтың көрсеткіштері ең төмен болып тұрғанын және екінші топтан 2,3 есе, үшінші топтан 82%, бірінші топтан 4,8 есе төмен екенін анықтадық.

Үшінші өнеркәсіп өнімінің көлемін талдағанымызда екінші топ ең аз көрсеткішті көрсетіп бірінші топтан 2,8 есе, үшінші топтан 10 есе, төртінші топтан 5,7 есе аз екенін есептеп таптық. Төртінші бөлшек сауда көлемі бойынша талдасақ ең жоғарғы көрсеткіш бірінші топта орналасып, үшінші топтан 4,7 есе, екінші топтан 3,3 есе, төртінші топтан 5,2 есе жоғары болып тұр. Бесінші бағанадағы негізгі капиталға салынған инвестицияларды талдағанымызда мұнда ең төмен көрсеткішті екінші топ иеленіп, бірінші топтан 4,5 есе, төртінші топтан 2,1 есе, үшінші топтан 5,9 есе төмен көрсетіп тұр. Соңғы бағана іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы ауданы ең жоғарғы көрсеткішті иеленіп топ бастап тұрған бірінші топ және ол үшінші топтан 7 пайызға, екінші топтан 69 %, төртінші топтан 85 % жоғары болып тұр.

Қорыта келгенде кестеде қарастырылған 26 моноқаланы көрсеткіштерінің орташа айлық жалақысының өсуі бойынша топтастыру барысында, талданған барлық көрсеткіштерден ауытқуларды кездестірдік. Орташа айлық жалақысы бойынша қалалар топтарының әлеуметтік-экономикалық статистикалық көрсеткішіне байланысты, атап айтқанда орташа айлық жалақысы бойынша топтастыру барысында олардың осы көрсеткішінен басқа көрсеткіштері топтың орналасу ретімен сақталмайтынына көз жеткіздік.



Сурет 4–ҚР моноқалалардың 2006-2014 жылдар аралығындағы өнеркәсіп өнімі көлемінің өсу/кему серпіні (жыл аяғына, млн. теңге)

Ескерту- [93-101] дереккөз негізінде автормен дайындалған

ҚР моноқалалардың 2006-2014 жылдар аралығындағы өнеркәсіп өнімі көлемінің өсу/кему серпінін қарастыратын болсақ, 4-суреттен байқағанымыздай оның аталған жылдар аралығында біраз ауытқығанын көре аламыз. Жалпылай

айтқанда 2006-жылдан 2011-жылға дейін бірқалыпты жоғарылағанын, бірақта 2012-жылы бірден төмендеп 2014-жылға дейін қайтадан бірқалыпты көтерілгенін байқай аламыз. Менің ойымша бұл ауытқу ҚР моноқалаларындағы әлеуметтік-экономикалық әртүрлі жағдайлардың әсерінен деп түсінеміз.

Кесте 9–Қазақстандағы моноқалалардың 1 тұрғынға шаққандағы өнеркәсіп өнімінің көлеміне байланысты топталуы (2012-2014ж.ж)

Моноқалалардың 1 тұрғынға шаққандағы өнеркәсіп өнімінің көлемі (млн. теңге)	Қалалар саны	1 тұрғынға шаққандағы өнеркәсіп өнімінің көлемі, мың. теңге	Халық саны (жыл соңына), мың адам	Орташа айлық жалақы, теңге	Бөлшек сауда, млн. теңге	Негізгі капиталға салынған инвестициялар, млн. теңге	Іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы ауданы, шаршы метр
1 млн-ға дейін	12	287,2	51,2	79 487,3	4 760,2	8 021,4	6 790,8
1-2 млн.	7	1 336,9	78,3	115 947,8	14 171	23 211,5	25 373,8
2-3 млн.	2	2 056,1	165,8	99 635	39 362,4	109 845,1	32 419,1
3-4 млн.	2	3 958,8	73,8	104 980	12 520,8	24 857,4	9 697,6
4 млн. жоғары	3	28 060	57,73	183 551,3	8 313,4	170 794,6	44 978,2
Ескерту- [93-95] дереккөз негізінде автормен дайындалған							

9-кесте Қазақстандағы моноқалалардың 2012-2014 жылдар аралығындағы статистикалық мәліметтерінің орташа көрсеткішінің 1 қала тұрғынына шаққандағы өнеркәсіп өнімінің көлеміне байланысты топталуын көрсетеді.

9-кестеден көріп отырғанымыздай 1 тұрғынға шаққандағы өнеркәсіп өнімінің көлемі бойынша моноқалалардың 5 тобын көруімізге болады. Олар:

1. 1 млн. теңгеге дейінгі 12 қала, яғни Жаңатас, Қаратау, Сәтбаев, Арқалық, Шахтинск, Кентау, Курчатов, Текелі, Саран, Жітіқара, Зырян және Лисаков қалалары;

2. 1-2 млн. теңге аралығындағы 7 қала, яғни Қаражал, Жаңаөзен, Степногорск, Абай, Риддер, Рудный және Жезқазған қалалары;

3. 2-3 млн. теңге аралығында 2 қала, яғни Теміртау және Екібастұз қалалары;

4. 3-4 млн. теңге аралығында 2 қала, яғни Балқаш және Ақсу қалалары;

5. 4 млн. теңгеден жоғары 3 қала, яғни Хромтау, Ақсай, және Құлсары қалалары.

Барлығы 26 моноқала болатын бес топты қалалар саны бойынша талдап қарасақ, ең көп қала саны бірінші топта, ал ең аз қала саны үшінші және төртінші топта орналасқанын және бірінші топтан олардың саны 6 есе аз екенін көруімізге болады. Ал қалған екі топ аралығы жобамен екі жарым есе қатынаспен екінші топ бесінші топтан жоғары екенін көреміз.

Бұл топтарды орташа айлық жалақысына, негізгі капиталға салынған инвестицияларына, бөлшек сауда көлеміне және іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы аудандарына байланысты ең жоғарғы және ең төменгі көрсеткіштерінің қатынастарын топ бойынша талдап қарайық. Мұндағы ең аз жалақы бірінші топта екенін және ең көп орташа айлық жалақымен бесінші топ 2,3 есе көрсеткішпен жоғары болып тұрғанын, ал негізгі капиталға салынған инвестициялары мен іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы аудандарын қарасақ, сәйкесінше бесінші топтың бірінші топқа қарағанда 21,3 есеге негізгі капиталға салынған инвестицияларының және іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы аудандары 6,6 есе үлкен екенін байқаймыз. Ал негізгі топтарды құраушы 1 қала тұрғынына шаққандағы өнеркәсіп өнімінің көлемінің ең жоғарғы және ең төменгі қатынастары 1/98 қатынасындай болып тұр.

Бұл кестеден байқағанымыздай төрт топтың да 1 қала тұрғынына шаққандағы өнеркәсіп өнімінің көлеміне байланысты бес көрсеткіштің де өсу ретімен сақталмағанын және бірінші топтың барлық көрсеткіштері төмен деңгейде орналасқанын көруімізге болады.

Жекелей топтарды салыстырып қарастыратын болсақ, бесінші топтың халық саны мен іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы аудандары жөнінен төртінші топтан төмен болып тұрғанын байқауымызға болады, яғни халық санынан 28% және 4,6 есе іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы аудандарын табамыз. Тағы осы екі топтың негізгі капиталға салынған инвестицияларына келетін болсақ бұнда керісінше бесінші топтың төртінші топтан 7 есе үлкен екенін көреміз.

Көрсеткіштердің ауытқушылығы жағынан екінші, үшінші, төртінші топтың орташа айлық жалақысының және үшінші, төртінші, бесінші топтың бөлшек сауда көрсеткіштерін табамыз. Атап айтқанда екінші топ орташа айлық жалақысы жөнінде қалған екі топтан жоғары болып тұрғанын және ол үшінші топтан 14%, төртінші топтан 10% құрайды. Тиісінше бұл жердегі ең аз көрсеткіш үшінші топқа тиесілі болып тұр. Ал екінші ауытқуы көп көрсеткішкіш бөлшек сауда көлемін талдап қарайық. Бұл жерде ең жоғарғы көрсеткіш үшінші топқа тиесілі болса, ең төменгі сауда көлемін бесінші топ көрсетуде. Қалған екі топтан, яғни төртінші топтың екінші топтан төмен көрсетіп тұрғанын байқаймыз.

Қорыта келгенде кестеде қарастырылған 26 моноқаланы өнеркәсіп өнімі көлемінің өсуі бойынша топтастыру барысында, біз қарастырған көрсеткіштерден өсу реті бойынша қатынас таппадық. Бұл дегеніміз өнеркәсіп өнімінің бір адамға шаққандағы көрсеткіштеріне байланысты топтастырғанда

топтардың өсу ретімен орналасуы бойынша ешқандай байланыстың болмайтынын білдіреді.



Сурет 5–ҚР моноқалалардың 2006-2014 жылдар аралығындағы бөлшек сауда көлемінің өсу/кему серпіні (жыл аяғында, млн. теңге)

Ескерту- [93-101] дереккөз негізінде автормен дайындалған

Сурет 5–ҚР моноқалалардың 2006-2014 жылдар аралығындағы бөлшек сауда көлемінің өсу/кему серпінін саралайтын болсақ, біз оның 9 жыл бойы ауытқу серпінің жоғарғы суреттен көруімізге болады. Жалпы аталған жыл аралығында біз байқап отырғандай 2006-жылдан 2012-жылға дейін баяу бірқалыпты өсуін байқай аламыз және оның шарықтау шегі 2012-жыл мен 2013-жылға келіп тұрғанын көреміз. Бірақта 2013-жылдан 2014-жылға қараған уақытта оның бәсеңдеп төмендегінін көре аламыз.

10-кесте Қазақстандағы моноқалалардың 2012-2014 жылдар аралығындағы статистикалық мәліметтерінің орташа көрсеткішінің 1 қала тұрғынына шаққандағы бөлшек сауда көлеміне байланысты топталуын көрсетеді.

10-кестеден көріп отырғанымыздай 1 тұрғынға шаққандағы бөлшек сауда көлемі бойынша моноқалалардың 4 тобын көруімізге болады. Олар:

1. 100 мың. теңгеге дейінгі 11 қала, яғни Қаратау, Жанатас, Жаңаөзен, Кентау, Саран, Қаражал, Жітіқара, Хромтау, Арқалық, Абай және Текелі қалалары;

2. 101-200 мың. теңге аралығындағы 8 қала, яғни Сәтбаев, Шахтинск, Лисаков, Құлсары, Балқаш, Ақсу, Зырян және Ақсай қалалары;

3. 201-300 мың. теңге аралығында 5 қала, яғни Степногорск, Екібастұз, Жезқазған, Теміртау және Рудный қалалары;

4. 300 мың. теңгеден жоғары 2 қала, яғни Риддер және Курчатов қалалары.

Кесте 10–Қазақстандағы моноқалалардың 1 тұрғынға шаққандағы бөлшек сауда көлеміне байланысты топталуы (2012-2014ж.ж)

Моноқалалардың 1 тұрғынға шаққандағы бөлшек сауда (мың. теңге)	Қалалар	1 тұрғынға шаққандағы бөлшек саудасы, мың. теңге	Халық саны (жыл соңына), мың адам	Орташа айлық жалақы, теңге	Өнеркәсіп өнімінің көлемі, млн. теңге	Негізгі капиталға салынған инвестициялар, млн. теңге	Іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы ауданы, шаршы метр
100-ге дейін	11	56,2	55,2	89 347,8	43 929,8	10 453,4	16 525,8
101-200	8	156,1	65	128 076,4	776 179,8	73 477,7	21 418,7
201-300	5	237,4	123,4	99 609,2	235 457,8	63 090,4	21 505,1
300 -ден жоғары	2	360,8	34,9	109 941,3	39 036,8	11 132,6	8 807,8
Ескерту- [93-95] дереккөз негізінде автормен дайындалған							

Барлығы 26 моноқала болатын төрт топты қалалар саны бойынша талдап қарасақ, ең көп қала саны бірінші топта, ал ең аз қала саны төртінші топта орналасқанын және бірінші топтан 5 есе аз екенін көруімізге болады. Ал қалған екі топ аралығы жобамен екі есе қатынаспен екінші топ үшінші топтан жоғары екенін көреміз.

Бұл топтарды орташа айлық жалақысына, өнеркәсіп өнімінің көлеміне, негізгі капиталға салынған инвестицияларына және іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы аудандарына байланысты ең жоғарғы және ең төменгі көрсеткіштерінің қатынастарын топ бойынша талдап қарайық. Мұндағы ең аз жалақы бірінші топта екенін және ең көп орташа айлық жалақымен екінші топ 43% көрсеткішпен жоғары болып көш бастап тұрғанын, ал өнеркәсіп өнімінің көлемі мен іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы аудандарын қарасақ, сәйкесінше төртінші топтың бірінші топқа қарағанда 66 пайызға өнеркәсіп өнімінің және іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы аудандары 7 есе үлкен екенін байқаймыз. Ал негізгі топтарды құраушы 1 тұрғынға шаққандағы

инвестиция көлемінің ең жоғарғы және ең төменгі қатынастары 1/14 қатынасындай болып тұр.

10-кестеден байқағанымыздай төрт топтың да бір 1 тұрғынға шаққандағы бөлшек сауда көлеміне байланысты бес көрсеткіштің де өсу ретімен сақталмағанын және бірінші топтың барлық көрсеткіштерінің ішінде тек негізгі капиталға салынған инвестициялары мен орташа айлық жалақысы ғана төмен деңгейде орналасқанын көрумізге болады.

Жекелей топтарды салыстырып қарастыратын болсақ, төртінші топтың орташа айлық жалақысынан басқа барлық көрсеткіштері төмен болып тұрғаны анық. Атап айтқанда халық санынан 3,5 есе, іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы аудандары жөнінен 2,4 есе, өнеркәсіп өнімінің көлемінен 6 есе және негізгі капиталға салынған инвестицияларынан 5,7 есе кіші болып тұрғанын байқауымызға болады.

Халық саны мен іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы аудандары жөнінен ең жоғарғы көрсеткіштерге үшінші топ ие болса, керісінше төртінші топ ең төменгі көрсеткішті көрсетіп тұр. Ал орташа айлық жалақы, өнеркәсіп өнімінің көлемі, және негізгі капиталға салынған инвестицияларынан екінші топ көш бастап тұрса, бұған қарама-қарсы ең азын өнеркәсіп өнімінің көлемінен төртінші топ, орташа айлық жалақысы мен негізгі капиталға салынған инвестицияларынан бірінші топ иеленіп тұр.

Қорыта келгенде кестеде қарастырылған 26 моноқаланы 1 қала тұрғынына шаққандағы бөлшек сауда көлемінің өсуі бойынша топтастыру барысында, біз қарастырған көрсеткіштерден өсу реті бойынша қатынас таппадық. Бұл көрсеткіш бойынша адам басына шаққандағы бөлшек сауда көлеміне байланысты қалаларды топтастырғанда ешқандай байланыстың сақталмайтыны дәлелденді.



Сурет 6—ҚР моноқалалардың 2006-2014 жылдар аралығындағы экономикасының негізгі капиталына салынған инвестициялар көлемінің өсу/кему серпіні (жыл аяғында, млн. теңге)

Ескерту- [93-101] дереккөз негізінде автормен дайындалған

ҚР моноқалалардың 2006-2014 жылдар аралығындағы экономикасының негізгі капиталына салынған инвестициялар көлемінің өсу/кему серпінін талдау барысында біз 6-суреттен 9 жыл аралығындағы моноқалалардың экономикасына салынған инвестицияның жалпы ауытқуын көруімізге болады. Жалпылай айтқанда аталған уақыт аралығында суреттен көріп отырғанымыздай инвестиция көлемі баяу өсіп отырған, бірақта 2009-жыл мен 2013-жылды қоспағанда. Бұл жылдарда салыстырмалы түрде оның алдыңғы жылдарымен салыстырғанда сәл төмен екенін байқай аламыз. Ең инвестиция көлемінің көп салынған жылына 2014-жылды анықтасақ, сәйкесінше ең аз жылға 2006-жылды жатқызуымызға болады. Инвестицияның 2014 жылда ең көп болу себебі оның мемлекет тарапынан моноқалаларды қолдау бағдарламасының әсерінің арқасында болып табылады.

Кесте 11-Моноқалалардың 1 тұрғынына шаққандағы негізгі капиталға салынған инвестициялары бойынша топталуы (2012-2014ж.ж)

Моноқалалардың 1 тұрғынына шаққандағы негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі (мың. теңге)	Қалалар саны	1 тұрғынға шаққандағы негізгі капиталға салынған инвестициялары, мың. теңге	Халық саны (жыл соңына), мың адам	Орташа айлық жалақы, теңге	Өнеркәсіп өнімінің көлемі, млн. теңге	Бөлшек сауда, млн. теңге	Іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы ауданы, шаршы метр
200-ге дейін	12	149,32	51,2	74 614,5	22 813,9	5 372,6	5 951,3
201-400	8	280,59	84,9	119 609,9	139 151,7	14 704,5	24 717,5
401-600	2	457,07	99,0	111 025,5	263 076,6	23 091,4	17 713,8
601-нан жоғары	4	2 114	80,5	162 765,6	1 508 723,7	14 184,0	43 423
Ескерту- [93-95] дереккөз негізінде автормен дайындалған							

11-кесте Қазақстандағы моноқалалардың 2012-2014 жылдар аралығындағы статистикалық мәліметтерінің орташа көрсеткішінің 1 қала тұрғынына шаққандағы негізгі капиталға салынған инвестицияларына байланысты топталуын көрсетеді.

11-кестеден көріп отырғанымыздай 1 тұрғынға шаққандағы инвестиция бойынша моноқалалардың 4 тобын көруімізге болады. Олар:

1. 200 мың. теңгеге дейінгі 12 қала, яғни Кентау, Жітіқара, Текелі, Арқалық, Қаратау, Курчатов, Жаңатас, Абай, Лисаков, Шахтинск, Степногорск және Зырян қалалары;

2. 200-400 мың. теңге аралығындағы 8 қала, яғни Балқаш, Саран, Жаңаөзен, Сәтбаев, Қаражал, Жезқазған, Риддер және Теміртау қалалары;

3. 400-600 мың. теңге аралығында 2 қала, яғни Рудный және Ақсу қалалары;

4. 600 мың. теңгеден жоғары 4 қала, яғни Хромтау, Екібастұз, Ақсай және Құлсары қалалары.

Барлығы 26 моноқала болатын төрт топты қалалар саны бойынша талдап қарасақ, ең көп қала саны бірінші топта, ал ең аз қала саны үшінші топта орналасқанын және бірінші топтан 6 есе аз екенін көруімізге болады. Ал қалған екі топ аралығы екі есе қатынаспен екінші топ төртінші топтан жоғары екенін көреміз.

Бұл топтарды орташа айлық жалақысына, өнеркәсіп өнімінің көлеміне, бөлшек сауда көлеміне және іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы аудандарына байланысты ең жоғарғы және ең төменгі көрсеткіштерінің қатынастарын топ бойынша талдап қарайық. Мұндағы ең аз жалақы бірінші топта екенін және ең көп орташа айлық жалақымен төртінші топ 2 есе көрсеткішпен жоғары болып тұрғанын, ал өнеркәсіп өнімінің көлемі мен іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы аудандарын қарасақ, сәйкесінше төртінші топтың бірінші топқа қарағанда 66 пайызға өнеркәсіп өнімінің және іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы аудандары 7 есе үлкен екенін байқаймыз. Ал негізгі топтарды құраушы 1 тұрғынға шаққандағы инвестиция көлемінің ең жоғарғы және ең төменгі қатынастары 1/14 қатынасындай болып тұр.

Бұл кестеден байқағанымыздай төрт топтың да бір тұрғынға шаққандағы инвестиция көлемінің өсуіне байланысты бес көрсеткіштің тек бір көрсеткіші, яғни өнеркәсіп өнімінің көлемі ғана өсу ретімен топталғанын, ал қалған көрсеткіштердің әр түрлі жағдайдағы екінші, үшінші және төртінші топтардан ауытқуларын көруімізге болады. Атап айтатын болсақ, бұлар екінші, үшінші және төртінші топтағы халық санының, орташа айлық жалақының, бөлшек сауда көлемінің және іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы аудандарының көрсеткіштері.

Жекелей топтарды салыстырып қарастыратын болсақ, үшінші топтың халық саны 99 мың адам болса, бөлшек саудасының көлемі 23091 мың теңге, сәйкесінше төртінші топтың аталған көрсеткіштері 80 мың адаммен 14184 мың теңге көлемінде болып төмен көрсеткішті көрсетіп тұр. Төртінші топтың моноқалаларындағы бұл көрсеткіштерді тереңірек талдап қарастырсақ, бұл жердегі басты себеп болып, бұл топтағы моноқалалардың санының көп болуына байланысты орташа көрсеткішті шығарғанда азайып кетуі және олардың халқы ең жоғарғы Павлодар облысының моноқаласы Екібастұз бен халқы ең аз Ақтөбе облысындағы жалғыз Хромтау моноқаласынан 3,5 есе көп екенінде болып тұрғанын анықтадық. Осы топтағы бөлшек сауданың көлемінің үшінші топтың сәйкес көрсеткіштерінен аз көрсету себепін талдап

зерттегенімізде, мұнда да моноқалалардың санының көп болуымен және Хромтау моноқаласының бұл жерде де ең төменгі бөлшек сауда көлемін көрсетіп, Екібастұз моноқаласынан 11 есе аз болуынан екенін таптық.

Ал екінші топ пен үшінші топтағы орташа айлық жалақысын және іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы аудандарын салыстырсақ, бұнда екінші топтың аталған көрсеткіштері, яғни орташа айлық жалақысы 119 мың теңге және іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы аудандары 24717 метр болса, сәйкесінше үшінші топтың бұл көрсеткіштері 111 мың теңге 17713 метр шамасын көрсетіп, екінші топтан төмен көрсеткішті көрсетуін байқауымызға болады. Бұл топтарды тереңірек қарастырып, себебін анықтағанымызда үшінші топпен екінші топтың орташа айлық жалақысы жуықтап алғанда 8 пайызға жоғары екенін таптық. Екінші топтағы ең жоғарғы жалақы Маңғыстау облысындағы Жаңаөзен моноқаласына тиесілі және оның осы топтағы ең аз жалақымен қамтылған Қарағанды облысындағы моноқала Сараннан 3 есе жоғары. Ал іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы аудандарының айырмашылығына тоқталсақ екінші топтың бұл көрсеткіші үшінші топпен салыстырғанда жуықтап алғанда 40 пайызға жоғары тұрғанын есептеп анықтадық. Бұл топтағы ең жоғарғы көрсеткіш Теміртау моноқаласына тиесілі. Бұл Теміртау қаласының осы топтағы ең халқы көп болуымен түсіндіріледі. Керісінше, бұл көрсеткіштегі ең аз моноқалаға Қарағанды облысындағы Қаражал моноқаласын жатқызуымызға болады. Бұл қаланың халық саны салыстырмалы түрде осы топтағы ең аз халық орналасқан қала болып табылады.

Қорыта келгенде кестеде қарастырылған 26 моноқаланы инвестиция көлемінің өсуі бойынша топтастыру барысында, қалалардағы инвестиция көлемінің өнеркәсіп өнімі көлемінің өсу ретімен орналасуына және қалған көрсеткіштердің ауытқулары осы топтағы қалалардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын анықтайтын факторлардың басқада көрсеткіштеріне байланысты деген тоқтамға келуімізге болады. Менің пікірімше, бұл инвестиция көлемінің тікелей осы қалалардың өнеркәсібінің дамуына бағытталуына байланысты деп ойлаймыз. Бұл жерде де аталған көрсеткішке байланысты қалаларды топтастыру барысында ешқандай заңдылықтың сақталмайтыны дәлелденді.



Сурет 7–ҚР моноқалалардың 2006-2014 жылдар аралығындағы іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы ауданының өсу/кему серпіні (жыл аяғында, шаршы метр).

Ескерту- [93-101] дереккөз негізінде автормен дайындалған

Сурет 7–ҚР моноқалалардың 2006-2014 жылдар аралығындағы іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы ауданының өсу/кему серпінін талдайтын болсақ 7- суреттен 2008 жылы моноқалалардағы іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы ауданының ең жоғарғы кезеңін, ал 2010 жылы ең төмен кезеңін анықтауымызға болады. Жалпылай суреттен қарайтын болсақ іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы ауданы 2006-жылдан 2008-жылға дейін баяу өскенін және 2008-жылдан 2010-жылға дейін бәсеңдегенін байқай аламыз. Дәл осындай үрдіс 2010-жылдан 2014-жыл аралығында жалғасқанын айтуымызға болады. 7-суреттегі бастапқы 2006-жыл мен 2014-жылды салыстыратын болсақ шамамен 4% өскенін көре аламыз. Менің ойымша бұл моноқалалардағы құрылыс қарқынының аутқуларының болуы мемлекет тарапынан жасалынып жатқан бағдарламалар мен әлеуметтік-экономикалық жағдайларға байланысты болуы мүмкін.

12-кесте Қазақстандағы моноқалалардың 2012-2014 жылдар аралығындағы статистикалық мәліметтерінің орташа көрсеткішінің 1 қала тұрғынына шаққандағы іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы ауданына байланысты топталуын көрсетеді.

Кесте 12–Қазақстандағы моноқалалардың 1 тұрғынына шаққандағы іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы ауданы бойынша топталуы (2012-2014ж.ж)

Моноқалалардың 1 тұрғынына шаққандағы іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы ауданы, шаршы метр	Қалалар саны	1 тұрғынға шаққандағы іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы ауданы, шаршы метр	Халық саны (жыл соңына), мың адам	Орташа айлық жалақы, теңге	Өнеркәсіп өнімінің көлемі, млн. теңге	Бөлшек сауда, млн. теңге	Негізгі капиталға салынған инвестициялар, млн. теңге
100-ге дейін	4	54,8	55,4	75 741,2	34 815,3	8 429,4	8 248,3
101-200	12	141,7	72,6	87 409,7	106 120,9	10 722,2	18 364,9
201-300	6	246,1	74,6	101 111,8	142 928,6	15 178,5	44 820,6
301-ден жоғары	4	761,4	68,5	191 703,4	1419436,1	7 893	129 557,6
Ескерту- [93-95] дереккөз негізінде автормен дайындалған.							

12-кестеден көріп отырғанымыздай 1 тұрғынға шаққандағы іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы ауданы бойынша моноқалалардың 4 тобын көруімізге болады. Олар:

1. 100 шаршы метрге дейінгі 4 қала, яғни Степногорск, Жітіқара, Текелі және Зырян қалалары;
2. 101-200 шаршы метр аралығындағы 12 қала, яғни Ақсу, Лисаков, Кентау, Қаратау, Сәтбаев, Арқалық, Теміртау, Жезқазған, Шахтинск, Балқаш, Абай және Жаңатас қалалары;
3. 201-300 шаршы метр аралығында 6 қала, яғни Риддер, Рудный, Саран, Екібастұз, Хромтау және Қаражал қалалары;
4. 301 шаршы метрден жоғары 4 қала, яғни Курчатов, Ақсай, Жаңаөзен және Құлсары қалалары.

Барлығы 26 моноқала болатын төрт топты қалалар саны бойынша талдап қарасақ, ең көп қала саны екінші топта, ал ең аз қала саны бірінші және төртінші топта орналасқанын және олар екінші топтан 3 есе аз екенін көруімізге болады. Ал қалған үшінші топ аралығы екі есе қатынаспен екінші топ үшінші топтан жоғары екенін көреміз.

Жалпылама топтарды 1 тұрғынға шаққандағы іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы ауданының өсуі бойынша талдағанда, екі көрсеткіштен яғни бөлшек сауда көлемі мен халық санынан басқа, барлық көрсеткіштердің өсу ретімен орналасқанын анықтадық. Атап айтатын болсақ оларға орташа айлық

жалақының, өнеркәсіп өнімінің және негізгі капиталға салынған инвестициялардың көрсеткіштері. Бөлшек сауда көлемі мен халық санына тоқталып қарағанымызда бұл топтардың өсу ретімен орналаспағанын және бірінші мен төртінші топтардан ауытқуларды байқадық. Мысалыға бірінші топ бұл екі көрсеткіштен де төртінші топтан төмен болып тұрғанын көреміз, ал екінші топ үшінші топтан төмен екенін байқауымызға болады.

Әр көрсеткіштерді жеке талдап қарастырайық.

Ең бірінші топты құраушы бірінші бағанадағы 1 тұрғынға шаққандағы іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы ауданына байланысты талдағанымызда олардың ең төменгі көрсеткіші бірінші топта болып, екінші топтан 2,6 есе, үшінші топтан 4,5 есе, төртінші топтан 13,9 есе кіші екенін есептеп таптық. Екінші халық санына байланысты талдайық. Бұл жерден тағыда бірінші топтың көрсеткіштері ең төмен болып тұрғанын және екінші топтан 131,05 пайызға, үшінші топтан 134,7 пайызға, төртінші топтан 123,65 пайызға төмен екенін анықтадық. Үшінші бағана бойынша, яғни орташа айлық жалақыны талдағанымызда әдеттегідей бірінші топ ең аз көрсеткішті көрсетіп екінші топтан 115,4 пайызға, үшінші топтан 133,5 пайызға, төртінші топтан 205 есе аз екенін есептеп таптық. Төртінші өнеркәсіп өнімінің көлемі бойынша талдасақ ең жоғарғы көрсеткіш төртінші топта орналасып үшінші топтан 9,9 есе, екінші топтан 13,4 есе, бірінші топтан 41 есе жоғары болып тұр. Бесінші бағанадағы бөлшек сауда көлемін талағанымызда мұнда керісінше ең төмен көрсеткішті төртінші топ иеленіп, бірінші топтан 107 пайызға, екінші топтан 136 пайызға, үшінші топтан 192 пайызға төмен көрсетіп тұр. Соңғы бағана негізгі капиталға салынған инвестициялардан ең жоғарғы көрсеткішті иеленіп топ бастап тұрған төртінші топ және ол үшінші топтан 2,9 есе, екінші топтан 7 есе, бірінші топтан 16 есе жоғары болып тұр.

Қорыта келгенде кестеде қарастырылған 26 моноқаланы көрсеткіштерін талдап қарастырғанымызда біз бұл жерде іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы аудандарына өсуіне қарай көп көрсеткіштердің өсу ретімен орналасқанын анықтадық. Менің пікірімше бұл көрсеткіш қала экономикасы мен оның халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайын айқындайтын негізгі белгілері деп түсінеміз. Себебі аталған көрсеткіш моноқалалардағы тұрғын үй кешеніне деген сұраныстың өсу немесе кему дәрежесін көрсетеді. Ал бұл өз кезегінде халықтардың осы қалаларға көші-қон индикаторы болып табылады десекте болады. Әдетте адамдардың экономикасы тұрақты, жұмыс жасауға жайлы, болашағына сенімді қалаларға көптеп келуімен байланыстырылады.

Жалпылай қорытындылаған кезде аталған көрсеткіштер барысында қалаларды топтастырудан ешқандай байланыстылық таппадық. Бұл зерттеудің нәтижесі теріс нәтиже, яғни талдаған көрсеткіштерді топтастырып талдау барысында әлеуметтік-экономикалық жағдайына байланысты ешқандай бір-біріне деген байланыстылық табылмады. Бұлай болудың себебі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің басқа да жағдайларына байланысты болуы мүмкін. Зерттеудің нәтижесіндегі моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық статистикалық көрсеткіштеріне байланысты топтамасы мемлекет тарапынан

мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруда қолдануға болады. Атап айтқанда бұл қалалардың топтары осы қалалардың әлеуметтік-экономикалық индикаторы болып табылады. Себебі бұл зерттеуде талданған әрбір көрсеткіштер еліміздегі моноқалалардың әлеуетін анықтайды.

2.3 Қазақстандағы бір салалы қалалардың әлеуметтік-экономикалық жағдайларының негізгі мәселелері мен Оңтүстік Қазақстан облысындағы Кентау қаласының әлеуметтік-экономикалық жағдайын саралау

Кентау қала әкімшілігі Оңтүстік Қазақстан облысында құрылған және ескі атауы Мырғалымсай кен орнының атына сәйкес Мырғылымсай елді мекені болатын. Кентау қаласын құрудағы негізгі мақсат Ащысай полиметалл кенішін байыту жұмыстары еді. Кентау қаласы Оңтүстік Қазақстан облысының орталығы Шымкент қаласынан 260 шақырым алшақ жерде орналасқан және Түркістан қаласымен арақашықтығы 30 шақырымды құрайды. Кентаудың географиялық жағдайы Қаратаудың етегінде орналасқан қала болып саналады. Кентау қаласы «Қазақстанның жасыл-желекті қаласы» және «Қаратау тәжі (корона)» деген аттарға ие болған.


Кентау қаласының 2015 жылғы 1 қаңтардағы қала әкімшілігінің аумағы 0,5 мың шаршы км-ге тең. Кентау қала әкімшілігінің құрамына елді мекендерден 7 ауыл және 4 ауыл әкімшілігі кіреді. Қаладағы 1 шаршы км-ге сыйатын адам тығыздығы 185 адам. Халықтың ұлттық құрамы: қазақтар 65,7%, өзбектер 25,2%, орыстар 5,4%, басқа ұлттар 3,7%. Қала алғаш құрылған кезде орыстар көптеп көшіп келді. Олардан бөлек, гректер, немістер, корейлер, шешендер де қоныс аударған. Олар, негізінен, қуғынға ұшырағандардың туыстары мен арттарында қалған үрім-бұтақтары болатын [102].

Қала экономикасы. Кентау қаласында аты КСРО кезінде белгілі болған тау-кен орындары, трансформатор зауыты және экскаватор зауыты құрылды. Бірақта, XX ғарыдың 90 жылдарындағы өндіріс орындары мен жұмыс орындарының жабылуы тұрғылықты халықтың әлеуметтік тұрмысына қатты әсер етті. Кейіннен қайта іске қосылған экскаватор зауытының қуаты КСРО уақытындағыдай жоғары дәрежені көрсете алмады. Кентау – еліміздегі машина жасау, тау-кен өнеркәсібі және металл өңдеу орталықтарының бірі. Қала экономикасындағы ірі кәсіпорындарға: еліміздегі трансформатор жасайтын жалғыз зауыт – "Трансформатор зауыты" ААҚ, металл өңдеп, машина жасайтын "Экскаватор" ААҚ, "Оңтүстік түстіметалл" – барит өнімдерін, түсті металл концентраттарын өндіретін Кентау байыту фабрикасы, Ащысай металлургия цехы, темір жол цехы кіреді. Мақта-мата өнімдерін шығарады. "Эластополимет" резина-техникалық бұйымдарын, "Табыс" акционерлік қоғамы, "Ерден-нан" ААҚ-нан, тоқаш, кондитерлік бұйымдарын шығарады. Жалпы өнім жиынтығында өнеркәсіп үлесі 55%-ды (түсті металлургия – 28,8%, электр қондырғыларын шығару – 28,5%, машина жасау – 11,9%) құрайды.

«Ачполиметалл» комбинаты ірі түсті металлургия комбинаты, мұнда 7 мыңнан астам адам жұмыс істейді. Комбинатта қорғасын-мырыш металы, облыс бойынша өндірілетін бірден-бір барит концентраты, қорғасын концентраты, кадмий қорғасын концентраты өндіріледі. Кентау ЖЭО-да 5,3%

электр энергиясы, 8,4% -жылу энергиясы өндіріледі. Өткен ғасырдың 90-жылдардың басында 23% өнеркәсіп өнімдерін екі машина жасау өнеркәсіптері Эскаватор зауыты (жылына 618 эскаватор), Трансформатор зауыты (жылына 17,4 мың трансформатор) өндірді[105].

Қазіргі уақытта өнеркәсіп өнімдері 84,5% құрайды: ААҚ «Кентау трансформатор зауыты» (электрлік трансформаторлар құрастырады). ЖАҚ «Южполиметалл» №1 филиалы (барит концентраты және қорғасын концентраты), «Эластополимет» ЖАҚ (резина мен пластмасса өнімдерін шығарады), ААҚ «Эскаватор» [105].




Сурет 8–Кентау қала әкімшілігінің 2011-2015 жылдар аралығындағы халық саны (жыл соңына), мың адам

Ескерту - [96] дереккөз негізінде автормен дайындалған

8-сурет–Кентау қала әкімшілігінің 2011-2015 жылдар аралығындағы халық санының өсуін көрсетеді. Суреттен байқағанымыздай соңғы бес жылдағы халық саны бірқалыпты қарқынмен бес жыл бойы өсіп келе жатқанын анық көреміз. Жеке жылдар бойынша қарастырсақ. Қала халқының саны 2011 жылғы жыл аяғында 87,2 мың адам болса, 2015 жылы қала халқы 94,2 мың адамға дейін өскен. Бұл сәйкесінше халықтың өсу индекстеріне шаққанда келесідей өсу ретімен орналасқан 2011 жылы- 102,7%; 2012 жылы - 102,5%; 2013 жылы - 101,5%; 2014 жылы – 102%; 2015 жылы -101,8%. Жалпы 5 жыл аралықта халық саны 7 мың адамға өскенін көрсетеді.

9-сурет–Кентау қала әкімшілігінің 2012-2014 жылдар аралығындағы 1000 адамға шаққандағы туу, өлім және табиғи өсім коэффициенттерін көрсетеді. Суреттен байқағанымыздай 3 жылдың көрсеткіштеріне қарасақ, олардың аса қатты өзгермегенін көруімізге болады. Яғни мұнда ауытқудың аз екенін байқаймыз. Оларға жеке тоқталсақ 2012-2014 жылдар аралығындағы халықтың

1000 тұрғынына шаққандағы жалпы коэффициенттері: 2012 жылы туылу – 28,4; өлім – 7,37; табиғи өсім – 21,04 көрсетсе, 2013 жылы туылу – 27,8; өлім – 6,52; табиғи өсім – 21,34 болды және 2014 жылы туылу – 26,34; өлім – 6,38; табиғи өсім – 19,96 коэффициенттерін көрсетті.



Сурет 9– 2012-2014 жыдар аралығындағы Кентау қала әкімшілігіндегі 1000 адамға шаққандағы халықтың туу, өлім және табиғи өсімдерінің коэффициенттері

Ескерту - [93-95] дереккөз негізінде автормен дайындалған

2016 жылғы Кентау қаласының әкімшілігінің әлеуметтік-экономикалық даму бөлімі мен статистика мәліметтеріне сүйенсек шағын және орта бизнес саласында 2983 шағын кәсіпкерлік субъектілерінде 4237 адам жұмыс атқарып, шығарған өнім (жұмыс қызметі) 12451,0 млн. теңгені құрады (2015ж. – 10285,0 млн. теңге, 121%).

«Ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ, «Максимум» ЖШС және «Ырыс» МКҰ арқылы ағымдағы жылы ауылшаруашылық, сауда және қызмет көрсету салаларында 152 кәсіпкер 603,0 млн. теңгеге, екінші деңгейдегі банктер арқылы 4 жоба 810,4 млн. теңгеге қаржыландырылды.

«Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасының 2 бағыты (ауылды жерлер мен тіректі ауылдарда кәсіпкерлікті дамыту арқылы жұмыс орындарын құру) бойынша 3 млн. теңгеге дейін – 21 азамат 62,5 млн. теңгеге қаржыландырылды (жылдық жоспар - 49 азамат).


Қалада кәсіпкерлік қолдау мақсатында 113,9 млн. теңгеге кәсіпкерлік орталық салынып, қазіргі таңда қызмет көрсетуде.

2010 жылғы 1 қаңтарға қалада 375 заңды тұлғалар тіркелген, оның ішінде 106-сы мемлекеттік, 263-і жекеменшік болса, 2015 жылы бұл 432 заңды тұлғаға дейін өсті және 107-сы мемлекеттік, 318-і жекеменшік заңды тұлғалар тіркелген. 6 жыл ішінде 57 заңды тұлғаға немесе 15,2% саны көбейген. Бұның көпшілігі жекеменшік екенін айта кеткен жөн (кесте 13).

Кесте 13–2010-2014 жылдар аралығындағы меншігі мен түрі бойынша тіркелген заңды тұлғалар саны

Көрсеткіштер	Жылдар					
	2010ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013ж.	2014ж.	2015ж.
Барлығы	375	403	390	408	413	432
Мемлекеттік	106	112	99	101	107	107
Жекеменшік	263	285	284	301	300	318
Ескерту- [103] дереккөз негізінде автормен дайындалған						

10-суреттен Кентау қаласының соңғы бес жылдағы, яғни 2011-2015 жылдар аралығындағы өнеркәсіп өнімінің көлемін анық көруімізге болады. 4 жыл уақыт ішінде өнеркәсіп өнімі тоқтаусыз бірқалыпты өсу деңгейін көрсеткен бірақта 2015 жылы оның бәсеңдегенін көреміз. Осы көрсеткіштерді жылдар бойынша талдап кетейік. 2010-жылы Кентау қалалық әкімшілігінің кәсіпорындары 12 032,1 млн. тенгенің өнеркәсіп өнімін, немесе облыс көлемінің 3,8% өндірді. 2009 жылға нақты көлем индексі 117,6% құраса, 2014 жылы Кентау қалалық әкімшілігінің кәсіпорындары 23 133 млн.тенгенің өнеркәсіп өнімін, немесе облыс көлемінің 3,8% шығарды және 2013 жылға нақты көлем индексі 106,2% болды.



Сурет 10 – Кентау қала әкімшілігінің 2011-2015 жылдар аралығындағы өнеркәсіп өнімінің көлемі, млн. теңге

Ескерту - [93-97] дереккөз негізінде автормен дайындалған

2010 жылы Кентау қалалық әкімшілігінің ауылшаруашылық тауар өндірушілері негізінен дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар (барлық егістің 9,6%), жемдік (34,5%), көкөніс, картоп және бақша дақылдарын (35,5%)

өсірумен айналысты. Ауыл шаруашылығының жалпы өніміндегі едәуір үлесті (66,1%) көкөніс және бақша дақылдары, картоп (9,3%) алды. 2014 жылы ауылшаруашылық тауар өндірушілері негізінен дәнді және дәндібұршақты дақылдар (барлық егістің 14,2%), жемдік (34,2%), көкөніс, картоп және бақша дақылдарын (51,1%) өсірумен айналысып, қалалық әкімшілігі бойынша ауыл шаруашылығы жалпы өніміндегі едәуір үлесті (76,4%) көкөніс және бақша дақылдары алды.


2010 жылы шаруашылықтың барлық санаттарымен 0,9 мың тонна ет (101,6% - 2009 жылдың деңгейіне), сүт – 4,1 мың тонна (104,1%), жұмыртқа – 823,0 мың дана (101,3%), жүн – 90,1 тонна (103,7%) өндірілді. Ал 2013 жылы шаруашылықтың барлық санаттарымен 0,9 мың тонна ет (2012 жылғы деңгейге 101,6%), сүт – 4 мың тонна (97,2%), жұмыртқа – 923,4 мың дана (109,5%), жүн – 59,3 тонна (74,6%) өндірілді және 2014 жылы шаруашылықтың барлық санаттарымен 0,9 мың тонна ет (2013 жылғы деңгейге 102,3%), сүт – 4 мың тонна (100,1%), жұмыртқа – 926,3 мың дана (100,3%), жүн – 56,4 тонна (95,1%) өнім алынды. Бұған қосымша Кентау қала әкімшілігі бойынша жалпы өнеркәсіп өнімінің қызмет түрлері кесіндісіндегі көлемін 14-кестеден көре аламыз.

Кесте 14–Кентау қала әкімшілігі бойынша жалпы өнеркәсіп өнімінің қызмет түрлері кесіндісіндегі көлемі, қолданыстағы бағамен, млн. теңге

Кентау қаласының көрсеткіштері	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.
Өнеркәсіп барлығы	12 032,1	14 287,5	15 838,2	19 204,8	23 133,0
Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	244,9	198,6	260,0	299,7	416,2
Кен өндіру өнеркәсібінің басқа салалары	244,9	198,6	260,0	299,7	416,2
Өңдеу өнеркәсібі	10 928,6	13 127,1	14 216,5	17 329,8	20 866,4
Тамақ өнімдерін өндіру	2 367,1	2 399,8	2 593,5	2 734,6	4 444,7
Қағаз және қағаздан жасалған өнімдер өндіру	29,6	29,4	28,5	30,4	29,6
Машина жасау	8 120,6	10 300,1	11 342,3	14 240,2	15 921,4
Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау	706,9	814,6	1 101,8	1 278,8	1 467,3
Электр энергиясын өндіру, беру және бөлу	260,5	383,1	378,2	454,9	543,8
Сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтардың жиналуын және таралуын бақылау	151,7	147,2	259,8	296,5	383,1
Суды жинау, өңдеу және жою; қалдықтарды кәдеге жарату	94,7	85,2	168,7	205,3	245,9
Қалдықтарды жинау, өңдеу және жою; қалдықтарды кәдеге жарату	57,0	46,8	73,9	68,4	105,8
Ескерту-[102] дереккөз негізінде автормен дайындалған					

11-сурет Кентау қаласының соңғы бес жылдағы бөлшек сауда айналымын көрсетеді. Бұл суреттен байқағанымыздай 2011-2015 жылдар аралығында бөлшек сауда көлемі өсу қарқынын көрсетсе, 2011-2012 жылдар аралығында оның азайғанын байқатады. Бірақ 2012 жылдан 2013 жылға қарай ол күрт жоғарыласа, 2014 жылға қарай бірқалыпты өсім көрсеткен. Бұл көрсеткіштерді жылма-жыл тоқтап айтайық. Қала әкімшілігіндегі 2010 жылғы бөлшек тауар айналым көлемі 2 099,6 млн. теңге шамасында құралса, 2011 жылы бұл көрсеткіш 3 313,0 млн. теңге болды. Ал 2012 жылы бөлшек сауда айналымы 2 682,1 млн. теңгеге жетсе, 2013 жылы бөлшек сауда көлемі 4 118,4млн. теңге шамасына жетті және 2014 жылғы бөлшек тауар айналым көлемі 4 622,9 млн. теңге шамасын құрады. Бұл сәйкесінше бөлшек сауда көлемі (өткен жылға пайызбен) индекстеріне шаққанда келесідей орналасқан 2011жылы- 106,9%; 2012 жылы - 101,1%; 2013 жылы - 147,5%; 2014 жылы - 104,2%. 2015 жылы өсу үрдісін жалғастырған.

2016 жылғы Кентау қаласының әкімшілігінің әлеуметтік-экономикалық даму бөлімі мен статистика мәліметтеріне сүйенсек қала аумағында өнеркәсіп саласында 18 ірі және орта кәсіпорындар жұмыс атқарып, ағымдағы жылдың 9 айында 16582,5 млн. теңгенің өнімін өндірді, (нақты көлем индексі – 106,0%, 2015ж. – 14518,0 млн. теңге).



Сурет 11– 2011-2015 жылдар аралығындағы Кентау қаласының бөлшек саудасының көлемі млн. теңге

Ескерту- [93-97] дереккөз негізінде автормен дайындалған

«Кентау трансформатор зауыты» АҚ-на тапсырыстардың артуына байланысты өнім көлемі ұлғайуда (2015 жылы 9 айда 6053,0 млн. теңге, 2016 жылы 9 айда 9783,0 млн. теңге).

Кентау қаласының өнеркәсіп саласын төмендегі бағыттармен дамыту жоспарлануда:

1. Инженерлік-инфрақұрылыммен толық қамтылған Индустриалды аймақта жаңа өндіріс орындарын орналастыру.

Кентау қаласында жалпы көлемі 25 га жер телімі Индустриалдық аймақ құруға берілген. Индустриалдық аймаққа (25 га) 1 419,0 млн теңгеге инфрақұрылым жүйелері жүргізіліп, 1 943,5 млн.теңге, 4 жоба, 145 жұмыс орнын құру жоспарлануда.

Индустриалды аймақтың 25 га-ның 4,85 га. – 4 жоба орналастырылған болса, 4,3 га. жер телімі инфрақұрылым жүйесіне бөлініп берілген, қалған 15,85 га жер көлемін құрап отыр.

Сонымен қатар индустриалды аймаққа қызығушылық танытып, алдағы уақытта орналасуға ниет білдерген 1 кәсіпкермен жұмыстар атқарылуда. Жалпы 0,4 га жер теліміне, 272 млн.теңге инвестиция тарту көзделуде («Келмет» ЖШС- медициналық жабдықтар).

Қаланың ауыл шаруашылығы саласында 2368,0 млн. теңгенің өнімі өндірілді (мал шаруашылығы – 824,3 млн. теңге, егін шаруашылығы – 1543,7 млн. теңге).

Ағымдағы жылы қала бойынша 2250,1 га жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілді (бидай - 131 га, жүгері - 118,9, көкөніс - 628,6 га, бақша - 210 га, мақсары - 162 га, картоп - 52 га, бұршақ - 101,5 га, мақта - 156 га, жаңа жоңышқа - 61,6 га және ескі жоңышқа - 628,5 га).

Қала бойынша 1,7 га жерде жылыжайлар іске қосылды (жалпы – 14,3 га), тамшылатып суғару әдісін 250 га жерге енгізілді (Жалпы - 523 га), есепті мерзімде 44 бірлік шағын мал бордақылау алаңдары ашылды (Жалпы – 186 бірлік), 18 бірлік шағын жанұялық сүт аулалары ашылды (жалпы - 38 бірлік).

Мал өнімдері: ет 717,0 тн. 100,0%, сүт 3669,0 тн. 110,2%, жұмыртқа 770,1 мың дана 110,3%-ды құрады.

Ауыл шаруашылығы саласының даму бағыттары:

1. Жыл сайын жылыжай көлемін 2,0 га ұлғайту арқылы егін шаруашылығының өнім көлемін арттыру.

2. Суармалы жерлерді айналымға қосу мақсатында Қарнақ ауылында Жарбасқан су қоймасын салу. Нәтижесінде 450 га суармалы жерлер айналымға қосылып, егін шаруашылығының өнім көлемі артады.

3. Қайта өңдеу кәсіпорындарын ашу және қуаттылығын арттыру бойынша жұмыстар жүргізу. Атап айтқанда, сүт өңдеу цехының қуаттылығын жылына 300 тоннаға дейін арттыру, жеміс-көкөніс өңдеу цехының қуаттылығын 2017 жылы 500 тн/жылына дейін арттыру көзделген.

4. Мал басын тұқымдық түрлендірумен қамту және асылдандыру. Атап айтқанда жыл сайын «Сыбаға» бағдарламасы аясында 201 бас ірі қара мал алу, «Алтын асық» бағдарламасы аясында жыл сайын 300 бас ұсақ мал алу, «Құлан»

бағдарламасы аясында жыл сайын 45 бас ұсақ мал алу және аталған мал басын тұқымдық түрлендіруге қатыстыру.

2016 жылғы Кентау қаласының әкімшілігінің әлеуметтік-экономикалық даму бөлімі мен статистика мәліметтеріне сүйенсек қала бойынша 2016 жылы инвестиция көлемі 93,6%-ды құрап, көлемі 4893,3 млн. теңгеге жетті (өткен жылы – 5226,4 млн. теңге). Республикалық бюджет есебінен 540,0 млн. теңге (2015 жылы – 1875,1 млн. теңге), жергілікті бюджет есебінен 2900,5 млн. теңге (2015 жылы – 1570,0 млн. теңге), меншікті қаражат есебінен 1452,8 млн. теңгені құрап отыр (2015 жылы – 1781,3 млн. теңге).

Жыл басынан тұрғындар қаражаты есебінен 8949 ш.м. тұрғын үй пайдалануға берілді (2015 жылы 9 айда 12992 ш.м., оның ішінде тұрғындар есебінен 8880 ш.м.). «Шұғыла» мөлтекауданында 250-300 жеке тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде.

2017 жылы екі 60-пәтерлік тұрғын үйлердің құрылысы жоспарлануда, ЖСҚ әзірленіп құрылыс басқармасына өтінім берілді.


Индустриалды аймақ

«Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы аясында индустриалды аймақ құрылған.

Аймақта орналасатын 4 жоба Өңірлік Үйлестіру кеңесімен мақұлданып, алдағы уақытта 2,0 млрд. теңгеге инвестиция тарту жоспарлануда (Жеке кәсіпкер Е.Ауезов – 120,0 млн. теңге; «Бесқасқа» ЖШС – 189,5 млн. теңге; «ЮгЭлектроПривод» ЖШС – 828,0 млн. теңге; «ЭлектроДеталь» ЖШС – 816,0 млн. теңге).

Бүгінгі таңда жалпы құны 1 млрд. теңгені құрайтын 2 жобаның («ЮгЭлектроПривод», «Бесқасқа» ЖШС) құрылыс жұмыстары толығымен аяқталып, іске қосылды. Нәтижесінде 75 жұмыс орны ашылып, қала бюджетіне 2,7 млн. теңге салық төленді.

12-суреттен негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі көрсетілген бес жылдық аралықта үздіксіз өсіп отырғанын байқаймыз. 2011-2013 жылдар аралығында бұл көрсеткіш бірқалыпты өсу қарқынын көрсетсе 2013-2015 жылдар аралығында оның күрт жоғары қарқынмен өскенін көреміз. Оларды жылдарға байланысты жекелей көрсеткіштерін атап көрсетсек. 2010 жылы қала әкімшілігіндегі негізгі капиталға салынған инвестициялар 1 200 млн. теңге сомасында игерілді, бұл 2009 жылғы көлемге 158,1%-ы болса, 2011 жылы негізгі капиталға инвестициялар 2 004 млн. теңге сомасында игерілді, бұл 2010 жылғы көлемге 156,5 %-ды құрады. 2012 жылы инвестициялар 2 749,2 млн. теңге сомасында игерілді, бұл 2011 жылғы көлемге 129,8%-ға жетті. Ал 2013 жылы қала әкімшілігіндегі негізгі капиталға санлынған инвестициялар 3 191,7 млн. теңге сомасында игерілді, бұл 2012 жылғы көлемге 110,9%-ы болса, 2014 жылы негізгі капиталға инвестициялар 2 004 млн. теңге сомасында игерілді, бұл 2013 жылғы көлемге 169,2%-ды құрады.




Сурет 12–2011-2015 жылдар аралығындағы Кентау қаласының негізгі капиталына салынған инвестициялары, млн. теңге

Ескерту-[93-97] дереккөз негізінде автормен дайындалған

13-суреттен 2011-2015 жылдар аралығындағы Кентау қалалық әкімшілігінің іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы ауданы көрсетілген. Бұл суреттен бес жылдың ішінде бірнеше ауытқуларды байқауымызға болады. Қаладағы ең көп тұрғын үй қосылған жылға 2015 жыл болса, ал ең азы 2012 жылды жатқызамыз. Ал қалған 2 жылдағы қосылған тұрғын үй аудандары аса бір-бірінен аутқымайды. Енді жекелей жыл бойынша қарайық. Қала әкімшілігіндегі 2011 жылғы іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы ауданы 12 мың шаршы метр шамасында құралса, 2014 жылғы іске қосылған үйлердің ауданы 10 600 метр шамасын құрады. 2015 жылы оның күрт өскенін көреміз.

2016 жылғы Кентау қаласының әкімшілігінің әлеуметтік-экономикалық даму бөлімі мен статистика мәліметтеріне сүйенсек қала бюджетінің көлемі 11,7 млрд. теңге, оның ішінде жоғарғы бюджеттен бөлінген трансферттер мен субвенциялар көлемі 10,6 млрд. теңгені, жеке табыстар 1,1 млрд. теңгені құрап отыр (жыл басына бекітілген өзіндік табыстар – 752,4 млн. теңге, бүгінгі таңға – 1060,0 млн. теңге, 141%).

Ағымдағы жылы әлеуметтік салаға – 5,7 млрд. теңге бағытталды (қала бюджетінің 48,5%, оның ішінде: білім беру саласы – 4,9 млрд. теңге немесе 41,8%, әлеуметтік көмек және қамсыздандыру – 0,5 млрд. теңге немесе 4,2%, спорт саласы – 0,1 млрд. теңге немесе 0,8%, мәдениет саласы – 0,2 млрд. теңге немесе 1,7%).



Сурет 13- 2011-2015 жылдар аралығындағы Кентау қаласының іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы ауданы, мың шаршы метр

Ескерту-[93-97] дереккөз негізінде автормен дайындалған.

Кентау қаласының 2016 жылдың 9 ай қорытындысы бойынша қалалық бюджет кіріс бөлігі 100,7%-ға орындалды. Жеке табыстың орындалуы 108,2%-ға орындалып, жоспарлы 724,5 млн. теңгенің орнына 783,9 млн. теңге түсіп, 59,4 млн. теңгеге жоспардан артық орындалған.

2016 жылдың 9 айында қалалық бюджеттің шығыс бөлігі 99,3%-ға орындалды (64,1 млн. теңге жаратылмаған, оның ішінде: үнемделген қаржы 39,5 млн. теңге, игерілмеген қаржы 24,6 млн. теңге).

Экономикалық тұрғыдан белсенді халық – 40562 адам, жалпы халық санынан 43%, өзін-өзі жұмыспен қамтылғандар 17923 адам, немесе 19% құрайды.

Жұмыссыздар саны 2122 адамды құрап, жұмыссыздық деңгейі 5,2%, оның ішінде жастар жұмыссыздығы 3,5% құрады. Ресми жұмыссыздар саны 1569 адамды құрады.

Ашылған жұмыс орындары: тұрақты – 489 (2015 жылы 603), немесе 81%, уақытша - 666, (2015 жылы 477), немесе 139,6%.

«Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасы.

Бағдарламаның 1-ші бағыты бойынша 40 жобаны іске асыруға 824,6 млн. теңге қаржы бөлінді. Жобаны жүзеге асыру барысында 95 жұмыс орындарын ашу жоспарланып, 9 айдың қорытындысымен 12 жобаға 114 азамат уақытша жұмысқа орналасты, немесе 120,0% құрады.

Бағдарламаның 3-ші бағыты бойынша жұмыссыз азаматтар қатарынан нысаналы топтағы 107 адам әлеуметтік жұмысқа жолданды. 7 азамат тұрақты жұмыспен қамтылды.

Қайта даярлауға жұмыссыз азаматтар қатарынан 20 азамат жолданды. 34 мекемеге 140 азамат жастар практикасына жіберілді.

Бос және жаңа жұмыс орындарына 694 азамат тұрақты және уақытша жұмысқа орналасты.

Ағымдағы жылы 8 отбасы, 37 адамға 371,5 мың теңге мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төленді.

2845 отбасы, 9174 балаға 144455,7 мың теңге 18 жасқа дейінгі балаларға арналған жәрдемақы төленді.

Бүгінгі таңда, Кентау қаласы бойынша халықтың 96,2% 24 сағат үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз етілген (91327 адам) (Ащысай ауылы 8 сағат ауыз сумен қамтылған, Шаштөбе елді мекені орталықтандырылған ауыз сумен қамтылмаған).

Ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша 2016 жылға Ащысай ауылының су құбырын орташа жөндеу жұмыстарына 29,5 млн. теңге қарастырылып, нәтижесінде ауыл тұрғындарын 24 сағат ауыз сумен қамту көзделуде.

Қарнақ ауылының су өткізгіш тораптарының құрылысына 200,0 млн. теңге қарастырылып (жалпы сметалық құны 1198,0 млн. теңге), 40,2 шақырым ауыз су құбыры тартылды. Нысан 2017-2018 жылдарға өтпелі болып табылады.

Қазақстандағы моноқалалардың жалпы сипаттамасы. Қазақстан Республикасындағы жоспарлы экономиканың мұрасы ретінде қалған бір салалы қалалар, сол кездегі аймақтық өндірістік кешендерді дамыту негізінде құрылды және әлеуметтік-экологиялық жағдайы өндірістік цикл мен халықтың жағдайы және кәсіпорынның жағдайы арасындағы жауапкершілігі бір-бірімен тығыз байланыста болды.

Аймақтық бағынышты моноқалалардың өздерінің бюджеттері болмайды, сол себепті аймақтық бюджет жоспары бойынша қаржыландырылады. Көбіне бұл қаржыландыру дотациялық түрде болып отырады.

Өндірістік өнеркәсіппен шағын кәсіпкерліктің жағдайы. Моноқалаларда Қазақстанның айтарлықтай өнеркәсіп әлеуетінің орналасқанын айтуға болады.

Мысалыға Степногорск қаласы Ақмола облысының өнеркәсіп өнімінде айтарлықтай үлесі бар және ірі өнеркәсіп орны болып саналады.

Ақтөбе облысындағы Хромтау қаласының аумағында Қазақстан бойынша хром рудасының барлық көлемі және ТМД арасында 95% хром рудасын өндіреді.

Қостанай облысындағы Жітіқара қаласында Қазақстандағы жалғыз асбест шығаратын комбинат «Қостанай минералдары» АҚ орналасқан. Бұл комбинат асбесті өндірумен қатар оны байыту арқылы жасалынатын тауарларды шығарады.

Қостанай облысының экономикасының нәтижесіне айтарлықтай әсер ететін темір рудасын шығаратын Рудныйдағы «Соколов-Сарыбай» таукенбайыту өндірістік бірлестігі АҚ айтуға болады. Кәсіпорынның облыс көлеміндегі өнеркәсіп өнімінің 57%, ал салық түсімінің 62,4% құрайды.

Арнайы қызметтерді атқару мақсатында, әсіресе қорғаныс саласында жұмыс істейтін, КСРО кезінде таңдалған жабық әкімшілік аймақтар құралған.

Қазіргі уақытта ондай жерлерді де моноқалаға жатқызу қажет. Біздің елімізде бұндай аймақтарға Курчатов қаласын жатқызуға болады.

Моноқалалардағы өндірістік-өнеркәсіптер бір немесе екі салада жұмыс істеуімен ерекшеленеді, ал қалған кәсіпорындардың әсері, үлесі салыстырмалы түде аз. Кей жерлерде қала құраушы кәсіпорындар мүлдем жұмыс жасамайды. Өнеркәсіп өнім көлемінің төмендеуі қаладағы әлеуметтік-экономикалық жағдайдың нашарлауына немесе қауіп төндіруіне алып келеді.

Адам басына шаққандағы өнеркәсіп өнімінің көлемінің Республикалық орташа деңгейден мұнай, газ, металл шығаратын қалаларда жоғары болып келеді. Бұл қалаларға Ақсай, Ақсу, Қаражал, Хромтау, Зырянов, Құлсары, Риддер қалаларын қосуға болады.

Пайдалы қазбадардың жанында орналасқан моноқалалар пайдалы қазба орнының өмір сүру уақыты барысына және оның тауарларының сұранысының деңгейіне тығыз байланысты және тәуелді болып келеді.

Батыс Қазақстанда орналасқан жаңадан ашылған мұнай және газ кен орнындағы моноқалалар өнеркәсіп өнімінің жоғары қарқынымен және инвестицияның көптеп тартуымен, халық табысының жоғарғы деңгейімен белгілі. Бұндай қалаларға Ақсай, Жаңаөзен, Құлсары қалалары кіреді.

Осы бағытта жұмыс істейтін біраз қалалардың жағдайы нашар бірқатар қалаларда бар. Себебі бұл қалалардағы кен орындарының таусылуы, тозуы немесе оған деген сұраныстың азайуы арқасында болған. Бұндай қалаларға боксит рудасы таусылған Арқалық қаласы, рудасының құрамындағы түрлі түсті металлдың азайуынан зардап шеккен Текелі қаласы, асбест тауарына сұраныс азайған Жітіқара қаласын және т.б айтуға болады.

Өңдеу бағытындағы моноқалалардағы қала құраушы кәсіпорындардың мүлдем тоқтап қалуы немесе тауарларының бәсекеге қабілеттілігінің төмендігіне байланысты жартылай жұмыс істеуі, сұраныстың болмауы немесе тұтыну нарығының алшақта болуы және тасымалдау қызметінің қымбат болуына байланысты қалаларға Серебрян қаласын жатқызуға болады. Бұлардың жағдайы физикалық және моральдық құрал жабдықтардың тозуымен, білікті мамандардың қаладан көшіп кетуі жағдайды одан әрі ушықтырды.

Моноқалалардың ішінде өнеркәсіп өнімі толық тоқтаған немесе жұмыс жасамайтын қалалар тобын атап кетуімізге болады. Оларға Жаңатас, Қаратау, Серебрян қалаларын жатқызамыз.

Моноқалаларда шағын кәсіпкерлікті дамытуға өндірістік және тұтыну сұранысының аз болуы, қаржы несиелік ресурстардың қолжетімсіздігі, өтімділігі жоғары кепілге қоятын дүниенің болмауы, салдарынан оны дамытуға осылар кедергі болады.

Әлеуметтік дамуы. Халық санының 2015 жылғы саны 1 831 мың адамды құрайды. Моноқалалардағы халық санының ондаған жылдар бойы өсуіне(8%) қарамастан онжылдықтың ішінде 11 қала халқының саны азайғанын көреміз. Нәтижесінде Арқалықта, Қаражалда, Абайда, Жаңатаста, Серебрян қалаларында халық санының төмендеуін байқаймыз.

Моноқалалардағы халық санының азайуының басты себебі жұмыссыздық деңгейінің жоғары болуы және төмен деңгейдегі өз-өзін жұмыспен қамту деңгейінің төмендігі, халық табысының аздығы, басқа жақтан халықтың білім алуға ұштарлығы әсер етті.

Моноқалалардағы халықтың миграциялық басқа проблемасы болып, сол қалалардағы халықтың қартаю үрдісі жатады. Кейбір қалаларда еңбекке қабілетті халық санының 18% жоғары үлесі бар қалалар кіреді. Бұл қалаларға Лисаковск, Риддер және т.б қалаларды айтуға болады.

Жұмыспен қамту және жұмыссыздық көпшілік қалалардың проблемалары болып табылады. Салдарынан өз-өзін жұмыспен қамтыған адамдардың саны мен жұмыссыздық санының артуына алып келеді.

Жұмыссыздық жоғары деңгейі салыстармалы түрде республика деңгейінен жоғары болып тұрған Арқалық, Кентау, Ақсу қалалары.

Бұдан басқа моноқалалардағы экономикалық белсенді халықтың үштен бір бөлігі өз-өзін жұмыспен қамтығандардың қатарына жатады.

Өз-өзін жұмыспен қамтығандардың ішінен жоғары көрсеткішті Қаратау, Арқалық, Жітіқара Жаңатас, Құлсары қалалары көрсетеді.

Бұл қалаларда еңбек нарығында сұраныспен ұсыныстың сай болмауы сақталынауда. Ұсыныс тарапынан көбіне жақын арадағы осы қалаларға көшіп келген ауыл адамдары шығуда. Бұл адамдардың мамандану дәрежесі төмен болып келеді және еңбек нарығының сұранысына тура келмейді.

Осыдан шығатыны кадр әлеуетін қайта жаңа сапалы негізге моноқалалардың экономикалық даму басымдылықтарына байланысты дайындау қажеттігі туындайды.

Халықтың өмір сүру деңгейі еңбек нарығының тікелей салдарының әсерінен кедейшіліктің жоғарғы деңгейі сақталуда. Моноқалалардағы адам басына шаққандағы орта табыс мөлшері облыс деңгейіне шаққандағы деңгейге жетпейді. Мысалыға Арқалық, Кентау, Балхаш, Саран қалаларында облыс деңгейінен 60%-85% құрайды.

Халықтың басым бөлігінің табыс көзі болып кәсіпорындар мен ұйымдардан алатын жалақы көбіне бюджеттік ұйымдар және табыс көзінің 50%-60% үлесін құрайды. Қалған 20%-30% зейнетақы, стипендия, әртүрлі пособиялар құраса, қалғандарын басқада шаруашылық қызметтері алып келеді.

Инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымның орналасуына байланысты темір жол бойында орналасқан қалалар және темір жол бойынан алшақ орналасқан қалалар деп екіге бөлуімізге болады. 20 қала темір жол бойында орналасса сәйкесінше 7 қала темір жолдан алшақ орналасқан немесе теміржолдық түкпірде орналасқан. 27 қаланың халықаралық автомобиль жолының бойында 7, республикалық маңызды жол бойында 14, жергілікті маңызы бар жол бойында 7 қала орналасқан.

Өндірістік инфрақұрылымның нашар жағдайы моноқалалардың даму тежегішінің ең негізгілерінің бірі болып келеді. Әсіресе өзекті мәселе болып транспорттық алшақтық және автомобиль жолдарының нашарлығы. Тұтыну нарығынан және қалалық агломерациялардан алшақтық, транспорттық

түкпірлік Арқалық(590 км), Жезқазған(550 км), Жаңатас(180 км), және т.б қалалардың дамуын тежейді. Бұлар облыс орталығы болып табылатын жолдар мен тығыз байланысты және жөндеу жұмыстарын айтарлықтай қажет ететін жолдар.

Инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымның нашар жағдайы моноқалалардың ең негізгі проблемаларының бір болып табылады. Су тарату жүйелері, кәріз жүйелері, жылу және электрлік жүйелері біраз қаражат құюды қажет етеді. Моноқалалардың 50% астамында электр жүйесінің 70% тозған. Бұл қалалардың ішінен Ақсай(94%), Жітіқара(81,3%) және Риддер(82%) қалаларын айтуға болады. Текелі(80%), Зырян(80%), Серебрян(78%), Курчатов(68%) қалаларында жылу жүйесінің тозуының жоғарғы деңгейі байқалады. Ал су тарату жүйесінен Жаңатас(95%), Зырян(82%), Серебрян(75%), Курчатов(74%), Қаратау(60%), Кентауда(60%) қалалары жатады.

Моноқалаларда авариялық жағдайдағы үйлердің көптігімен белгілі. Соның ішінде Арқалық(84,7%), Абай(36,7%), Жаңаөзен(10,9%), Қаратау(8,4%) және Жаңатас(7,1%) қалаларында авариялық үйлердің шаршы метрі аталған қалалардағы жалпы тұрғын үй көлемінің көп бөлігін құрайды.

Адам өмір сүру қауіпсіздігіне және моноқалалардың экономикалық әлеуетіне кері әсер ететін факторларға, техногендік, аномальды табиғи апаттар, табиғатқа әсер ететін жоғары дәрежедегі антропогендік қысымдарды айтуға болады. Бұған қосымша мезгілдік апаттарға, яғни су тасқыны, сел, өрт, жер сілкінісі, медициналық санитарлық жағдайларға қарсы тұратын инфрақұрылымның нашарлығын қосуымызға болады.

Тағыда әлеуметтік инфрақұрылымның өзекті проблемаларына балабақшалардың жоқтығы және медициналық кадрлардың аздығы жатады. Мысалыға: Қаратауда-34,8%, Жаңатаста-35,4% бұл көрсеткіш республикалық деңгейден біршама төмен екенін көрсетеді.

Экологиялық жағдайы. Моноқалалардың өндірістік дамуының залалы атмосфералық ауаның ластануына, топырақтың химиялық улануына, тұзшы судың беткі қабатына және суқоймалардағы балықтар қорының құруына, халықтың аурушандық деңгейінің жоғарылауына алып келеді. Экологиялық зардаптардың негізі болып келесілер есептеледі:

1. қоқыстардың жүйесіз жиналуы және қалалық тазарту құрылғыларының жоқтығы;
2. кәріз жүйесінің және қала маңындағы фильтрациялық алаңдардың нашарлығы;
3. өндіріс қалдықтарының үлкен көлемі және таукен кәсіпорындарының қалдықтары;
4. қатты отынмен жұмыс істейтін кішігірім котельнилерден шығатын әртүрлі лас заттардың бөлінуі.

Еліміздегі моноқалалардың дамуын тежейтін факторлар мен проблемаларға өткен уақыттағы қала құраушы кәсіпорындар мен басым бағыттағы салаларға байланысты көптеген кешенді проблемалар жиналып қалған. Өндіріс көлемінің төмендеуі, қала құраушы кәсіпорындардың жартылай

немесе толықтай тоқтауы моноқалаларда айтарлықтай әлеуметтік экономикалық проблемалардың ушығуына алып келді.

Моноқалалардың негізгі проблемалары болып жұмыссыздықтың көбейуі, халықтың өмір сүру деңгейінің нашарлауы, әлеуметтік жағдайдың ушығуы жатады. Мысалыға соңғы 20-25 жылда «Қаратау» АҚ сияқты кәсіпорындарда, қазіргі уақытта ЖШС «Казфосфат», 10,6 мың адамнан 1,5 мың жұмысшы қалған. Екінші мысалға Саран қаласындағы «Карагандарезинотехника» АҚ келтіруге болады. Ондағы жұмысшы саны 1985 жылы 7 мыңдай болса, қазіргі уақытта 500 адам шамасында. Осыған ұқсас жағдайлар бірнеше моноқалаларда кездесіп жатады.

Өндіріс көлемінің төмендеуіне және қала құраушы кәсіпорындарының тоқтап қалуына шикізат шығаратын кәсіпорындардың базасының тозуы, өндірілетін өнім сапасының бәсекелестік қабілетінің төмен болуы, қала құраушы кәсіпорындардың құрал-жабдықтарының ескіруі, КСРО-ның құлауымен байланысты технологиялық байланыстың үзілуі жатады.

Осылай моноқалалардың экономикалық және әлеуметтік жағдайын талдау арқылы келесідей проблемаларды анықтауға мүмкіндіктер жасады:

Экономикалық мәселелер: қала құраушы кәсіпорынның тоқтап қалуы немесе тоқтау қаупінің пайда болуы; қаланың экономикалық әртараптануының төмен деңгейі; қалақұраушы кәсіпорынға қала халқының жоғары деңгейде тәуелді болуы; қала құраушы кәсіпорыннан түсетін қаражатқа жоғары деңгейде қала бюджетінің тәуелді болуы және салықтық базаның кішірейуі жатады.

Әлеуметтік мәселелер: жұмыссыздық деңгейінің жоғарылығы; көпшілік моноқалалардағы халық табысының аздығы; өмір сүру сапасының төмендігі; көпшілік моноқалаларда халық санының азайуы; әлеуметтік ахуалдың ушығу үрдісінің мүмкін болуы жатады.

Өмірсүруді қамтамасыз ететін инфрақұрылымның мәселелеріне: инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымның тозу деңгейінің жоғарылығы; жоғары деңгейде аймаққа экологиялық қысым; аймақтың айтарлықтай жағдайдағы техногендік және табиғи апаттарға жақын болуы жатады.

3 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІР САЛАЛЫ ҚАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ

3.1 Қазақстандағы бір салалы қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялары

Мемлекеттің экономикасының тұрақты дамуы аймақтық жүйенің тұрақты дамуымен қамтамасыз етіледі және негізі құрылымдық элементі қалалар болып табылады. Қазақстан Республикасының дамуы мен реформалануы қалалардың жаңа категориясының пайда болуына алып келді және олар бір салалы қалалар деп аталды (моноқалалар). Қазіргі уақытта жұмыс жасап тұрған 86 қаланың ішіндегі 27 қала моноқала статусына ие. Бұл дегеніміз әр бір үшінші қала моноқала болып табылады дегенді білдіреді және мұнда қала халқының 16,8% өмір сүреді. Заманауи жағдайда ҚР моноқалаларының дамуы аймақтық өндірістік құрылымның ескіруімен, жоғары дәрежедегі құрал-жабдықтардың тозуымен, кәріз жүйелерімен тізбектерінің ескірумен және жергілікті бюджеттің нашарлығымен сипатталады. Моноқалалардың негізін қала құраушы кәсіпорындар құрайды және монобейінді қоныстарды қалыптастырады, ал бұл өз кезегінде қалада тұратын халықтың өмір сүру жағдайына әсер ететін сфералардың барлығын қала құраушы кәсіпорынның экономикалық қаржылық жағдайы мен нәтижесіне тәуелді етеді. Соңғы 9 жыл аралығында моноқалалардағы халық санының 8% өсуімен, бұған параллелді өнеркәсіп өнімінің 62% өсуімен және негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі көрсеткішінде 97% артуымен әлеуметтік-экономикалық дағдарыс пен осы аймақтардағы әлеуметтік ортаның қазіргі жағдайына алып келді. Қазақстан Республикасының моноқалаларының тиімділігінің дамыту концепциясы аймақтағы моноқалалардың біркелкі дамуына бағытталды, ал бұл өз кезегінде мемлекет саясатын іске асыруда оның толық тиімсіздігін көрсетті. Қазақстан Республикасының моноқалалары бір түрлі болып табылмайды және олар қала құраушы кәсіпорынның болашығы мен қала экономикасының әлеуетіне байланысты болып бірнеше түрге бөлінеді. Осыған байланысты моноқалаларға деген мемлекет саясаты әр түрлі бағыттағы қоныстарды стратегиялық дамытуға арналған дифференциалды тәсілдеме ұстануы тиіс. Дифференциалды саясат мемлекет қаражаттарының тиімді пайдаланылуының жоғарылауына алып келеді, ал бұл өз кезегінде мемлекетіміздің моноқалаларының әлеуметтік-экономикалық тұрақты даму әлеуетін қамтамасыз ету мүмкіндігіне жол ашады. Моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық дамытудағы зерттеудің өзекті және қажет екенін ескере отырып, бұл зерттеу айтылған қателіктерді жоюға бағытталған және аймақтардағы әлеуметтік-экономикалық дамытудың тиімділігін арттырудағы сапалы жаңа өлшем әдістемесі болып табылады.

Аймақтық құрылымда моноқалалар Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жүйесінде стратегиялық маңызға ие, себебі онда мемлекеттің экономикалық өндірістік әлеуетінің көпшілік бөлігі орын алған және қала халқының 16% астамы тұрады. Ірі қала құраушы кәсіпорындар және қала қоныстары арасындағы қарым-қатынас қызметінің тығыз болуы

моноқалалардың ерекшелігі болып табылады, яғни өз кезегінде олардың тұрақты дамуының қажеттілігін қамтамасыз ету дәйекті болып табылады. Талдау қорытындыларына көз жүгіртсек, ҚР моноқалалардағы әлеуметтік саласы оң бағыттағы үрдісті көрсетуде. Халық санының өсу қарқынының индексі 2006-2014 жылдар аралығында 3% шамасында өскен болса, еңбекақы көрсеткіші өзгермеген деп айтуға да болады (сурет 14). 2014 жылдың қорытындысы бойынша моноқалалардағы орташа еңбекақы көрсеткіші 117,529 теңгені құрады, бұл елдегі республикалық деңгейімен салыстырғанда 3% кем, сонымен қатар көпшілік аймақтық құрылымдарда еңбекақы көрсеткіші 65,000 тг аспайды.



Сурет 14–ҚР моноқалалардың әлеуметтік сферасының даму серпінінің көрсеткіштері.

Ескерту-[93-101] дереккөз негізінде автормен дайындалған

Халықтың табыс деңгейінің төмен болуы моноқалалардағы өмір сүру сапасының төмен болуына алып келеді. Бұл жағдай қалалардағы қалыпты өндірістің құлдырауына (2006-2014 жж. өндірістік өнім индексінің көрсеткіші 7% қысқарды) яғни негізгі қордағы инвестиция көлемі 1% азайуына және жұмысбастылықтың қысқаруына (мысалы, бөлшек сауда деңгейі 11% төмендеді, бұл ҚР моноқалаларындағы жұмысбастылықтың басым бөлігін құраушы ретінде) (сурет 15) алып келді. Өз кезегінде бұл үрдіс халықтың жұмысбастылық деңгейінің төмендеуін, моноқалалардағы жергілікті бюджеттегі салық базасының азайуын, сәйкесінше әлеуметтік төлемдердің қысқаруын туғызады, яғни бұл жағдай әлеуметтік шиеленіске алып келуді қалыптастырады. Сонымен қатар, моноқалалардағы инфрақұрылымның жеткілікті дамымауының көрінісінде халықтың Қазақстанның басқа елді мекендеріне белсенді көші-қонынан байқауымызға болады.



Сурет 15–ҚР моноқалалардың экономикалық секторының даму серпінінің көрсеткіштері.

Ескерту-[93-101] дереккөз негізінде автормен дайындалған

Қазақстан моноқалалардағы қиындықтарды шешу мақсатында «Моноқалалардың 2012-2020 жж. даму бағдарламасы» қабылданды. Тұжырымдаманың мақсаты - моноқалалардағы әлеуметтік-экономикалық дамудың келешекте орта және ұзақ мерзімде тұрақты дамуын қамтамасыз етуі болды. Даму бағдарламасының тиімсіз екендігін дәлелдейтін маңызды фактілердің бірі, моноқалалардағы дамуды қамтамасыз етудегі стратегиялық шаралардың тек аймақтағы экономикалық әлеуетке қарауы, яғни қазіргі әлеуметтік-экономикалық даму жағдайын ескермеуі еді. Сонымен бірге ортақ ұсынымдық сипаты болды, бірақ аймақтық құрылымның әлеуметтік-экономикалық дамуына дифференциалды тәсіл қолданбады және нақты деңгейі сараланбады. Нәтижесінде, қаржыландырылған шаралар моноқалаларға әлеуметтік - экономикалық жаңғыртуда айтарлықтай нәтиже көрсетпеді және қазіргі таңда бұл бағдарлама қолданылымдылық маңызынан айырылып, таратылды. Жоғарыдағыны ескере отырып, бұл зерттеудің мақсаты болып моноқалалардың даму стратегиясын заманауи жағдайын және әлеуметтік және экономикалық бірін-бірі толықтыратын жаңғырту үдерістерін ескере отырып қалыптастыратын концептуалды тәсілдеме жасап шығару болып табылады.

ҚР моноқалаларын әлеуметтік-экономикалық дамытудың стратегиясын жасап шығарудың мақсаты заманауи жағдайларға сай және олардың әлеуетіне қарай зерттеу аясында моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық деңгейіне байланысты әртараптандыруға болатындай моноқалаларды дамытудың маңызды бағыттарының басымдылығын анықтайтын әдістер жасап шығарылды. Зерттеуде 26 қала қарастырылған, себебі бір қаланың анық статистикалық мәліметтерінің жоқ болуына байланысты зерттеу мүмкіндігі болмады және бұл аталған қала Серебрян қаласы болып табылады.

Зерттеудің әдістемелік нұсқауы болып «моноқаланың экономикалық даму индексі» және «моноқаланың әлеуметтік даму индексі» матрицасының құрылымы алынды. Матрицада моноқалалардағы әлеуметтік даму мен экономикалық даму моделінің заманауи жағдайдағы тәуелділігі болып табылады.

Зерттеу объектісі болып ҚР моноқалаларындағы экономикалық дамуы мен әлеуметтік дамуының қарым-қатынасы және бұл жерде ол тек сандық өзгерістер факторы емес сонымен қатар аймақтық құрылымдағы бір-бірін толықтыратын секторлардың сапалық қайта құрылымдаудың және қалаларды әлеуметтік-экономикалық жаңғыртуымен түсіндіріледі.

Стратегиялық даму матрицасы келесідей болжамдауға негізделді: негізгі капиталға инвестицияның өсуі мен өнеркәсіп өнімінің жоғарылауынан моноқала әлеуметтік-экономикалық дамудың жоғарғы индексін иемденеді, Аймақтағы өнеркәсіптің әртараптануының көбейуі қала халқының табыс деңгейін өсіреді, ол өз кезегінде қала халқының өсу қарқынына алып келеді. Егер аталған гипотеза орындалатын болса, онда бұл моноқалалардың басымдылығы жоғары стратегиялық мақсаттары мен қаржылық қажеттіліктерін көрсететін моноқалаларды төрт топты жіктеудегі белгілері болып табылады:

негативтің өсуіне қарамастан дамуы (әлеуметтік дамудың жоғарғы деңгейі/экономикалық дамудың төменгі деңгейі);

медалистер (әлеуметтік дамудың жоғарғы деңгейі/экономикалық дамудың жоғары деңгейі);

контрадикция (әлеуметтік дамудың төменгі деңгейі/экономикалық дамудың жоғары деңгейі);

катастрофа (әлеуметтік дамудың төменгі деңгейі/ экономикалық дамудың төменгі деңгейі).

ҚР моноқалаларының әлеуметтік-экономикалық дамуының статистикалық көрсеткіштерін тандау әлеуметтік сауалнама бойынша қабылданды. Барлық респонденттің саны 30 адамды құрады. Оған А.Яссауи Университетінің Әлеуметтік ғылымдар факультетінің әлеуметтік және экономикалық дамыту бағытында зерттеу жүргізіп жүрген оқытушы-ғалымдар қатысты. Сауалнама барысында сарапшыларға ҚР моноқалаларының әлеуметтік және экономикалық дамуын бағалаудағы көрсеткіштерінің маңыздылығына байланысты 0 балдан 10 балға дейін бал қою ұсынылды. Сауалнаманың нәтижесі бойынша әр бір көрсеткіштің дисперсиялық көрсеткіші есептелінді, бұл дегеніміз моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуына әсерін білдіреді:


$$\sigma^2 = \frac{\sum(x_i - \bar{x})^2}{n}, (2)$$

мұндағы: x – сарапшының бағалық мәнінің n -дік көрсеткіші;


\bar{x} – сарапшылардың бағасының орта мәнінің көрсеткіштері;

n – көрсеткіштердің саны.

ҚР Моноқалалардың әлеуметтік және экономикалық даму деңгейіне әсер ететін ең маңызды көрсеткіштердің графикалық әсерлері 16 және 17 суреттерде көрсетілген.



Сурет 16–Моноқалалардың әлеуметтік даму көрсеткіштеріндегі сарапшылардың бағасының дисперциялық мәндері



Сурет 17–Моноқалалардың экономикалық даму көрсеткіштеріндегі сарапшылардың бағасының дисперциялық мәндері

Статистикалық маңызды көрсеткіштің белгіленуі дисперсия пайызының максималды баяулауының жақындауындағы көрсеткішінде алынады, бұл дегеніміз дисперсия коэффициентінің көрсеткіші графикте горизонтальды сызыққа ұмтылуын білдіреді.

Сауалнама нәтижесінің дұрыстығы статистикалық негізде Кендалл коэффициентінің көрсеткіші арқылы дәлелденген және ол 0,68 көрсеткішіне тең болып тұр:

$$W = \frac{12S}{m^2(n^2 - n)}, (3)$$

$$S = \sum_{i=1}^n (\sum_{j=1}^m R_{ij})^2 - \frac{(\sum_{i=1}^n \sum_{j=1}^m R_{ij})^2}{n} \quad (4)$$

m – респонденттердің саны (сауланама жүргізілген қызметкерлердің саны);

n – факторлар саны (персоналдың адалдылығын бағалау белгілерінің саны (анкетадағы сұрақтар));

S – ранг айырмашылығының квадраттарының қосындысы (орташадан ауытқуы);

R_{ij} – рейтингтік баға.

2015 жылғы ҚР моноқалаларының экономикалық дамуының статистикалық көрсеткіштерінің таңдамаларына сарапшылардың бағалау нәтижесінің негізі болып келесілер құрады:

- өнеркәсіп өнімінің индексі, %;
- бөлшек сауда индексі, %;
- ауыл шаруашылығы кәсіпорындары индексі, %;
- шаруа (фермер) қожалықтары индексі, %;
- жұртшылық шаруашылықтары индексі, %;
- негізгі капиталға салынған инвестициялар индексі, %.

Моноқалалардың әлеуметтік дамуының статистикалық көрсеткіштерін таңдауды келесілер құрады:

- халық санының индексі, %;
- нақты айлық жалақы, %;
- орташа айлық жалақы, %.

Статистикалық мәліметтердің дерек көздері болып Қазақстан Республикасының Ұлттық экономикалық министрлігі, Статистика комитеті болып табылады. ҚР моноқалаларын стратегиялық даму матрицасына саралау мақсатында әрбір аймақ деректерінің әлеуметтік және экономикалық интегралдық көрсеткіштері есептелінді.

Интегралды көрсеткіш моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуының әрбір көрсеткіш топтарына әсерін интегралды даму көрсеткішінің нәтижелілігіне қарап есептелінді:

$$I = \sum_{i=1}^n W_i \times X_i, \quad (5)$$

мұндағы: I – моноқалалардың әлеуметтік/экономикалық даму деңгейінің интегралды көрсеткіші;

W_i – моноқалалардың әлеуметтік/экономикалық даму факторының коэффициентінің мәні;

X_i – моноқалалардың әлеуметтік/экономикалық даму факторының мәні;

n – моноқалалардың әлеуметтік/экономикалық даму факторларының саны.

ҚР моноқалаларының әлеуметтік/экономикалық даму факторлары басты компонент әдісі бойынша қолданбалы компьютерлік бағдарлама өнімі Statistica 10-ды пайдалану арқылы анықталды. Фактордың әсер етуін дисперсия проценті көрсетеді. Моноқалалардың әлеуметтік/экономикалық дамуының факторлық талдауының нәтижесі 15,16-кестелерде көрсетілген.

Кесте 15–ҚР моноқалаларының экономикалық даму факторының өзіндік мәндері

Фактор	Өзіндік мәндері	Дисперсия %	Жинақталған өзіндік мәндері	Жинақталған дисперсия %
1	2,19146	36,5243	2,19146	36,5243
2	1,21816	20,3027	3,40962	56,8271
3	1,18677	19,7796	4,5964	76,6066

Басты компонент әдісінің нәтижесі болып, ҚР моноқалаларының экономикалық даму факторлары болып 3 фактордың құрылуы болып табылады және ол экономикалық даму интегралды көрсеткішіне әсер ету деңгейі 76,6% құрайды.

Кесте 16–ҚР моноқалаларының әлеуметтік даму факторының өзіндік мәндері

Фактор	Өзіндік мәндері	Дисперсия %	Жинақталған өзіндік мәндері	Жинақталған дисперсия %
1	2,116686	74,55622	2,116686	74,55622

ҚР моноқалаларының әлеуметтік даму факторы болып 1 фактор анықталды және ол әлеуметтік даму интегралды көрсеткішіне әсер ету деңгейі 74,56% құрайды.

2014 жылғы жағдайдағы ҚР моноқалаларының әлеуметтік/экономикалық даму интегралды көрсеткішінің нәтижесінің есебі 17,18-кестелерде көрсетілген.

Кесте 17–ҚР моноқалаларының экономикалық даму деңгейінің көрсеткіштерінің интегралды мәні

Моноқалалар	Экономикалық даму деңгейінің интегралды көрсеткіштері
1	2
Степногорск	-0,02425
Хромтау	0,058755
Текелі	0,154596
Құлсары	0,589418
Ақсай	0,034979
Қаратау	-0,11122
Жаңатас	1,703547
Балхаш	0,207874


Кесте 17-нің жалғасы	
1	2
Жезқазған	-0,18012
Қаражал	0,093398
Саран	-0,12272
Сатпаев	0,203784
Темиртау	-0,35582
Шахтинск	-0,2255
Абай	0,351302
Арқалық	-0,02714
Житиқара	0,11315
Лисаковск	-0,75646
Рудный	0,079801
Жаңаөзен	-0,44185
Ақсу	-0,47141
Екібастұз	-0,19447
Зыряновск	-0,27222
Курчатов	-0,3073
Риддер	-0,08434
Кентау	0,19209

Кесте 18–ҚР моноқалаларының әлеуметтік даму деңгейінің көрсеткіштерінің интегралды мәні

Моноқалалар	Әлеуметтік даму деңгейінің интегралды көрсеткіштері
1	2
Степногорск	-0,41189
Хромтау	-0,54291
Текелі	0,54634
Құлсары	1,73856
Ақсай	0,35456
Қаратау	0,004621
Жаңатас	-0,01744
Балхаш	-0,27577
Жезқазған	-0,68003
Қаражал	-0,49823
Саран	-0,08333
Сатпаев	-1,13178
Темиртау	-0,0546
Шахтинск	-0,53029
Абай	-0,37164
Арқалық	-0,50132
Житиқара	0,061748
Лисаковск	-0,40244

Кесте 18-дің жалғасы	
1	2
Рудный	-0,04979
Жаңаөзен	2,416652
Ақсу	-0,7856
Екібастұз	0,274321
Зыряновск	0,3419
Курчатов	0,577768
Риддер	-0,19585
Кентау	0,216471

Факторлардың көрсеткішін есептеу негізінде көрсеткіштерді мөлшерлеу жатады, яғни фактілік мәнінің көрсеткішін абсолюттік ауытқуының мәні орта және квадратталған орта ауытқуына бөлу арқылы жүзеге асырылады. Сол себепті ҚР моноқалаларының әлеуметтік/экономикалық дамуының факторының орта деңгейі, сонымен қатар интегралды көрсеткіші «0» мәнін қабылдайды. Егер фактор мәні «0» жоғары болса онда моноқалалардың әлеуметтік/экономикалық даму деңгейі жоғары деп есептеуімізге болады, ал егер «0» кіші болса онда сәйкесінше төмен болып есптелінеді. ҚР моноқалаларының интегралды көрсеткіштері осы айтылған дәйектеме мәндері бойынша сараланып, 2014 жылғы жағдайдағы моноқалалардың даму бағытының матрицасы құрылған (сурет 18).



Сурет 18–2015 жылғы жағдайдағы ҚР моноқалаларының әлеуметтік және экономикалық даму стратегиясының матрицасы

Ескерту-[106] дереккөз негізінде автормен дайындалған

Матрицаның нақтылау негізінде келесідей моноқалалар анықталды: Жаңаөзен, Курчатова, Зырян, Екібастұз және Қаратау қалалары заманауи жағдайда әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясында «Негативті жағдайға қарамастан дамуда», яғни экономикалық жағдайдың төмен деңгейінде дамуына қарамастан өндіріс әлеуметтік дамуы жоғарғы деңгейімен түсіндіріледі.

Әлеуметтік және экономикалық жоғарғы даму деңгейі, яғни «Медалистер» стратегиясына сәйкес Құлсары, Текелі, Кентау, Жітіқара және Ақсай нысандады.

«Катастрофа» стратегиясының сипаттамаларына әлеуметтік-экономикалық дамудағы ҚР моноқалаларының көп бөлігі жатқызылды және оларға Теміртау, Саран, Риддер, Арқалық, Степногорск, Шахтинск, Лисаков, Жезқазған және Ақсу қалалары кірді. Аталған аймақтық құрылымдар әлеуметтік-экономикалық құлдырау деңгейінде орналасқан және экономикалық дамудың төменгі деңгейімен қамтылғанымен және қалалардың әлеуметтік деңгейінің дамуының төмендігімен түсіндіріледі.

Рудный, Абай, Жаңатас, Қаражал, Хромтау, Балхаш және Сатпаев сияқты қалалар заманауи жағдайдағы дамуда «Контрадикция» стратегиясы негізінде дамуда, бұл дегеніміз қалалардың экономикалық даму деңгейінің жоғарғы деңгейін және әлеуметтік даму деңгейінің төменгі деңгейін қарастырады дегенді білдіреді.

ҚР моноқалаларының дифференциалау негізіндегі стратегиялық даму бағытына байланысты оларды заманауи кезеңдегі стратегиялық дамуын және әлеуметтік-экономикалық дамытуын және олардың тұрақты дамуын қамтамасыз ететін деңгейді жоғарылату мақсатында болжамдау бағытын дамытуды толығырақ сипаттап беру мүмкіндігі туып тұр.

Стратегиялық бағыттағы дамудағы моноқалалар топтары «Негативті жағдайға қарамастан дамуда» экономикалық дамудың бастапқы бәсеңдеу жағдайындағы жоғары дәрежедегі әлеуметтік дамуымен сипатталады. Бұндай жағдай уақытша болып табылады және қала экономикасы жағдайының нашарлауы күшейуіне байланысты оның әлеуметтік дамуы дәрежесінің бәсеңдеуіне алып келеді. Бұндай жағдайда «Концентрация стратегиясын» пайдалану мақсатты болып табылады [106].

Әлеуметтік-экономикалық дамудағы оңтайлы стратегия болып моноқалалардағы өндірісті кең көлемді ұдайы өндірісті әртараптандырудағы сапалы ұйымдастыруды жетілдірумен қамтамасыздандыру, әртүрлі ғылыми сыйымды өндірісті және технологияларды интеграциялау арқылы инновациялық технологиялық механизмдерді құрау, шағын кәсіпкерлікке салық ауыртпалығын азайту, бизнес шығындарын азайту саясатын жүргізу, стратегиялық маңызы бар басымдылығы жоғары салаларды айқындау, өндірістік кластерлерді дамытуды қолдау, өнеркәсіптің дамуына кедергі болатын әкімшілік кедергілерді азайту, өңірлік өнеркәсіп кәсіпорындарының серіктестігін дамыту және тағы басқа болып табылады.

«Медалистер» моделі бойынша заманауи бағыттағы дамитын моноқалалар елімізде әлеуметтік-экономикалық дамудың көшбасшылары болып келеді. Бұл

қалаларда әртүрлі салаларда бәсекелестіктің жоғары дәрежесі, нарықтың монополиялануы, жоғары дамыған инфрақұрылымның бар болуы және жоғарғы деңгейдегі адам капиталы байқалады. Бұндай типтегі моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуының тиімділігін арттыру мақсатында «Тұрақты даму стратегиясы» қажет. Бұл жерлерде көп назарды әлеуметтік проблемаларды шешуге бөлу керек және олар жағдайы аз қамтылған халықты әлеуметтік қорғау мен әлеуметтік осал таптағы халықтарға басты назар аудару, тұрақты халықтың жағдайын жақсарту шарты ретінде қажет. Әлеуметтік қоғамдық құрылымды орта тапқа бағыттау. Қалада әлеуметтік бағыттағы экономиканың қалыптасуы, экономиканың ашықтығын сақтау, құрылған экономикалық әлеуетті дұрыс пайдалану, дамушы кәсіпорындардың ары қарай дамуын ынталандыру. Ең негізгі мәнге өңірлердің инновациялық дамуы қаланың тұрақты даму факторы ретінде маңызға ие болады. Осы себепке байланысты инновациялық кәсіпкерлікті қолдау мақсатында құқықтық көмек қажет, осылай оны қолдау арқылы оның нарықтан шығып кету қаупін азайту. Әртүрлі салықтық жеңілдіктер беру жолы арқылы қаржыландыру үдерісін активизациялау.

«Контрадикция» моделі бойынша дамып келе жатқан ҚР моноқалалары әлеуметтік дамуының төмен деңгейімен түсіндіріледі, яғни қала экономикасының дамуының бірқалыптылығына қауіп төндіріп арандатады. Қысқа мерзімдік болашақта сапасы төмен адам капиталы қала экономикасының қауіпсіздігіне қауіп туғызады. Бұл топтағы моноқалаларға әлеуметтік-экономикалық дамытуда оңтайлы стратегия ретінде «Ұлғайту стратегиясы» болуы қажет. Экономиканың әлеуметтік бағытта болуы маңызды. Адам капиталының қалыптасуы мен ұлғайуы қала іші дамуының негізі болуы керек. Халықтың толық және өнімді жұмыспен қамтылуына қол жеткізу керек. Жұмысқа жарамсыз және аз қамтылғандарға мекенжайлы әлеуметтік қорғау қажет. Әлеуметтік объектілердегі инфрақұрылымның сапасын жақсарту. Қала халқының әлеуметтік бейімделуін және кешенді жүйенің қайта қалпына келуін қалыптастыру.

Сапалы адам әлеуетінің ұдайы өнімділігі кеңейтілген кешенді қызметтермен тығыз байланысты және оларға білім беретін мекемелер және денсаулық сақтау жатады. Осы себепке байланысты басты маңызға моноқалалардағы осы қызметтердің қолжетімділігі мен сапалылығын арттыру болып табылады, ал бұлар адам әлеуетінің үздіксіз дамуын қалыптастырады. Адам капиталын білім беру және кәсіптілігін арттыруды қалыптастыру арқылы қаладағы инвестициялық үдерістің активизациялануына алып келеді, жаңа технологиялардың жасап шығаруы мен ендірілуі іске асырылады, нәтижесінде бір адамға шаққандағы өндіріс қайтарымдылығын ұлғайтады.

Заманауи жағдайындағы дамушы моноқалалардың «Катастрофа» стратегиясы негізіндегі қалалары тиімсіз әлеуметтік-экономикалық жағдайда қалуда. Өндірістің өсу қарқындағы құлдырауымен, жұмыссыздық деңгейінің көбейуімен, сапасы төмен әлеуметтік және экономикалық инфрақұрылыммен және өзіндік қаражаттың жетіспеушілігімен сипатталады.

Бұндай қалыптасқан жағдайда моноқалалардың оңтайлы даму моделі болып «Қарқынды өсу стратегиясы» болып табылады. Ал бұл өз кезегінде салалардың көш бастауын және адам әлеуетінің дамуын қамтамасыз етуі тиіс. Адам капиталының сапасының жоғарылауы және олардың тиімді жұмыс істеуі, маманданған жұмысшылардың еңбек ақысының өсуімен қамтамасыздандырады. Шикізатты экспортты экономикадан инновациялық экономиканың өсу типіне ауысуы әлеуметтік дамудың жаңа механизмінің қалыптасуына негіз бола алады. Болып жатқан негативті демографиялық үрдістерден арылу, халық санының тұрақталуы және оның өсуіне жағдай жасау, өмір сүру сапасының көтерілуімен жалпы деңгейінің жақсаруы болады. Еңбек өнімділігінің жоғарылауымен қатар еңбек ақының тұрақты өсуіне және жұмыс күшінің сапалылығына жағдай жасау, еңбек нарығын реттейтін тиімді механизмдерді құру, жұмысшылардың серіктестік қарым-қатынасты қамтамасыз ететін бәсекелестік мемлекет пен жұмыс берудегі еңбек нарығына жағдай жасау. Еңбектік зейнетақы мен жалақының қатынасын күшейту, ерікті зейнетақы жинақтаушы қорларды дамыту арқылы зейнеткерлердің лайықты өмір сүру деңгейіне жететіндей зейнетақыны өсіру. Білім алудағы, денсаулық сақтаудағы және мәдениеттегі сапалы қызметтердің қолжетімділігін терең құрылымдық және осы сфералардың технологиялық жаңартуын қамтамасыз ету. Аймақтың еңбек ресурстарының мобильділігін және жоғарғы кәсіптілігін, кәсіптік мәдениеттің қалыптасуын, жұмыстық және кәсіпкерлік құндылықтарды қамтамасыз ету.

Бәсекелестік нарықтарды дамыту және оларды құру, кезеңімен қала экономикасын монополиядан арылту. Инновациялық (стартаптар) негіздегі жаңа кәсіпорындардың құрылуын және жаңа бизнес түрлерін қолдау, шағын бизнестердің дамуын ынталандыру. Қаржылық институттарды дамыту арқасында инвестициялық және кәсіпкерлік қауіптерді азайту, макроэкономикалық жағдайды тұрақтандыру, меншік құқығын қорғау және моноқалалардағы экономикалық саясаттың болжамдылығын жоғарылату. Кәсіпкерлік бастамалардың жүзеге асыратын жағдайды қалыптастыру.

Қалыптасқан стратегиялық оңтайландыру моделдер ҚР моноқалаларының әлеуметтік - экономикалық дамуын жаңа бағыт бойынша ескере отырып, өзара іс-қимылды қамту арқылы моноқалалардың әлеуметтік және экономикалық дамуын қамтамасыз етеді. Республикадағы моноқалаларға қатысты мемлекеттік әртараптандыру саясаты ықпал ететін болады, тиісінше мемлекет қаражатын Қазақстандық бір салалы елді мекендердегі проблемаларды шешу мақсатында тиімді пайдаланады.

Осылай ҚР моноқалаларының мысалында оның стратегиялық даму бағытын анықтайтын, жасалып шығарылған концептуалды тәсілдеме монобейінді аймақтық құрылымдарды дамытуды басқару жүйесінде сапалы жаңа тәсілдеме болып табылады. Моноқалалардың әлеуметтік және экономикалық дамуының бір-бірімен тәуелділігінің әсері мен заманауи деңгейін есепке ала отырып матрица «экономикалық даму индексі» - «әлеуметтік даму индексі» негізінде стратегиялық даму түріне және бағытына

байланысты топтастырылған. Бұндай тәсілдеме олардың әлеуметтік экономикалық жағдайының ерекшелігін дәйектеп және олардың ағымдағы даму бағытын белгілеп берді және олар «негативтің өсуіне қарамастан дамуы» (әлеуметтік дамудың жоғарғы деңгейі/экономикалық дамудың төменгі деңгейі); «медалистер» (әлеуметтік дамудың жоғарғы деңгейі/экономикалық дамудың жоғарғы деңгейі); «контрадикция» (әлеуметтік дамудың төменгі деңгейі/экономикалық дамудың жоғарғы деңгейі); «катастрофа» (әлеуметтік дамудың төменгі деңгейі/экономикалық дамудың төменгі деңгейі). Моноқалалардың ағымдағы әлеуметтік-экономикалық даму стратегияларын анықтау мүмкіндігі ҚР моноқалаларының тиімді жұмыс істеуін жоғарылату мақсатында олардың әлеуметтік-экономикалық дамудағы дифференциалды болашағы бар стратегияларын әзірлеуге мүмкіндік жасады.

Жобаланған зерттеудегі моноқалаларды дамыту тұжырымдамалық көзқарасының стратегиясын қалыптастыру өңірлерді дамытудың және басқарудың теориялық және әдістемелік негіздерін жетілдіру үшін қызмет етеді. Бұл олардың әлеуметтік-экономикалық маңыздылығын ескере отырып, мемлекеттік саясаттың басымдықтарына ие көп-аумақтық бірліктерді қаржыландыруға ықпал етеді.

3.2 Бір салалы аймақтардағы шағын кәсіпкерліктің дамуын жетілдіру

Қазақстан Республикасының Президенті Н.А.Назарбаев Қазақстанның халқына өзінің 2012 жылғы Жолдауында бір салалы қалаларды дамыту туралы мәселеге ерекше назар бөлді, бұндай қалалар әлеуметтік қауіп-қатерге шалдығу ықтималдығы жоғары болатындығын атап өтті [107].

Моноқалаларды әлеуметтік-экономикалық дамыту Қазақстан Республикасын экономикалық жаңғыртуды іске асыруда алатын орны өте маңызды. Әсіресе қазіргі уақытта моноқалалардың дамуы дағдарыс кезеңінде. Олардағы жергілікті өндірістік құрылымның ескіруі; құрал-жабдықтардың және инфрақұрылымның тозуы; батыс елдерімен салыстырғандағы айтарлықтай жұмысбасты халықтың мамандануының төмендігі және басым тұрғындардың қоғамдық пассивтігі; жергілікті бюджеттің нашарлығы өзекті мәселе болып тұр [108].

Бұл мәселерді шешуде ең алдымен, тұрақты жұмыс істейтін кәсіпорындардың өндірістік сыйымдылығына байланысты моноқалаларды оңтайландыруды жүзеге асыру, шағын қаланың экономикасын әртараптандыру қажет. Бұл дегеніміз - моноқалаларда жұмыспен қамтылғандардың оңтайлы құрылымын жасақтау үшін шағын және орта кәсіпкерлікке жаңа дем беру. Бұл үшін моноқалалардағы кәсіпкерлікті қолдауға «Бизнестің жол картасы - 2020», «Жұмыспен қамту - 2020» бағдарламаларының барлық тетігін пайдалану қажет. Бұған қосымша моноқалалардың еңбек ресурстарының ұтқырлығын жоғарылату, яғни жоғары әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті бар елді мекендерге және экономикалық өсу орталықтарына өз еркімен көшуге ынталандыру жұмыстарын жүргізу және моноқалалардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын дамыту болып табылады [109,110].

Моноқалаларды әртараптандыруда перспективалық инвестициялық жобаларды, сондай-ақ жергілікті өндірушілердің ұзақ мерзімді тапсырыстарын қамтамасыз ететіндей жүйе құраушы кәсіпорындармен бірлескен әріптестік бағдарламаларды жасау және оларды әр жылы пысықтап отыру қажет [91].

Моноқалалардағы шағын кәсіпкерлікті дамыту маңызды шаралардың бірі болып табылады. Себебі дағдарыс кезінде осы шағын кәсіпкерлік жергілікті экономиканың басты даму күші болып есептелінеді. Шағын кәсіпкерліктің даму проблемалары әсіресе Қазақстанның бір салалы қалаларында байқалады. Оның себебі, жеке және заңды тұлғалардың өз аймақтарында шағын кәсіпорындарды құру кезіндегі экономикалық мүмкіндіктерінің шектеулі болуының әсерінен. Сонымен қатар тәжірибеде дәлелденгендей, шағын кәсіпкерліктің дамуы маңызды әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуге және қажеттілік кезінде қызмет көрсету арқылы өнім өндірісінің көлемін өсіруде негізгі құрал ретінде қолдануға, моноқалалардағы тұрғындардың өмір сүру деңгейін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қазақстандық экономикалық құрылымға моноқалалардың енуі белгілі бір заңдылық болып табылады, яғни ол бір ауыздан кері немесе тура деп бағаланбауы қажет. Ол аймақтық ұжымдардағы өндіріс күштерінің мемлекеттегі ерекше экономикалық, геосаяси және географиялық жағдайларына жылдам бейімделу үдерісін көрсетеді.

Жүргізілген теориялық талдаудың нәтижесі негізінде бір салалы қалалардағы шағын кәсіпкерліктің келесідей негізгі ерекшеліктері анықталды: экономиканың бұл сегментінің дамуы нарықтық экономиканың әлеуметтік тірегі болып табылатын орта буынды кәсіпкерлердің қызығушылықтарына сай келетіні; шағын кәсіпкерлік нарықтық қатынасты монопольді қылдырмайды, керісінше нарықтық ортаның бәсекесін және экономиканың антимонопольді құрылымын тудырады; мемлекет басқаратын шара жүргізу жүйесінің көмегімен сыртқы кәсіпкерлік ортаның параметрлеріне әсер ете алатындығы және ол ең жылдам, мобильді, нарықтық шаруашылықтың жаңа жағдайларына тез бейімделе алатындығы; шағын кәсіпкерлік аймақтарда әлеуметтік қызметтердің бірқатарын атқарады, тұрғындарды жұмыспен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, бюджеттік жүйеге және жергілікті тұрғындарға жаңа табыс көздерінің келуін қамтамасыз етеді; шағын кәсіпкерлік инновацияның негізгі көзі болып табылады, алдыңғы қатарлы техникалық өндірістің даму аясына айтарлықтай септігін тигізеді; қазақстанның басым бөлігінің тұрғындары дағдарыс бел жайған уақытта өз-өздерін қамтамасыздандыру және жұмыспен қамту секілді мәселелерін жүйелі түрде өздері шешуіне тура келеді [111].

Бір салалы қалалар мен қоныстардың шартында шағын кәсіпкерліктің дамуы жаңа спецификалық көзқарасқа ие болады.

Моноқұрылымды қоныстардың мәселелерін зерттеу маңыздылығы келесі жағдайлармен түсіндіріледі: моноқұрылымды қалалар мен қала тектес ауылдар ұлттық байлық қорының және ҚР әлеуметтік-экономикалық әлеуетінің айтарлықтай бөлігін (1/4 дейін) құрайды.

Аталған зерттеулер аясын және нормативті құжаттарды талдау монобейінділік феномен құбылысы қала тіршілігіндегі барлық сфераның дамуы мен қала құрушы кәсіпорынының қаржылық жағдайы арасындағы тәуелділігі тығыз байланысты екенін көрсетті. Онымен қоса моноқалалардың дамуы деңгейі бойынша қалыптасқан типологиясы жоғары дәрежедегі бірегейсіздікті көрсетеді. Ол дегеніміз шағын кәсіпкерлікті саяси қолдауда республикалық, аймақтық және жергілікті деңгейде дифференциалдық тәсілдемемен қарауды қажет етеді деген сөз. Осы себепке байланысты, біз моноқалалардың ауқымды типологиясын ұсынмыз (кесте 19).

Кесте 19–Ұсынылып отырған моноқалалардың типологиясы (бір салалы қоныстар)

Типологиялық белгісі	Моноқалалар тобы
Қоныстар түрі	Монобейінді қоныстар, шағын моноқалалар, орта моноқалалар, ірі моноқалалар.
Салалық мамандану сипаты	Моноқалалар-кен өндіру (көмір, мұнай, газ, металл кендерін, өзге де шикізат ресурстар), өңдеу (химиялық, металлургиялық және т. б.), өнеркәсіп және т.б.; ерекше санаттағы өнеркәсіптік емес моноқалаларды ғылымиқалалар, көлік тораптары мен курорттар құрайды.
Қашықтық дәрежесі	Қашықтағы моноқалалар, ірі және орта қалаларға жақын моноқалалар
Қала құрушы кәсіпорындардың құқықтық мәртебесі	Мемлекеттің қатысуы бар қала құрушы кәсіпорындар, жекеменшік қалақұрушы кәсіпорындар
Генезис білімі	"Нөлден" бастап құрылған моноқалалар, тарихи қалыптасқан моноқалалар
Қала құрушы кәсіпорындардың дағдарыс тереңдігі	Қалақұраушы кәсіпорыны тұрақты дамыған жағдайы жақсы моноқалалар; қалақұрушы кәсіпорындары тұрақсыз дамыған, проблемалық моноқалалар; қалақұраушы кәсіпорынның жағдайы созымалы дағдарыс күйіндегі нашар моноқалалар.
Дамыу келешегі	"Жойылып бара жатқан", "Кішірейген", тұрақты даму келешегі бар, инновациялық стратегиялық дамуы әлеуеті бар моноқалалар.
Мемлекеттік құрылымдардағы ақылы қызметтердің болуы	Мемлекеттік құрылымның едәуір көлемді ақылы қызметтері бар моноқалалар, Мемлекеттік құрылымның ақылы қызметтері жоқ немесе дамуы шамалы моноқалалар.
Шағын кәсіпкерлікті қолдау дәрежесінің нарықтық инфрақұрылымның даму деңгейі	Әлсіз нарықтық инфрақұрылымды моноқалалар; нарықтық инфрақұрылымның жекелеген инфрақұрылымы бар моноқалалар; жақсы дамыған нарықтық инфрақұрылымыды моноқалалар.
Әлеуметтік инфрақұрылымның даму дәрежесі	Әлеуметтік инфрақұрылымы жақсы дамыған, нашар дамыған, жеткіліксіз дамыған моноқалалар.
Ескерту-Автормен дайындалған	

Біздің ойымызша, ұсынылған моноқалалардың типологиясы кез-келген моноқаланы жеке қарастырғанда ол туралы толық идентификация жасау арқылы мемлекет, өңір және жергілікті органдар тарапынан шағын кәсіпкерлікті дамытуды қолдаудың ең дұрыс саясатын жасауға көмектеседі.

Жүргізілген талдау әртүрлі бағытта шағын кәсіпкерліктің дамуына әсер ететін факторларын, олардың өздеріне тән проблемаларын және моноқұрылымдық құрылымдарда олардың өсу нүктесін анықтауды айқындауға, заманауи ұйымдастырушылық–экономикалық факторларды сипаттауға, топтастыруға және анықтауға мүмкіндік берді.

Әрбір моноқаладағы шағын кәсіпкерлікке қолайлы негізгі факторлары айрықша болып келеді және олардың инвестиция тартымдылығымен, қаланың транспортты-логистикалық орналасуымен, жергілікті әкімшілік ұстанымдарымен, орналасқан жеріндегі бірегей ресурстар көзімен, шағын кәсіпкерлікті қолдаудың инфрақұрылымдық элементтерімен, жеке білім беру орталықтарымен, қаржылық және әлеуметтік инфрақұрылымдарымен және т.б. анықталады.

Бір салалы қалалардағы шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау механизмін зерттеу барысында, көрсетілген экономикалық механизммен байланысқан үш деңгейді анықтауға мүмкіндік берді және олар: республикалық деңгей–«шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау», аймақтық деңгей–«шағын кәсіпті аймақтық мемлекеттік қолдау», жергілікті деңгей –«бір салалы қала деңгейіндегі қолдау механизмі». Құрылудың мұндай көп деңгейлі жүйесі олардың бірыңғай байланыстарын көрсетеді. Республикалық деңгейде құрылған мемлекеттік қолдау механизміндегі ақау, бір салалы қалалардағы шағын кәсіпкерлікке қосымша кері әсерін тигізуші әсерлерді оятуы мүмкін. Және керісінше, жоғары деңгейдегі мемлекеттік қолдау механизмінің элементтері (республикалық механизм деңгейі) аймақтық деңгейлерде және бір салалы қалалар деңгейінде ұлғаюы мүмкін.

Дағдарыс кезінде шағын кәсіпкерлікті қолдау тек экономикалық өсімді тұрақтандыруға ғана емес, сонымен қатар жұмыспен қамту және әлеуметтік ортада дағдарыс салдарын азайтуды қамтамасыз ететіні анықталған.

Қазақстандық тәжірибеге сәйкес моноқалалардағы шағын кәсіпкерлікті дамытуды шектейтін факторлар 20- кестеде сипатталады.

Моноқалалардағы шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау тәжірибесінің талдауы жаһандық экономикалық дағдарыс кезінде 2008-2009 жж. ҚР антидағдарыстық бағдарламасы моноқалалардағы кәсіпкерлік құрылымдарды қолдауда бірқатар іс-шаралар қосылғанын көрсетті. Сонымен қатар ҚР моноқалаларындағы шағын кәсіпкерліктің құрылымына оң әсерін тигізген негізгі үш бағытты көрсетуге болады:

1) жүйекұраушы кәсіпорындарды қолдау, яғни бұл кәсіпорындар өз кезегінде қаланың негізгі қала құраушы, бір саланы қалыптастырушы болып табылады;

2) үлкендей бір аймақтар мен экономиканың салаларына теріс әсер ететін жағдайлары бар моноқалалардың экономикасын қайтақұрылымдау саясатын ұдайы атқаруды қарастыру;

3) орналасқан жеріне қарамастан шағын кәсіпкерлікті қолдайтын антидағдарыстық іс-шараларды жүргізу.

Кесте 20—Моноқалалардағы шағын кәсіпкерліктің дамуына әсер ететін негізгі тежеуші факторлар


Факторлар тобы	Тежеуші факторлар
Сыртқы 1. Сыртқы жалпы	Шағын кәсіпкерлікті реттеу мен қолдауда нормативтік – құқықтық базаның жетілдірілмеуі; әкімшілік кедергілер; кәсіпкерлік жағымды имидждің жеткіліксіз қалыптасқандығы; қаржылық және табиғи ресурстарға шектеулі қол жетімділік; қала әкімшілігінде шағын кәсіпкерліктің құрылымы мен динамикасы туралы статистикалық деректердің жетіспеушілігі.
2. Сыртқы ерекше	Қала құраушы кәсіпорындардағы өндірістік кооперациясы мен шағын кәсіпкерліктің дамымауы; шағын кәсіпкерлік субъектілерінің өндірістік қуаттарға, үй-жайлар мен жабдықтарды жалға беру және сатып алуға деген қол жетімділіктің шектелуі; көрме-жәрмеңке қызметінің жеткіліксіз дамуы; сапалы ақпараттық, консультациялық, маркетингтік, бухгалтерлік, заңды және басқа қызметтерге қол жетімділіктің жетіспеушілігі; шағын және орта кәсіпкерлік саласында әлеуметтік-еңбек қатынастарының шешілмеуі.
Ішкі	Заң және экономика саласынан білім деңгейінің төмендігі; бизнес жүргізу дағдылары мен басқару тәжірибесінің жетіспеушілігі; кәсіпкерлердің көпшілігінің қоғамдық белсенділігінің әлсіздігі, яғни бытарыңқылығы, кәсіпкерлердің қоғамдық бірлестіктерінің дамымауы; шағын кәсіпкерлік өкілдерінің жергілікті билік органдарымен, соның ішінде муниципалдық тапсырыстарды бөлу, мүлікті және жер учаскелерін жалға беру, тарифтерді белгілеу және т.б. өзара қарым-қатынастарының жоғары тәуелділігі.
Ескерту-Автормен дайындалған	

Жаһандық қаржылық дағдарыс кезінде шағын кәсіпкерлікті ынталандырудағы антидағдарыстық шаралар жиынтығы экономиканың осы бөлігінің дамуына септігін тигізді. Сонымен қатар қолдау кезіндегі көптеген тиімді шаралар ауқымды көрсеткішті тәуекелмен бірге жүреді, оның ішінде тиімді басқару және ауқымды шешімдерді қабылдауды атап айту керек (республикалық деңгейде, аймақтық деңгейде, банктер мен жергілікті деңгейде).

Мемлекеттік реттеу бойынша жүргізілген зерттеу тәжірибелері, бір салалы қалалардың маңыздылығына қарамастан шағын кәсіпкерлікті қолдау жүйесінің жұмыс істейтін жүйесі жасалынбағанын көрсетті. Ал бір салалы қалалар өздерінің бір бағыттағы экономикасына байланысты қауіп-қатерге деген жақындығы жоғары болып табылады. Мұндай қалалар қарапайым жағдайда әлсіз тұрақтылыққа ие және сол бағыттың, аймақтың және елдің әлеуметтік-

экономикалық дамуы кезіндегі болатын дағдарыстық жағдайларда өз тұрақтылығын бірінші болып жоғалтады. Ал бұл дегеніміз, бір салалы қалалардағы шағын кәсіпкерлікті басқарудың механизм жетілдіріліп отырудың қажеттілігімен түсіндіріледі.

Сондықтан, бұл өзекті проблеманы және моноқалалардағы шағын кәсіпкерлікті басқару механизмінің тиімділігін арттыру мақсатында, моноқалалардағы шағын кәсіпкерлікті басқару жүйесінің механизмін жетілдіру туралы ұсыныстар жасалынды және олардың жұмыс жасауына кластерлі-жүйелік тәсілдеменің тиімділігі дәлелденді. Оған қосымша шағын және ірі кәсіпкерлік қарым-қатынас механизмі ұсынылды, мемлекеттік-жекеменшік серіктестік негізінде институтционалды инфрақұрылымды оңтайландыру жолдары анықталды.



Сурет 19–Моноқалалардағы шағын кәсіпкерліктің бейімдік даму механизмі

Ескерту-[112] дереккөз негізінде автормен дайындалған

Шағын кәсіпкерлікті басқарудың жетілдірілген механизмі вариативті және инвариативті блоктардан тұрады. Бұлар сыртқы ортаның өзгерістерінің күрделілігін ескере отырып, шағын кәсіпкерлікті басқаруда сыртқы ортадан келетін қауіптерге тез бейімделу мақсатының арқасында жағдайға қарай қызмет көрсете алады (сурет 19).

Моноқалалардағы шағын кәсіпкерліктің дамуын басқару жүйесінің негізін шағын кәсіпкерлік субъектілерінің салаларының әртүрлілігі құрайды; оны қолдаудағы құрылған құрылымның көпнұсқалық болуы, шағын кәсіпкерліктің жұмысын қаматамасыз ететін және осы аймақтардағы қоғамдарға жайлы

жағдайды қамтамасыз ететін ресурстық қордың болуы маңызды, ал ол өз кезегінде шағын кәсіпкерлікті дамытуды басқаруды жетілдіруді қажет етеді.

Инвариативті (базалық) блоктың міндеті тұрақты болып табылады және де ол жүйенің қалыптасуымен және оны басқарумен байланысқан. Шағын кәсіпкерлікті дамытуды басқаратын жүйе алты кішігірім жүйелерге бөлінеді: ақпараттық ағымдарды басқару; шағын кәсіпкерліктің дамыту жобаларының генерациясы және инвестиция тарту; шағын кәсіпкерлікті қолдауда бюджеттік ағымдарды басқару; «бір терезе» ұстанымы бойынша басқарманың шағын кәсіпкерліктің субъектілерімен өзара әрекет ету үдерістерінің қайта құрылымдауы; ақшалай ағымдарды жоспарлау және басқару; шешім қабылдаудың тиімділігін және олардың орындалуын жетік бақылау. Аталған қосымша жүйелер шағын кәсіпкерлікті қолдаудағы кешенді бағдарламаларға дайындықты, қабылдауды және стратегияның атқарылуын бақылайды. Бұған қосымша ситуациялық шешімдерді де қарастырады. Құралды блок объектілерді таңдауды дәлелдеуге, қолдау механизмдерін және жаңа құралдарды жасауға арналған. Іске асырудағы шешімдер вариативті блокта жасалынады [112].

Вариативті блоктың элементтері және негізгі блоктың қосымша жүйесі жоғарғы немесе төменгі деңгейде Қазақстанның шағын кәсіпкерлікті қолдау жүйесімен қарым-қатынас жасайды және тікелей немесе жанама түрде халықаралық ақпараттық кеңістікте шағын кәсіпкерлікті дамытуға инвесторларды, өндірістік және сауда жасайтын серіктестерді, өндірістік субконтракцияларды, консультацияларды және жабдықтарды сатып алу мен сатуды іздеу бағытында қызмет атқарады.


Шағын кәсіпкерлікті қолдайтын бюджеттік ағымдарды басқаратын қосымша жүйе экономикалық дамудың катализаторы қызметін субсидия, субвенция, кепілдеме арқылы атқарады. Мемлекеттік және жергілікті меншік объектілерінен түсетін салықтық және де басқа түсімдерді бақылайды және бюджет негізінде қазынашылықпен қарым-қатынас жасайды. Оған қосымша вариативті блоктың табыстылығы мен шағын кәсіпкерлікті басқару жүйесінің пайдалылығын бағалап, қамтамасыз етуге мүмкіндік жасайды.

Сонымен қатар, біз шағын кәсіпкерлікті тігінен және көлденең бойымен кластерлік-желілік тәсіл, аутсорсинг, франчайзинг негізінде және ортақ іскери мүдделер негізінде фирма аралық кооперацияны дамыту механизмі тұжырымдамасының негіздемесін қаладық (сурет 20).

Кластерлі-желілік амал келешекте мемлекеттік қолдау негізі ретінде танылып, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің бірегей желісіне (оның ішінде өзара) және шағын кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымы институттарының: қоғамдық үкіметтік емес ұйымдар—мемлекеттік органдар қарамағындағы шағын кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі сараптама кеңестері—ірі жүйе құраушы кәсіпкерлік—билік органдарының бірігу жолымен «тізбекті байланысты» бастамашылық етуі тиіс. Бұл тәсілді қолдану шағын кәсіпорындарға өз әлеуеттерін бар күш-жігерлерін біріктіру, оқшаулануды жеңу және фирма аралық кооперация арқылы жүзеге асыра алады. Шағын кәсіпкерлікті дамытуға

бағытталған нақ осы тәсіл оларды экспорттық нарыққа шығаруға және онда табысты бәсекеге түсуге ықпалдасады.

Моноқалаларда кластерлі- желілік тәсілді қолдану шағын кәсіпкерлікті дамытудың бейімделме механизмін жүзеге асыру қажеттілігі олардың ауыспалы, өзгермелі сипатына жауап беруші ұсыныстар құрастыруды талап етті. Осыған байланысты, жұмыста бір салалы қалаларда (мысал ретінде Кентау қаласы алынды) аймақтық кластерді құрастыру жобасы жасалып, мақұлданған және шағын, ірі кәсіпорындардың қаржыландыру мен мүліктік қатынастар аясында өндірістік-шаруашылық қызметінің кластерлік өзара әрекет тиімділігін асыру бағыттары ұсынылды.



Сурет 20–Моноқалалардағы кластердің перспективалық моделі


Ескерту-Автормен дайындалған

Біз Кентау қаласында шағын кәсіпкерлікті дамытудың жобасын ұсынып отырмыз. Онда кәсіпкерлік инфрақұрылымының дамуына әсер етуші кластерлі-желілік тәсілді енгізу жобаланған.

Жалпы алғанда, жоба моделі аймақта әрекет ететін кластердің келесі негізі элементтерін қамтиды: түптік бизнес (сала кәсіпорындары – өндіріс көлемінің жиынтығы, саны, салықтар); тұтынушылар (ішкі тұтыну, аймақ сыртына шығару – кластерге кірмейтін тұтынушылар); жеткізушілер (шикізат пен

материалдар, көліктер мен жабдықтар; жергілікті жеткізушілер – электр қуаты, су, жылу, газ; зертеушілік институттар, технологиялар, сонымен қатар кластерге кірмейтін сыртқы жеткізушілер); кадрлар; шаруашылық және қоғамдық ұйымдар, ассоциациялар; әкімшілік қолдау; несие ресурстары; инфрақұрылым (қаржылық қызметтер, ақылы кеңес беру).

Тікелей Кентау қаласы үшін кластер моделі келесі блоктарды қамтиды: ядро (негізгі кәсіп – көкөніс пен жеміс шырындары және балалар тағамын өндіру), жеткізушілер (кластердің шағын кәсіпорындары), тұтынушылар (сауда мен қоғамдық тамақтанудың шағын кәсіпорындары) және қолдаушы инфрақұрылым (шағын кәсіпорындарға ақылы қызметтер көрсететін мемлекеттік құрылымдар; шағын кәсіпкерлікті қолдаутын нарықтық инфрақұрылым мекемелері; тауар өндірісін жүзеге асырушы және моноқала тұрғындарына бірінші қажеттілік қызметтерді көрсетуші шағын кәсіпорындар).



X – блок «Кластер қатысушылары», Y – блок «Кластер қатысушыларының функциясы», Z – блок «Кластер қатысушыларының компетенциясы»; «Кластер қатысушылары» блогіне кіретін 1 n X , кәсіпорындар ; «Кластер қатысушыларының функциясы» блогіне кіретін nm Y, Y 11 □–кәсіпорындар функциясы; npr Z, Z 111 □ «Кластер қатысушылары компетенциясы» блогіне кіретін кәсіпорындардың қажетті функциясын атқаратын компетенциялар.

Сурет 21–Моноқалалардағы өнеркәсіптік кластердің қатысушыларының функционалдық схемасы

Ескерту–Автормен дайындалған

Кластерлі дамыту саясатының аясында ең басты назар тауар өндірісі мен қызметтер үрдісінің қатысушылары мен инновациялық қызмет субъектілері арасындағы өзара байланыс кешеніне аударылады. Кластерлі жүйелерді қолдану кезінде сонымен бірге орта және шағын фирмалар серіктестігі жүзеге асырылатын, бірдей өнім нарығына немесе бір өндірістік топқа жататын өнімдер нарығына жататын көлденең желілер қалыптасады. Заманауи

кластерлер, әдетте бірнеше саланы және нақты бір өнімді жасап шығарудың нақты буынында әр түрлі фирмаларды қамтитын желілер болып табылады. Осы жерде, шаруашылық жүргізу субъектілерінің өндірістік - кооперациялық және өзге де өзара байланыстарының жалпы үлгісінде кластердің тағы бір сипаты анықталады, нақтырақ айтқанда – негізгі тұрған өнім немесе қызметтің нақты көрсетілген факторы. Жиі бұл принцип кластерді қайта құрылатын, қолданыстағы және құрылымы қайта өзгертілетін мекемелер базасында, соның ішінде шағын кәсіпкерлік субъектілерінің арасынан кластер орнықтырушы озық инвестордың аса қажет рөлі ретінде түсіндіріледі

Кластерлі ұйымның үлгісінде бәсекелестіктің ауыспалы формалары мен бәсеке мүмкіндіктерінің басты көздері толық ескерілген. Кластерлі әдіс фирмалар мен салалардың толық кешенінің сипатына ие технологияларда, дағдыларда, ақпаратта, маркетингте және тұтынушылық сұраныстарда аса маңызды өзара байланыстарды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл өзара байланыстар инновация бағыты мен жылдамдығына, сонымен бірге соңғы өнімнің бәсекеге қабілеттілігіне айтарлықтай әсер етеді [113].

Қаржыландыру мен мүліктік қатынастар саласындағы шағын және ірі бизнес кәсіпорындарының өндірістік-шаруашылық қызметтің кластерлік өзара әсерінің тиімділігін жоғарылату мақсатында бұл жұмыста кластер ішіндегі функционалдық өзара байланыстарды көрсететін, Кентау қаласының шаруашылық кластерінің функционалдық моделі ұсынылған (сурет 21).

Зерттеу барысында кәсіпорын басшылары-кластердің әлеуетті жеткізушілері арасында жүргізілген сауалнама Кентау қаласының шағын бизнес мекемелерінің аутсорсингіне алуға болатын бизнес түрлерін анықтауға мүмкіндік берді: жабдық жөндеуі, арнайы киімдерді тігу, тазарту қызметтері, маркетингтік зерттеулер жүргізу, көліктік- экспедициялық қызметтер, ақылы кеңес беру қызметтері.

Кластер қатысушыларын басқару жүйесі келесі қызметтерді қалыптастыру арқылы жүзеге асады: стратегиялық, өндірістік және қаржылық менеджмент, ұйымдық жоспарлау, маркетинг кешенін іске асыру, қауіптерді басқару бағдарламасы, сонымен қатар, бизнес- жоспарды құру және жүзеге асыру.

Шағын бизнес субъектілері мен қаланы құраушы кәсіпорындар субъектілерінің өзара тиімді серіктестігі ірі және шағын шаруашылық агенттерінің бірігіп қызмет жасау тиімділігін артыруды қамтамасыз етуші оң синергетикалық әсер пайда болуымен іске асатындығы дәлелденген. Бұл жерде, оң синергетикалық экономикалық әсер аумақтық жақындық пен көлік шығындарының қысқартылуына байланысты трансформациялық шығындардың төмендеу есебімен, сонымен қатар серіктестер іздеу мен келіссөздер жүргізуге жұмсалған шығындардың аздығы есебімен қамтамасыздандырылады. Шағын кәсіпорындар мен ірі кәсіпорындар серіктестігінің экономикалық аспектілерімен бірге басты назарды кооперациядан түсетін әлеуметтік әсерге аудару қажет, себебі осы әлеуметтік әсер оң синергетикалық әсердің бастамасы болып табылады.

Осылайша, коммерцияға (шағын кәсіпорындардың қаланы құрайтын кәсіпорындардың өнімдеріне делдал болуы, осы кәсіпорын үшін шикізат, қосалқы бөлшектер жеткізушісі рөлін атқару), еңбектік (қала құраушы кәсіпорындардан жұмыстан шығып қалған жұмысшыларға шағын кәсіпкерлік күштерімен қамтамасыздандыру), технологиялық байланыстарға (шағын кәсіпорындардың ірі кәсіпорындардың жеке операцияларын атқаруы, аутсорсинг формасында шағын кәсіпорындардың қызмет көрсетуі), сонымен қатар қаржыландыру мен мүліктік қатынастар саласына негізделген моноқаланың шағын кәсіпкерліктері мен ірі (қаланы құрайтын) кәсіпорындары арасындағы өзара байланыс оң синергетикалық әсерге қол жеткізуге ықпалдасады және ол монобейінді муниципалды құрылымдарда шағын бизнесті дамытудың мүмкіншілігі зор формаларының біріне жатқызылуы тиіс.

Біз шағын кәсіпкерліктің дамуын басқару механизмін тиімді жүзеге асыру кешенді инфрақұрылымның жасалуын және оның республикалық, аймақтық деңгейлерде қолдалуын қажет етеді деп есептейміз.

Бұл бағытта басты тапсырма ретінде мемлекеттік саясаттың жүзеге асырылуы мен мемлекеттік билік пен жергілікті өзін-өзі басқару органдары арасында атқарушылық және саяси қызметтерді тиісті бөлу мақсатында оның жүзеге асырылуын бақылауды қоямыз.

Сонымен қатар, біз билік органдары мен шағын кәсіпорындардың экономика, саясат, мәдениет, ғылым мен қоғамның өзге де сфераларында өзара байланысы ретінде мемлекеттік-жеке серіктестік (МЖС) арқылы институциялық инфрақұрылымды оңтайландырудың негізгі жолдарын ұсынып отырмыз. Бұл байланыста мемлекеттің қатысу үлесімен (британдық нұсқа) акционерлік қоғам түріндегі аймақтық орталық құру ұсынылады. Әкімшілік құрамда жұмыс органдарымен және ағымдағы жұмысты талқылау үшін МЖС мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия құрылады. МЖС аймақтық орталығы қызметінің негізгі бағыты ретінде МЖС стратегиялық жоспарлануы мен аймақтық және жергілікті деңгейлерде нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру; қала және аймақ аралық аясында МЖС мақсатты бағдарламалары мен кешенді жоспарларын жасап шығару; МЖС барлық жоба сараптамалары түрлері мен олардың жергілікті және аймақтық деңгейлерде бақылануы; ұйымда мемлекет атынан МЖС жобаларының жеке орындалу аспектілеріне қатысуы (инвестициялардың жобаларға негізделуін дәлелдеу; қаржыландыру схемаларын құрастыру; жеке серіктестерді тандау мақсатында байқау ұйымдастыру); МЖС аймақта (қалада) әдістемелік, ақпараттық және тренингтік қамтамасыздандырылуы қойылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметімен бір салалы қалалардың экономикасын дамытуға жағдай жасауға бағытталып құрастырылған шаралар кешені аясында басты назар моноқалалар экономикасының әртараптануының факторы ретінде шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауға аударылады.

Шағын және орта кәсіпкерлік бәсекелестік ортаны ұстап тұруға ықпал етеді, қаланы құрайтын тұрғындарды тауарлар мен қызметтермен қамтамасыз етеді; қала құраушы кәсіпорындардың әртүрлі салдарынан босап қалған

жұмысшылар үшін жаңа жұмыс орындарымен қамтамасыздандыру арқылы әлеуметтік функцияларды атқарады; жергілікті бюджетті салық кірістерімен қамтамасыз етеді.

Кесте 21–Бір салалы қалалардағы ШОК мониторинг даму деңгейінің көрсеткіштер жүйесі, деректер тұтастай және салалық бөлінісінде келтірілуі тиіс

Көрсеткіштер	ШК барлығы	Шаруа қожалық тары	ЖК	ОК	ШОК бойынша барлығы
Жалпы көрсеткіштер					
Тұрғындар саны 1000 адам халыққа	+	+			+
Саны, бірлік*	+	+	+	+	+
Жұмыспен қамтылғандар саны, адам*	+		+	+	+
Жұмыспен қамтылғандар саны қоса атқарушыларды ескере отырып, (адам).	+	+	+	+	+
Өз өндірісінен жөнелтілген тауарлар көлемі (жұмыстар, қызметтер) млн. теңге*	+	+		+	+
Тауарларды сатудан (жұмыстар, қызметтер) пайда (шығын), млн. теңге *	+	+		+	+
Негізгі капиталға салынған инвестициялар, млн. теңге.*	+	+		+	+
Сауданың тиімділігі, %*	+	+		+	+
Бір салалы қаладағы ШОК экономиканың көрсеткіштер үлесі					
Жұмыспен қамтудың жалпы үлесі, %	+			+	+
Тиіп-жөнелтілген өндіріс тауарларының (жұмыстарды, қызметтерді) жалпы көлеміндегі үлесі, %	+			+	+
Бюджетке салық түсімдерінің жалпы көлеміндегі үлесі, %	+			+	+
Тауар айналымының жалпы көлеміндегі үлесі, %	+			+	+
Тұрмыстық қызмет көрсетудің жалпы көлеміндегі үлесі, %	+			+	+
Ескерту-Автормен дайындалған					

Менің ойымша, моноқалаларда шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы көрсеткіштерін бақылау келесі кемшіліктерге ие:

- орта және шағын кәсіпорындар бойынша мәліметтердің болмауы;
- шағын және орта кәсіпкерліктің даму көрсеткіштері жүйесінің толық еместігі (көрсеткіштер жүйесін құру бойынша ұсыныстар);

- көп жағдайларда шағын және орта кәсіпкерлік салалық мамандандыру бойынша мәліметтердің болмауы.

Осы жағдайларға қарай отырып, моноқалаларда шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту деңгейін бақылауға қажет, бүгінгі таңда жиналған мемлекеттік статистикалық есептің ережелері мен мүмкіндіктеріне негізделген міндетті көрсеткіштер жүйесі ұсынылады және оны 21-кестеден көруімізге болады.

Көрсеткіштер екі топқа бөлінген: жалпы–шағын және орта кәсіпкерлік қызметінің негізгі сипаттарын айқындаушы, және моноқала экономикасына шағын және орта кәсіпкерліктің қосатын үлесін бағалауға мүмкіндік беретін көрсеткіштер. 21-кестеде келтірілген көрсеткіштер динамикасы бес жыл ішінде бағалануы керек, яғни осы уақыт аралығы шағын және орта кәсіпкерлік секторының даму үрдісін айқындауға жеткілікті уақыт деп саналады. Жеке кәсіпкерлер қызметінің көрсеткіштеріне келер болсақ, олардың қолданылуы шектелген, себебі олар статистикалық байқаудың объектісі болып саналмайды (олдардың тексерісі таңдама негізде жүргізіледі), сәйкесінше бір реттік бағалаулар үшін ғана қолданылуы мүмкін.

ШОК субъектілерінің саны, айналымдар, табыстар, негізгі капиталға салынған инвестициялар мен сатылым рентабельділігі салалық шамада келтірілуі керек, ол белгілі бір саладағы шағын немесе орта кәсіпкерліктің даму болашағын барынша объективті түрде бағалауға мүмкіндік туғызады.

Менің ойымша, шағын және орта кәсіпкерлікке арналған моноқала жаңғыртуынның кешендік инвестициялық жоспар (КИЖ) тарауы міндетті түрде келесі аспектілерді қамтуы тиіс:

1) республикалық, аймақтық және салалық бағдарламалармен координациялық байланыстары және барлық бағыттар бойынша шағын кәсіпкерлікті қолдау – атап айтқанда қаражат бөлінетін қаржыландыру көлемдері мен нақты іс- шараларға;

2) қарастырылатын бір салалық қалаға тән, шағын және орта кәсіпкерліктің дамуының нақты мәселелерін анықтау;

3) моноқала аймағында әрекет ететін шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі инфрақұрылым ұйымдары туралы мәлімет;

4) моноқалада тек өндірістік қана емес, сонымен бірге қаржылық инфрақұрылым даму деңгейін сараптау. КИЖ қаржыландыру көздерінің үлкен бөлігі бюджеттен тыс көздерге түсетінін ескере келе, бұл аса маңызды болып саналады;

5) қаржылық қолдау көрсетілген жағдайда мәнге ие болатын шағын және орта кәсіпкерлік моноқала дамуының нақты қойылған салалық мүмкіндіктері (SWOT-сараптама нәтижелері есебімен);

6) алдыңғы кезең бойынша моноқалада шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау бойынша іс-шаралар тиімділігін бағалау– түрлі қолдау түрлерімен қамтамасыздандырылған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны (қаржыландыру көлемі көрсетілген), және өткізілген іс- шаралардың шағын және орта кәсіпкерлік даму мониторингінің көрсеткіштері жүйесіне әсері. Бұл

аспект қолдаудың нақты формалары мен құралдарын таңдауда аса маңызды болып табылады;

7) моноқалада шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту бойынша нақты іс- шаралар тізімі (бағыттар, формалар, құралдар) қаржыландыру көзі мен көлемінің көрсетілімімен бірге болады.

КИЖ-дерді қаржыландыру көздерінің құрылымының сараптамасы ең көп мөлшер республикалық бюджет пен жеке инвестицияларға бөлінетіндігін көрсетеді. Жергілікті бюджет үлесі айтарлықтай аз. Бұл кезекте, шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы мен қолдауына бөлінетін қаражат КИЖ қаржыландырылуының жалпы көлемінің 10–15%-ын құрайды. Шағын және орта кәсіпкерлік үшін өз қаражаттарының жетіспеушілігі мен қарызға алу көздерінің болмауына байланысты қаржы мәселесі көкейкесті болғандықтан, шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау жүйесі аясында басты назарды қаржылық қолдау механизмі мен салық салу мәселелеріне аудару керек.

Кешенді инвестициялық жоспарлар сараптамасы, моноқалаларда шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың келесі формалары мен бағыттары жүзеге асуы мүмкін екендігін көрсетті:

1. Тікелей – бюджеттік жүйе мен шағын кәсіпкерлікті қолдау қоры(ШКҚК) қаражаттарының есебінен шағын және орта кәсіпкерлік инвестициялық жобаларының тікелей қаржыландырылуы:

- моноқалалар үшін тиімді әрі маңызды болып табылатын жобаларды іске асыру үшін алынған бюджеттік несиелер мен қарыздар(ШКҚК);

- бюджеттік субвенциялар мен субсидиялар: бастауыш кәсіпкерлерге; экспорттық және инновациялық өнім өндірісіне жұмсалған шығындар бөлігінің өтеміне; қуат тиімділігі мен өндіріс жаңғыртуы бойынша ұйымдастырылатын іс- шараларды қаржыландыруға.

2. Жанама – шағын және орта кәсіпкерлік жобаларын қаржыландыруға бюджеттен тыс ресурстарды жұмылдыруға бағытталған (несие ұйымдарының, лизингтік компаниялардың қаражаттары).

- бюджеттік субсидиялар келесілерге: лизингтік келісімдер бойынша бастапқы жарна төлеміне және пайыздарына; шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне берілген банктік несиелер бойынша пайыздық мөлшерлеме бөлігінің өтеміне; банк кепілдемелеріне төлем жасауға бөлінеді.

- кепілдемелер мен міндеттемелерді бюджеттік қаражат және ШКҚК есебінен ұсыну.

Тәжірибе көрсеткендей, бір салалы қалалар қаржылық құралдардың барлық түрін қолданатын болса (әдетте ірі қалалары), ал екіншілері - бір бөлігімен ғана шектеледі.

Менің ойымша, субвенцияларды бюджеттік қаражат есебінен бөлу туралы шешім орынды, яғни ісін жаңа бастағалы жатқан кәсіпкерлерге өтемсіз және қайтарымсыз қаржыландыру, себебі банктер мұндай жаңа кәсіпорындарға несиелер бергісі келмейді, ал қызмет етудің алғашқы жылдарында несиені өтеу аса

қиын болып табылады. Мұндай субвенцилардың көлемін 1 500 мың теңгеге дейінгі шамада белгілеуді ұсынамыз.

КИЖ-дардың қаржыландыру көздерін 40-тан бастап кемінде 90%-ға дейін бюджеттен тыс қаражаттар құрайтындығын ескере отырып, басты назарды банктік несиелер мен лизингтік келісімдер бойынша пайыз мөлшерлемесінің бөлігін өтеу формасында жанама қаржыландыруға, сонымен қатар кепілдемелер ұсынуға аудару керек. Айта кетерлік жайт, соңғы құрал моноқалалардағы шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мақсатында әзірше кеңінен қолданылмайды. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің өнімдерінде экспорттық немесе инновациялық әлеуетінің болуын қаржылық қолдау көрсету кезінде басымдық ретінде қарастырған жөн.

Сол уақытта қаржылық инфрақұрылымы жақсы дамымаған бір салалы қалалар үшін (банктер, лизингтік компаниялар) керісінше тікелей қаржыландыру үлесін ұлғайту қажет, сәйкесінше сол моноқалаға шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту үшін бөлінетін бюджеттік қаражаттар квотасын да ұлғайту қажет.

Шағын және орта кәсіпорындар субъектілері арасында мақсатты қаржыландыру алуға байқау ұйымдастыру кезінде сол бір салалы қаланың экономикалық жағдайы мен проблемаларын ескеретін, салалық басымдықтарды нақты белгілеген жөн.

Жүргізілген есептеулер бойынша шағын және орта кәсіпкерлікті қаржылай қолдау жылына орташа есеппен алғанда жалпы көлемнің шамамен 5 пайызын құрайды. Осыдан, шағын және орта кәсіпкерлікті қаржылық қолдау бойынша жүргізілетін іс- шаралар тиімділігі тек бірнеше жылдан кейін ғана көрінетіндігі және нәтижесін беретіндігі жайлы қорытынды жасауға болады.


3.3 Моноқалалардың дамуының болашағы және бағыттары

Әр түрлі халық қоныстанған аймақтарда әлеуметтік-экономикалық жүйенің негізі болып сондағы тұрғылықты халықтың арасындағы тұрақтылық, тепе-теңділік, әділеттілік, толықтылық және орнықтылық деңгейін анықтайтын элементтер жүйесінен құралады. Қазіргі заманауи экономикалық жүйелерде әлемдік мемлекеттер көптеген әлеуметтік-экономикалық мәселерді бастан өткізуде және олардың әсерінен зардап шегуде. Әсіресе дамушы мемлекеттерде дағдарыс кезінде бұндай мәселелердің өрши түсуі үйреншікті болып табылады. Себебі дағдарыс кезінде мемлекет тарапынан басқарушылықта, реттеуде және ұйымдастырушылықта кеткен қателіктердің айқындылығы арта түседі, салдарынын әлеуметтік-экономикалық мәселелер туындайды. Солардың бірі болып өндіріс орындары шектеулі және халықтың көп бөлігі жұмыс істейтін және қала құрайтын кәсіпорынға тәуелді болатын моноқалаларды айтуымызға болады. Әлеуметтік-экономикалық даму барысын зерттеу қазіргі уақытта әлем ғалымдары мен сарапшыларының басты назарында және олардың оны дамытудағы көз-қарастарының әртүрлілігімен байқалады.

Аймақтың немесе қалалық елдімекеннің әлеуметтік-экономикалық тұрақты және бірқалыпты дамуын қамтамасыз етуде ол жердегі экономиканың қарапайым түрінен күрделі түріне біртіндеп өтуде қажетті жағдайлар мен алғышарттар болатынын анықтауға болады және оған сәйкес әлеуметтік-экономикалық жүйенің жаңа сапалы шарттары қалыптасады [114].

Тұрғылықты аймақтарды тұрақты дамытуда әртүрлі қиындықтар мен теріс ықпалды әсер ететін жағдайлар кезігеді. Оларды дамыту оның кері әсер ететін мүмкіндіктерін сапалы түрде азайтып, ілгері қарай жақсарту нәтижесінде болады. Әлемдік жағдайдағы дағдарыс кезіндегі тұрақтылық халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайындағы өзгерістер бірқалыпты және даму үрдісінің сақталуы болып табылады. Басқа сөзбен айтқанда сол тұрғылықты аймақтарды әлеуметтік және экономикалық жағдайларға әсер ететін факторлардың дұрыс жұмыс жасауында. Мысалыға сол жергілікті жердің экономикалық салалары, өндіріс орындары, халқының тұрмыс жайының нашарламауында және т.б. Демек, аймақтың тұрақты дамуын басқару – бұл мақсат пен тапсырмаларды қою, жағдайды жан-жақты бағалау, шешім қабылдау, оларды жүзеге асыруды ұйымдастыру, қабылданған шешімдердің орындалуы мен түзетулерін бақылау мен талдау сияқты басқару қызмет түрлерін құрайтын үздіксіз үдеріс. Аймақтық экономика дамуының өзекті тапсырмалары мен бағыттарын анықтаудан басқа қойылған мақсаттарға қандай ықпалдар есебінен жетуге болатындығын нақты түсіну керек. Сонымен байланысты аймақтың тұрақты даму стратегиясының ажырамас бөлігі болып аймақ дамуының негізгі динамикалық және құрылымдық сипаттамаларын білдіретін кешенді болжамы болуы керек [115].

Қазіргі уақытта экономикалық модельдеуде немесе эконометрикада статистикалық мәліметтермен жұмыс жасауда корреляцияны пайдалану жиі кездеседі. Корреляциялық әдісті көбіне статистикалық мәліметтердің бірнеше жылдағы серпініндегі байланысты анықтау үшін пайдалануға болады. Біз осы корреляциялық әдісті пайдалану арқылы Қазақстандағы барлық моноқалалардың 2006-2014 жылдар аралығындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайын анықтайтын статистикалық мәліметтерінен бір-біріне деген байланысын есептеп табуымызға болады және ең тығыз байланысты қамтамасыз ететін ең негізгі статистикалық факторды тауып, моноқалалардың экономикасын болжауда сол фактордың болашақ болжамын есептеп шығаруға септігін тигізеді. Ол үшін біз сол мәліметтерді схема түрінде Microsoft Excel бағдарламасы арқылы 6 көрсеткішті бір суретке түсіреміз [116]. Оны 22-суретті көруімізге болады.



Сурет 22–ҚР моноқалалардың 2006-2014 жылдардағы (жыл соңындағы санақ) әлеуметтік-экономикалық статистикалық көрсеткіштерінің серпіні

Ескерту- [93-101] дереккөз негізінде автормен дайындалған

22-суреттен ҚР моноқалалардың 2006-2014 жылдардағы әлеуметтік-экономикалық статистикалық көрсеткіштерінің серпінін көруімізге болады. Суретте байқағанымыздай 6 көрсеткіштің 4-еуі бір-біріне деген тығыз байланыс көрсетіп тұрғанын байқай аламыз. Олар: халық саны; негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлемі; бөлшек сауда көлемі; орташа айлық жалақы. Тек байланысы төмен фактор ретінде өнеркәсіп өнімінің көлемінің ауытқуын байқай аламыз. Енді осы көрсеткіштерді математикалық әдіспен, яғни корреляциялық әдіспен олардың бір-біріне деген байланыстылығының мөлшерін есептеп көрейік. Ол үшін біз корреляциялық формуланы пайдалану арқылы есептеп шығамыз.(6)

$$r_{xy} = \frac{\sum(x-\bar{x})(y-\bar{y})}{\sqrt{\sum(x-\bar{x})^2 \sum(y-\bar{y})^2}} \quad (6)$$

Кесте 22–ҚР моноқалалардың 2006-2014 жылдардағы (жыл соңындағы санақ) әлеуметтік-экономикалық статистикалық көрсеткіштерінің серпінінің корреляциялық байланысы

Көрсеткіштер	Халық саны	Іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы ауданы	Өнеркәсіп өнімінің көлемі	Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі	Бөлшек сауда	Орташа айлық жалақы
Халық саны	1	-0,14924	0,041535	0,927223	0,741461	0,945245
Іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы ауданы	-0,14924	1	-0,47324	0,053906	-0,27793	-0,21452
Өнеркәсіп өнімінің көлемі	0,041535	-0,47324	1	-0,00638	0,125682	0,162956
Негізгі капиталға инвестициялар	0,927223	0,053906	-0,00638	1	0,651629	0,914003
Бөлшек сауда	0,741461	-0,27793	0,125682	0,651629	1	0,869349
Орташа айлық жалақы	0,945245	-0,21452	0,162956	0,914003	0,869349	1
Ескерту- [93-101] дереккөз негізінде автормен дайындалған.						

22-кестеден көріп отырғанымыздай есептеу барысында 6 көрсеткіштен 15 корреляциялық байланысты таптық. Алдымен корреляциялық байланыстардың қаншалықты байланысы жоғары немесе төменділікті анықтайтын стандарттарына тоқталсақ. Сызықтық корреляция коэффициенті -1 ден +1 аралығындағы мәндерді қабылдайды және олар Чеддок шкаласы бойынша бағаланады [117]. Олар:

- 0.1 < r_{xy} < 0.3: төмен;
- 0.3 < r_{xy} < 0.5: шектеулі;
- 0.5 < r_{xy} < 0.7: айтарлықтай;
- 0.7 < r_{xy} < 0.9: жоғары;
- 0.9 < r_{xy} < 1: өте жоғары;

Кестеден көріп отырғанымыздай өте жоғары байланысқа халық саны мен негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі және орташа айлық жалақының көлемі мен негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі көрсетіп отыр. Бұл дегеніміз кез-келген моноқалаларға қатысты бағдарламалар мен жоспарларды қабылдаған кезде ең басты назарда осы байланыстардың бір-біріне деген қатысын ескерген жөн. Себебі біреуінің жақсаруы қалған факторлардың жақсаруына алып келеді, ал олардың нашарлауы төмендеудің салдарына алып келетіні сөзсіз. Байланыс корреляциясының коэффициенті жоғары және орта шкалаға бөлшек сауданың көлемі мен халық санын, негізгі капиталға салынған инвестиция көлемін және орташа айлық жалақы көлемін айтуымызға болады. Бұл көрсеткіштердің де байланысы айтарлықтай жоғары болып тұр. Сондықтан да бұл моноқалаларда тұратын халықтың экономикалық ролінде маңызға ие факторлар болып табылады.

Жоғарыдағы корреляциялық талдау барысында табылған факторлардың ішіне ең негізгі фактор ретінде инвестицияны қайталап айтып кетуіміз қажет. Себебі ең жоғарғы байланыстың барлығы тікелей осы факторға байланысты екенін жоғарыдағы талдауымыз көрсетіп берді. Ендігі кезекте моноқалаларды дамыту барысында инвестиция тартудың ең оңтайлы жолдарын қарастырып, мақсатты қолдануды ескерген жөн. Себебі статистикалық мәліметтердің 9 жыл аралығында көрсеткен 6 әртүрлі көрсеткіштері осыған дәлел болып табылады.

Кез-келген экономикалық өсу және халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайының жақсаруы жаһандық, мемлекеттік немесе аймақтық деңгейде болсада, ол сол жердегі тұрғылықты халықтың экономикалық өнімділігінің жоғарылығымен білінеді. Қаланың өнімділігі артқан сайын сондағы қала халқының жағдайы жақсаратыны экономикалық теориядан белгілі. Өнімділікті арттырудың ең негізгі факторларының бірі болып негізгі капиталға салынған инвестициялар болып табылады. Кез-келген инвестиция ол мемлекет тарапынан немесе жеке инвестициялар болса да жергілікті экономиканың технологиясын жаңартуға, мамандарды қайта даярлауға, негізгі өндіріс факторларын ұлғайтып, дамуына алып келеді. Оған қосымша біздің корреляциялық талдауымыз көрсеткендей статистикалық мәліметтердің ішіндегі ең байланысы жоғары негізгі көрсеткіш және фактор болып негізгі капиталға салынған инвестиция болып табылды. Сол себепті болжамды Қазақстан Республикасындағы моноқалалардың негізгі капиталға салынған инвестицияларын болжау, жалпы моноқалалардың экономикасының дамуын болжауға өте маңызды болып табылады. Қазақстан Республикасындағы моноқалалардың экономикалық жағдайына болжам жасаймыз.

Болжамды келесі реттілікпен жүзеге асырамыз:

1. статистикалық мәліметтер негізінде Қазақстан Республикасындағы моноқалаларының негізгі капиталға салынған инвестицияларының өзгеру көрсеткіштерін анықтау;
2. көрсеткіштердің 2006-2014 жылдар аралығындағы байланыс тығыздығын корреляциялық талдау арқылы анықтау;
3. болжам жасау және оны сурет негізінде бейнелеу.

Біріншіден, статистикалық мәліметтер негізінде Қазақстан Республикасындағы моноқалалар бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялары мен оның 2006-2014 жылдар аралығындағы мәліметтерін 23-кесте түрінде көрсетеміз.

Кесте 23–2006-2014 жылдар аралығындағы ҚР моноқалалардың негізгі капиталға салынған инвестициялары, млн. теңге (жыл соңына шаққандағы санақ)

№	Жылдар (x)	ҚР моноқалалардың негізгі капиталына салынған инвестициялары млн.теңге (y)
1	2006	419 951,60
2	2007	525 561,40
3	2008	589 910,90
4	2009	563 353,10
5	2010	600 311,60
6	2011	651 719,00
7	2012	868 560,70
8	2013	847 298,30
9	2014	1 247 782,80
Ескерту - [93-101] дереккөз негізінде автормен дайындалған		

Бұл болжам Қазақстан Республикасындағы моноқалалардың негізгі капиталға салынған инвестицияларының болашақ 3-жылдағы деңгейін болжауды анықтауға мүмкіндік береді. Екінші кезекте, негізгі капиталға салынған инвестициялар көрсеткіштерінің жылдар бойынша өзара байланыс деңгейін корреляциялық талдауын 23-кестедегідей корреляциялық кесте түрінде есептеп шығарамыз.

Корреляциялық байланыс деңгейінің жоғары болуы болжамның дәлдігін арттырады.

Корреляциялық байланыс (7) формуламен анықталады:

яғни,

$$r_{xy} = \frac{\sum(x-\bar{x})(y-\bar{y})}{\sqrt{\sum(x-\bar{x})^2 \sum(y-\bar{y})^2}} \quad (7)$$

Мұндағы: x - жылдар;

y - ҚР моноқалалардың негізгі капиталына салынған инвестициялар көлемі;

\bar{x} және \bar{y} - көрсеткіштердің орташа арифметикалық мәні.

Корреляциялық талдауды Microsoft Excel бағдарламасының көмегімен көмекші кесте құрып есептейміз (кесте 24). 23-кестедегі мәліметтерді (7) формулаға салып есептейміз, сонда

$$r_{xy} = \frac{\sum(x-\bar{x})(y-\bar{y})}{\sqrt{\sum(x-\bar{x})^2 \sum(y-\bar{y})^2}} = \frac{4922201}{5488546,503} = 0,897$$

Корреляциялық байланыс $r=0,897$ құрады. Яғни, факторлар арасында байланыс өте жоғары екенін байқауға болады. ҚР моноқалаларының негізгі капиталына салынған инвестиция көлеміне сәйкес жылдарына байланысты тұрақты өсіп отырғандықтан, қарапайым динамикалық болжам жасауға болады (сурет 23).

Кесте 24–Корреляциялық талдаудың көмекші кестесі

x	y	$(x - \bar{x})$	$(y - \bar{y})$	$(x - \bar{x})(y - \bar{y})$	$(x - \bar{x})^2$	$(y - \bar{y})^2$
2006	419 951,60	-4	-281 653,89	1126616	16	79328913126
2007	525 561,40	-3	-176 044,09	528132,3	9	30991521233
2008	589 910,90	-2	-111 694,59	223389,2	4	12475681187
2009	563 353,10	-1	-138 252,39	138252,4	1	19113723033
2010	600 311,60	0	-101 293,89	0	0	10260451926
2011	651 719,00	1	-49 886,49	-49886,5	1	2488661774
2012	868 560,70	2	166 955,21	333910,4	4	27874042517
2013	847 298,30	3	145 692,81	437078,4	9	21226395209
2014	1 247 782,80	4	546 177,31	2184709	16	2,9831E+11
18090	6314449,4	0	0	4922201	60	5,02069E+11
$\bar{x} =$ 2010	$\bar{y} =$ 701605,4889	-	-	-	-	-

Болжамға қажетті мәліметтерді 24-кестеден аламыз. Болжам жасау үшін қажетті сызықты регрессиялық теңдеуді келесідей түрде беруге болады. Олардың мәндерін сәйкес формулалармен(8), (9), (10) анықтаймыз:

$$y = bx + a \quad (8)$$

мұндағы,

$$a = \bar{y} - bx \quad (9)$$

$$b = \frac{\sum(x-\bar{x})(y-\bar{y})}{\sum(x-\bar{x})^2} \quad (10)$$

Енді 24-кестедегі дайын мәліметтерді формулаға қойып шығарамыз. Ең алдымен b , содан кейін a -ның мәндерін табамыз,

$$b = \frac{\sum(x-\bar{x})(y-\bar{y})}{\sum(x-\bar{x})^2} = 82036,68333$$

$$a = \bar{y} - bx = -164192128$$

Бұдан болжам жасауға қажетті келесідей сызықтық регрессияның теңдеуі шығады:


$$y = 82036,68333x - 164192128$$

Соның негізінде төмендегідей графикті Excel бағдарламасының диаграмма жасау конструкторы арқылы шығарамыз.

Келесі кезекте сызбаға тренд сызығын қосамыз және детерминация коэффициенті мен болжам жасауға қажетті сызықтық функцияның формуласын анықтаймыз. 23-ші суретте Excel бағдарламалық пакетті қолдана отырып болжам жасауға қажетті сызықтық функцияның формуласы шығарылады:

$$y = 82036,68333x - 164192128$$

Оның орындалу деңгейі $R^2=0,804$ көрсетіп тұр. Бұл болжамның орындалу деңгейі немесе мүмкіндігі 80 пайызды құрайтындығын білдіреді.



Сурет 23–ҚР моноқалаларының негізгі капиталына салынған инвестиция көлемінің үрдісі, млн. теңге

Ескерту- [93-101] дереккөз негізінде автормен дайындалған

Енді анықталған формуланың x – мәнінің орнына болжам жасалынатын жылды қою арқылы сәйкес жылдағы ҚР моноқалаларының негізгі капиталына салынған инвестиция көлемінің болжамын жасауға болады. Алдағы үш жылға болжам жасайтын болсақ формуладағы x - мәнінің орнына 2015, 2016, 2017 жылдарды қойып y -тің мәнін табуға болады.


$$y_{2015} = 82036,68333 * 2015 - 164192128 = 1\ 111\ 789$$

$$y_{2016} = 82036,68333 * 2016 - 164192128 = 1\ 193\ 826$$

$$y_{2017} = 82036,68333 * 2017 - 164192128 = 1\ 275\ 862$$

Есептелініп шығарылған болжам нәтижесін 24-суреттегі қорытынды графикпен бейнелейміз.

24-суретте ҚР моноқалаларының негізгі капиталына салынған инвестиция көлемі 2006-2014 жылдардағы мәліметтері негізінде тренд анықталып, соған сәйкес 2015-2017 жылдарға сызықтық регрессия теңдеуі негізінде қарапайым динамикалық болжам жасалынды. Болжам бойынша ҚР моноқалаларының негізгі капиталына салынған инвестиция көлемі 2015 жылы 1 111 789 млн. теңгені құраса, 2016 жылға қарай инвестиция көлемі 1 193 826 млн. теңгеге дейін өсуі мүмкін. Сонымен қатар, болжамда 2017 жылға қарай ҚР моноқалаларының негізгі капиталына салынған инвестиция көлемінің өсу қарқынының жоғарылауы байқалады.



Сурет 24–ҚР моноқалаларының негізгі капиталына салынған инвестиция көлемі 2015-2017 жылдарға болжамы, млн. теңге

Ескерту- [93-101] дереккөз негізінде автормен дайындалған

Барлық зерттелген шетел тәжірибелері мен қарастырылған моноқалалардың мәселелерін талқылай келе біз моноқалаларды дамытудың бағыттарын жасауда мемлекет тарапынан моноқалаларды қолдауда келесідей басымдылықтарға назар аударуды ұсынамыз:

1. бірінші басымдылыққа әлеуеті төмен моноқалалардағы өзекті мәселелерді шешу;
2. екінші басымдылыққа орта әлеуетті моноқалаларды дамытуға жағдай жасау;
3. үшінші басымдылыққа жоғары әлеуетті моноқалалардың тұрақты дамуын қамтамасыз ету.

Мысалыға, менің пікірімше, аймақтық экономиканы дамытудың әлемдік тәжірибелеріне сәйкес бір салалы қалаларды мемлекеттік қолдау мәселелері болып мыналар табылады:

-бір салалы қала халқының инвестициялық ахуалын жақсарту үшін жағдайлар мен алғышарттарды жасау, олардың өмір сүруіне ыңғайлы жағдай жасау;

-өндірістік қызметтегі қала құрушы кәсіпорындарға байланыссыз баламалы өндірістік кәсіпорындар құру арқылы бір салалы қала экономикасын қала құрушы кәсіпорын қызметіне тәуелділік деңгейін азайту;

-еңбек нарығындағы қауіп-қатерді төмендету, әлеуметтік қиындықтардың әлеуетті қауіп-қатерінің алдын-алу шараларын жасау;

-бір салалы қалалардың экономикасын дамытуға ықпал етуге бағытталған шаралар кешендерін әзірлеу;

-кешенді инвестициялық жоспарларды қажет ететін моноқалаларды республикалық бюджет есебінен мемлекеттік қолдау;

-бір салалы қалалардағы бақылаудың ақпараттық жүйелерін пайдалануды іске асыру және әлеуметтік, экономикалық жағдайларына талдауды жасау.

Әлемдік тәжірибеде бір салалы қалалардың жағдайларын тұрақтандыру мақсатында республикалық және аймақтық деңгейде жүзеге асырылатын мемлекеттік қаржылық қолдаудың екі бағыты қалыптасқан:

1.Өндірістерді дамыту, тұрғындардың жұмыспен қамтылуы мәселелерін шешу мақсатында қала құрушы кәсіпорындарды қолдау.

Қазақстанның әрекет етуші салық және алым туралы заңнамаларымен бюджеттік заңнамалары аясында қала құраушы кәсіпорындарды мемлекеттік қолдаудың республикалық деңгейдегі шараларына мыналарды енгізуге болады:

-бір салалы қалалар аймақтарына республикалық салық бойынша инвестициялық салық несиелерін беру және салықты төлеу мерзімін ұзарту;

-кәсіпорындардың несиелері бойынша пайыздарды төлеу жөніндегі шығындардың бір бөлігінің орнын толтыруға субсидиялар ұсыну;

-бір салалы қалалардың аймақтарындағы кәсіпорындарға банк несиелері бойынша мемлекеттік кепілдемелер беру.

Бюджеттік заңнамалар мен салық туралы заңдар аясында қаланы құраушы кәсіпорынды мемлекеттік қолдаудың жергілікті шараларына келесілерді енгізуге болады:

-кәсіпорындарға несиелердің пайыздарын төлеудегі шығындардың бір бөлігінің орнын жабуға субсидиялар беру;

-бір салалы қалалар аймағындағы кәсіпорындарға аймақтық салықтарға салықты төлеу мерзімін ұзарту және инвестициялық салық несиелерін ұсыну;

-бір салалы қалалардың аймағындағы кәсіпорындарға банкілердің несиелері бойынша мемлекеттік кепілдемелер беру.

2.Бюджеттік қызмет көрсетудің жеткілікті деңгейін сақтау мақсатында бір салалы қалалардың бюджеттерін қолдау.

Бір салалы қалалардың бюджеттерін мемлекеттік қолдаудың республикалық шараларына келесілер кіреді:

-бір салалы қалаларға республикалық бюджеттен бір бюджеттік несиелер беру және жергілікті бюджеттердің теңгерімділігіне өтемақылар бөлуде оларды қолдау қажеттілігін ескеру;

-мемлекеттік және жекеменшік серіктестікті дамыту; мемлекеттік меншіктегі күрделі құрылыс объектілерін қосымша қаржыландыруға, жергілікті бюджеттен іске асырылатын бюджеттік инвестицияларға субсидиялар беру формасындағы әртүрлі инвестициялық қорлардың қаражаты есебінен аймақтағы маңызды инвестициялық жобаларды іске асыру;

-жергілікті жердегі еңбек нарығының ахуалын жақсартуда шаруа қожалықтарын кіріктіру арқылы шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауға бағытталған қосымша іс-шараларды іске асыруға республикалық бюджеттен субсидияларды ұсыну.

Бір салалы қалалардың бюджетін мемлекеттік қолдаудың аймақтық шараларына мыналарды жатқызуға болады:

-бір салалы қалаларды дамытуға қайтарылатын және қайтарылмайтын қаржылай көмектер беру;

-бір салалы қалалардың инженерлік инфрақұрылымдарына және әлеуметтік дамуына жергілікті бюджеттерден субсидиялар беру;

-жергілікті бюджеттерге жергілікті меншіктің күрделі құрылыстар объектілерін қосалқы қаржыландыру мақсатында республикалық бюджеттен тиісті субсидиялар беру формасындағы мемлекеттік-жекеменшік серіктестікті, күрделі құрылыс объектілеріне жобалық құжаттамаларды әзірлеуді қаржыландыруды ескере отырып, жергілікті бюджеттен іске асырылатын бюджеттік инвестицияларды дамыту;

-бір салалы қалалардың бюджеттері теңгерімділігін қамтамасыз етуге өтемақылар ұсыну.

Моноқалаларды әлеуметтік-экономикалық дамытуды талдай келе моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуының болашақта келесідей бағыттарда дамытуға назар аударғаны жөн:

Бірінші бағыт. Моноқалалардағы тұрақты жұмыс істеп тұрған қала құраушы кәсіпорындарының өнім өндіру қуатына байланысты оңтайландыру. Бұл бағытта моноқалалардың экономикалық әлеуетін және моноқала мамандануының жаңа перспективалық мамандануын айқындау; моноқалаларды

дамытудың кешенді жоспарын жасау; моноқалалардың басты жоспарына өзгертулер енгізу қажет.

Екінші бағыт. Моноқалалардағы халықты оңтайлы дәрежеде жұмыспен қамтуға байланысты экономиканы әртараптандыру және орта, шағын кәсіпкерлікті қолдау, дамыту. Бұл бағытта моноқаланы әртараптандыруда ірі инвестициялық жобаларды іске асыру; ұлттық холдингтер арқылы моноқалаларда қызмет көрсететін өндірістерді олардың ерекшеліктеріне қарай орналастыру және оларды тапсырыспен қамтамасыз етіп отыру; моноқалалардың бастапқы мамандануын қамтамасыз ету қажет.

Үшінші бағыт. Моноқалалардағы еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру, әлеуметтік-экономикалық әлеуеті жоғары қалалар мен экономикалық орталықтарға көшуге ынталандыру. Бұл бағытта моноқалалардағы халықты оқыту және жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қажет.

Төртінші бағыт. Халықтың санына байланысты әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту. Бұл бағытта әлеуметтік инфрақұрылымдық объектілерді белгіленген нормативтерге дейін қалпына келтіру немесе салу; халық санына байланысты халықтың өмір сүруіне қажетті инфрақұрылымды (жылу, электр, газбен қамтамасыз ету, су, кәріз және телекоммуникация, жолдар, экология) салу немесе қалпына келтіру.

Жалпы зерттеу жұмысымызды талдап, сараптап, қорытындылай келе әр түрлі типтегі бір салалы қалаларда тұрақты дамудың негізгі мақсаттарын құрып, оларды жүзеге асырудың алғы шарттарын анықтауға болады. Нақтырақ тоқталсақ: қала дамуының негізгі көрсеткіштер тізімі белгіленген қала туралы толық ақпаратын; қала жетістіктерін (соңғы он жыл ішінде қала дамуы үшін жасалған тәжірибелік әрекеттері); қаланың даму мәселелерін; жергілікті билік өкілдерінің маңызды деп таныған, ұсынылатын бағыттары мен қала дамуына бағытталған бірінші кезектегі іс- шараларын жатқызамыз.

Зерттеуімізде қарастырылған мәліметтер негізінде бір салалы қалалар дамуының келесі мақсаттарын анықтауға болады:

1) экономикалық жағдайдың тұрақтылығын қамтамасыз ету және моноқалалардың қаланы құрайтын базаларының құрылымын жетілдіру;

2) моноқалалардың ел тұрғындары жүйесінде маңыздылығын, әлеуметтік-мәдени және ұйымдастырушылық-шаруашылық орталықтары ретіндегі рөлін қалпына келтіру және арттыру;

3) ыңғайлы, заманауи әлеуметтік талаптарға және тұрғындардың қажеттіліктеріне сай келетін өмір сүру ортасын қамтамасыздандыру, тұрғын жайлар мен тұрғындарға қызмет көрсетудің, тәрбие берудің, білім берудің және денсаулық сақтаудың деңгейі мен сапасын көтеру;

4) қалалық ортаның сәулет-сурет келбетінің жоғарылауын және қалыптасқан сапасын қамтамасыздандыру, сонымен қатар қалалық аумақтардың деңгейін көтеру;

5) моноқалалардың тарихи-мәдени мұраларын, сәулет ескерткіштері мен ұлттық мәдениетінің сақталуын қамтамасыздандыру;

6) құрылыстық ресурстарды (табиғи, аумақтық, энергетикалық) тұрғындар

үшін де, қала экономикасы үшін де барынша тиімді етіп пайдалануды қамтамасыздандыру;

7) бір салалы қалалардың қалыпты экологиялық жағдайға оралуын қамтамасыздандыру. Техногенді және табиғи апаттармен байланысты мүмкін болатын қауіпті жағдайларды жою және азайту бойынша іс-шаралар құрастыру.

Моноқалалардың тұрақты дамуының жүзеге асырылуының негізгі шарты болып бір салалы қалалардың біздің қоғамымыздың өміріндегі алатын ерекше орны және оларға тарихтың, халық мәдениеті мен әдет-ғұрыптарының көздері мен сақтаушылары ретінде қызығушылық таныту болып табылады. Бір салалы қалалардың даму сипаты кезең аралығында келесідей факторлармен, яғни жер мен жылжымайтын мүлік нарығындағы конъюнктурасы, нарықтық инфрақұрылымның даму деңгейі, миграциялық үрдістер және т.б анықталатын болады. Бір салалы қалалардағы жерге қойылатын төменгі бағалар, жеңілдіктік нарық саясаты, арзан жұмыс күші оларда капитал мен еңбекті орналастыруды тиімді етеді. Мұнда инвестициялық және іскери белсенділіктің артуы, жер мен құрылыстық қызметтерге сұраныстың жоғарылауы күтіледі. Бірқатар бір салалы қалаларда жағымды өмір сүру ортасы сақталған. Моноқалалардың шамамен 70%-ы салыстырмалы жағымды экологиялық жағдайға ие, бұл өз кезегінде тұрғындардың қалыпты өмір сүруін қамтамасыз етеді, сонымен бірге табиғи кешеннің сақталуы мен тұрақтылығына ықпал етеді.

Көптеген бір салалы қалалар ерекше табиғи жағдайлармен сипатталады және оларға: таулы, өзен-көлді, табиғи аймақтардағы үлкен орман массивтері жатады. Бұлар аймақтық және ұлттық маңызы бар орталықтар базасының негізінде рекреациялық орталықтар құрылуына алғышарттар болып табылады.

Бір салалы қалалардың тарихи-мәдени әлеуеті аса жоғары. Олардың ішінде тарихи аймақтар орташа есеппен алғанда қалалық аумақтардың жалпы аумағының 30 - 50%-ын құрайды (ірі қалаларда- 10% артық емес).

Бір салалы қалалардағы экономикалық базаның құлдырауы мен тұрақсыздығы ең біріншіден, олардың экономикалық құрылымының шектеулігінен, база объектілері құрамының аз болуынан; еңбек ресурстарының көп болуынан; өндіріс көлемінің қысқаруына және бір бейінділігіне байланысты жұмыссыздықтың өсуі себептерімен түсіндіріледі [118].

Бірқатар моноқалалар үшін дағдарыс қаупі негізінен моносалалық сипатқа ие. Бұл жерлерде тұрғындардың 25%-дан астамы бір қалаұраушы кәсіпорында жұмыс жасайды. Мұндай тұрғылықты бөлімшенің экономикалық және әлеуметтік дамуы толықтай шаруашылық кәсіпорынның қызметімен байланысты, ал оның жойылуы кәсіпорындағы жұмысы басты табыс көзі болып табылатын аудан тұрғындары үшін теріс салдар әкеледі. Дағдарыс жағдайында моноқаланың басты кәсіпорны құлдырау шегінде болады.

Бір салалы қалалардың тарихи қол жеткізілген деңгейінде, экономикалық, әлеуметтік демографиялық, ресурстық, тарихи-мәдени, табиғи-ландшафтты әлеуетінде тарихи қалыптасқан айырмашылықтарды ескере отырып, әр түрлі қоныстардың дамуына келесі тәсіл ұсынылады. Алға қойылған мақсаттарына, ресурстық мүмкіндіктері мен кедергілеріне, тұрақтылық пен тұрақсыздықты

жүзеге асыру алғышарттарына қарай бір салалы қалалық қоныстар жиыны үш үлкен топтарға бөлінген:

1) өзін-өзі дамытуға жеткілікті, оң даму динамикасы және әлеуеті бар моноқалалар;

2) қазіргі уақытта нашар дамып келе жатқан, бірақ тұрақты дамуға әлеуеті бар моноқалалар;

3) нашар әлеуетті, алайда өзін-өзі дамытуға мүмкіндіктері бар моноқалалар.

